Жалпы білім беру жүйесінде үйреншікті дағдыдан үйлесімді, курделі сабактастықтарды қамтуға ұмтылатын көп деңгейлі оқу жүйесін орнықтыру, оқу стандарттарын дайындау, жаңа ақпараттық, компьютерлік жабдықтармен жұмыс істеуге көшү – қазіргі заман талаптарынан туындалған отыры.

Білім беруді дамытудағы негізгі мақсат – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның жаңа талаптарына сәйкес келетін білімді, көсіби біліктілігі жоғары жастарды тәрбиелеуге кол жеткізетін сапалы, бәсекеге қабілетті білім орталарын орындауды. Еліміздегі осындай күрделі жаңарулар жас үрпактың білім-талабының, ізденіс-мұраттарының жоғарылауын талап етеді. Сол себептен де түрлі деңгейдегі білім мекемелерінің алдына қоғамның жаңа, ескелең талаптарын қанағаттандыратын көсіби біліктілігі жоғары жастарды оқытып, тәрбиелеу мәселесі нақты қойылып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, уздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны саналатын орта білім беру мекемелерінің жастарға саналы тәрбие, сапалы білім беріп, үлтжанды азамат етіп қалыптастыруда атқарап ролі зор екені даусыз.

Мемлекетіміз тәуелсіздігін нағайтып, асқақ руханият пен азаматтыққа өркендету, шынайы мәдени – этникалық мұраны жандандыру мен болашаққа аманаттау, ұлттық тектілікті сактау, ең алдымен мектеппен байланысты. Шәкірт мектеп табалдырығынан аттап, сауат ашуға дең қоя бастаған кезден бастап, тіл, сөз өнерінің қупиясына бойлайды.

Соңғы жылдарды мектепте әдебиет сабағын оқытууды жақсарту жолында көптеген иғі шаралар жүзеге асырылды. Семинар-кенестерде озық тәжірибелер бөлісіп, насиҳатталса, жаңа оқулықтар заман талабына сай толықтырылып, өндөлді. Қазіргі кезде пәнді оқытуға көп міндеттер жүктеледі.

Сөз өнерінің басқа өнер түрлерінен айырмасы - өмір шындығын, бейнелі ойды, образдарды сөзben қыстырыатындығында. Сөзben көркем образдар жүйесі жасалынады, сюжет құрастырылады, кейіпкерлердің сыр-сипаты ашылады, жай-күйі суреттеледі. Ондай шығармаларды оқи отырып, оқушылардың өмірге көзкарасы мен түсінігі қалыптасады, эстетикалық талғамы артады, жаманнан жиреніп, жақсыдан тағылым алады. Сөйтіп, көркем әдебиет оқушылар үшін білім, өнер көзі болумен қатар тәрбие куралы міндеттін де атқарады.

Көркем мәтін, көркем шығарма адамға өмірді танытады, таныта отырып тәрбиелейді, өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-күлкіна ықпал етеді, сезімталдыққа баулады.

Көркем шығарманың осындағы қасиеттерін шашау шығармай окушы санасына ұялату, шығармамен жақынырақ танысуға ықыласын арттыру үшін мұғалім оны сыныпта өзі мәнерлеп оқып береді немесе көркемдеп әңгімелейді. Көркем мәтін ой-ізденісін туғызуға, логикалық және образды ойды дамытуға, пәнді менгертуге тиіс.

Көркем мәтінді оқытудағы мақсат – көркем әдебиеттің жекелеген озық-үлгілерімен таныстырып, осы негізде олардың адамгершілік, эстетикалық мұраттарын, имандылық сенімдерін, көркемдік талғамын қалыптастыру.

Көркем мәтінді талдау үшін қазақ әдеби тілінің жүйесін жетік білуі шарт. Талдаудың алғы шарты – оқушының тұтас шығарма мазмұнымен алдын ала таныс болуы. Шығарма мәтінін талдау мұғалімнің алдына қойған мақсат-міндеттеріне, оқушылардың білім деңгейінің дәрежесіне, шығармалардың өзіндік ерекшелігіне байланысты жүргізіледі. Мұғалім оқушыларды көркем шығарманың композициялық-сюжеттік құрылымын талдай білуге машықтандыру керек. Көркем шығармалар өзінің композициялық-сюжеттік құрылымы жағынан бірдей емес. Соңдықтан шығарманың композициялық-сюжеттік құрылымын талдау әдісі де әр түрлі болуға тиіс. «Мектепте көркем шығарманы талдау міндеті – оқушыларды шығарманың сыртқы жоспарын жасауға үйрету ғана болмаса керек, сонымен қатар оның ішкі жоспарын, поэтикалық құрылымын нақтылы шындықты көркем бейнелеудің ерекше әдісі деп түсінерлік етіп анфартуда болса керек» [1]. Сол сиякты К. Бітібаева [2], С. Тілешева [3], еңбектерінде көркем мәтінді талдау ерекшеліктері сөз болады. Осы ретте, біз көркем мәтіннің

талдау ерекшелігін, онын ішінде, жұмыс түрлері, әдіс-тәсілдерді қолданудағы өзгешелігін саралауды мақсат еттік.

Көркем мәтінде адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді. Оқырман көз алдынан талай тағдырлар өтіп жатады. Окушылардың әдеби білімі көркем шығарманы оқи және оған талдау жасай білуінен айқын байқалады. Көркем шығарманы талдай білген окушы - әдебиетіміздің болашақ мәдени оқырманы. Ондай іскерліктер мен шеберліктер қалыптасқан окушы әдеби шығармаларға ой жүргірте алады, өзінің талғамын, түйсік-сезімін еркін білдіреді, шығарманы жан жүргегімен, зердесімен қабылдайды. Сондыктан да шығармаға эстетикалық талдау жасау – басты мәселе. Әдеби білімнің екі жағы – оқу және талдау өзектес, бірінсіз-бірін жүзеге асыру мүмкін емес.

Окушыны ойландыру, ойлау белсенділігін дамыту – көптен сөз болып келе жатқан мәселелердің бірі. Окушыны көркем мәтінді талдауға, өз бетінше, әрі ғылыми, әрі шындыққа негізделген пікірін айта білуге қалай жетелеу керек? Ойлантудың сол бойынша өз пікірін айтқыза білудің тиімді жолдары қандай? Ойлантудың, пікір таласын туғызуудың бірден-бір жолы ретінде тек проблемалық сипаттағы сұрақтар беру немесе тек проблема қоя білумен шектелуге болмайды. Оны шешудің тиімді жолдарын, ғылыми жолдарын көрсете білу, сол арқылы окушының жай пікірі, жай ойлаған ойы емес, терең пікірін, шындыққа негізделген пікірін, берік пікірін қорытып шығару. Егер томенгі сыныптарда окушылардың көркем шығарманы өз бетімен оқып, менгеру дағдысы қалыптасса, жоғары сыныптар ғылыми енбектерді өз бетімен оқып үйрену, жауаптарының жоспарын, тезисін жасау сияқты жұмыстарды істеу дағдыларымен үштасып, жетіле түседі.

Көркем мәтінді игерту жолы окушының көркем мәтінді оқу, менгеру, талдау жолдары болып табылады. Окушы сабактан, көркем шығарманың мәтінінен жаңа әсер алуы керек. Көркем мәтін бойынша дамытыла жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың түрлерін былайша топтаған жөн:

- автор стиліне жақындал, еліктей отырып, шығармашылық жұмыс жүргізу;
- автор идеясынан окушы идеясына өрбіте жазылған шығармашылық жұмыс;
- көркем мәтін ішіне авторлық идеяға, оқығаға, кейіпкерлер табиғатына өзгеріс әкелмейтіндей өз мәтінін енгізу;
- кейіпкерлердің мәтінде жок монолог, диалогын жазғызу;

- көркем мәтінге лирикалық шегініс жазғызу;
- көркем мәтіндегі елеусіз деталь, штрихтарды оқушының сөйлегетуі;
- мәтіндегі кейіпкерлердің портретін, өзі жасау, тұра мінездеуді толықтыру;
- автордың шығармасындағыдан басқалай тың көркемдік шешім табу, оқыға құру.

Окушыларға осындай шығармашылық жұмыстар жанды, шынайы болып, шәкірт бойындағы шығармашылық киял, дарын, қабілет бастауы ашылады.

Көркем мәтінді оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, мәтінді көркемдеу әдісі орны ерекше.

Зерттеу әдісі берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту, окушыларды іздендіру, өз беттерімен проблеманы шешу мәселелерінде тиімді. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол окушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді болып келеді. Бұлар көркем шығарманы окушы жүргегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде ежелден-ақ тиімді әдіс болып, мұғалімдер тәжірибесінен кең орын алада.

Мәтін талдауда, оны бұрын өтілген шығармалармен байланыстыру, корыту, кайталау, пысықтау және ауызша тіл дамыту жұмыстарында қолданылады. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы окудан басталады. Көркем мәтінді игерту – мұғалім үшін маңызды мәселе. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі. Бірақ екеуі бір-бірімен тығыз байланыста іске асып отырады. Көркем туындыны окуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де ашық болуы талап етіледі.

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қай көркем шығарманы оқыса да, окушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындаиды. Әдеби талдаудың басты мақсаты – окушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылыминың талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады. Көркем туындыны терең түсіну, талдауда әнгімеледің де маңызы ерекше. Онын тәжірибеде қолданылып жүрген мынадай түрлері бар:

1 Мәтінге жуық әнгімелесу. Мұнда негізгі мәселелердің барлығы көркем туынды ізімен әнгімеленеді.

2 Ишинара теріп, сұрыптаپ әңгімелуе. Мұғалім сұрақ қоя отырып, окушының өзіне ұнаган эпизодын немесе бір оқиғасы туралы әңгімелетеді, өсерін айтқызады.

3 Еркін әңгімелесу немесе шығармашылық жолмен әңгімелесу. Бұл әңгімелесу автор немесе кейіпкерлер атынан немесе әңгімелесуші атынан жүргізіледі.

Көркем шығарманы оку, талдау барысында окушы жазушының әр сөзді таңдап, талдап қолданылатындығына, оның ерекше сыр мен сипатқа ие болатындығына көзі жетеді, ана тілінің көп қырлылығын мәнгереді.

Қазіргі кезеңде оқыту әдісінің алдына көп жауапкершілік жүктеледі. Қандай да болмасын тәжірибелі ұстаз күнделікті жұмысында, өз тәжірибесінде оқыту әдістерін тиімді пайдаланғаны жөн. Жас үрпаққа жан-жақты білім беруге тиісті мұғалімнің өзі де жан-жақты білімді адам болуы қажет. Көркем мәтінмен жұмыс істей білуге бағыт беретін, көркем шығармадағы белгілі мақсатқа бағындырылған түрлі оқига, суреттеме, кейіпкер аузынан айтылатын сөздерді, портреттік, пейзаждық сипаттардың аткарып тұрған қызметі мен астарын аңғаруға төсөлдіретін әдістемелік еңбектер күн сайын жаңарап, жаңғыруда. Оны өз сабағында шебер әрі ұтымды қолдана білу- мұғалімнің құзырында деп білеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы., 2015-12 б.

2 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997- 104 б.

3 Тілешева С. Әдебиет сабактарында мәнерлеп оку дағдыларын қалыптастыру. Алматы, 1998 – 67 б.

4 Құтқожина Р., Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2003- 45 б.

#### ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САПАСЫН ЖЕТИЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

АКПАРОВА З. Б.  
қазақ тілі және әдебиеті пәннің мұғалімі, Кеменгер ЖОББМ, Кеменгер а.

Қазырғы таңда қазақ тілін оқытуда жана идеяларды әр сабакта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып жүйелі түрде қолдану – заман талабы.

Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Тұындаған тәлім-тәрбиедегі жарасымдылық мектеп пен ата-ана, әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайда ғана үйлесімділік табады. Баланың өмір сүрге күштарлығының оянуы өзін қоршаған ортасына, ұстазға, ата-анаға, құрбы-құрдастарына, олардың күнделікті іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, сырт көрінісіне, әдептілігіне т.б. қасиеттеріне байланысты.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық күндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және көсіби шындарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім берудегі ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген [1]. Қазіргі мектепте оқыту сапасын арттыру туралы айту қын.

Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі ретіндегі жұмыстың басты бағыты оқытудың сапасы мен нәтижелілігін арттыру болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру мұғалімдер ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарына негізделген бірқатар тапсырмаларды сәтті орындаумен байланысты.

Білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы-бұл оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу. Бұл жерде олардың көпшілігі қазақ тілін оқыту процесінде бұрыннан қолданылып келе жатқанын және қазіргі уақытта жетілдіру, кенеиту және жаңғыру кезеңдерінен өтіп жатқанын атап өткен жөн. Мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетін талдау көрсеткендей, оқу процесінде барлық негізгі тұлғага бағытталған оқыту технологиялары қолданылады. Алайда, қазақ тілі сияқты пәнди оқыту жаңа технологияларды қолдануда икемді және шығармашылық тәсілді

талаң етеді, сондыктан олардың өркайсысын іс жүзінде қолданудың окушылардың әртүрлі жас топтарында өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ретте барлық оқу параллельдерінде өнімді пайдаланылатын ең әмбебап технология М. М. Жанпейісованың модульдік технологиясы болып табылады.

Қазақ тілі сабактарында білім беру субъектілерінің танымдық қабілеттерін дамытуда модульдік оқыту мүмкіндіктерін анықтауға болады:

- Окушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын, оқу үәждемесін арттыру;
- Окушылардың пән бойынша білім сапасын арттыру;
- Окушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету [2].

Мектеп окушыларының тіл үйрену қабілеті бірдей емес: бір тіл оңай, екіншісіне үлкен қындықпен беріледі. Тілдің дамуы отбасына байланысты. Отбасындағы және қоғамдағы тәрбиені үйымдастыруды мектеп жетекші рөл атқарады. Окушының оқу үлгерімі деңгейінің жоғары болуы мектептің отбасымен тығыз байланысы жағдайындаған жүзеге асатындығы белгілі. Өйткені негізгі білім мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде игерілгендігімен, оның негізі отбасында және мектептегі оң психологиялық хал-ахуал жағдайында, отбасы мүшелері арасындағы өзара дұрыс қарым-қатынас кезінде, ата-ананың білімі, мәдениеті жоғары болғандаған қалыптасатындығы баршаға мәлім.

Айта кету керек, оқытудың әртүрлі кезеңдеріндегі оқу материалын бір сынып окушылары әр түрлі жолмен игере алады: кейбіреулері дамыған механикалық есте сактау қабілетіне байланысты лексиканы оңай үйренеді, ал басқаларында есту қабілеті дамыған, сондыктан олар тыңдау тапсырмаларын сәтті орындаиды және т. б.

Ментүсіндірме-иллюстрациялық, және бағдарламаланған, оқытудың басым үйымдастырушылық формалары – әңгіме және семинар оқу әдістерін қолданамын.

Технология ең алдымен қазақ тілін оқытуда негіз қалаушы болып табылатын оқу процесінде коммуникативтік тәсілді белсенді қолдануды қөздейді. Оқыту технологиясына сәйкес сабактар жүйесі сабактардың модульдік құрылымдары негізінде құрылады, олардың көпшілігі оқыту барысында қазақ тілі жетекші болып табылады, өйткені олар оқытудың дәстүрлі және жаңа өнімді әдістемелерін онтайлы үйлестіреді.

Сабактың бұл түрлеріне проблемалық семинар, сабак-сұхбат, мәдени-тарихи аналогтармен танысу бойынша сабак-дәріс, іскерлік ойын, өзін-өзі тексеру сабагы және т.б. жатады. Бұл технология арқылы оқу ойындары (рөлдік, іскерлік және т.б.) түрінде сабактарды үйимдастыру жүйесі түсініледі, нәтижесінде окушылардың сәттілік жағдайларын сезінуіне жағдай жасалады.

Ойындар маңызды эмоционалды және жеке әсер ету, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін ұсынады. Жоғарыда аталған барлық технологияларды қолдануды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, ең алдымен, оқу құралдарын ғана емес, сонымен қатар аудио және видео материалдарды, көрнекі құралдарды, дидактикалық материалдарды қамтитын әр оқу параллельдегі бағдарлама болып табылады [3].


Барлық жаңа технологиялар қосымша әдебиеттер мен мультимедиялық құралдарды пайдалануды қарастырады, бұл окушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Шығармашылық қабілеттерін дамыту окушылардың білімін өзектендіруге мүмкіндік береді. Мысалы, окушылардың өздері жеке тапсырмаларды дайындау кезінде («Шағын, орта, үлкен бизнес» тақырыбы бойынша презентациялар құрастыру).

Интерактивті тақтана пайдалана отырып, мен «Жай сөйлемдердің түрлері» грамматикалық тақырыбы бойынша окушылардың білімін жүйелеу бойынша бірқатар тапсырмалар құрылды (окушылар осы тақырып бойынша кестені толтырыды, мысалдар келтірді, осы тақырыпты қазақ тілі курсымен салыстырды). Балалар мәтінді полilog режимінде аударады, мәтінге сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап табады.

«Менің Қазақстаным» тақырыбында өткізілетін сырттай экскурсиялар патриоттық сезімді, мемлекетімнің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелейді. Сабакта білім беру процесін диагностикалаудың әртүрлі заманауи әдістерін қолдана отырып (қабылдау әдісі, мотивация деңгейі) білімді бақылау және бағалау оқушы мен мұғалімнің оқу іс-әрекетінің негізгі құрылымдық элементтерінің бірі болып табылады. Қазақ тілі сабағында бақылаудың негізгі түрлерін қолдана отырып: ағымдағы, тақырыптық, қорытынды, бітіру. Педагогикалық бақылаудың негізгі әдістері жетістіктер тестілері, жеке дағдыларды бағалауға арналған тесттер, бақылау жұмыстары, рефераттар, шығармашылық тапсырмалар, ауызша сауалнамалар, сынектар, емтихандар болып табылады. Окушылардың білім деңгейін көтеру мақсатында, яғни

тәжірибелік жұмыс нәтижелерін тексеру мақсатында 3 пән бойынша II тоқсанның басы мен сонындағы білім деңгейлерін салыстырық. Әр пәндерде окушылардың тілін дамытуға болады. Соナン сон бастауыш сынып окушылары осындай нәтиже көрсетті.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу нәтижелерінен байқайтынымыз мектеп пен ата-аналардың өзара біріккен іс-әрекеті интенсивті жүргізілген жағдайда окушылардың білім деңгейінің өсетінін байқаймыз және дұрыс жаңа технологияларды пайдалана отырып жақсы нәтиже алу мүмкіндігі бар.



Сурет 1 – Окушылардың білім білім деңгейі

Білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы - сыныптан тыс жұмыстарға (олимпиадалар, конкурстар) қатысу болып табылады. Бұл ретте сыныптан тыс қызметтің нысандары мен түрлері үнемі жетілдіріліп, окушылардың мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын арттырады.

Білім беру процесінің тиімділігі педагогикалық міндетті іске асыру және қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын педагогикалық технологияға тікелей байланысты. Сонымен, окушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің өз міндеттіне, шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндеттін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқытудың жана технологияларын сауатты үйімдастырып, қолдана біліу тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы заңы», 2007.

2 Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде . Алматы – 2006 ж. 4-5 б.

3 Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚИССА-ДАСТАНДАР ҮЛГІСІ

АЛГАМБАРОВА Б. Е.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кезінде түркі тіліндегі әдеби жанрлық ауқымы мейлінше кеңеіе түсті, мәселен Қарахандар заманындағы тек дидактикалық сарындағы ағартушылық мазмұнды шығармалар ғана емес, сонымен қатар лирикалық шығармалар да көптеп жазылып, әр түрлі жанрда жазбаша еңбектер дүниеге келді. қейін бұл үрдіс қазақ әдебиетіне де ауысып келді, осы заманда жазылған Сайф Сараидің «Гүлстан бит түркі», Хорезмидің «Мухаббат Намасы», Құтбын «Хұсрау Шырыны», «Жұмжұма» кітабы, Рабғұзидің «Қисас ұл-әнбиясы», Кодекс Кумникус, Қисса Жүсіп т.б. туындылардың негізгі көне қыпшақ тілі болғанымен, бұл шығармалар XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда дәуірінде өмір сүріп, Сыр бойында, Хорезмде, Каспий маңында, Мысырда т.б. аймактарда тіршілік еткен қыпшақ-офызы сияқты ру-ұлыстардың жасаған ортақ әдебиетінін үлгілері. Бұл заман әдебиетінде Қарахандар дәуірінен жалғасып келе жаткан дидактикалық бағыт мейлінше дами түсті. Мұның дәлелі Ислам қағидалары, Құран шарттары «діни аңыздар», сопылық ілімі секілді таза діни тақырыптарды толғайтын, «Гүлстан бит түркі», «Қисас – ұл әнбия», «Жұмжұма» кітабы, «Нохж-ұл Фарадис» және т.б. шығармалардың осы дәуірде дүниеге келді. Алтын Орда дәуірінде түркі тілді әдебиетінде аударма – нәзирашылық салты да өркендел, көптеген парсы ақындарының әйгілі шығармалары түркі тіліне аударылды. Нәзира салтының шығыс әдебиетіндегі дәстүрлі зандылықтары ескерілсе, Сайф Сараидің «Гүлстан бит түркі», Құтб ақынның «Хұсрау Шырыны» шығармалары аудармадан гөрі нәзираға айналған тың туындылар болатынды.

Жоғарыда аталған туындылардың композициялық құрылымына, олең өрнегіне, бейнелер жүйесіне, теориялық тұргыдан талдау жасалынып, көркемдік табигатына қатысты тұжырымдар түйінделді.

XIII–XIV ғасырлардағы түрік қисса-дастандары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде жалғастық тапты. Осы үрдістің бір жағында Абай Құнанбайұлы бастаған, ұлттық сананы жаңаша қозғаудың бағыты тұрса, екінші жағында қазақи салт пен имандылықтан айырылмаудың жолын салт- дәстүрлерден іздеңген ақындар тобы жинақталды. А. Сабалұлы, Қ. Шахмарданұлы, Ш. Жәңгірұлы, Ә. Тәңірбергенұлы, Ж. Шайхусламұлы, Ә. Найманбайұлы, М. Көпейұлы, М. Жұмашұлы, Бақыт қожа, Кете Жұсіп, Ораз молда, Мәделі қожа, Тұмағамбет т.б. көптеген нәзириші-қиссанаш ақындар шығармалары XIX–XX ғасыр басындағы әдебиетте елеулі рухани қызметтің атқарды.

Қисса-дастан қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде ерекше дамып – қалыптасты. Онда Түрік, Ислам дүниесінің мол мұралары қамтылып, заман адамдарының зердесінде қазақ мәдениетінің мындаған жылдық тарихы бейнеленіп: «әне, мәселе қайда?» – дегендей, ой түрткі салынды. Түріктік – Исламдық дүниелердің мәні мен маңызын түсіндіруді мақсат еткені үшін, оны жазған ақындарды «пантурікшіл», «панисламшыл», – деп айыптаған кездері де болды.

Әдебиет аланында қиссаның («қисса» араб сөзі: баяндау) тууына тікелей негіз болған Құран сюжеттері, «Мың бір тұн», «Тотынама», «Шахнама» желілері болғанымен, одан бөлек жоғарыдағы грек, шығыс фольклоры, алғашкы қауымда пайда болған архайикалық мифтерде жатыр. Қисса жанры өзінің қалыптасу кезеңінде осылардың бәрін сінірді. Ол – жазба әдебиеттің басталу түсінінде әлі ауызша әдебиеттен ажырай қоймаған кезеңде туған көне жыр.

Қиссаларда дүние-жаратылыстың пайда болуын, жанды-жансыз нәрселердің шығу тегі мен себептерін, өзен, тау, тас, аспан әлемі, жұлдыздар туралы түсніктер бар. Космогониялық мифтің көріністері кездеседі. Дүниені мекендерген әртүрлі мифтік мақұлықтар: диу, пері, жын-шайтан, жалғыз қезді дәу, аң-хайуан бейнелі адамдар көне заман түсініктерінен туғандығы айқын.

Қиссада адамзат дәуірлерінің қоғамдық қалыптасуының бас кездерінде пайда болған мифтік түсініктер мен қала мәдениетіне тән оқиғалар атасып жатады.

Қазақ қиссаларында кейіпкер бейнесін асыл тастанға, аспан денелеріне (аспан денелерінің нышаны), тенеу, оларды әсірелей суреттейтін ерекше әдіс ежелгі әдебиеттен келе жатқан дәстүр екендігі көрінеді.

«Гүлшат-Шеризатта» М. Көпеев қызы Гүлшаттың сұлулығын: «Тілі – жақұт, тістері – маржан екен» деп жырласа, «Зияда-Шахмұратта» Әріп ақын: «Ақ маңдай, кал – зұбәржат, көзі – гауһар», – дейді. Бейнелеудегі мұндай тәсіл көне ескерткіштерде де дәл осы сипатта қолданылады:

«Көздері – жұлдыз, көзі – күн алтыны (маңдайы) – көк айдын» делінеді [1, 311 б.]. Жазу стилін былай қойғанда қисса-дастандардың XX ғасыр басындағы әдебиетте поэма, повесть, роман жанрын туғызу дағы рөлі ерекше болды. М. Жұсіптің «Алтынбас-Күмісаяқ», Олжабайдың «Зәйнәғұл», «Ғабдолласы», М. Сералиннің «Гүлкәшимасы» т.б. қисса-дастан дәстүрлік көп жақтарын сақтай жазылған. Тіпті «Қамар сұлу» да қиссалық дәстүрден әлі ажырай қоймаған шығарма.

Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен. Мұбәдә көрген кісі қиыр шетте.

Көленкесі күйдіріп күні-тұні,

Есінен екі-үш айда әзәр кеткен [4, 287 б.].

Қамар – мінсіз кейіпкер, сұлулығы қиссаның әсірелеу тәсілімен беріледі. Қар сөзге өлең арапасады. Қыздың «ішкі зары» беріліп отырады. Осының бәрі – қиссаға тән ерекшеліктер.

(Мәшін Жұсіптің «Алтынбас – Күмісаяқ» ғашық болғаны жазылу стилі жағынан қисса-дастан жанрының шарттарына өте жақын. Айтылатын оқиғасы қалмақ-қазақ соғысынан берігі заман берілгенімен, дастанның жартысына қиссалық сюжетке үқсас болып келеді (әсірелес ғашықтардың бірін-бірі түсінде көрүі) [3, 313 б.].

Мысалы: «Малға бай басқа кемтар бір жан» алпыс жасқа жеткенше, жетпіс алып, жетпісі де өліп, бір перзент көрмейді. Содан жеті руға малын шашып құла түзге қанғып кетеді. Қанғырып айдалада келе жатса, алдынан зарлаған дауыс шығады. Сөйтсе, жетпіс байға тиіп, бәрі де өліп, бір бала көрмеген сексендерігі кемпір екен. Бұл да болса, құдайдың ісі шығар, екеуі қосылып, кемпір-шал болып жүре береді. Сол кемпір сексен жаста жүкті болып, алтын басты бір үл табады.

Алтынбас бір күні үйікташ жатып, түс көреді. Түсіне Күмісаяқ (қызы) кіріп: «Алтынбас, сегіз оғын атамысын, Күнәға жас басынан батамысын. Құдайым әуел баста кости бізді

Үйінде маған келмей жатамысың

Туғаннан менің көнілім бір саған да, Мен ойнап-кулсем деймін жас шағымда.

Құдайым екеумізді қосып еди

Ананың іште жатқан құрсағында», – дейді [3, 87 б.].

Қисса жанрына жақын келетін тағы бір тұсы – қыз елінің өте қашықта болуы:

«Фашығым, менің айтқан сөзім тында,

Біздің жер жырақ емес, келсөң мұнда Арада дамыл алмай жүрсөн күн-түн, Жетерсің күйіп жанып бес мың жылда».

Әдетте, қиссаларда қызды іздең табу жолындағы қыныштықтар біраз суреттеледі. Көбіне кемеге мінеді. Мұнда «кеме оқиғасы» жоқ, оның орнына әпостық жыр үлгісінен ауысқан «көмекші ат» бейнесі келеді де, оқиғаны ұзатпай, бір-ак күнде шешіп береді:

Басқа мал жүріп бір жыл жеткен жерге, Сары ала ат бір сағатта барады екен.

Сонымен Құмісаяқ қызben табысады. Енді оқиғаның екінші бөлімі басталады. Онда әпостық-ертеғілік оқиғаның шарты бойынша, кейіпкер іздең келген қыз елінің жауын женіп беруге тиіс. Бұл шарттылық ескі қиссаларда бар. Тұрмағамбеттің «Сам палуанында» да («Шахнамада») Сам палуан Мөлікенің елін қыруға келген Қараңғы тау патшасын женеді.

«Алтынбас-Құмісаяқта» он айшылық жердегі жау қалмақта қыз ағасы кеткен екен. Соны босатып әкеleуге жұмысайды. Алтынбас он бір мың қалмақты қырып-жойып, қырық құлаш шынырауға салынған қыз ағасын шығарып алып келеді.

Бұл дастанның ескі қиссалардан бөлектеу, жана заман оқиғасы екенін аңғарту мақсатында туындыгер кейіпкерді: «Насыбай шегіп, шылым тартты», – дейді. Алтынбас-Құмісаяқты алып, біреу боп кетіп екеу боп оралғанда, әкесі: «Патша сонда жұз алпыс жатқа жетіп, «ау» деуге де шамасы келмей өлді».

Бұл дастанның дастанның қиссалық негізде жазылғандығының тағы бір көрінісі қала оқиғасы екендігінде: «Құрметтеп шаһарына алып келді, құдайдың шеберлігін танып білді» [2, 114 б.].

Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жалғастық, дәстүр мен жаңашылдық ұғымның мән-маңызы, мағынасы мейлінше терен ұғым екені белгілі. Орта ғасырларда араб, парсы және түркі ұлыстарына ортақ поэтикалық арнаның қалыптасуын жеделдеткен басты факторлардың бірі – нәзира дәстүрінің өркендеуі. Тұпнұсқа шығарманың өлең өлшемін сақтау, үйкас, жүйесін үлгі тұту және сюжеттік өзегін өзгертуеу нәзира дәстүрінің басты сипаттарына айналғандықтан араб-парсы поэзиясынан нәзира түзген. Қазақ өлеңі көркемдік түрғыдан көптеген өзгеріске ұшырады. Поэзиядағы бұл

өзгеріс өлең өрнегінде, шығармалардың идеялық мазмұнында және ақындардың көркем сөз салтау салтында да көрініс береді.

Ақынның авторлық даралығы, шығармалық шеберлігі сол дәстүрлі образдың, қалыпты бейнелі, сөздердің тереңдігінде жасырылуы көркемдік ойыстардан көрініс табады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Фылым, 1984. – 240 б.

2 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі Шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: Филол. фыл. докт. дис. – Алматы: 1997. –336 б.

3 Мың бір тұн. 1 – 4 томдар. – Алматы: Фылым, 1961. – 62 б.

4 Торайғыров С. Қамар сұлу. Шығармалар. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1987. – 318 б.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЛҒАСТЫРМАЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛ БІЛІМІ (Ә. Д. СҮЛЕЙМЕНОВА ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АНАПИНА А. Н.

магистр, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақстандағы салғастырмалы және әлеуметтік тіл білімі көп зерттелуде, ол әрбір бағыт пен бөлімдеріне қарай бөлініп қарастырылған. Бұл мақалада бұл екі ғылымды Э.Д. Сүлейменовың еңбектеріне қарастырымыз.

Ең алдымен, осы екі ұғымның анықтамаларын А. Абасилов «Әлеуметтік лингвистика сөздігінде» қарастыруды жөн көрдік: «Контрастивті лингвистика дегеніміз – XX ғ. 50-жж. бастап дамып келе жатқан жалпы тіл білімінің зерттеу бағдары, яғни, контрастивті лингвистиканың мақсаты – екі тілдің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып зерттеу болып есептеледі. Көп жағдайда, ана тілі мен бөтен тіл салыстырыла зерттеліп қарастырылады. Контрастивті тіл білімі өз бастауын 1975 ж. Р. Ладо еңбектерінен алады. Сонымен қатар, олардың қатарына А. Потебня, Ф. Корш, Е. Борогодицкий; И. Бодуэн де Куртенэ, Л. Щерба сияқты галымдардың еңбектерін де

косуға болады» [1, 74 б.]. Ал әлеуметтік лингвистикаға, яғни, тіл біліміне анықтама көрсетілmedі, бірақ, әдістері айқындалды.

Қазақстандағы салғастырмалы және әлеуметтік тіл білімін зерттеу тілдің қоғамдағы рөлі мен орын анықтайды. Бүгінгі күні бәріміз де «жаһандану» деген терминді көп естіп келеміз. Ол біздің мемлекетіміздің саясатында да көп айтылады. Жаһандану дәүірі орнағаннан кейін, біздің қазіргі уақытқа лайық жетістіктеріміз тек ел ішінде ғана емес, әлемдік дәреже де дамуы керек. Тек ғылыми-техникалық үдерісті ғана емес, рухани мәдениетімізді де дамытуымыз керек. Солардың ең маңыздысы қазақстандық қоғамда біздің тіліміздің дамуы, оның мәртебесін көтеру бүгінгі кезеңнің маңызды мәселелерінің бірі болып саналады.

Көптеген ғалымдардың зерттеуінше, тіл мамандарын, мұғалімдерді дайындауда олардың лингвистикалық танымын, ойын дамытып көнету үшін университет қабырғасында оқылатын «Жалпы тіл білімі», «Тіл біліміне кіріспе» деген тіл біліміне қатысты пәндерге үлкен назар аудартып оқыту керек. Себебі, тіл білімінің маманың даярлағанда бұл пәндерді толыктай зерттеп оқу аса маңызды рөл береді. Олар тіл, тілдің шыққан тегі, қалыптасуы, бөлімдері, салалары, бағыттарды оқып зерттеуге үлкен мән береді. Осы айтылғандардың барлығы әлеуметтік лингвистика саласына қатысты болып келеді. Бұл саланың бүгінгі уақытта жеткізген табыстары мен көзге көрінер нәтижелері өте көп. Дегенмен, жоғарғы оқу орындарында бұл саланы тек жалпылама ғана оқытады, ол жеке ерекшелетіп оқытатын салалардың бірі болып қарастырылуы керек. Ол тек жалпылингвистикалық болып қарастырылмауы керек. Сол сияқты салғастырмалы лингвистиканың да жеткізген жетістіктері де барышылық. Кейбір мамандықтардағы оқулықтарда әлеуметтік пен салғастырмалы лингвистикаға қатысты тілдік материалдар жоқтың қасы болып саналады. Олар көбінесе тілді оқытудың дәстүрлі әдістерін қолданады, яғни, сөздіктер, грамматика, тілдің жүйесі, синтаксистік, грамматикалық құрылышқа ғана негізделеді. Бұл жалпылама ақпаратты ғана береді, оны тубегейлі жекешелеп оқыту қажет. Негізінен тілді пайдаланатын әрі қолданатын адамдың сөйлеу дағдысынан оның әлеуметтік сипаттамасы мен сөйлеу жағдаятына қатысты болып келетіні рас. Демек, тілді оқытудың ең тиімді жактары оның әдістемелері мен оқу құралдарына қатысты болып саналады, тек ереже мен ұсыныстарға қатысты ғана қамтылмай, түрлі сыртқы әсерлерге де қатысты есептелуі керек [2, 170 б.].

Элеонора Дүйсенкызы Сулейменова - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Жоғарғы мектеп халықаралық академиясының академигі. Лингвистер арасында проф. Э. Д. Сулейменованың «Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики» еңбегі жоғарғы сұраныс пен бағаға ие болды. Енбекте тілдерді салыстыру мен форма үқсастықтарына лингвистикалық талдаудың теориялық тұжырымдамасы жасалған, контрастивті лингвистиканың негізі мен оның дербес интегралдығының және оқу пәні ретіндегі негізdemесі берілген, әр түрлі қабаттағы тілдік бірліктер материалдары мен категориялар негізінде қазақ және орыс тілдерде көпсатылы контрастивті типологиялық талдау жүргізілген [3, 17 б.].

Э. Д. Сулейменованың белгілі монографиясы «Понятие смысла в современной лингвистике» еңбегінде сөз мазмұнына кешенді интерлингвалды зерттеу «мағына - мән-мағына» концептуалдық семантикалық параметрлері бірлігінде қарастырылады; мән-мағына түсінігінің үш редукционистік парадигмасының концептуалды тұжырымы берілген; номинативтікten коммуникативtік pragmatикалыққа және когнитивtікке дейінгі мән-мағына концепциясының даму динамикасы сипатталған, сонымен қатар мағына және мән-мағына ұғымдарының өзіндік анықтамасын ұсынған. Инварианттылық пен мән-мағынаны толық түсіндіруге болмайтын жағдайдың тұжырымы ретінде қарастыруға болатын тілдік артефактілерді талдау негізінде және мән мағынаның диапазоны айқындалған. Әлемнің тілдік бейнесі туралы сын көзқарас айтылып, шындық әлемнің бірлігін айқындастын және оның тілдеп бейнесін көрсететін, мән-мағынаның универсалдық табиғатын ғана емес, сонымен қатар бір тілден екінші тілге аударғандағы феноменді құбылысты түсіндіретін мән мағынадағы плюорализмге тұжырымдама берілген. Бір - біріне әсер етүші тілдер арасындағы және әлсіз семантикалық байланыстарды ажыратылған, эксплицициті және имплициті семантикалық интерлингвалдық контрасттар анықталған [4, 41 б.].

Әлеуметтік терминдері бойынша негізгі мәліметтер жинақталған «Словарь социолингвистических терминов» сөздігінде тәмендегі мәселелер қамтылған: әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің қазіргі күйін белгілеу; әлеуметтік лингвистикалық бағыттарға түсініктер беру; бағыттарын сипаттау; негізгі терминдік құрамын анықтау, олардың анықтамаларын беру. «Словарь социолингвистических терминов» сөздігінде лексикографиялық

талдау жасалынған, әлеуметтік тіл білімі терминді тәртіпке келтіру, жүйеге түсіру, көлеміне орай кажет болған жағдайда терминдер жиынтығының анықтамаларын нормаға түсіру мен ретке келтіру жұмыстары жүргізіледі. Сөздіктे 400 әлеуметтік лингвистикаға қатысты терминдердің анықтамалары берілген.

Бәрімізге де белгілі, әр ғылымның езіндік тарихы бар. Жоғары оку орнында тіл мамандарын даярлауда тіл білімі тарихының оқиғалары мен материалдарын зерттеу лингвистикалық ойлауды қалыптастырудың ғылыми тәсілдерінің бірі болып есептеледі. Бұл тәсіл кез-келген объектінің немесе үдерістің дамуын оның пайда болуынан бастап қазіргі жағдайға дейін бақылауға, оның даму перспективаларын болжауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Тарихи талдау филолог студенттердің тіл білімі теориясын зерттеудің ғылыми деңгейін арттыруға, лингвистикалық болжау біліктері мен дағдыларын дамытуға ықпал етеді, анықтауға мүмкіндік ретінде пайда болған құбылыс, кандай кезеңдері өз дамуына енеді. Сонымен қатар, ғылым тарихын зерттеу тек білім беруді ғана емес, сонымен бірге тәрбиелик және дүниетанымдық әлеуетті де жүзеге асыруға ықпал етеді.

Тарихи танымның жалпы ғылыми принципі ретінде XIX ғасырдан бері қалыптасқан. Зерттеу тақырыбының құрылышы, құрылымы, әдістердің құрамы, ғылымның шарттары мен критерийлері, зерттеу құралдарының қолданылу шектері, теориялық идеяларды қалыптастыру принциптерін таңдау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру тарихи ғылымдардағы іргелі деңгейге байланысты. Тарихи оқиғаларды сипаттау үшін оқиға болған нүктенің уақыты мен көрсеткіштерін анықтау керек, содан кейін ғана болған жағдайды көрсету керек. Тарих - көптеген оқиғалардың дәйекті сипаттамасы. Сипатталған тарихи оқиғалардың жиынтығы элементтері арасындағы төртіп катынастарын орнататын ережелер оқиғалар орын алатын кеңістік-уақыт континуумының қасиеттерін ескермеуі мүмкін. Тарих ағымындағы әр дәуірдің, кезеңнің өзіндік мақсаты мен өзіндік материалы бар. Қазақстан тіл білімі тарихының басты міндеттерінің бірі негізгі лингвистикалық мәселелер арнасында нақты тарихи дәуірдегі, кезеңдегі даралық тарихын зерделеу және сипаттау болып табылады. Жеке тұлға ретінде тілтанушы ғалым, тіл білімінің бағыты, аспектілері мен мектептері және т. б. жатады.

Әлеуметтік лингвистика тіл нормаларын бұзатын нақты адамдарға бағытталған қоғамдар, тілдік орта, қателіктер жібереді, бірнеше тілдік стильдерді немесе бірнеше тілдің элементтерін

қарастырады. Тілді қолданудың барлық осы ерекшеліктерін білу, оларды талдау және түсіндіру, олардың пайда болу себептерін анықтау тілді дамыту үшін маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу нысаны қоғамдағы тілдің қызметі болса да, әлеуметтік лингвистика тілдің ішкі құрылымын жалпы ақпарат ретінде қарастырмайды.

В. М. Аллатовтың байқауларына сәйкес, тіл туралы ғылым тарихында «теориялық идеяларын салыстырмалы түрде кішігірім мәтіндерде шоғырланған өрнек қалдырған лингвистер бар; оларға, мысалы, В. фон Гумбольдт, Ф. де Соссюр жатады. Бұл ғалымдардың теориялық зерттеулері бұл тақырыптарды оқығанда студенттерге ұсынуға ете ынғайлы». Мұндай ғалымдардың қатарына И. А. Boduen de Куртенэ, Э. Бенвенист, Е. Курилович [5, 9 б.] кіреді.

Қазақстандағы әлеуметтік, салғастырмалы лингвистика бұрынғы социолингвистика негізінде КСРО-да қалыптасты. Тәуелсіздік жылдары елдегі тілдік жағдай, тіл саясаты, оның бағыттары зерттелді. Бастаның тілдік құрылымдар және онымен байланысты мәселелер ғылыми шешім таба бастады. Бұл бағытта Б. Гасановичтің, М. М. Копыленконың, А. Е. Карлинскийдің, М. К. Исаевтың еңбектерін атап өтуге болады, Э. Д. Сүлейменова, З. К. Ахметжанова, С. Т. Сайна, Н. Ж. Шаймерденова және басқа ғалымдар аға буын жастармен қатар - К. М. Байбосынова, А. М. Кумарова, а. а басилова, Г. С. Суюнова, С. А. Асанбаева, Д. Ж. Қасымова, Г. Д. Алдабергенова, Г. М. Алимжанова және басқалары.

Бұғынгі таңда қазақстандық тіл білімінің мәселелері өтеге алуан түрлі, теориялық мәселелерді жариялау біркелкі емес. Бұл қолданыстағы әртүрлі лингвистикалық бағыттар түрлі әдістердің қолданытындығына байланысты жиі әртүрлі максаттар мен міндеттер қояды. Қалыптасқан ғылыми үздіксіздіктің қалыптасуы, дамуы, пайда болуы кезінде белгілі бір ғылыми ойлар, мектептер мен ағымдар қалыптасады. Сонымен, жалпы тіл білімі мен салғастырмалы мәселелерді зерттеушілердің барлық заманауи түжіримдамаларында откен ғасырлардағы авторлар идеяларының әсерінің айқын іздері табылған.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Асыл кітап, 2016. – 74 б.

2 Сулайменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

3 Сулайменова Э.Д., библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, «Қазақ университеті», 2005. – 17 б.

4 Сулайменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1991-2001. – Алматы: Изд-во «Арыс», 2001. – 41 с.

5 Алпатов В.М. История лингвистических учений. – М.: «Языки русской культуры», 1998. – 9 б.

### **М. О. ӘУЕЗОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫГАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ**

АСЫЛБЕКОВА А. М.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

М. О. Әуезовтің өмірі мен шыгармашылық мұрасы бойынша «библиографиялық көрсеткіштер» 1958, 1966, 1968, 1972 [1] жылдары жарық көрді. Бұл еңбекте Әуезов шыгармаларының жариялануы және оның өмірі мен шыгармашылығының зерттелуі жайындағы еңбектер, шетел тілдеріндегі библиографиялық мағлұмattар қамтылған еді. Ал М. Әуезовтің қолжазба мұрасы [2] атты мазмұнды еңбек жазушының жеке өз архивінде сақталған түрлі қолжазбалар, қойын дәптер, газет-журналдар киындылары еніп, ғылыми сипаттамаға түсірілді.

Ұлы тұлғаның 100 жылдық мерейтойы қарсанында өмірі мен шыгармашылығына қатысты барлық құжаттар, деректер бір ізге түсірілп, толықтырылып, хронологиялық тәртіп бойынша жүйеленіп, ғалымдық, педагогтік және қоғамдық қызметтеріне қатысты қызықты деректер «М. О. Әуезовтің өмірі мен шыгармашылық шежіресі» атты кітапқа енді [3]. Дегенмен, бұл еңбек әлі де толықтыра түсуді қажетсінеді. Ұлы дарын иесінін сиясы кеппеген күйінде жоғалып кеткен «Ел ағасы» пьесасы мен «Сұғанақ сұр» атты повесінін, орыс тілінен аударылған бірнеше шыгармаларының және 20-жылдары жазылған туындылары қолжазбасының табылмағаны осыны айғақтайды.

М. О. Әуезов шыгармаларының жинағы көзі тірісінде, 1955-1957 жылдары, 6 том болып жарық көрді [4], кейіннен 1967-69 жылдары 12 томдық [5], 1979-85 жылдары 20 томдық жинағы жарияланды [6]. Бірақ, жазушының кесек ойлары, кейбір міні көп, тәрбилик

мәні жоқ саналған шыгармалары көлеңкеде қала берді. Сонын бірі - 1927 жылы жарыққа шыға салып тәркіленген «Әдебиет тарихы» еңбегі [7]. Кейіннен тарихты, әдеби мұраны тану мәселеісі көлденен қойылған тұстарда жазушының әдебиеттің тарихы жайлы еңбегі 20 томдық шыгармалар жинағының 16 томына қысқартылып енді. Едіге, Ерсайын, Шора батыр жырлары Нысанбай ақын жайындағы зерттеуі қысқартылып, түпнұсқа мен кейінгі жарияланым арасында үлкен алшақтық пайда болды. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудегі күрделі тұнғыш еңбек «Әдебиет тарихы» алғашқы қалпымен тек 1991 жылы жарық көріп, оқырманымен қауышты [7]. Жазушының әр жылдардағы шыгармалар жинақтары әуезовтануға қосылған үлкен үлес болғанымен, оның мол мұрасын толық қамти алмады. Жазушы шыгармаларының елу томдық толық ғылыми жинағына телегей-теніз мұрасы ғылыми текстеруден өтіп, түзетіліп, автордың баспаға алғаш ұсынған нұсқасы мен кейінгі жарияланымдарына текстологиялық салыстырулар жүргізіле жарияланды [8]. Бұл жинаққа 1917-1969 жылдар аралығындағы әңгімелері, повестері, комедия, трагедия, драмалары, макалалары, зерттеу еңбектері, аудармалары енді. Дархан дарын иесінің 1917-1919 жылдардағы публицистік еңбектері қасаң саясат түсінде жарияланбағаны, қолтеген драмалық шыгармаларына («Қаракөз», «Хан Кене») ескілікті дәріптеу, көксеуден туындаған деген баға берілгені белгілі. Жазушы мерейтойы қарсанында оның өмірі мен шыгармашылығына қатысты қолемді зерттеулер жарияланып, саясат шылауына түсіп, өрекшел бүрмаланған еңбектеріне жаңаша көзқарас тұрғысынан талдаулар жүргізілді. Мәселен, З. Ахметов, З. Қабдолов, Р. Бердібай, Л. Әуезова, М. Мырзахметов, Р. Нұрғалиев, Қ. Сыздықов, Б. Майтанов, Р. Сыздықова, М. Серғалиев, Т. Жұртбай, Б. Жақыптың ғылыми еңбектері әуезовтану саласын нығайта түсті.

Әуезовтануға комақты үлес қосып, жазушының күрделі, көркемдік өлемін ашу жолында түпкілікті зерттеу жасаған ғалым, жазушы Т. Жұртбайдың еңбегін ерекше атаған ләзім. Әуезов шыгармашылығы мен өміріне қатысты тиянақталған материалдары негізінде «Бейуак» (1990) [9], «Бесігінді түзе» (1997) [10], «Талқы» (1997) [11] атты қолемді монографияларында тың тұжырымдар жасап, алғашқы нұсқадан кейін жарияланбаған бір мақаласын ғылыми айналымға түсірді.

Бертінгө дейін жазушы шыгармаларының көркемдік сұлулығына ғана тамсандып, тұшынған болсақ, Т. Жұртбай ол шыгармалардың шежірел Шыңғыс жерінен тамыр тартатынын, әрбірінің астарында өмір шындығы жатқандығын нағымды ете, тарихпен сабактастыра

отыра ұсынады. М. Әуезов кейіпкерлері киялдан туындаған жок, әр кейіпкер артында XX ғасыр басында орыстандыру, отарлау, ескімен құресу саясаты туындаған тұста өмір кешкен қарапайым адамдар бар.

Зангар жазушының ескен оргасы, туған жері, өмірінің коленкелі-күнгейлі жақтарын жүйелі баяндап, қоғамдық-жазушылық енбегімен қоса құрделі көркемдік әлемінің сырын ашқан К. Оразалин мен Д. Досжанов еңбектерінің де Әуезовтандыру ойып алар орны бар. К. Оразалин «Абайдан соң» атты шығармасында М. О. Әуезовтің балалық, бозбалалық, жігіттік шағынан мол мағлұматтағы қанық етсе, «Абай ауылына саяхат» енбегінде де жазушы өміріне қатысты қызығылдықты деректер ұсынады. Жарты ғұмырын Абай кезі кеткеннен кейінгі кезеңінің шындығын жазуға арнаған Оразалин ұлы ақынның үрпақтарымен біте қайнасып өмір кешкен Әуезовтің бар болмысын аштуға тырысады. «Абайдан соң» романының үшінші кітабы Әуезов өмірінің Семей кезеңін аша түсуде аса құнды. Оразалин жазушының кіндік қаны тамған жері, ескен үясы, қоршаған оргасы, жақын туыстары жайындағы деректердің күргақ баяндамай, Әуезов үлгісімен ұлттық бояуды барынша пайдалана жазған.

Ұлы жазушының 1919 жылға дейінгі өмір кезеңінде аздаған дау тудыратын, шешімін өлі күнге толық таба қоймаған мәселе бар. Ол жазушының Семей қаласында оқуымен байланысты. Абайдың құрметіне 1914 және 1915 жылдары әдеби кештердің өткені белгілі. М. Әуезов өмірінің Семей қаласымен байланысты түсын айқындау инетінде азды-көпті тер төккендердің зерттеуші, жазушы қауымның бірқатары Әуезовтің жоғарыда аталған кештерге қатыспағандығын айтса, К.О разалин екі кешке де Әуезовтің қатысып, үйимдастыру ісіне араласқанын алға тартады. Ахмет Әуезов «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар» атты кітаптарында М. Әуезовтің балалық шағынан мол мағлұмат береді. Жазушының өмірі мен шығармашылығының шежіресін жазуда Ахмет Әуезовтің енбегі негізгі басшылыққа алынып, сілтеме жасалатын дереккөз болуда. Бала Мұхтардың қырдағы қазак балаларынан еш айырмасыз тірлік кешуі, зеректігімен танылып, болашағынан белгі беруі А. Әуезов естелігінен мағлұм етіледі.

Жазушы өміріне қатысты деректердің дәлдігі, нақтылығы бәсендеге тұсы - оның алғашқы өмір жолына қатысты. Яғни балалық, шәкірттік шағынан мағлұмат беретін дәлелдер солғын, сәйкессіз түстар басым. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бергі он жылда еліміз өркениет жолында көптеген табыстарға кенелді. Оның бірі жетпіс жыл салтанат құрған кеңестік дәүірдің қыспағы кесірінен жария

етілмей, беймәлім түрде сақталып келген, көп құпиясы бар рухани мұраларымызben қайта қауышуымыз. Жазушының өмірбаянына қатысты «Өз жайымнан мағлұмат» [12, 67 б.] атты мақаласы да талай жылдар бойына жарияланбай келгені белгілі.

Жазушының отызыншы жылдарға дейінгі қолжазба күйінде сақталған мақаласы Смағұл Сәдуақасовтың қойған алты сұрағына жауабы, сонына «Мұхтар. Ленинград. Финуардың 29-ы» [12, 68 б.] деп жазылған. Жазушы 1946, 1949, 1950, 1953, 1958, 1959 жылдары жазған өмірбаяндарында ресми мәліметтерді қөбірек қолданып, өмірінің маңызды тұстары, ескен оргасы, білім жолындағы алғашқы баспалдактар, қоғамдық қызметтері, абыттанудағы алғашқы қадамдары жөнінде жазады. Ал, өз жайымнан мағлұматында жазушы талғам-түсінігі, өмірлік құбылыстарға, әдебиетке деген көзқарастарын айқын білдіріп, пікірін бүкпесіз жеткізе алған. Ұлы жазушы өмірінің Семей кезеңі жөнінде толымды деректер беріп, балалық, шәкірттік шағы, кайраткерлік, оқытушылық, жазушылық қасиеттерінің шындалған шағынан мағлұмат берген шәкірті, әдебиет зерттеушісі – Қайым Мұхамедханов.

Бала кезінен М. Әуезовтің білгірлігі мен біліктілігіне куә болып ескен ол жазушының Семейде өткізген қундеріне қатысты беймәлім деректерді «Қазақ әдебиеті» газетінде, сондай-ақ, Семейдің облыстық «Семей таңы» мен «Иртыш» газеттері бетінде жариялады түрған еди. К. Мұхамедханов М. Әуезов жөніндегі деректерін, ой түйіндеулерін «Мұхтар - семинарист» (Семей таңы, 1977) [13], «Ұлы жазушы, көрнекті қоғам кайраткері» (Семей таңы, 1977) [14], «Ұлы жазушы, ойшыл, фалым, ардагер азамат» (Семей таңы, 1977) [15] атты мақалаларында тұжырымдады.

М. О. Әуезовтің шығармашылық мұрасы таусылмайтын, сарқылмайтын кәусар бұлак десек, ол бұлак бастауын ұлы Абай дүниеге келген қасиетті топырактан алғаны күмәнсіз. Шежіреге толы Шыңғыстау жерінің құлақ құрышын қандырап әсем әні мен тәтті күйіне, ертегісі мен аңызына қанық боп ескен Мұхтардың Абай өлеңдерінің мәні мен маңызына ерте елігүі оны үлкен шығармашылық сапар шығар жетеледі.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жиреншин А. Библиографический очерк. – Алматы, 1958.

2 М. Әуезовтің қолжазба мұрасы. – Алматы : Қазақ ССР-ның Фылым баспасы, 1977. – 308 б.

- 3 М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. – Алматы : Фылым, 1997. – 308 6.
- 4 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы : Жазушы, 1979. – 110 б.
- 5 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 6 Сармурзин F. Ардагер аға. Біздің Мұхтар. – Алматы : Жазушы, 1976. – 432 б.
- 7 Жұртбаев Т. Бесігінді түзе. – Алматы : Жазушы, 1997.
- 8 Жұртбай Т. Талқы. – Алматы : Қазақстан, 1997. – 368 б.
- 9 Мұхамедханов К. Ұлы жазушы, көрнекті қоғам қайраткері // Семей таңы. 1987 ж.
- 10 Мұхамедханов К. Ұлы жазушы ойшыл ғалым, ардагер азамат // Семей таңы. 21-кыркүйек 1977 ж.

## ЛАТЫН ӘЛІПБІЙНЕ КӨШУ – УАҚЫТТЫҢ ТАЛАБЫ

БАЙТЕМИРОВА С. Б.  
қазак тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
М. Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Ғалымдардың жазуынша, ен алғашқы өркениет қазіргі Тигр мен Евфрат өзендерінің арасындағы Месопотамияда пайда болған. Бұл жерлерді шумерлер мен аккад тайпалары мекендеген. Кейін біздің заманымызға дейінгі 4-3 мыңжылдықта мемлекет құрған. Қалалық мәдениет қалыптастырған. Америкалық ғалым С. Крамердің «Тарих шумерден басталады» дейтіні де сондыктан. Экономиканың өсімі елдегі сауда-сатықпен тікелей байланысты екені туғынды. Шумерлерде де солай болған. Айырбас арқылы сауда жүрген. Тек шаруа егінін күздеорады. Ал ұста-шеберлердің тауары қашанда әзір. Біріне азық, екіншісіне құрал керек. Сондыктан саудагерлер қазіргі ақшаның, дұрысы құнды қағаздың баламасын ойлап тапқан. Олар қыш сыналарға кімнің қандай қарызы барын жазып, уақытында сол арқылы қажетін алып отырған. Осылайша, шумер жазуы дүниеге келген. Ол әлемдегі ең алғашқы жазу болып табылады.

Шумерлерден басталған үлкен жаңалық саудагерлер, керуеншілер арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне тарады. Мысыр, Бабыл секілді ежелгі өркениеттің жазулары осының негізінде пайда болды. Бабылдан тараған жазу өнері дами келе, Финикияға жеткен. Олар жазуды дамыта келе, ен алғашқы фонетикалық жазуды дүниеге әкелді. Ал финикия әліпбійнен грек, грек әліпбійнен латын әліпбі

шыққан. Қалай болғанда да, латын тілінің ғылым тілі болуымен, бұл әліпби Еуропаның көп халқына тарады. Әр халық ондағы 26 таңбаны өз тіліне ынғайлаپ отырған. Осыған байланысты жазу үсті, жазу асты белгілер мен диграфтар пайда бола бастады. Бүгінгі технология – Еуропа мен Америка өркениеттің жемісі. Сондыктан ғылым мен технология тілі латын графикасына негізделген. Бұл бүгінгі технология арқылы ғана қалыптасада гегемония емес. ХХ ғасырдың басында-ақ болашақтың әліпбі латын әліпбі болары белгілі болған. Оның айқын дәлелі ретінде Кенес одағындағы латындану процесін атап өтүмізге болады [1, 36 б.].

А.Луначарский Кенес өкіметіндегі ең беделді латын әліпбін қолдауши болды. Оның айтудынша, В.Ленин деосы әліпбиді толығымен қолдаған. Бірақ ол латын әліпбіне көшу туралы: «Мен осы орыс әліпбінің латынға ауысатынына сенемін. Бірақ бұл жолда асығуға болмайды», – деген еді. Алғашқы қадам ретінде өзге графика қолданушы ұлттардың әліпбін латынға ауыстыра бастады. Оның ішінде араб графикасын қолданатын ұлттарға баса назар аударылған. Осылай кеңес өкіметі құрамындағы 50-ге жуық ұлттың өз тілінеорайластырған латын графикасы пайда болды. 1929 жылы мемлекеттік статус беріліп, көп ұлт мектептерінде латын қарпімен оку басталды. Орыс тілі негізінде де латын графикасының 4 нұсқасы жасалды.

Бір карағанда бәрі дұрыс секілді. Озық әліпбиге үмтүлу жана құрылған мемлекетке оте қажет. Бірақ бір мәселеден айналып қаша алмасымыз сөзсіз. Ол – орыс тілінің сол күйі кирилл қарпінде қалуы. Иә, латынданған нұсқасы жасалды, бірақ 1929 жылы барлық ұлттардың латын қарпіне көшүіне мемлекеттік статус берілгенде, олар үнсіз қалды. Ал 1930 жылы Сталиннің бүйрүғымен орыс әліпбін латынға ауыстыру туралы бүкіл жұмыстар мен зерттеулер токтатылды. Ал латынға көшіп үлгерген ұлттар 1939 жылға дейін осы әліпбімен білім алған еді. Корытындылай келе, Кенес өкіметіндегі латын графикасына көшу процесі дұрыс басталып, саяси астармен жалғасын тапқан деп айта аламыз.

Қазак әліпбійнің латын қарпіне көшу процесі 1924 жылдардан басталды. Бұл бастамаға салған жерден А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, X. Досмұхамедұлы секілді қазак зиялыштары үзілді-кесілді қарсы болған еді. Олар бірнеше дәйек ұсынып, араб қарпіне негізделген төтө жазуда қалуды көзделген [2, 26 б.].

Негізгі аргументтердің бірі ретінде латын графикасының қолмен жазуға ынғайсыздығы сөз болды. Мысалы, солдан онға

қарай жазу қағаз берін көбейеүінде әкеліп соғатын. Ал оңдан солға қарай төте жазумен жазу бұл кедергіні біраз азайттын еді. Бұл, сол кезеңдегі жағдаймен карасақ, өте маңызды дәйек. Сол кезеңдегі өкімет көзіне түсірмей, жылдам жазып, жариялау керек деген шығарма, мақаланың барлығы осы жазумен жазылатын.

Тағы бір дәлел ретінде араб графикасының қазақ тілінеорай реформаландырылғаны сөз болды. Сол тұста ешбір түркі халықтарында мұндай реформа болмаған. Латын қарпіне көшуді Н. Төреқұлов баставан топ қолдап, өз нұсқасын ұсынды. Х. Досмұхамедов латын қарпіне карсы болса да, мемлекет тапсырмасымен өз нұсқасын жасап өткізді. Қазақтан бас-аяғы бес нұска жасалып, осылардың косындысынан жасалған әліпби қолданысқа берілген болатын.

Жалпы латын қарпіне көшу туралы кенес құрамындағы ешбір халықта мұнша тартыс болған жоқ. Барлығы ын-шыңсыз, жылдам қабылдады. Бұл тартыстың мәні «сол кездегі қазақ зиялышарының көптігінде және тіл саласындағы білімділігінде жатыр». Осындағы талас-тартыспен қазақ халқы латын қарпінеен соңғылардың бірі болып өткен болатын.

Жаңа технологиялар тұтастай латын қарпінеорайластырып жасалатынын айттық. Халықаралық ғылым тілі – ағылшын тілі, ал оның қарпі латын екені тағы бар. Карапайым ғана мысал, интернеттегі 77 пайыз ақпарат ағылшын тіліндеекен. Бұл үш ширектен де көп. Сондықтан ағылшын тілін менгеру қазақ ғылымы үшін кезек күттірмейтін мәселеекені даусыз. Ал оны үйренуді жеңілдету үшін әліпбиді де сол тілге ынғайластыру керек деген шешімге келдік. Бүгінгі қолданып отырғанымыз көніл қимас төл әліпбіміз емес екені даусыз. Егер грузин, қытай, жапондардай өзіміздің төл руна жазуымызды осы уақытқа дейін қолданған болсақ, қарсы шығуға болар еді. Бірақ бір бөтен әліпбиден технология тіліне жақын екінші бөтен әліпбиге өтудің сөкеттігі жоқ.

Қазақстан – 2050 стратегиялық жобасында Н. Назарбаев «2025 жылдан бастап латын әліпбіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдеген еді. 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру» мақаласы аясында бұл мақсатқа бастар накты қадамдар жасала бастады. Сол уақыттан бері халық талқысына бірнеше латын графикасы нұсқалары ұсынылды.

Қазақтың, түркінің төл әліпбі сақ дәүірінде қалыптасқан десек кателеспейміз. Алтын адамның жанынан табылған күміс

тостағандағы жазулар Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазуға ұқсайды. Қазақ даласына діннің келуімен халқымыз 10 ғасырдан астам уақыт бойы араб әліпбін қолданды. Алғашында қадим жазуы болып, ол тұтас араб жазуының зандылықтарына бағынған. Яғни дауысты дыбыстар таңбаланбайтын. Кейіннен жәдит жазуына ауыстық. Мұнда дауысты дыбыстар толық таңбаланатын еді. Бұл жерден араб графикасының қазақ тіліне ынғайлана баставаның анғарамыз. Ал қазақ тіліне толық икемделген араб графикасын А. Байтурсынулы жасап берді. Оны «төте жазу» деп жүрміз. Әлемдік гальмдар бұл графиканы «ешқандай өзгерту мен толықтыру қажеті жоқ толыққанды әліпбі» деп мойындағы. Ол 24 таңбадан тұратын [3].

Кирилл қарпіне негізделген қазақ әліпбінің ұлттымыздың өмірінде маңызы ерекшеекеніне дау жоқ. Бұл әліпбі тұрасында Г. Мамырбек: «Түркі тілдерін кирилл әліпбінен ынғайлау 1876 жылдардан басталды. Кирилл әліпбінен негізделген тұнғыш графика авторы Н. Ильминский еді. Бірақ оның әліпбіндегі «қ», «н», «ғ» секілді төл әріптер болған жоқ. Ал бүгінгі қолданыстағы әліпбі 1940 жылы қабылданды. Бұл жобаға белгілі фалым Сәрсен Аманжолов жетекшілік етті. Қазіргі әліпбіміздің ең басты артықшылығы ә, ө, ү, ұ, і, қ, ғ, ң тәрізді дыбыстардың бәріне жеке-жеке таңба арналды. Яғни ұлттық дыбыстық ерекшелік толық қамтылды. Ал кемшілігі – тілімізде жоқ дыбыстардың таңбалары әліпбі құрамына еніп кетті (ң, ә, ү, ұ т.б.). Осыған байланысты төл сөздерді – қазакемлесімен, кірме сөздерді орыс емлесімен жазатын қайшылық орын алды.

2017 жылдан бері латын әліпбінен бірнеше нұсқасы жасалып халыққа ұсынылған еді. Бірінде диграфтар болды, екіншісінде жоласты, жолусті таңбалар көп дедік. 2021 жылы жарияланған соңғы үлгі де сынға ұшырамай қалып жатқан жоқ. Жаңа әліпбі заман талабына толықтай жауап береді. Жетілдірілген жаңа әліпбі жобасында 31 таңба бар, диакритика саны төртеу: умлаут ( ҆ ), макрон ( ˉ ), седиль ( , ), бревис ( ˘ ); диакритикамен берілген әріп саны алтау (ä, ö, ü, ğ, ï, ş ); «бір дыбыс – бір әріп» принципіне толық сәйкес, диграфтар жоқ; ұлттық тілдің 28 дыбысын толық қамтиды; шеттілдік сөздегі дыбыс таңбасына Vv (в), Ff (ф), Hh (х) әріптері алынды. Негізгі артықшылығын атаяйык [4].

Біріншіден, дыбыстардың әртүрлі қасиетіне жеке диакритика алынды. Бұл оқылымды жеңілдетеді, тілдің дыбыс қорының әліпбін жүйесіндегі көрінісін бедерлейді.

Екіншіден, халықаралық тәжірибеескерліді. Мысалы, халықаралық латын жүйесіндегі умлауттың бір ғана мағынасы бар – дауысты дыбыстың жінішкелігін білдіру.

Үшіншіден, кириллдегі «у» әрпінің орнына – еріндік дыбысқа жүретін «и» таңбасы, ал «и», «й» орнына і таңбасы алынды. Бұл «у» мен «и» дыбысы бар сөздердің мәтін ішінде бірден танылуына ынғайлы: uran, vakum; uaqt, sauda, juu, tuu; ine, jiyn, kögorai, aidar; institut, inovasia, titul. Шеттілдік сөздерді халықаралық жазу кеңістігіндегі түркynың ұқсас таңбалайды: universitet, respublika, turizm. Бұл өлемдік білім кеңістігімен интеграция үшін қолайлы.

Төртіншіден, мектеп оқушылары мен шеттілдіктердің әріп тануына, оларға тіліміздің дыбыстық жүйесін жылдам әрі тез үйретуге ынғайлы.

Бесіншіден, жазба коммуникацияны жеңілдетеді. Диакритикамен берілген әріптердің барлығының жалпы жиілігі өте төмен, яғни олар көп болмайды. Мысалы, ä (ә), ö (ө), ü (ү), ſ (ұ), ǵ (ғ), әріптерінің бесеуінің жалпы жиілігін қосқанда, ең жиі кездесетін жалғыз «а» әрпінен төрт есе аз болады. Жиілігі жоғары «ш» дыбысына диакритикасы әріп астынан түсетін, қолды жолдан үзбей жазуға болатын «ş» әрпі алынды: Şämsi, şeşim. Қолжазуға ынғайлы, көшталымға қолайлы.

### ӘДЕБІЕТТЕР

- 1 «Егемен Қазақстан» газеті, 2017ж, №36
- 2 «Ақ желкен» журналы, №5, 2020 – 26 б.
- 3 <http://kazgazeta.kz/> сайты, 2021ж, 21наурыз
- 4 «Абай» ақпараттық порталы, 2020ж, 28 қазан

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФИТОНИМДЕР

БАЙХАН Ә. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ежелгі заманнан бері біздің ата-бабаларымыз жер флорасына назар аударған. Мал өсірушілер қай өсімдіктердің жақсы, қайсысының жаман екенін білді. Ол өсімдіктерді біліп қана қоймай, әрқайсысына ерекше атау берді.

Атау – зат пен құбылысты жақсы тану үшін берілген белгі. Атауда ол белгілейтін объектінің барлық белгілері көрсетілуі

керек. Өсімдіктердің атаулары, басқа заттардың атаулары сиякты, қажеттіліктен туындаиды. Адам белгілі бір өсімдікке атау берген кезде оны оны басқалардан ажырату үшін кояды және бұл атау тек бір өсімдікке ғана тән. Екі бірдей өсімдік бір атаумен аталмайтыны белгілі. Бұл – терминдерге тән дара мағыналық.

Тілімізде фитонимдік атаулар өте мол. Олардың көпшілігі халықпен бірге жасасып келеді. Атаулардан халықтың әлеуметтік сипатын тануға болады. Мәселен, ақкелін, малжемес, балтасап т.б. болып тізбектеліп кете береді. Ақкелін тұрмыстық салтқа байланысты берілсе, малмен бүкіл өмірі байланысты болған көшпелі халыққа малдың қандай шөпті жайтіні немесе жемейтіні жақсы таныс болған. Малжемес соған байланысты қойылса керек.

Өсімдіктердің табигатына қарай отырып, соншалықты тауып қойғанына қайран қаласың. Өйткені ол атауларда поэтикалық образдар мен қатар нақтылы бейнелер бар. Кейбіреуіне өзіл, жеңіл мыскылдар арқау болған. Мәселен, көрікүй атауы. Бұл жақын жүрсөң үсті-басыңа жабасып алынбай қоятын өсімдік.

Біздің жер өсімдіктердің түрлеріне де, халқымыз сол өсімдіктердің атауы жағынан бай. Олар тілдік қарым-қатынаста еркін қолданылады. Қазақ халқы табигатпен астасып жатыр. Егіздер десек болады. Сондықтан өсімдік атаулары біздің лексикалық қорымыздың көп бөлігін құрайды деп ойлау орынды.

Жад – бұл әрқашан өзекті құбылыс, қазіргі мен мәңгіліктің арасындағы байланыс. Әр халықтың материалдық және материалдық емес мәдениетінде, оның тілін қоса алғанда, көрініс тапқан әлем туралы ежелгі білім мен оны игеру тәжірибесі оның ұжымдық мәдени жадының көрінісі деп санауға болады.

Біздің ойымызша, ұлттықтан жоғары сипатта барлық тілдерге тән және әлемнің әмбебап тілдік бейнесінің фрагменті болып табылатын киелі компоненті бар фитоним сөздер ерекшеленеді. Тілдегі фитонимия құбылысын лингвомәдени интерпретация тұрғысынан зерттеуші Т. Н. Бурмистрова фитонимдер шындық туралы объективті де, субъективті де идеяларды көрсететін лексиканың ежелгі категорияларына жататынын айтады. Сакралды фитонимија, атап айтқанда, қоршаған табигаттың дамуымен байланысты мифологиялық, қасиетті (оның ішінде діни) мотивтер бекітілген, бұл жалпы пралогиялық ойлаудың табигаттың көрсетеді және әлем бейнесінің жекелеген бөліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сакралды компонент ретінде халықтық медицинамен,

дінмен, халықтық мерекелермен, нанымдармен және т.б. байланысты көрсететін семалар түсініледі.

Лексикалық корда ұлken орын алатын өсімдік атаулары көптеген зерттеулерге негіз болды. Алғашқы енбектердің қатарында орыс ғалымдарының енбектері бар. Атап айттар болсақ, Н. И. Аненков, Б. А. Федченко, П. В. Ларин, Н. М. Крашенинников, В. П. Андреев, И. И. Рубцов, М. Г. Попов, П. П. Поляков сынды орыс ғалымдарының енбектерінде қазақстан жеріндегі өсімдік атаулары зерттелген.

Қазақстанның ғалымдардан С. Арыстангалиев[1], Е. Рамазанов [2], Ө. Қисықов [3], Т. Мұсақұловтарды [4] айтуға болады.

Түркітанушы-ғалымдар енбектерінде де өсімдік атаулары көп кездеседі. Мәселен, Н. И. Ильминскийдің сөздігінде *емен, тал, терек, қайың, қарагаш, шырша сияқты ағаш* аттары мен *арша, қараган, тобылғы, шеңгел, жыңғыл сияқты бұта атаулары және арта, бидай, күріш, тары* төрізді астық дақылдары мен ебелек, *жусан, алабота, қияқ, изен* секілді шөп атаулары бар [5].

Өсімдік атаулары диалектолог-ғалымдар Ж. Досқараев, С. Аманжолов, Ж. Болатов, Ш. Сарыбаев, Ф. Қалиев, С. Омарбеков, О. Нақысбековтерде бар. Мәселен, О. Нақысбековтың «Қазақ тілінің ауыспалы говоры» деген кітабында 120-ға жуық өсімдік атауы бар [6].

Өсімдіктердің қазақша атауларын лингвисттіккалық жағынан зерттегендегі қатарында М. Бимагамбетов, Ө. Қисықов, Б. Қалиев, Г. Үйікбаеваны айтамыз.

Әр халық тіл арқылы өмірдің басқа фактілерімен қатар, табиғат құбылыстарын білдіреді. Қофам табиғаты белгілі бір кезеңдермен байланысты. Уақыт кезеңдері өзара жалғастықта өтіп жатады. Адам болашақты түсіну үшін қазіргі кезін, өткенін білуі керек. Өзінің өткенін - мәдениеттің уақытын түсінуді үйренуі керек, ол оған еніп, оны анықтайды. Өткенде зерттеу дегеніміз – болмыстың тереңінде жасырылған нәрсөні ашу.

М. Бимагамбетов «Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері», Ө. Қисықовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде өсімдік атауларының берілуі жөнінде» деген мақаласы ертеректе басылған. Ол мақалаларда өсімдік атауларының өзіндік мағынасы мен қолданылу сырын айқындауға баса назар аударылған.

Г. Үйікбаева. 1983 жылы «Өсімдіктердің халықтық атаулары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаган. Автордың айтуынша, өсімдіктерге ат беру үстінде оларға негізінен

өсімдіктердің түсі (қа-раерік), көлемі (майдашөп), формасы (сәбізшөп), органдарының саны (мыңжапырак), іісі (сасықшөп), дәмі (ащылау алқа), өсетін жері (сұжұлдыз), тұрмыстағы қолданылуы (жеке ағаш), медицинаға қолданылуы (бүйрек шай), т. б. қасиеттері (қышытқышөп) алынады екен [7].

«Бір өсімдікке әр түрлі ат қойылып, тілімізде өсімдік атауларына байланысты синоним сөздердің немесе лексикалық вариантының көп болу себебі – оған ат қою кезіндегі таңдалынған мотивемдеріне байланысты екен. Олай болса, бір ғана өсімдіктің халық тілінде біреу емес, бірнеше атауының болу сырьы, міне, осында» деген тұжырымдар бар зерттеулерде.

Зерттеуші қазақ тіліндегі өсімдік атауларын орыс, латын тілдеріндегі өсімдік атауларымен салыстыра келіп, мотивемдері жағынан ол атаулар бір-біріне өте жақын екендіктерін айтады. Әсіреле сырткы белгілеріне не-гізделген мотивемдері (түсі, өсетін жері, формасы, т. б.) тұрғысынан алғанда аталған тілдердегі өсімдік атаулары «тіптен жақын» деген қорытындыға келеді.

Шын мәнінде, өсімдіктердің танымал атаулары көбінесе ел ішінде, халықтық ауызекі тілде естіледі. Ол сонымен қатар көркем әдебиет беттерінде берік орын алады. Халықтық атаулардың омонимдік, антонимдік, синонимдік сыңарлары, фонетикалық, морфологиялық, грамматикалық, лексикалық нұсқалары баршылық.

«Халықтық атауларға тән ерекшеліктердің бастысы – ол жасалуы жағынан тым қарапайым, ат қою мотивемі халыққа жақсы таныс, мағынасы жағынан елдін бәріне түсінікті сөздер болып келетіндігі. Олардың мотивемдері ретінде әсіреле төрт түлік мал атаулары мен аң, күс атаулары, түрлі жан-жануарлар мен құрт-құмырска, жәндік атаулары, олардың дene мүшелерінің атаулары, сондай-ақ, табиғат құбылыстарына қатысты: тау, тас, кум, жер, су, жел, ай, күн, тұн деген сияқты сөздер мен әр түрлі түсті білдіретін: ақ, көк, кара, сары, қоңыр, кө-гілдір төрізді сөздер жөні өсімдіктердің іісі мен дәмі, көлемі, өсетін жері, шаруашылық маңызы, т. б. ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсететін сөздер басты рөль атқарады».

Қазақ фитонимиясы аз зерттелген лексикалық бірліктердің үлкен қабаты болып табылады және лексикографиялық сипаттау тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ежелгі архаикалық ойлау формаларын түсіну жолы ретінде де қызығушылық тудырады. Алайда, мұндай зерттеулер басқа тілдермен, түркі тілдерімен де, басқа топтардың тілдерімен де салыстырмалы түрде жүргізілуі керек, өйткені халықтық идеялардың айырмашылықтары мен

ұқсастыктырының аркасында кез-келген тілдік құбылыста көрінетін адамдардың архаикалық дүниетанымдары анықтауға болады.

«Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары әлі күнге дейін бір жүйеге түсіп, сараланған жоқ. Оларды дұрыс жүйелеу үшін, ең алдымен, тіліміздегі барлық өсімдік атауларын халықтық атаулар болсын, мейлі ол жергілікті атаулар болсын түгел жинап алу керек. Содан кейін барып, өсімдіктердің әдеби, ғылыми атауларын жүйелеуге кіріскең абзal» [7].

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Арыстанғалиев С. Қазақстан өсімдіктері. – Алматы: Фылым, 1977. – 288 б.

2 Арыстанғалиев С., Рамазанов Е. Қазақстан өсімдіктері – Алматы, Фылым, 1978. – 288 б.

3 Кисыков У. К. Материалы для словаря казахско-русского-латинских названий растений. – Алма-Ата, 1983

Мұсақұлов Т. Орысша-қазақша биологиялық сөздік – Алматы, Қазақ мемлекеттік баспасы, 1976. – 206 б.

5 Кононов А. Н. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. – Изд. 2-е, перераб. / подг. А. Н. Кононов. – М., Наука, 1989. – 299 с.

6 Нақысбеков О. Қазақ тілінің аудиоспалы говоры. Алматы, Фылым, 1972. – 175 б.

7 Ұйықбаева Г. Өсімдіктердің халықтық атаулары. Автореф. кандид. диссер. Алматы, 1983

### ШЫГАРМА ТІЛІ – ҚАЗЫНА

БАЙЫСХАН А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұгалімі,  
№ 51 мектеп-гимназиясы, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі таңда күнделікті қолданыста паремиологияларды, фразеологизмдерді жиі қолдансақ та, окушылармен мәтіндер талдағанда жиі кездестірсек те мән-мағынасын жете түсіне білмейміз. Олардың пайда болу тарихы мен уәжділігінен хабардар емеспіз. Жалпы паремиология (грек. *rhetorika* – мақал, мәтеп) – дидактикалық мазмұндағы мақсатты сөйлемге құрылған тұрақты фразеологиялық бірлік. Фразеология кен мағынасында тіл білімінің жеке саласы ретінде XX ғасырдың 40 - жылдары кенес тіл білімінде қалыптасты.

Ал негізінен бұл саланың теориялық негіздері XIX ғасыр мен XX ғасыр басында орыс ғалымдары А. А. Потебня, И. И. Срезневский, А. А. Шахматов, Ф. Ф. Фортунатов т.б. енбектерінде салынған. Қазақ тіл білімінде XX ғасырдан бастап Ісмет Кенесбаев бастаған топ біраз зерттеулер жүргізіп келе жатқанымен, қазірге дейін осынау күрделі процесс жемісі болатын тілдік бірліктердің мәні ашыла қоймады [1, 218 б.]. Қазақ халқының мәдени және тарихи өмірінің көрінісі – фразеологиялық кордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Және фразеологизмдер белгілі бір кезеңге сай халық, ұлт өмірінен деректер беретін құнды қазына десек, асыра айтқандық емес. Паремиологиялардың пайда болу, шығу тегі әлі де ұлттық лексикамыздағы зерттеуді қажет ететін ерекше мәселе. Қазақ тіл білімінде халықтың қунделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын лексемаларға өзге бір құбылысты тенеу арқылы жасалған фразеологизмдер көптеп кездеседі. Бұл жайында Г. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» атты еңбегінде токталып өтеді. Мұндай фразеологизмдер қатарына ойындағысын сыртқа шығара алмай, іштей арпалысу мағынасын беретін «іші қазандай қайна», үнемі бірге мағынасындағы «қосақтаулы тайыншадай», жақтырмады, тыжырынды мағынасындағы «кірпідей жиырылды», абыр-сабыр болды мағынасындағы «жау тигендей» тіркестерін жатқызуға болады [2, 207 б.]. Бұл фразеологизмдердің құрамындағы қазаның қайнауы, тайыншаның қосақталуы, кірпінің жиырылуы тікелей танымға байланысты лексикалық бірліктердің тіркесе келіп, тұрақталуына үткі, уәж болған. Ал лексиколог ғалымдар Э. Болғанбаев пен Ф. Қалиев паремиологиялардың пайда болу, шығу тарихын төмөндегідей түсіндіреді:

– ел ішіндегі дау-дамайды (жер дауы, жесір дауы т.б.) билік жолымен шешуге байланысты тұған: ант берді, жан берді, атым құрысын, көрсем көзім шықсын, құдай біледі т.б. тұрақты тіркестер;

– адамның әртүрлі қасиетіне байланысты фразеологизмдер: аузын ашса, көмейі көрінеді, қолы ашиқ, аузымен орақ орган, сұғанақ көз т.б.;

– көшпелі заманда халықтың тіршілік көзі – төрт түлік мал атауларының қатысымен тұған фразеологизмдер: ат құйрығын кесісті, ат сабылтты, койдан қоңыр, жылқыдан торы, түйенің танығаны – жапырақ т.б.

– уақыт, мезгіл өлшемдеріне байланысты фразеологизмдер: қас қағымда, әне міне дегенше, тұні бойы т.б

– қашықтық, жақындық, кеңістік мөлшеріне байланысты фразеологизмдер: айшылық жер, таяқ тастам жер, ит өлген жер т.б.

– көрнекті тұлғалардың қанатты сөздерінен шыққан фразеологизмдер: Мысалы, Абайдағы жүрек сөзімен байланысты: ыстық жүрек, жас жүрек, ынталы жүрек, ет жүрек, асау жүрек т.б. [1, 215-218 б.]. Фалым К. Аханов болса «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде фразеологизмдердің пайда болуы мен шығу негіздерін өзінше анықтай отырып, бұдан бөлек келесідей класификация жасайды:

1 Әр түрлі құбылыстардың адам ойында қорытылған образды бейнесі негіз болған фразеологизмдер. Мысалы, ер қашты болу (мағынасы – «әбден жалығу, мезі болу») деген фразеологиялық оралымның негізінде көп мініс көрген арық аттың ер саларда одан қашып мезі болуы, бойын аулақ салуының бейнесі жатыр [3, 182 б.].

2 Жасалуына түрлі аныздар, әр түрлі ұғымдар мен түсініктер негіз болған фразеологизмдер. Мысалы, халықтың түсінігінше (ескіше) жақсы ит аулаққа барып өледі. Осындай түсінік «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген мақалдың жасалуына негіз болған. Осыдан келіп, халық алыс жерді ит өлген жерде немесе ит арқасы қиянда дейді [3, 182 б.].

3 Тарихта болған кейбір жағдайлардың, дағдылардың негізінде пайда болуы мүмкін фразеологизмдер. Мысалы, орыс тіліндегі во всю ивановскую (мағынасы – «өте қатты, бар дауысымен») деген фразеологиялық оралымның шығу тегі былайша түсіндіріледі: ертеде Кремльдегі Ивановск алаңында адамдар көп жиналып, онда уқаздар, бүйректар жиналғандардың беріне естілетіндегі қатты дауыспен оқылып, әрі қоңыраудың үні бүкіл алаңды (Ивановск алаңын) жанғырткан. Осыдан орыс тілінде «бар дауысымен айғайлау» деген мағына кричать во всю ивановскую деген тіркеспен берілсе, «қатты қорылдау» храпеть во всю ивановскую деген тіркеспен берілген.

4 Уақыт өлшемі – «сағат», «минут», «секунд» ұғымдары және олардың атаулары бірден пайда болмаған. Бұл ұғымдар мен атаулар жок кезде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланылған. Осыдан тілімізде мезгілдік мағыналарды білдіретін бие сауым, ет асым (уақыт), құн арқан бойы көтерілгенде, екінді мен ақшамның арасында тәрізді сөз тіркестері пайда болған.

5. Профессиональды лексикадан ауысқан. Мысалы, орыс тіліндегі дело-табак («жағдай өте жаман») деген бурлактардың тілінен алғынган. Мұның шығу төркіні бурлактар өзенді кешіп өту кезінде темекі байлаған қылқа мойынға судың жеткенін ескерту үшін айтуымен байланысты. Осы қатарға ғалым белгілі бір тілдің фразеологиялық құрамы аударма арқылы жасалған фразеологиялық оралымдармен де толығады деп, орыс тілінен енген келесі мысалдарды береді: «Балықшы балықшыны алыстан көреді», «қойға шапқан батырын батыр көрсө, қой болар» [3, 183-186 б.]. Бұдан бөлек Г. Смаголова фразеологизмдердің шығу тегін әр халықтың ұлттық тіршілігіне сай, наным-сеніміне қарай, табиғат құбылыстарының түрлі әсерімен байланыстырып, сол халықтың құн көріс түрмисынан, әдет-тұрпынан хабардар етеді деп тұжырымдайды. Мысалға, автордың беріп отырған «Айы онынан туу» – деген бірлігін алғып карасақ, халықтың көріпкелдік қасиетін көреміз [2,46 б.]. Айдың түрлі қалып құйіне қарап ауарайын болжаган дана халқымыз, жайшылық заман болсын деп, ай онынан тусын деп тілек білдіріп отыратын болған. Кейін келе бұл тіркес мағынасын көнегітіп, жолы болу, ісі сәтімен жузеге асу мағынасында тұрақталған.

Фразеологизмдерге тіліміз қаншалықты бай болса, оның бәрі әдеби туындыларда жинақталғаны анық. Шығарма тілін –барлық тілдік құндылығымызды бойына жинаған қазына деуге болады. Ақын-жазушылар шығармаларында кей кездерде небір зерттеу енбектерінде, ғылыми мақалаларда ұшыраспайтын құнды деректер кездесіп отырады. Осындай акпараттарды барынша жинастырып, оқушылармен сабакта танымдық мақсатта түрлі жұмыстар жүргізуге болады. Осы мақалада Ш. Мұртазаның балалық шағынан естелік ретінде жазылған «Ай мен Айша» романында кездесетін осындай құнды тіркестерге талдау жасап өтейік. **«Қыркүйекте қырги келеді»** бұл тіркес Ш. Мұртазаның ауыл тіршілігін еске алғандағы тары егуге байланысты келтіріледі. Тіркеске байланысты автор тарапынан: «Қыркүйек» – «қыргиек» емес пе екен? – деген күмән келтіріле отырып. Осы айда қыргилардың келетіндігі туралы сөз болады. Неге бұл уақытқа келеді десе, тарыға жаушымшық өлердей өш. Жаушымшық шоқыған тарының сояуы басы салбырамай, қауызы ғана қанырап, репеті кетіп, қанқып тұрады. Дәл сол кезде қырги келсе, жаушымшық тарыға жоламай безіп кетеді. Бұл елдің тарыны басқа дақылдан гөрі кеш егіп, әдейі қыркүйекте пісsetіндей етіп себетіні содан. Демек бұл тіркестен біз қазіргі танға дейін дау

тудырып «қыркүйек пе қыргүйек пе?» қалай жазған дұрыс болады? – деген үлкен дауға қатысты құнды ақпарат алып отырмыз. Бұл атауга байланысты фразеологиялық сөздіктен тек «Қыркүйекке кезікті (соғылды)» - деген тіркесті кездестірдік. Бұл жерде өмір тежеумен, тәк-тәкпен, бетке қағумен өтті деген мағынада. «Бойымнан арылғанда балалық шақ, Қызыққа кірісетін нағыз уақ, Соғылдың балтын өмір қыркүйекпен»-деген шумақтар осыған дәлел. Романдағы келесі бір ерекше паремиология: **«Кебенек киген келеді, кебін киген оледі»** – негізі жиі еститінмін. Кейде адамдардың төрт тұлғытің ішінде ешкігө кебенек келгір деп жататынын бәріміз білеғін шығармыз. Сонда кебенек Шекшек ата үрпактарына қатерлі ауру. Бірақ жоғарыдағы мақалдағы кебенек деген мұлдем басқа ұғымдағы сөз. Түсіндірмелі сөздіктерді сүзіп шығу арқылы анықтағанымыз: «Кебенек» – 1. Малшылардың аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырт киімі. 2. Сыртқы жамылғы, жамылтқы... Ал «кебін» - марқұмның денесін орайтын ғұрыптық күм есебіндегі ақ мата. Кебін сөзі арабтың кәфөнө сөзінен шыққан, ол «орауыш» деген мағынаны білдіреді [4]. Демек, бұл паремиологияның шығуы тікелей тұрмыстық тұтынымдағы зат атауларына байланысты болып отыр. Романың тілдік қорындағы тағы бір топ осы тұрмыстық атаулар. Сол қатарларға келетін болсақ: романдағы «қалда» сөзі – дірменшінің үн тартып бергені үшін алатын ақысы. Ал келесі «шүкімайт» сөзінің мағынсын автор тіптен тын сипатта берген. Кейіпкерлер арасындағы диолог барысында: - Шүкімайт деген не?

Сияқұл көзі жасаурап, жалғыз қолымен қап-қара шоқша сақалын саумалап, күлді.

– Ой, мен сені білгіш пе десем... шүкімәйтті білмейсің бе? Қасқырдың асығы ғой.

– Иә, біз қойдың, ешкісін асығымен, кейде сиырдың топайымен ойнаймыз ғой. Қасқырдың асығын көрген емесспін.

– Көрмесен, қасқырдың асығы жартыкеш болады, алшы жағы бар, тәуке жағы жоқ, – Міне, мына мен сияқты. Бір қолым бар, бір қолым жоқ. Содан мен де жартыкеш болып көрінемін. Кейіпкердің өз бойындағы кемістігін осындай атаумен беруі, оқырманның танымына, этнолингвистикалық корына қатысты ерекше әсер қалдыраты анық. Шығармада бас кейіпкер Шерхан мектепте оқып жүргендегі қызықты естеліктерін еске алғанда «қодыға» атауын да келтіреді. Бұл құланның баласының атауы. Түсіндірмелі сөздіктердегі анықтамаларға жүгінетін болсақ, «қодыға – зат. Маралдың, бұланның төлі, бұзауы. Қодыға (құдіре) деп қойдың

өз уақытынан бұрын, қыс ішінде төлдеген қозысы күзге қарай тоқтыдан үлкен, ісектен (екі жастағы ісектен) кіші келгені аталады. Оны «бұғышак», «іле», «ілей» деп те айтады» – деген деректерге жолығамыз.

Қорыта келгенде, паремиологиялық бірліктер қазақ тілінің байлығын ашып көрсететін, өзіндік шығу тарихы бар ерекше сөз айшықтары болса, көркем шығарма мәтіні осы паремиологиялардың нағыз кені. Шығарма тілінен небір ғылыми мақалаларда, зерттеулерде кездеспейтін құнды ақпараттарды ғана кездестіріп қоймай, халқымыздың түрлі диалектілік, кәсіби лексикондарына жататын ерекше құнды атауларды ұшыратуға болады. Мұндай тілдік бірліктер арнайы зерттеулерді талап етіп қоймай, оқушымен жұмыс барысында танымдық өрістің кеңуіне, окушының зерттеумен айналысуына ерекше ықпал ететін, тіл саласына деген қызығушылықты оятатын ерекше сала.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қалиев F., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы». – Алматы: Сөздік, 2006. – 264 б.

2 Смағулова Г. Фразеологизмдердің вариантылығы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1996. – 128 б.

3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: «Санат» баспасы, 1993. – 496 б.

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А. Фазылжанова т.б. – Алматы, 2011. 752 б.

5 Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Роман. – Алматы : «Қазығұрт». – 2002. – 456 б.

#### Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРИ

БАШОЙ Қ.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жомарт дарын иесі Жұсінбек Аймауытов ақын және драматург ретінде әрекет еткенімен, қазақ прозасы мен әдеби тілдің дамуына да ерекше үлес косқан адам. Оның педагогика, психология және әдістеме мәселелеріне де қатысты айтқан тұжырымдары қазір де өз маңызын жойған жоқ. Сонымен қатар аударма саласында да өндіріп

еңбек еткені мәлім. А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстойның әдеби-сыни және публицистикалық мақалалары Ж. Аймауытовтың тәржімашылық еңбегі негізінде төл тілімізде жарық көрген.

Ж. Аймауытов тек қаламгерлікпен айналысып қана қойған жоқ. Елдің қоғамдық және саяси өміріне де араласып отырған. Халқымыздың басынан кешкен зауал жылдарында аштыққа үшыраған халқына көмек көрсетеді.

Халқына орасан зор еңбек еткен Ж. Аймауытов ақырында Сталиндік репрессия құрбанына айналып, 1931 жылы атылып кетеді. Ол қайтыс болған кезінде небары қырық екі-ақ жаста болатын. Қырық екі жас деген адамның нағыз күш-жігерінің мол, тасып тұрған шағы. Тірі болса, қазақ әдебиетінде талай шедеврлерді туғызған болар еді.

Ж. Аймауытовтың талант табиғатын театртанушы, профессор Б. Құндақбаев төрөн табиғатын еске түсіреді: «Жүсіпбек Аймауытовтан қалған мұра рухани қазынаның ұзын-ырғасын оймен шоғып көз жүгіртсек, оның творчествоның сан қылыштығына, әдебиеттің барлық жанрларын түгел қамтитынына, көтерген мәселелерінің көптігі мен терендігіне, сол кисапсыз көркем дүниенің бәрін бір адам мендеріп жазып қалдырды деуге таңданбасқа шараң жоқ. Егер ол жазықсыздан жазықсыз жапа шекпегенде ше?.. Иә, осындай дархан дарынның зорлықтың құрбаны болып, ерте қылғаны өкінішті-ақ!» [1, 5 б.]

Ж. Аймауытов аз ғана ғұмыр кешсе де артына бай мұра қалдырды. Ол қазіргі қазақ әдебиетіндегі роман мен драма жанраларын негізін қалады. Жазушының көркем шығармалары идеялық, эстетикалық байлығымен, көркемдік шеберлігімен, тілінің шүрайлығымен, стилінің әсемдігімен ерекшеленеді. Оның өлеңдері, «Картқожа», «Ақбілек» романдары, «Құнікейдің жазығы» повесі, әңгімелері мен драмалық шығармалары, балаларға арналған кітаптары, «Абайдан соңғы ақындар», «Мағжанның ақындығы», «Аударма туралы» әдеби-сыни мақалалары мен тағы да басқа еңбектері қазақ әдебиеті тарихында елеулі құбылыс болды.

Ж. Аймауытов адам, қоғам, кезең хақында «Қазақтың өзгеше мінездері», «Партия», «Пара алу тоқтала ма?»; ағартушылық-гуманистік және тәлім-тәрбие туралы «Жаңа мектеп туралы», «Журнал туралы», «Емлені өзгертуге жоба», «Мектеп қандай болу керек», «Хат таныту әдістері» қазіргі кезеңде де мән-маңызын жоймаған мақалаларында ұлт мұратын, елдік және үрпақ ұлагатын, мәдени-рухани мәселелерді кен көлемде қозғайды.

Ж. Аймауытов – сахна өнерінің негізін қалаушы. Қазақ драматургиясының бастауында тұрып, қазақ саҳнасында өз пьесаларының қоюшы-режиссері болды. Ол алғашқы театр топтарының үйімдастырушысы ғана емес, сонымен қатар олардың тікелей қатысушысы. 1917 жылы 17 желтоқсанда Семейде «Рабига» атты пьесасын қойды. Сұлтанмахмұт Торайғыровты еске алуға арналған «Шерніяз» драмалық туындыларының бірі қала мен ауылдың өзара қарым-қатынасын қозғайды.

Ж. Аймауытов «Ұлттың сүю» мақаласында: «Ұлтын шын сүйіп, аяңбай қызмет қылған азаматы көп жүрт күшті, өнерлі, білімді жүрт болып, күресте тен түсіп, басқаларға өзін елеңтіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жүрттарат, әне, Германия, Япония, Англия, Түркіялар, олардың баласы жасынан «ұлттым» деп еседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жүртінің күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы - мемлекеттің керегі, қызметкері» [2, 83 б.].

«Оқығандар! Бұл уақыт — жан тыныштық іздептін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сініретін уақыт. Ойланыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр» деп, үндеу таstäйды.

Ж. Аймауытов ана тілін оқытудың әдістемесін де айтып кеткен. «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты мақаласында:

- 1) жазу-сызу (емле) үйрету;
- 2) сөйлеуге, шығарма жаздыруға төседірү;
- 3) тіл бакылау (грамматике);
- 4) әдебиет жайынан кеңес құру дейді.

«Мектепте қыска әңгімелер қалай оқытылу керек? Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн. Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп, әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірден алып, әйтеүір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек. Содан кейін оқылса, әңгімені балалар құлшынып тындаиды. Алдымен жақсы оқытын балаға, сонаң соң төмендеуіне оқытылсын. Әңгіме қандай әсер берді екен, тындаушылар ойлансын. Ұғымсыз, жат сөздер түсіндірілсін. Суретті, көркем сөздері тапқызылсын, мазмұны қысқаша қайта айтқызылсын. Әңгіме бөлшектелісін. Бөлімдерінен сурет туғызылсын. (Онай сурет болса, балалардың қолынан келсе, тақтайға салғызылсын; киын болса, ауызша суреттелсін.

Болмаса, үйде салып келуге берілсін). Сұраулар қойылып, балалармен кенесілсін. Эр бөлімдерін тақырыптастып қарасын. Әңгімедегі қаһармандар атынан сөйлетілсін. Әңгімен баланың есіне не түсті екен, айтқызылсын. Қорытынды шығартылсын.

Оқылатын әңгіме қандай болу керек? Оны таңдау үшін, оқыту әдісін ескеру үшін мұғалім мынадай сұрауларды өзіне қойып алса, дұрыс болар еді:

1) осы әңгіме мектеп мүддесіне, баланың біліміне лайықты ма?

2) бұл сабактың мақсұты не? Мөлшерлі уақытта сол мақсұтқа жете алам ба?

3) қандай әдіс қолданамын:

а) әңгімеде шәкірттерге не таныс, не танық?

б) әңгімеге даярлау үшін, алдын ала қандай тұрғыдан қозғау керек?

п) әңгіменің басқы пікірі қайсы? Жанамай пікірі қайсы?

т) қиын сөздері, сөйлемдері: өзгеше жерлері қандай?

ж) балалармен қай түрде кенесемін?

д) бұл әңгіменден дағылданыруға (жаздыруға) қандай жұмыс, мәселе туғызуға болар еді

е) оқытқанда дауысты қай жерінде, қалай құбылту керек?.. Бұл сұраулар тек мысал үшін. Шалымды оқытушы әңгіменің түріне қарай, әдісін өзі тандамақ»[2.91]

Көркем шығарманы оқыту әдістемесі, шығарма жаздырудың әдістемесі күні бүгінге дейін қолданылады.

Ж. Аймауытовтың әдіскерлігі туралы филологиялық докторы, профессор Р. Тұрысбек былай дейді: «Ж. Аймауытұлы жекелеген мақалаларында, атап айтқанда, «Емлені өзгерту жобасы» / «Қазақ тілі», 1924, № 15/, «Әйелді мектепке алындар» / «Ақ жол», 1924, 26 қантар, «Қазақша хаттану әдістері» / «Жана мектеп», 1929, № 14-15/, «Мектеп қандай болу керек» / «Еңбекші қазақ» 1927, № 21/, «Ана тілінің оқыту әдістері» / «Жана мектеп», 1929, № 13/, т.б. үлт тілі, ұлттық үлгі-өнеге, үрпақ қамы, сауатсыздықты жою секілді маңыз, мәнін еш уақытта жоймайтын мәселелермен толықтыра, дамыта түсті. Маңыздысы – қайсыбір мақала, ізденістен – келешекке көзқарас, ақыл-парасатқа – азаттық, ұлттық тәлім-тәрбиеге кең өріс беру қажеттілігі терең сезіммен жеткізіледі. Бұл – бүгінгі күннің де көкейкесті талаптарының бірі.

Бұған қоса жастар тәрбиесінде саяси-ағарту үйірмесінің ережесін жасайды / «Жас қазақ» журналы, 1924, № 5–6 және 7–8/,

ел арасында кездесетін ұлттық психологияға, әдет-дағдыға жат құбылыстарды «Пара алу тоқтала ма?» / «Ақ жол», 1924, 22-қараша/, «Гәп қол ағашта» / «Қазақ тілі», 1926, 4-қазан/ деп сын тезіне салады. Балалар әдебиетіне, жас үрпақ тәрбиесіне – «Көк өгіз», «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Күй» секілді өртегілерімен де үлес косты» [2].

Ж. Аймауытовтың методикалық мұрасы бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен сабактасып жатыр. Көп қырлы ғалым еңбектері өміршендігінің бір қыры осы әдіскерлік саласы десек болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құндақбаев Б. Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері. - Кітапта: Шернияз // Пьесалар жинағы/. – Алматы: Өнер, 1990. – 336 б.

2 Тұрысбек Р. Жүсіпбек Аймауытұлы және ұлттық тәлім-тәрбие / Қайта оралған қаламгер/ Құраст. В. К. Күзембаева; Орталық ғылыми кітапхана – Алматы, 2003. – 272 б. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

### ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

ДОКТОРХАНҚЫЗЫ Н.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Этнография. Халық туралы жазу – этнографияның көне грек тіліндегі мәні осы. Алайда бұл тарих та емес, археологиялық зерттеу де емес, өнердің мәнін де сараламайды, әлеуметтік даму мен этногенездік текті де талдап бере алмайды. Сөйтте тұра, осылардың бірде-бірі этнографияны берік тірек тұрып шын ғылыми ойдың тұғырына тұяқ ілкітіруі мүмкін» [1, 73 б.].

Этнографияны қалыптастыратын:

1 Географиялық органдарын бірлігі мен бөлектігі.

2 Географиялық жағдай топтарды, қауымдарды, тайпалар мен рұларды, ел мен халықты жасайды.

3 Эр топтар мен одактардың өз тұрмыстарына, танымдарына қарай болмыс, қасиеттері тұрақталады. А. Сейдімбек Л. Гумилевтің «Этногенез и биосфера земли» деген кітабындағы этнос болатын талаптарды осылай жіктейді. Бірақ бұл қалпында этнография ғылым емес. Тіл байлығында ұлт танымын айқындайтын сөзben

сөз тіркестерінің барлығының этнографиялық мағынасы анық емес. Халық түсінігі мен танымын аштын, этностың өзіне ғана тән қасиетін сипаттау үшін жасалған этнографизмдер де тілде аз емес. Тілдегі ежеғабыл, барынта, әменгерлік, ерулік, сөздері мен бес аспап, бес қонақ, жеті қазына, тоғыз төлеу тіркестері – этнографизмдер мен этнофразеологизмдер. Оның тілдік-танымдық сипатына тән ерекшеліктерді көрсеткен дұрыс.

1 Қарапайым лексикалық мағынадан ғөрі күрделі этнографиялық ұғымды білдіреді.

2 Құрделі ұғым одан таным мен түсініктерді білдіруге бейімделген.

3 Басқа сөзбен анықтау үшін немесе екінші тілге аударуда сөздіктен ғөрі көбінесе ұзақ түсінік беруді қажет етеді. Өйткені бұлар бір сөзбен түсіндірілмейді, аударылмайды. Мысалы: ежеғабыл сөзі;

1. «Қазак тілінің түсіндірме сөздігі»: «әлі тумаған нәрестелерді атастыру, құда тұсу салты» [2, 270 б.]. «Әйелдері жүкті екенін біліскең сон, бала тумастан бұрын іштегі балаға ежеғабыл ретімен бел құда болысады» (М. Әуезов) деген сөзін келтіреді.

2. Бұл сөздің мағынасын емес, этнографиялық мәнін түсіндіреді.

3. Орыс тіліне ежеғабыл «ежеғабыл» деп беріліп, жақша ішінде «обычай сватовства еще не родившихся детей» түрінде түсіндіру мүмкін. Өйткені орыс тілінде бұған сәйкес сөз және ұғым жоқ.

4. М. Әуезов «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» поэмасына байланысты оны орысша: «обычай «еже-қабыл» – предназначение родителями своих еще не родившейся детей для брака и кровной дружбы» [3, 141 б.] деп көрсетеді.

5. Ежеғабыл салтының қазақ өміріндегі нақтылық көріністері, оған байланысты түрлі ырым-сырым, әдет-ғұрыптар жоғарыдағы түсіндірмелерден, аудармалардан толық байқалып тұрған жоқ.

6. Ұқсас этнографизмдер: Бел құда болу: құрсақтағы балалардың бірі үл, бірі қызы болғанда ғана. Ал екеуі де үл, не қызы болса, олар бұл салт бойынша өмірлік дос болысады. Олар бір елден қызы алысуга не бір елге тұсуге, тойларын бір кездे жасауға серттеседі т. б. Оны «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» дастанынан көруге болады. Бұдан басқада ырымдар мен кәделер аз емес. Дәл осы жағдайлар жоғарыдағы барынта, әменгерлік, ерулік сияқты этнографизмдерге де тән.

Тіліміздегі сөздер мен (оның ішіндегі фразеологизмдердің) бәрі бірдей, әрине, этнографиялық мәнде қолданылмайды. Күнделікті

қарым-қатынаста қолданылып жүрген көптеген қарапайым сөздер бен сөз тіркестері қалыптасқан, дағдылы лексикалық, номинативтік мағынасының сыртында этнографиялық түсінікке байланысты бір, не бірнеше ұғым тұруы ықтимал.

1. Нар: лексикографиялық еңбектерде (ең толық дегендеге) «жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе» [4, 356 б.] деген түсінік береді.

2. Халықтың нар жөніндегі түсінігі, өмір тәжірибесі бұдан әлдеқайда кең.

3. Фылыми анықтамаларда «нар – дромадер (общее видовое название чистопородного одногорбого верблюда)».

Түйе атауларын көп жылдар түйешілер арасында жүріп арнайы зерттеген ғылымда нар – одногорбый гибрид – самец первого поколения полученный от самца үлек – двухгорбой верблюдицы інген, а так же от самца бура – верблюдицы аруана».

4. Нарлар үлек пен інгеннен, сондай-ақ бура мен аруанадан бірінші рет туған ерекк будан екен.

Бұл көсіптік этнографияның бір сырьы болса, екінші сырьы – қазактардың нардың көп түрлерін білуі: бекбатша нар, қолбатша нар, жампоз нар, жөнек нар, қалбағай нар, қылагай нар, оқбақ нар, ләйлік нар, әле нар, ләкір нар, бір туар нар, үлек нар, қызыл нар, кез нар, күрт нар, жардай нар т.б. [5, 49-64 б.] (түйе тұқымын будандастыру арқылы нар түйенің осыншама дүниеге келтірген далалық қөшпендердегі «таза тұқым» (чистопородный) деген ұғымға «тузету» енгізген сияқты).

5. Нар туралы көсіптік-этнографиялық мәліметіміз мұнымен де шектелмейді. Қазақ эпосында нар – жойқын күш пен ерліктің символы; о бастағы «Нар жолында жүк қалмас, «ауырды нар көтерер» деген нақтылық тәжірибелі алынған түсінік бара-бара нар түйедей үлкен де мықты жігіттің образына телінген. Нар, тәуекел, нар қамыс, нар қобыз, нар жігіт дегендердің бәрі халық түсінігіндегі нар бейнесінен туындаған этнографиялық ұғымдар.

Тіліміздегі қарапайым сөздерге байланысты туындаған этнографиялық ұғымдардың өздері кейде қат-қабат бірнеше бөліктен тұруы да мүмкін.

Төмендегідей топтарға бөлуге болады.

1 Заттың, құбылыстың тікелей атауына емес оның табиғатын анықтауы.

2 Мифологиялық діни, астрологиялық сенім-нанымға, киелі мақұлық (totem) ретінде табынуға қарай жасалған.

3. Салттық- тұрмыстық әдет-ғұрыпка, әр-түрлі ырым-сырым, дәстүр, көделерге сәйкес пайда болып, қалыптасқан ұғымдар.

Осындау этнографиялық ұғымдарды жалғастыра түсуге болады.

4 Астаномиялық атауларға: айға, құнғе, жұлдыздарға.

5 Өсімдіктеге.

6 Төрт түлік малға, жабайы андарға.

7 тұрмыстық заттарға, кәсіптік құрал-жабдықтарға қатысты.

8 Аңшы-саятшының аспаптарының ататры.

9 Табиғат құбылыстыры.

10 Адамның дene мүшелеріне т. б. байланысты да көптең кездестіруге болады. Этнографиялық мәнгө ие бірліктердің көбі тілімізде тіркес ретінде қолданылатын құрделі сөздер мен қалыптасқан фразеологизмдер және мақал-мәтелдер түрінде кездеседі. Осыған орай айта кететін бір жағдай: бүгінгі фразеологиям, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көвшілігі – бір замандағы құнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс. Этнографизмдерге қарап олардың жасалу тәсілдерін де анықтауға болады.

1 Мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан тұрақталып, этнофразеологиям және мақал-мәтел дәрежесіне көтерілген.

2 Алғашқы нұсқасы малға, анға, өсімдіктеге, аспан өлеміне, табиғат құбылысына байланысты болған.

3 Функционалды семантика заңдылығы негізінде бәрі айналып келіп адамға қатысты қайта өзгерген: мағына тарылған, кеңіген.

4 Жаңа мағына адамның іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сиртқы көрінісіне бағышталған. Мысалы: этнофразеологиямдерді мынандай топтарға бөлуге болады.

1. Өзгеше қимыл-мен әрекет арқылы адам сипатын анықтау: түйе үстінен сирақ үйту; жауырды жаба току; жатып атар; есек құрты мұрнынан түсу т.б.;

2. Эмоцияға байланысты және сындық бейнені беру: ақ түйенін қарны жарылу; қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көрерсін; козыдай көгендеу; жылқы мінез т.б.;

3. Уақытқа қатысты: қозы көш жер; ат шаптырым жер; таяқ тастам жер; шай қайнатым уақыт; қолынан қой жарысы келмейтін; құлағына алтын сырға; шашбауын көтеру; бет моншағы төгілу т.б.;

4. Әрекеттің неғұрлым дәл анықтау: қызыл көрген құзғындай; қызығыштай кору; шілдің боғындағы бытырау; тамырын басып көру т.б.

5. Қозғалыстың сипатын беру: өтіз аяң; майлы күйедей жабысу; салы суға кету; құрыққа сырғық жалғау;

6. Әрекеттің нәтижесін көрсету: мәйсегі аузынан шығу; мұрнын тескен тайлақтай; құлакқа ұрған танадай; мұрындық болу; сен сокқан балықтай; сиыр құймышақтату; сұліктей сору т.б.;

Этнолингвистика объектісіне жататын этнографиялық лексиканың құрамындағы бір заттың не құбылыстың төңірегінде неше алуан этнографиялық ұғымдар мен түсініктердің, сол зат пен құбылыстың төңірегіне неше түрлі көріністері мен нұсқалардың шоғырлануы байқалады. Мысалы:

1 Қазақ тіліндегі жел деген қарапайым сөздің мағынасы – табиғат құбылысының атауы.

2 Желдің жалпы атауы.

3 Желдің казақ даласындағы түрлері.

4 Бұлардың ерекшеліктері: бәрін жинап, қағазға түсіру және анықтаудың бір ғана сөздіктің міндетіне жатпайтындығы.

5 Бірнеше этнографиялық ұғымдармен астарласып келуі.

6 Тілдегі желдердің түрлері: аңызақ жел, жайдак жел, баяу жел, қоңыр жел, салқын жел, самал жел, саумал жел, құйын жел, жатаған жел, женіл жел, жоғарғы жел, карсы жел, көлденен жел, ықтырма жел, кума жел, қарыма жел, қайтыс жел, еспек жел, ебі желі, теңіз желі, тау желі, қызыл жел, сары жел, боранды жел, ыстық жел, сұық жел, ызығырық жел, тентек жел, теріскей жел, үскірік жел, өкпек жел, майда жел, алтын керімсал т. б. желдер.

7 Қазақстанның әр өлкесінде кездесетін осылардың әртүрлі өзіндік ерекшеліктері байқалады. Мысалы, кума жел Еділдің төменгі жағында өзен ағысын бойлай куа согатын жер (орысша «выгон») – оны кейде арқа желі, не қайтыс желі деп те атайды.

8 Ебі желі – Шығыс Түркістандағы Ебі Нұр көлінен басталып, Іле өзенін бойлай Балқашқа дейін согатын жел.

9 Осындау мағыналық шоғырлануды кез келген этнографизмнің төңірегінен табуға болады. Олардың бәрін бір жерге жинап, жүйеге келтіру де біз этнолингвистиканың міндеті деп білеміз. Этнолингвистика қатысты пікірлерімен өзгеше ойларға бастайтын Жағда Бабалыков мәселен, малдың тек бас сүйегіне қатысты тілімізде 500-дей атау қалыптасқанын айта келіп, осы бас сүйектің бір өзінен ғана неше жұз жік-жапсар, бөлік-бөлшек атауларын тауып жазған [6, 38-40 б.].

Ол қазақ малышылары мен емшілері «...тек қой басы сүйегінің бөлшектерін 170-180 жік арқылы байланысатының да айтады. Тағы бір гажабы: сүйек жіктерінің табиғи ерекшеліктеріне орай, - 60 как жік, 40 ұнғылы жік, 30 жапсар жік, 30 жанас жік, 10 киілмелі жік деп бөлгені таң қалдырады... » деп жазады.

Көзге қатысты атаулармен бірге халықтық таным-түсініктер де бар. Қазақ этнографиясы дерек алатын тұстардың бірі – халық аныздары мен әфсаналар. Қазақтың ұлы этнографы, халық ауыз әдебиеті, ұлт танымын жинақтап кейінгі үрпакқа жеткізуі Мәшіх-Жұсіп Көпейұлы шығармаларында мол деректер бар. Солардың бірі халық танымы мен түсінігіне қатысты мынандай жайды әңгіме етеді.

« Бір сөзді жазып отырғанда, бір сөз ойға түсіп кетеді. Шон би, Торайғыр би және қасында Тайкелтір бидің тоқалынан туған баласы Өтеп сақау бар және Торайғырдың атшысы Істықмұрт: Ерсары бар – Каракесекке бітімге бара жатып, Каракесектің бір ауылына жақындан қалғанда, бір кісінің басындай доп-домалақ ақ тасты көріп, айнала тұра қалып, тамаша қылышп, көреді де, кете барады. Ауылға барып қоныпты. Байдың екі ала бас ботасын, екі ақ қара бас марқасын көріп, тамаша қылышп, таңданысыпты. Бұлар аттанғаншаекі марқа да пышаққа ілініпті. Сонан соң бұлар әңгіме қылышты:

– Мына екі бота мен екі марқага біздің көзіміз тиді. Кешегі біз таңданған тас қайтті екен? – десіп, әлгі ауылдан аттанып, әдейі барып, тасты көрсе, ортасынан как жарылып жатыр екен дейді» [7, 168 ].

Көз тиу мен тіл тиу ырымдарына қатысты ойларды әдеби этюдтармен осылай дәлелдейді. Қазақтың «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» ыдеген мақалына түсіндірме де бола алады. Ендеше этнографизмдерді зерделеуде, олардың мағынасын ашуда ұлттық әдеби мұраларға сүйенудің мәні зор.

Этнолингвистикалық байлықты жалпы сөздік қордан іріктең алып қарағанда, ен алдымен оның жүйелігіне ерекше назар аудару қажеттігі ескеріледі. Себебі этнографиялық мол байлықты басқаша тәсілмен түгел менгеру мүмкін емес.

1 Мал жайылымдарының жыл он екі айдың мезгілдік ерекшелігіне сәйкес тиімді үйимдастырылуы.

2 Халықтың сән-салтанатын көрсететін дәстүр.

3 Әлеуметтік топтар мен адамдар мүмкіндігін аштын сипат.

Фалым А. Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты кітабында: «Көш – көшпелі ортада адамдар тобының немесе этникалық ұжымның белгілі бір мақсатқа байланысты жолға шығу үрдісі. Көшпелі тіршілікті үйимдастырудың ен басты элементерінің, әрі тәсілдерінің бірі болып табылады», – дей келіп көштің бірнеше сипаттарын анықтайды [1, 86 б.]. Тарихи-этнографиялық деректер мен әдеби т.б. туындылар арқылы көштің бірнеше түрлері болғандығын анықтай аламыз. Ұлт дәстүріндегі, шаруашылық қажетінен туған көштің ғалым төмөндегідей түрлерін көрсетеді. Көш: ауыл көші, салқар көш, қаралы көш, қызы көші, келіншек көші, үркін көш.

Үркін көш. Ауыз әдебиеті мен сөз қолданыстарында жиі айтылатын бұл ұғым туралы түрлі пікірлер бар. Үркін көш деп жұртың (ауылдың, тілті рудың) белгілі бір саяси, әскери жанжалға байланысты, сондай-ақ, аса қауіпті індегі шыққанда елдің мезгілсіз уақытта аяқ астынан көшуін айтады. Бұл жаугершілік заманындағы жаудан құтылу, тұтқылдан жасаған шабуылдан қашу үшін зұлмат, құғын-сүргін заманында жиі орын алған. Ал қатерлі ауру тарағанда ауру адамдарды қалдырып көшіп, індегі тараған аймақтан үзап кетуге тырысқан. Салқар көш. Орыс отаршылдығы тәртібінің қазақ өлкесіне деңдең орнығына дейін көшпелі тіршілікте Көш жыл бойында толассыз үйимдастырылып отырылды. Көштің салқар көш деп аталағын түрі сайын далада өте ұзакқа бағытталған күн сайын толассыз көшетін үлкен көштерге қатысты айтылады. Қазақстанның әр аймағында көш жолының қашықтығы әртүрлі болып келеді. Мысалы, Оңтүстік аймақтарда осы қашықтық небәрі 15-20-дан 50 шақырымға дейін болса, батыс аймақтарда, әсіресе, Манғыстау мен Сыр өңірі қазақтары арасында жайлауға және жайлаудан құзеуге, одан әрі қыстауға көшу 1000–1200 шақырымды құраған.

«Табигат-Адам-Қоғам» идеографиялық жіктемеде академик Ә. Қайдар береді. «Табигат» бөлімі 4 тараудан (жануарлар дүниесі, өсімдіктер дүниесі, аспан әлемі, табигат құбылыстары); «Адам» бөлімі (адамның ішкі-сыртқы көрінісі, табигаты, іс-әрекеті, дене мүшелері, тілі, ішетін тамағы, киетін кімі, ауру-сырқауы, өмір тіршілігі, тұратын үй-жайы, шығу тегі болып) 11 тараудан тұрады; «Қоғам» бөлімі (қоғамдық қарым-қатынас, семья, шаруашылық, кәсіпшілік, материалдық және рухани мәдениет, дін, әдет-ғұрып, ойын-сауық, әдеп, зан, оқу-тәрбие, дүниетаным, өлшем т.б.) 20-дан астам тараудан тұрады.

Қоғам, адам өмірінде, табигатта қамтылмай калатын бірде-бір құбылыс болмаса керек. Тек адамның өз басына ғана байланысты

этнографизмдердің саны 2 мыңнан, өсімдік пен жануалар дүниесіне байланысты 4 мыңнан астам екен. Көсіпшілікке байланысты мындаған сөздердің тек саятшы өнеріне қатыстылар 1500-ден астам екен. Құдандалыққа байланысты тілімізде 20-дан астам құданың түрі, 500-ден астам әртүрлі кәде, ырым-сырымдар бар екен. Халық этнографиясына қатысты сөз байлығы тілімізде ұшан-теніз. Оларды этнолингвистика – тіл мен этнография деректері ретінде толық менгеру, этнолингвистика проблемасы ретінде зерттеу өр кезеңнің міндегі.

Этнографиялық атаулар туралы жалпы түсінікті тұжырымдай келе біз төмөндедей пікірлерді жинақтай аламыз.

Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі – бір замандағы құнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, көсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс.

Этнографиялық лексиканың құрамындағы бір заттың не құбылыстың төнірегінде неше алуан этнографиялық ұғымдар мен түсініктердің, сол зат пен құбылыстың төнірегіне неше түрлі көріністері мен нұсқалардың шоғырлануы байқалады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейдімбек А. Қазақ өлемі – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Т.3. – Алматы: Фылым, 1982. – 672 б.
- 3 Әуезов М. Мысли разных лет – Алматы: Наука, 1961. – 329 с.
- 4 Түсіндірме сөздік Т.6 – Алматы, Фылым, 1988. – 612 б.
- 5 Жәнәбілев Ш. Қазақша мал атаулары, – Алматы, Фылым, 1982. – 259 б.
- 6 Бабалақов Ж. Малдың бас атаулары // «Білім және еңбек» №10, 1985, 38-40 б.б.
- 7 Мәшіхұр-Жүсіп Шығармалары Т.6 – Алматы, ЭКО, 2004. – 395 б.

#### ПРИМЕНЕНИЕ ПРИЕМОВ И НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В РАМКАХ ОБНОВЛЁННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

ДЮСЕМБАЕВА Г. Ж.

Средняя общеобразовательная профильная школа экологического направления № 36, г. Павлодар

В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Компетентносный подход к подготовке учебных материалов и технологий преподавания нового поколения, изменение их функций и способов использования в образовательной практике являются одной из составляющих модернизации образования. Этот процесс сопровождается существенными качественными изменениями в преподавании казахского языка. Качественные изменения в обучении казахского языка невозможны без формирования нового взгляда учителя на роль национального языка в учебном процессе [1].

Переход на обновление содержания образования предъявляет новые требования к педагогическому ресурсу учителей казахского языка. И это касается вопросов подготовки учителей казахского языка к работе в рамках компетентностного подхода к образованию, обеспечение их инновационными технологиями, формирование готовности работать в условиях реформ в образовании

На сегодня важным в учебном процессе является формирование функционально ориентированной грамотной личности, через развитие практических навыков применения языковых единиц, особенно в четырех видах деятельности: слушании, говорении, чтении, письме.

Акцент на современном этапе делается не на полученные знания, а на процесс их применения. Для достижения поставленной цели на уроке учителю необходимо решать следующие задачи: учить слушать с пониманием, говорить, читать и писать; формировать лингвистическое отношение к единицам языка.

Особенностью учебного процесса является то, что материалы и содержание должны быть направлены на развитие у учащихся навыков поиска, анализа и интерпретации информации тестового содержания как основы для эффективной организации индивидуальной и командной мотивации в работе на уроках.

Обновление содержания образования предполагает отход от традиционной организации учебного процесса, когда, прежде всего, определялось содержание образования, отражаемое в учебных программах (при этом каждый из разработчиков старался охватить как можно больше теоретического материала), и базируется на ожидаемых результатах, которые определяются по образовательным областям и отражают деятельностный аспект, т.е. учащиеся «знают», «понимают», «применяют», «анализируют», «синтезируют», «оценивают».

Обновляемые типовые учебные планы и программы усиливаются с учетом инновационного опыта. Содержательным отличием обновленных учебных программ являются:

- принцип спиральности к проектированию содержания предмета и целей обучения по таксономии Блума;
- максимальный учет внутрипредметных связей с наличием «сквозных тем» между предметами как внутри одной образовательной области;
- технологизация учебного процесса в форме долгосрочных, среднесрочных и краткосрочных планов.

При обучении казахскому языку и других языков усиливается внимание учителя на перспективу использования коммуникативного подхода, направленного на развитие у учащихся четырех навыков речевой деятельности: слушание, говорение, чтение и письмо. Грамматика изучается в рамках предложенных речевых тем [2]. Положительным в обучении является введение единого речетематического режима, позволяющего расширить словарный запас, отрабатывать коммуникативные навыки в рамках интегрированной речевой тематики.

Для изучения программных материалов необходим технологический комплект. Темы следует развивать по следующим направлениям: от простого к сложному, ученики постепенно, из класса в класс, пополняют словарный запас по той или иной теме, работают с правилами, найденными по тексту.

Выбранная стратегия действий и тактика на уроке должны побуждать учащихся к активному участию в учебном процессе. Аудирование – одна из самых сложных форм разговорной речи, но ее необходимо развивать вместе с другими навыками. Исходя из особенностей аудирования как одного из самых сложных видов речевой деятельности, важно знать, прежде всего, основные языковые трудности его овладения.

Это особенности речи и речевой деятельности слушателя (широкий тематический диапазон, богатый лексический материал, скорость речи), а также речевые особенности носителей языка (различия между речью и речью), письменная речь, аутентичные тексты и тексты чтения, разные стили).

Научиться слушать и обучаться аудированию следует с помощью инновационных технологий, учитывающих их собственный язык и культурные особенности (таблица 1).

Таблица 1 – Языковые трудности и культурные трудности:

№	Типы трудности	Содержание
1	Языковые трудности	Особенности акта слушания и речевой деятельности слушающего (широкий круг тем, богатый лексический материал, довольно быстрый темп речи). Особенности речи носителей языка (различие разговорной и письменной речи, аутентичных текстов и учебных текстов, разных стилей).
2	Культурные трудности:	Социолингвистический и социокультурный компонент коммуникативной компетенции (язык должен изучаться в контексте определённой культуры). Начинать обучение аудированию следует через инновационные технологии контроля.

Для контроля понимания иноязычной речи на слух можно предложить следующие задания:

- 1) ответы на вопросы по содержанию текста;
- 2) выбрать правильные/ неправильные утверждения;
- 3) выбрать (не)правильное утверждение из предложенных;
- 4) составить вопросы по содержанию текста;
- 5) выбрать заголовок к прослушанному тексту из нескольких предложенных;
- 6) сформулировать основную идею текста;
- 7) составить план содержания текста;
- 8) расположить предложенные предложения в логической последовательности;
- 9) выбрать из предложенных положений тему и идею текста;
- 10) перечислить последовательность фактов в тексте;
- 11) высказать точку зрения об услышанном.

Научить использовать в процессе слушания компенсаторные стратегии, такие как:

- умение догадываться о значении некоторых слов по контексту;
- умение догадываться о значении слов по словообразовательным элементам или по сходству звучания со словами родного языка;
- умение «обходить» незнакомые слова, не мешающие пониманию основного содержания текста;
- умение переспрашивать с целью уточнения содержания с помощью соответствующих клише.

Очень важно дать учащимся смысл и представление о жизни, традициях и культуре страны. Видео и учебные видеофильмы с инструкциями могут помочь. Их использование способствует развитию речевой мотивации, а также определенной степени индивидуализации обучения.

Еще одно преимущество видео – это возможность эмоционально воздействовать на учащихся. Использование видеофильма помогает развивать внимание и память учащихся.

Таким образом, визуальный просмотр в классе создает атмосферу коллективной познавательной активности, а непроизвольное внимание становится произвольным, что положительно влияет на процесс развития памяти. Чтобы правильно выполнить все задания, ученики должны не только понимать общий смысл фильма, но и запоминать определенные детали, а затем быть готовыми оценивать события, характеризовать персонажей. видео фильм, используя при этом лексику из речевого сопровождения видеофильма.

Использование видео позволяет широко использовать еще и графику, видео анимацию в интерактивно-игровом режиме, тем самым расширяя сферу действия принципа наглядности [3]. Демонстрация на уроках казахского языка способствует активизации познавательной деятельности детей, расширению их кругозора, повышению интереса к изучаемому языку, значительно обогащает словарный запас учащихся. Визуализация как метод наглядности позволяет учащимся в понятной форме донести информацию, так же приобретает большую значимость при воспроизведении речи.

Воспроизведение речи должно быть направлено на усвоение наиболее распространенной лексики казахского языка с использованием аудиотекстов на уроках казахского языка. Аудиотексты используются для тренировки и контроля навыков и способностей аудирования и говорения. Аудиотекст в основном используется в начале урока во время фонетических упражнений для улучшения разговорных навыков [4].

На начальном этапе широко используются игровые приемы при работе с аудиотекстом. Текст пишется с паузами, разными предложениями, отдельными словами. Во время перерыва учащиеся должны ввести в речевую деятельность соответствующее слово, словоформу, предложение. Аудиотексты - это эффективный способ повлиять на чувства и эмоции учащихся, и музыка может иметь отношение к развитию чувственности.

Народные песни играют важную роль в индивидуальном воспитании молодого поколения. Их мудрость, мелодичность и заразительность воспитывают высокий эстетический вкус, дружбу, доброту, командную работу, терпимость, помогают познать культуру изучаемого языка и историю страны.

Знакомясь с аудиоверсией песни, учащиеся быстро понимают лексические структуры, фразеологию, фразеологические повороты и образцы мелодической интонации. Изучение казахских традиций через музыку особенно важно при определении национальных традиций.

Народные традиции и песни дают особое представление о познании языка и развитии нового мировоззрения на уроках казахского языка. Картотека казахских традиций. – это отражение характера нации, показатель того, чем она живет, о чем думает, во что верят будущие поколения (таблица 2).

Таблица – 2 Картотека казахских традиций.

Картотека казахских традиций.	
Тогыз кумалак	Настольная игра на основе числа 9. Это простая, но очень сложная логическая игра, которую часто называют «алгеброй пастухов», потому что она часто оживляет свободное время кочевников.
Асык	Детская уличная игра с костями, которая сегодня стала в Казахстане национальным видом спорта. В стране проводятся даже асык-турниры.
Праздник Наурыз	Во время праздника Наурыз обязательно наличие цифры 7, которая символизирует семь дней недели - универсальную единицу времени: особый праздничный напиток из семи зерен с семью чашками. Наурыз-коже и семь разных блюд ставятся перед старейшинами на стол.
Обычаи, связанные с детьми.	
Тусаукесу (разрезание пут)	Положить ребенка в кроватку и дать имя, и, конечно же, один из важнейших ритуалов для него - Тусаукесу или перерезание пут. Эта процедура проводится, когда малыш делает первые шаги.

Бесикке салу, бесік той	Праздник Той-дастархан в честь укладки новорожденного в кроватку. Обычно это выполняется через 3-5 дней после отпадения пуповины. Перед этим малыш спит с мамой.
Ашамайгамингизу.	Традиция дарить ребенку 6-7 лет лошадь и хлыст. Во время церемонии мальчика объявили всадником. В этот день старшие благословили ребенка, а родители поставили маленькую игрушку в честь его сына и делали той.

Использование звуковой визуализации в игровой форме в процессе обучения казахскому языку способствует: обогащению словарного запаса; повышает интерес к изучению языка; Уроки будут разными и интересными. Изучение казахского языка – очень важный этап получения базовых знаний языка, навыков его использования и, конечно же, желания изучать его дальше.

Основным подспорьем в использовании инновационных технологий на уроках является подготовка нового поколения к полноценной жизни в информационном обществе, повышение доступности и эффективности образования [5].

Инновационные технологии обучения казахскому языку в школе имеют ряд преимуществ:

- учениками лучше воспринимается и запоминается материал;
- экономное использование времени;
- индивидуализация обучения, определение глубины и последовательности усвоения, темпа работы;
- интенсификация обучения и повышение уровня мотивации.

Одним из основных требований к процессу обучения казахскому языку на современном этапе является организация активного участия учащихся в получении знаний самостоятельно. Это направление формирует не только приобретение предметных знаний, социальных и коммуникативных навыков, но и личностных качеств, которые позволяют ему понять свой языковой уровень.

Активная познавательная деятельность учащихся устойчива в плане обучения языку в условиях совместного сотворчества и поддержки в партнерстве. Все новаторские подходы к организации учебного процесса превращают обучение казахскому языку в модель общения учащихся в реальном творческом процессе, предполагающий активный обмен знаниями, идеями, методами деятельности. Все эти преимущества помогают решить главную

задачу языкового образования – формирование языковой компетенции у учащихся [6].

Учителю необходимо быть готовым к усвоению методики и содержания обновленного государственного образовательного стандарта общего среднего образования, к изменению программного обеспечения учебного процесса, к изменениям целей и методов педагогической деятельности.

## ЛИТЕРАТУРА

1 Киржинова С. А. Развитие речевой культуры учащихся начальных классов: метод. разработка победителя конкурса лучших учителей «Образование». – Кошхабль, 2010.

2 Современные методы и технологии преподавания иностранных языков: сб. науч. ст. / Чуваш. гос. пед. ун-т; отв. ред. Н. В. Кормилина, Н. Ю. Шугаева. – Чебоксары: Чуваш. гос. пед. ун-т, 2019. – 449 с.

3 Гайрекова К. Ю. Игровые интерактивные технологии как средство обучения РКИ // Рефлексия. 2018. № 5. С. 39–43.

4 Сейтенова С. С. Введение новых педагогических технологий в учебный процесс высших учебных заведений // Международный научный альманах. – 2010. – № 9. – С. 166–169.

5 Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2018-2019 учебном году». Астана: Нац. академия образования им. И. Алтынсарина, 2018. 383 с.

6 Алферова Н. Г. Компетентностно-ориентированный подход в обучении иностранному языку в неязыковом вузе // Педагогические и социологические аспекты образования материалы Междунар. науч.-практ. конф. 2018. С. 13–15.

## БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛДЕРІ

ЖАКУПОВА К. Ж.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер жекелеген құбылыс немесе дағды емес. Осы іске тартылатын тетіктер мыналар: оқыту әдісін тандау; жүйелі ойлауға үйрету; оқушының талантын зерттеу және

анықтау; сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілікті дамыту болып табылады.

«Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік–сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. «Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана окушыларға окуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

Осы диалогтік оқыту сабак барысында тиімді қолданылғанда окушылар өз ойларын, көзқарастарын білдіріп, еркін сөйлеуіне, дамуына көмектеседі.

Ал «қалай оқу керектігін үйретуде» окушы алған білімін есте сактап, өз бетімен іздене отырып, жауапкершілікке үйретеміз. Қалай оқу керектігін үйрету бұл окушының «өзін-өзі реттеу» болып табылатыны анық. Бұл үдерісте окушылар түсінеді, бақылайды, өздерін қадағалап қабілеттерін шындаиды. Онда окушының жас ерекшеліктерін де ескеруге тырыстым. Берілген тапсырмалар арқылы өзін-өзі реттей отырып білімге құштарлығын ояту болып саналады.

Окушылардың өзін-өзі реттеу үшін топтық жұмыстың орны ерекше болды. «Сыныптағы бірлескен жұмыс оқытылатын пәннің мазмұнын берумен шектеліп кана коймайды, ол сонымен катар, мұғалімнің ынтымақтастық атмосферасында окуды қамтамасыз етуіне бағыттайты» деген ойды ескере отырып окушылармен сабакты бастамас бұрын, өзара ынтымақтастық атмосферасын құрып алу керектігіне көзім жетті.

Себебі топ мүшелері бірге жұмыс жасауға тырысты, топта ынтымақтастық атмосферасын құра отырып, жаңа тақырыпты өз бетінше менгеруғе мүмкіндік туды.

Білім берудің диалогтік тәсілдерін дамытуда мен сабактарымда сұрақ қою арқылы окушының: Сындарлы сөйлеуіне ынталандыруға, білімге құштарлығын оятуға, сынни тұрғыда ойлауға ықпал етемін, бір-бірін үйретіп, үйренуге, пікір бөлісіп, оны құрметтей білуге, өздерін және өзгені бағалай білуге, бірімен - бірі диалогтік қатынасқа түсуге, ойын жинақтап, талдауға үйренетіндігін, кез - келген жағдайды шешуде мұғалім мен окушы, окушы мен окушы және өзгелер арасында серікtestіk құру арқылы ой бөлісітіндігін дамыта алдым.

Білім алуда пікірлесу, сұрақ қою барысында серікtestерінің айтқандары елеулі орын алады деп білемін. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әнгімелесу, сұраққа жауап беру окушылардың білім алуының ажырамас бөлігі деп білемін [1].

Диалогтік оқытудың тиімді жақтары мынада болғанын байқадым:

- Сабак барысында уақытты тиімді пайдалануға тырыстым.

Ал диалогтік әнгіме құру уақыт үнемдеуге тиімді болды.

- Окушылар бір- бірін тындағын білуге үйренди.

- Окушылардың сынни ойлауына көмектеседі, пікір алмасады.

- Окушылар бір- бірін оқытады.

Сабак барысында мынадай кедергілер кездесті:

- Сөздік қоры аз болғандығы;

- Сұрақтарды бір тақырып төңірегінде ғана қоя алды;

- Сабактың тақырыбынан аса алмағандығында;

Бұл бағдарламада окушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, нәтижесінде ойын еркін жеткізе алатын, сенімді, сынни ойлағ алатын, таным белсенділігі жоғары тұлға қалыптастыру менің басты мақсатым болып табылады.

Әрине дәстүрлі сабактарды да жоққа шығаруға болмайды. Оның да алар орны бар. Бірақ жаңа әдіс-тәсілдер арқылы баланы өмірге бейімдеп, дайындеймиз десем артық айтқандық болмас.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, окушының өз ойымен өзгелердің ойнағанын қарап, естіген, білгенін талдаап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Сындарлы оқытудың мақсаты-окушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сынныптан тыс жерде, кез - келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының гуманитарлық пәндерді оқытуда тиімділігі зор. Окушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі әдістерді қолданып, өз шеберлігін таныту қажет. Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шындалған шығармашылық ой.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибелінің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуда, баламалы шешімдерді қабылдауда, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуға дайын болуға, үйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сынни тұрғыдан ойлауға бауладуды білдіреді.

«Шығармашылық жұмыс – ұдайы оқумен, үйренумен қоса жүргізілетін ауыр еңбек» деп қазақтың бір туар азаматы Фабиден Мұстафин айттып кеткендей оқыту барысында шығармашылық

сипаттағы тапсырмаларды жүйелі ұйымдастыру және оны болашақ кәсіби бағдарымен сабактастыра қарастыру мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты. СТО технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдана отырып оқытуда мұғалімнің сабакта біраз жетістіктерге жетуіне мүмкіндік мол. Мұғалім әр сабакқа шығармашылықпен бару керек, өйткені сабак – мұғалімнің өнері, шығармасы. Мұғалім еңбегінің түпкі нәтижесінің көрінісі – оқушылардың шығармашылықпен айналысуы. Бұл жерде мұғалім мен оқушы арасында шығармашылық байланыс орнап, бір-бірімен сабактасып, пәнге деген қызығушылықтың артуына үлкен септігін тигізетінін анық көруге болады. Шығармашылық жұмыс оқушылардың оқырмандық тәжірибесі мен білім сапасын көнегітеді, эстетикалық кабылдау мүмкіндігін дамытады, өз пікірлерін ашық әрі еркін жеткізіп, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады және көркем әдебиетті окуга құлшынып, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Сонымен, білім беруді аталған оқыту технологияларының әдіс-тәсілдері арқылы ұйымдастыру – оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, зерттеу мәдениетінің артуына, белсенді іс-әрекет жасауына, тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғыза алуымен маңызды [2].

Бағалау – сананың қалыптасуына септігін тигізе отырып, оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Білім беру әдістерінің мүмкіндіктерін жақсартуға, анықтауға бағытталған бағалау критериалды бағалау, формативті немесе оқыту үшін бағалау болып табылады. Жиынтық бағалау-дәстүрлі бағалау. Сыныпты бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Сол себепті баланың әрбір істеген әрекетіне шаршамай, жалықпай, табандылық таныту керек. Мұғалімнің үстанымы, әдіс-тәсілдері, іс-әрекеттері, стратегиялық жоспары, табанды болмаса, білім беру, білім алу нәтижесіз болады [3].

Бағалаудың басты мақсаттары:

- 1 Оқытудың қындықтарын анықтау;
- 2 Кері байланыс;
- 3 Уәж;
- 4 Болжау мен сұрыптау;
- 5 Стандартты бақылау және орындау;
- 6 Оқыту бағдарламасының мазмұнын, білім беру стилін бақылау.

Сонымен, бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсінү. Осылан байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.

Іс-тәжіребиеден өту барысында, өз сабактарында бағалаудың «Ыстық орындық», «Алтын сандық», «Сыйқырлы қорапша», «Өкіл» сынды тәсілдерін пайдаланды.

«Ыстық орындық» тәсілі. Мақсаты: Біреуге аландаушылық танытуды ынталандыруға, мазмұнды «түсінетіндігін» түсінуге арналған драмалық тапсырма. Сұрақтарды зерделеп, үстанымдарды негіздеуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру кезінде орындықтар доға болып қойылады. Жаттығудың сипаттамасы:

Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, өткен тақырыпқа байланысты).

«Алтын сандық» тәсілі сабакты кортындылау барысында оқушылар сандықшадан тақырыпқа байланысты сұрақтарды алғып жауап береді. Және бір шарты сұрақтардың жауабын өмірмен байланыстырады. Бұл арқылы оқушының қаншалықты сабакты түсінгенегін байқай аламыз және сабакта түсінгенін өмірде тиімді пайдаланатындығына көз жеткіземіз.

«Сыйқырлы қорапша» тәсілі. Тақтаға бес оқушы шығып, сыйқырлы қорапшаның сұрақтарына жауап береді. Ондағы сұрақ парапхалардың біреуі бос болады, сол бос парапхаша қолына түсінен оқушы өз өнерін көрсетеді.

Оқушыларға ұнайтын тағы бір тәсіл ретінде «Өкіл» тәсілін айтуга болады. Бұл тәсіл оқушы көшбасшылығын жүзеге асыруға көмектеседі. Тәсілдің мақсаты: бір-бірін белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты болу.

Топтар сынып бойынша үш-төрттен орналастырылады. Тапсырмаларды орында болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, зерделенген материалды түсіндіру және жинақтау, бұл туралы жаңа топтың ойын, бір шешімге келгеннін немесе жетістікке жеткенін білу үшін басқа топқа барады. Бұдан

кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршатын және бір сарынды «баяндама жасалатын», мезі қылатын сабактардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сухомлинский В. А. Избранные сочинения (Т. 1). – М. : Педагогика, 1979. – 560 с.

2 Бітібаева К. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы : Мектеп, 2003. – 247 б.

3 Тұрыснова Ж. Б. Заманауды сабактарды ұйымдастыру формалары // Педагогін көсіби құзыреттілігі – оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру негізі тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференция матер. Шымкент, 2019. – Б. 86-89.

### ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

ЖАҚАН Е.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Соңғы жылдары тілдік тұлға аспектісіне деген қызығушылық тіл білімінде фана емес, психологияда, философияда, лингводидактикада және тілге байланысты барлық пәндерде айтарлықтай өсті. «Тілдік тұлға» қазіргі кездегі ең қызықты, біздің ойымызша, жалпы және қазақ тіл білімінің мәселелерін анықтайтын және талқылайтын негізгі тұжырымдама болып табылады.

Тілдік тұлға дегеніміз – сөйлеу туындыларын, яғни мәтіндерді жасауды және қабылдауды анықтайтын адамның қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы. Зерттеулерде мәтінді үш тұрғыдан сипаттайды. Олар:

- а) құрылымдық-тілдік күрделілік дәрежесі;
- б) шындықты бейнелеудің терендігі мен дәлдігі;
- в) белгілі бір мақсатты бағыт.

Мәтін сипатына қарай құрастыруши тілдік тұлғаның шеберлігі анықталады. Орыс тілінде тілдік тұлға туралы жазылған Ю. Н. Караповтың зерттеуіне сүйене келіп, тілдік тұлғаның құрылымын үш деңгейде сипаттаймыз [1].

Тілдік тұлға құрылымының үш деңгейі:

1) тілді қолдануыш үшін табиғи тілді қалыпты менгеруді көздейтін вербалды-семантикалық, ал зерттеуші үшін – белгілі бір мағыналарды білдірудің формалды құралдарының дәстүрлі сипаттамасы;

2) когнитивті, оның бірліктері әрбір тілдік даралықта құндылықтар иерархиясын көрсететін «әлем бейнесіне» қалыптасатын ұғымдар, идеялар, тұжырымдамалар болып табылады. Тілдік тұлға құрылымының және оны талдаудың танымдық деңгейі мағынаның көнеюін және білімге көшуді білдіреді, яғни зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу және түсіну процестері арқылы – білімге, санаға, адамның таным процестеріне жол бере отырып, тұлғаның зияткерлік саласын қамтиды;

3) мақсаттарды, уәждерді, мүдделерді, көзқарастар мен ниеттерді қамтитын прагматикалық. Бұл деңгей тілдік тұлғаны талдауда оның сөйлеу өрекетін бағалаудан әлемдегі нақты іс-әрекетті түсінуге тұрақты және шартты ауысады қамтамасыз етеді.

Тілдік көзқарас кейбір маңызды, бірақ тым жалпыланған, сондықтан олармен жұмыс істеу қын тұжырымдамаларды нақты және конструктивті толтырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Мәселен, дүниетаным сияқты таза философиялық тұжырымдаманы алайық. Тілдік тұлғаның құрылымындағы деңгейлердің сипаттамасына енгізілген мазмұнды ескере отырып, біз осы тұжырымдаманың әдістемелік анықтамасын бере аламыз. Дүниетаным – бұл танымдық деңгейдің прагматикалық деңгеймен байланысының нәтижесі, жеке құндылықтар жүйесінің немесе «әлем бейнесінің» оның өмірлік мақсаттарымен, мінез-құлық мотивтерімен және көзқарастарымен өзара әрекеттесуінің нәтижесі, атап айтқанда ол жасаған мәтіндерде көрінеді.

Қазіргі уақытта адамның ерекшеліктері мен даралығын көрсететін тілдік тұлғаны зерттеу барған сайын өзекті болып келеді және лингвистер арасында зерттеу қызығушылығын тудыруды. Фылым үшін бұдан маңызды ештене жок; «гуманистік философиялық және психологиялық ұғымдарда тұлға – бұл қоғамның дамуы жүзеге асырылатын құндылық ретінде адам. Тұлға-адам әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде; бірлескен қызмет пен қарым-қатынаста қалыптасатын адамның сапасы. Табиғи тілде «тұлға» сөзі ең алдымен басқа адамдардың адамды қалай көретінін білдіру үшін қолданылады, бұл жағдайда тұлға қоғамнан, мәдениеттен тыс жерде болмайды» [2, 147 б.].

Ю. Н. Караулов тілдік тұлғаны зерттеудің маңыздылығы туралы айта отырып, тілдік тұлға тілді зерттеумен байланысты зерттеулерде және басқа ғылымдарда басымдыққа ие болатындығын атап өтті [1, 3 б.].

И. П. Сусов адамның даралығын, оның бірегейлігін білудегі тілді зерттеудің маңыздылығы туралы бірдей пікірде. Тілді адамға тән құбылыс ретінде зерттеуде адам табиғатының ерекшеліктерін зерттейтін басқа пәндер де назардан тыс қалмайды. Тілдік тұлғаны, яғни адамның интеллектуалды дамуын, оның психо-эмоционалды жағдайын, шығармашылық әлеуетін зерттеу бүкіл адамзаттың танымының жаһандық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді [3, 103 б.].

Осыған байланысты когнитивистика, лингвомәдениеттану, коммуникативті лингвистика, прагматика, этнолингвистика, семантика, философия, тарих, психология сияқты ғылым салалары маңызды және өзекті.

«Тілдік тұлға ұғымы тиісті пәнаралық терминнің тіл білімі саласындағы проекциясы арқылы қалыптасады, оның мағынасында адамның сапалық сенімділігін құрайтын физикалық және рухани қасиеттерінің әлеуметтік маңызды жыныстығына философиялық, социологиялық және психологиялық көзқарастар сыналады» [4, 65 б.]. Тілдік тұлғаны зерттеуге лингвомәдени бағытты қолданған кезде тілдік тұлға «ұжымдық мәдени-тарихи образ» деп түсініледі [4, 69 б.].

В. фон Гумбольдт тілді адамның табиғатын көрсететін құрал ретінде анықтайды, нәтижесінде әр адамда бар ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері мен шындыққа тән көріністерді бейнелейді.

В. Виноградов орыс тіл білімінде тілдік тұлғаны зерттеудегі бастапқы бола отырып, егер біз тілді лексика-сintаксистік құрылымдарды қалыптастырудың нормалары мен ережелерінен тұратын катаң жүйе ретінде қарастырмасақ, бірақ тілді жеке сөз формалары мен композициялық әдістерді, лексикалық комбинацияларды құру құралы ретінде қарастыратын болсақ, онда мұның бәрін сөйлеуге қатысты шығармашылық құрал деп санауға болатынын айтады [5, 62 б.].

«Тілдік тұлғаны зерттеу барлық іргелі тілдік қасиеттерді жүйелі түрде өзара әрекеттесуші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Біріншіден, жеке тұлға әлеуметтік зандардың бағыты мен нәтижесі болғандықтан; екіншіден, бұл этностиң тарихи дамуының жемісі болғандықтан; үшіншіден, биологиялық мотивтердің әлеуметтік және физикалық жағдайлармен өзара әрекеттесуінен туындастын

мотивациялық бейімділіктердің психикалық салаға жататындығына байланысты және төртіншіден, жеке тұлға белгілерді жасаушы және қолданушы болғандықтан» [1, 22 б.].

«Тілдік тұлға» ұғымын – мәтіндерді құру мен қабылдауды анықтайтын адамның қабілеттері мен сипаттамаларының жыныстығы ретінде XX ғасырдың 30-шы жылдары В. В. Виноградов ғылыми қолданысқа енгізді. Содан бері ол Ю. Н. Караулов, Г. И. Богин, Ю. В. Рождественский, О. Б. Сиротин және т. б. ғалымдар зерттеуінде қарастырылып келе жатқанын айттық. Бұл зерттеулерде тілдік тұлға ұғымы белгілі бір жүйелі модель түрінде ұсынылды. Атальыш ғалымдар енбектерінде тілдік тұлға белгілі бір мәндерді білдірудің реңсі құралдарының сипаттамасы ретінде, когнитивті-тезаурусты, оның бірліктері әрбір тілдік даралықта құндылықтар иерархиясын көрсететін көп немесе аз реттелген, көп немесе аз жүйеленген «әлем бейнесіне» қалыптасатын ұғымдар, идеялар, тұжырымдамалар ретінде, сондай-ақ максаттарды, уәждерді, мүдделерді қамтитын прагматикалық (мотивациялық) ниет ретінде тұжырымдалады.

Тілдік тұлға табиғаты құрделі құбылыс, оның құрылымы да сондай құрделі, сондықтан оны анықтау оңайға түспейтіні анық. Бұл жөнінде қалыптасқан пікірлер де көп.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность//. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.

2 Канчев М.А. Языковая личность телеведущего в рамках русского риторического этноса (на материале игровых программ): автореф. канд. филол. наук. – Екатеринбург: Из-во Урал. ун-та, 2002. – 14 с.

3 Сусов И. П. Прагматика дискурса и этнолингвистические проблемы // В сб.: Прагматика этноспецифического дискурса. – Бэлць, 1990. – с. 2–5.

4 Воркачев С. Г. Концепт счастья в русском языковом сознании: опыт лингвокультурологического анализа. Краснодар, 2002. – 142 с.

5 Виноградов В. В. О теории художественной речи. – М.: 1971. – 239 с.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС – ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

ЖАНГАБУЛОВА А. Е.  
мұғалім, Қызылжар орта мектебі, Ақсу к.

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағыларға кол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік түрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қазіргі таңда өзгермелі және өскелен талаптар мен қажеттіліктерді канаттандыра отырып, отандық білім беру жүйесі өлемдік кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Бүгінгі таңда білім беру саласында өзекті болып отырған мәселе – функционалдық сауаттылықты арттыру, оның ішінде, оқу сауаттылығын арттыру. Оқу сауаттылығы – адамның жазбаша мәтіндерді түсінуі және пайдалану, ол туралы ойлану және мақсатқа жету, өз білімі мен мүмкіндігін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысуға кол жеткізу үшін оқумен айналысу қабілеті. Қазіргі өлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы – білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселеін негізге алуадың өзектілігін арттырып отыр. Оқушының функционалдық сауаттылық дағдысын дұрыс қалыптастырең, оқушы мәтіннен ақпарат алуда жазу мен оқу дағдысын жөніл қолданады, оны түсінеді, өзгертеді. Кең мағынада «функционалдық сауаттылық» үғымы тек білік пен білімділік өлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өшімі. Осындағанда сипатты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- \* оқу, жазу сауаттылығынан;
- \* жаратылыштану ғылымиңдағы сауаттылығынан;
- \* математикалық сауаттылығынан;
- \* компьтерлік сауаттылықтан;
- \* денсаулық мәселеіндегі сауаттылықтан;
- \* құқықтық сауаттылығынан;

Осылардың ішінде мәтінмен жұмыс барысында оқу сауаттылығын қалыптастыру маңызды. Оқу сауаттылығы бірнеше деңгейден тұрады.

### Оқу сауаттылығының деңгейлері

#### Кесте 1

Мәтінді түсіну деңгейі	Күрделілік деңгей	Тексерілетін дагдылар тізімі	Сұрап түрлері	Тест тапсырмаларының түрлері
1. Жағалы түсінү	Тану Түсінү Қолдану	*мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын айқындау; мәтіннің атауы бойынша тақырып пен негізгі ойды айқындау; *негізгі жөне жанама ақпаратты ажыратылу; *екі немесе одан да көп мәтіннің мазмұнын салыстыра отырып, олардан ерекшеліктерін көре білу. Кандай мәселелер туралы... Кандай оқиға... Кандай өзгерістер...? Кейіпкердің мәжбүрледі? Автор кімді... Атайды/санайды?	Мәтіннің тақырыбы кандай? Атауы неңін білдіреді? мәтіннің тақырыбын ба алде негізгі ойдан ба? Берілген мәтіндердің ортактарында? Кандай мәселелер туралы... Кандай оқиға... Кандай өзгерістер...? Кейіпкердің мәжбүрледі? Автор кімді... Атайды/санайды?	*жауп таңдау, *сайкесті орнату, *артығын алып тастау, *акпаратты топтастыру, *реттілікті анықтау, Үксастыққа негізделген, жауабы шектелуі немесе ашық қысқа жауабы бар сұралттар.
2. Ақпаратты анықтау	Тану Түсінү Қолдану	*мәтінді тез шолып ету; *мәтіннің магыналық күрьымының анықтау жөне қажетті ақпаратты іріктеу; *сұралтагы өзгерілік берілген қажетті ақпараттар таба білу.	Автордың ойы мен келісісін бе? Өз жауабынды негізде. Сен ... осы жағдаймен келісісін бе? Өз жауабынды негізде.	
3. Мәтінді интерпретациялау	Қолдану Анализ Синтез	*мәтінді берілген ақпаратты басқа дерекөздердегі ақпараттармен/ жеке тәжірибелен салыстыру; * мәтіннің мазмұны бойынша корытындылар жасау; *пікірлерді растигын аргументтерді табу; *мәтіннің атауын түсіндіру.	Сальстыр... Бұндай жағдайда сен не істер едін? Мәтіннен аргумент/пікірді растигын аргумент табыңыз... Мәтіннің атауын калай түсінесін? Мәтінді басқаша калай атап таба болады?	*Кеңейтілген ашық жауаптары бар сұралттар, *ұксастыққа негізделген тапсырмалар, дәлелді жауаптарды талап ететін тапсырмалар, манызды белгілерді көрсетуді қажет ететін тапсырмалар, объектілерді салыстыру.
4. Мәтіннің мазмұнына катысты рефлексия	Анализ Синтез Бағалай	*объективті және субъективті ақпаратты ажыратылу; *акпаратты өмірдегі фактілермен, оқиғалармен и байланыстыру; өзкезкарасын дәлелдеу.	Автордың/кейіпкердің үстенесін анықтау көзжарасында бидір. Автордың кейіпкерге көзжарасы кандай? Өз пікіріндегі негізде. Берілген үзіндіде не наразе сізді аса таң калдырыды? Here?	*ашық жауаптары бар еркін тапсырмалар, *өз пікірін тұжырымдау және дәлелдеуді талап ететін сұралттар, *кесесі бар мәтіндер, * оқиғалардың кайта күрьымдау тапсырмалары
5. Мәтінді ұсыныу формасынан катысты рефлексия	Анализ Синтез Бағалай	*Сөзбен берілген мағынаның әртүрлі ренктерін, әзілді, иронияны анықтай алу.	Автордың/кейіпкердің әзіл-оспақ сезімі. Мәтіннен мысал келтірің.	

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер.

Оқу сауаттылығы мәтінмен жұмысты қажет ететіндіктен, оқушыларға мәтінмен жұмыс жасатуда қолданатын әдістеріммен бөліспекшімін.

1 Мәтінді оқымастар бұрын мәтінге байланысты берілген сұрақтың тапсырмасын оқып алуды ұсынамын. Бір істі бастағанда оны қандай мақсатпен жасап отырғанымызды білсек, жұмысымыз жеңілдейді. Сол себепті алдымен сұрақтың тапсырмасын оқысаңыз, мәтінді оқып жатқанда автоматты түрде адамның миң оны түсінуге және шешуге бейімделіп оқиды.

2 Сұрақтың тапсырмасын және нені сұрап тұрганын түсініп алуын талап етемін. Әсіресе, оқушылар тапсырмада «айтылмаған», «берілмеген», «жатпайды» деген сияқты болымсыз мағынада кездесетін сұрақтарға мән бермеу себепті кателікке ұрынып жатады.

3 Барлық жауап нұсқаларын міндетті түрде қарап шығуына бағыттаймын. Асығыстыққа бой ұруға болмайтынын түсіндіремін.

4 Сұрақтарды өз ынғайына қарай бейімдемей, сұрақта не сұрап тұрганына қарай тұжырым жасау керектігі тиімді екенін айтамын.

5 Ұзақ көлемді тапсырмалардан қорықпаңыз. Сұрақ көлемді болғанымен, ол сұрақтар басқаларға қарағанда әлдеқайда жеңіл болуы мүмкін. Ұзақ көлемді сұрақтарда көбінесе оқиға беріледі де, оны көз алдыңызға елестетіп, есте сақтау жеңіл болғандықтан, сұрақты оңай шешесіз.

6 Айрықша жағдайларды есептемегендеге мәтіннің негізгі ойын соңғы сейлемдерден ізденіз деген сияқты нұсқаулар беріп отырамын.

Мәтінмен жұмыс жасауда сынни тұрғыдан ойлау стратегияларының тиімділігіне көз жеткіздім және сабак барысында қолданып жүрмін. Сондай әдістердің бірі – «Жуан – жінішке» сұрақтар әдісі. Мәтінмен жұмыс барысында оқушыларға дайын сұрақтар беріп коймай, сұрақтарды оқушылардың өздеріне құрауға мүмкіндік беру қажет.

Бұндай жағдайда оқушылардың мәтін мазмұнын толық менгеруіне жол ашылады. Мәтінді мұқият оқу дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды жиірек дайындауда оқушы сауаттылығын арттыруды өз жемісін беретініне көз жеткізуге болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында мәтін мазмұнымен танысу сабактағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет

болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін сарапал, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шынына көтеріледі, үлкен әлемге енеді.

Сол білімі арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзіне өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Толғануды тиімді етуге лайықталған «Еркін жазу», «Екі түрлі түсініктеме күнделігі», «Тұртіп алу» т.б. осы сияқты стратегияларды өр сабактың ерекшелігіне қарай лайықтап қолданамын. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Эр окушы өз шығармашылығын көрсете алады.

«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» стратегиясында бөліктің он жағына мәтінде қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады. Бөліктің сол жағына сол мәтінде өздеріне әсер еткен үзінділерді жазады. Эр окушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен сон жұпта, топта талқылау ұйымдастырады. Сонынан өмірмен байланыстырады, өз көзкарасын білдіріп, пікірін ұсынады.

Бұл әдістер оқушылардың аппараттарды өздігінен менгеруіне жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге машықтандырады. Оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айттып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы сауатты оқырман қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Қорыта келгенде, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Мәтінмен жүргізілетін ұтымды жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың мәтінді түсініп оки білуі мен есте сақтауы, мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері туралы білуі, оны тәжірибесінде пайдалану дағдысы мен мәтін түрлері бойынша ауызша, жазбаша жеткізу дағдылары қалыптасады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. Астана: І. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.

2 Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері: әдістемелік нұсқаулық. /Т.М. Көпжасарова, К.Г. Утешева. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. – 60 б.

3 Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҮ, 2012. – 306 б.

4 Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3, 2014.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ СӘЗЖАСАМДЫҚ СИПАТЫ

ЖАНГОЖИНА Э. Н.

қазақ тілі мен әдебиеті пәннің магистрі, №16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

ЖУМАБАЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі, №16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

КАБДРАКИШЕВА А. С.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, №16 Лицей-мектебі, Павлодар қ.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Бұл – оның қолдану аясы болашақта бұрынғыға қарағанда әлде қайда кеңейеді деген сөз. Осы жолда ол ең алдымен ғылым тіліне айналуы керек. Ал ғылым салалары бойынша жасалған терминологиялық сөздіктердің алғатын орны ерекше.

Адамзат тіршілігінде өсімдіктер дүниесінің маңызы өте зор. Ерте кезден бастап-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, ат қойып, олардың жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, ал жапырақ, сабак, гүл, тамырларын дәрі-дәрмеккес, тери илеуге, түрлі нәрселер бояуға пайдаланып келген. Бертін келе адам өсімдіктердің ішіндегі бастыларын қолдан өсіретін болды. Бұл күндері олардан көптеген азық-тұлғатік қорлар, әр түрлі өндірістік шикізаттар аламыз, құрылыш материалдарын даярлаймыз.

Жер беті өсімдіктер дүниесіне өте бай. Дүние жүзінде олардың 500 мыңдай түрі өседі еken. Сол 500 мың өсімдіктің 220 мыңдайы суда, қалғандары құрлықта өсетін көрінеді. Ал қолдан өсірілетін мәдени өсімдіктердің түрі 20 мыңдан асады.

Табиғаттың осы ұшақ теңіз байлығынан Қазақ жеріне де аз үлес тимеген [1]. Республика ғалымдарының мөліметтеріне қарағанда бізде өсімдіктердің 6 мыңдан астам түрі өседі. Сол 6 мың өсімдіктің 760-ы, яғни 12,6 – тек біздің жерімізде ғана өсетін эндемик өсімдіктер. Бұлар басқа еш жерде өспейді.

Бірақ осы өсімдіктердің атауларын жақсы біле бермейміз. Бұл, өсіресе, жастар жағынан көбірек байқалады. Олардан: «Мына өсімдік калай аталауды?» – деп, сұрай қалсаң, – Е, шөп кой, – дейтіндер жиі ұшырасады. Тілге жетік-ау дейтін жазушыларымыз

бен журналистеріміздің өздері де мұндай кемшілікten құр алакан емес. Олар жер бетінін «түгі» туралы жаза қалса: «Мұнда маға жағымды құнарлы шөптердің әр түрі табылады» немесе «қызылды жасасылды гүлдер жайқалып тұр» деп, сыйыртып өте шығады. Өсімдік атауларын атауға тұра келсе, оның орысша атын бейім тұратындар да жоқ емес [2].

Қазіргі қазақ тілі – сөздік құрамы мен тұрақты тіркестері жағынан және олардың мағыналық (семантикалық) ерісінің көндігі мен стильтік түрленуі жағынан кедей тіл емес. Солай бола тұrsa да, қазақ тілінің сөздік құрамын орыс, ағылшын тілдерінің сөздік құрамымен қатарластыра алмаймыз. Қатарластыра алмайтын себебіміз – орыс тілінің сөздік құрамында 120 мың сөз болса, ағылшын тілінде 415 мың сөз бар. Біздің он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» өсімдікке қатысты небәрі 67 мыңдай ғана атау сөз қамтылған.

Мұның сыры: бағзы замандардан бері келе жатқан ата мұра – халық тілінің мол байлығын, оның сан алуан салалары мен қатқабат арналарына тән лексикалық қорын түгел жинап, оларды сөздіктерге кеңінен ендиру, мән-мағыналарын ашу, сөйтіп ол сөздерді халықтың кәдесіне асырып, илігіне жарату, сол арқылы тіл байлығымызды өзімізге де, өзгелерге де көрсете, дәлелдей білу жағы бізде өлі жетіспей жататындығында. Бұған мысал ретінде сөздік құрамымыздың шүрайлы бір саласы, бізге зерттеу объектісі болып отырған өсімдік атауларын көлтүрге болады.

Жер бетінің өсімдіктер жамылғысы өте мол. Дүние жүзінде олардың 500 мыңдай түрі өседі еken. Бұлардың ішінде аспанмен таласатын биік пальмалармен қатар тек микроскоп арқылы ғана көрінетін бір клеткалы балдырлар мен санырауқұлактар да бар. Сол 500 мың өсімдіктің 220 мыңдайы суда өсетін көрінеді. Ал қолдан өсірілген мәдени өсімдіктердің түрі 20 мыңдан асады [3].

Қазақ халқының тек қазіргі уақытта ғана емес, тіпті ерте дәүірде де алалы жылқы, ақтылы қой айдалап, негізінен мал шаруашылығымен айналысып келгендей көрімізге белгілі. Жер бедерінің түгінізіс осыншалықты мал өспеген болар еді. Сондықтан да, халқымыз жер бетіндегі өсімдіктер дүниесіне тым ерте кезден бастап-ақ зер салып, көніл қойған. Олардың қайсысы қай малға жұғымды екендігін, қай шөп олар үшін пайдалы, қай шөп зиянды (улы) екендігін ажыратада білген. Тек ажыратып қана қоймай, ол өсімдіктердің түр-түсін саралап, әрқайсысына жеке-жеке ат қойып, айдар тақсан.

Өздеріне керекті заттардың бәріне ат қою, оларды түрлі сөздермен белгілеу – адамзат үшін қазір де қажет, алғашқы дәүірде де маңызы болған. Сондыктан, тіршілік тірегі – өсімдіктерге ат беру адамзат жаратылғаннан бері қарай келе жатыр, - десек, артық айтқандық емес.

Ал ат қою дегеніміз не?

Ат – белгілі бір затты, нөрсені қоғам мүшелері жақсы білуі, тануы үшін, сол затқа тағылған сөздік белгі. Ол белгі бүкіл қоғам мүшелеріне ортақ болуы керек және заттың ең басты қасиеттерін қамтуы қажет. Кез келген заттың немесе ұғымның аты, атауы – барлық білімнің, ғылымның ең бірінші қадамы.

Өсімдік атаулары да басқа кез келген заттардың атаулары сияқты қажеттіліктен туған. Адам белгілі бір өсімдікке ат койғанда оны өзі сияқты басқа өсімдіктермен шатастырмас үшін, басқалардан ажырату үшін олардың әрқайсысына өзінше бөлек-бөлек ат қояды.

Өсімдік атауларының ішіндегі ең алғашқылары (көнелері) қайсысы? – дегенге дәл жауап бере қою, әрине, онай емес. Өйткені өсімдік атауларының көбі – халықпен бірге жасасып келе жатқан сөздер.

Халық тарихы тым ертеден (көне дәуірден) басталатындығы мәлім. Ендеше «мына атау бірінші шықты», «ана атау екінші шықты» деу үшін, сол халықпен бірге туып, бірге жасасып, әр сөздің шығу тарихына жылнама жазу керек. Сонда ғана біз жоғарғы сұраққа дәл жауап бере алған болар едік. Бұл, әрине, ешкімнің қолынан келмейтін нәрсе. Сондыктан біз ең байырғы өсімдік атауы – не ағаш пен бұтаның, не жеміс пен жидектің, болмаса астық тұқымдастардың біреуінің атауы болуы мүмкін деп жобалаймыз.

Қайсысы болған күнде де, әйтеуір, алғашқы қауымдық құрылыштағы адамдардың күнделікті тіршілігіне, күнкөрісіне аса қажетті, маңызы зор, пайдасы мол өсімдік атауларының бірінің аты екендігі дау жоқ.

Ондай «аса қажетті» өсімдіктер деп біз тамақ үшін пайдаланылатын, онсыз тіршілік жок бидай, арпа, тары, бұршақ сияқты дәнді дақылдар мен алма, өрік, шие, бұлдірген, жұзім тәрізді жеміс-жидектерді айтамыз. Бұлардың қатарына желден, сұыктан корған болатын, басқа пана, жанға сая: қарағай, тал, терек, қайын, емен сияқты ағаштарды да жатқызуға болады.

1985 жылы шыққан «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» деп аталатын енбекте өсімдік атауларына байланысты «жаңа сөздер» деп ас көгі (укроп), қыша (горчица), салалы зығыр (лён-долгунец),

тұмыр (редька) деген төрт сөзді келтіріпті [4]. Бұлардың ішінде ас көгі сөзін Ж. Досқараев кітабында ашқөк (асқөк) түрінде берген. Содан бері қанша жылдар уақыт етсе де, бұл сөзді әдеби тілдегі жана қолданыстардың қатарына жатқызуға болар. Ал қыша, зығыр, тұмыр сөздерінің қазақ тілінде айтылып келе жатқанына қай заман. Сол себептен де, бұларды жаңа қолданыстардың қатарына жатқызуға бола қоймас [5].

Осылардың қайсысының аты ең алғашқы атау екендігін біз бұл күнде дәл айта алмаймыз. Есесіне дәл айта алатынымыз – өсімдіктерге байланысты ең жаңа атау. Ол – қарағалдақ деп аталағынады. 1986 жылдың 12 шілде күні «Вечерняя Алма-Ата» газетінің 161 (5808)-ші санында қарағалдақ (чёрный тюльпан) гүлінің өмірге келгендігі хабарланды. Қарағалдақты ғалымдар қызғалдақ сорттарын ұзақ уақыт және үзбестен будандастыру арқылы шығарған. Оның сабағы да, жапырақтары да мықты, гүлі де әдемі. Мұндағы «қара» сөзі өсімдік гүлінің түсін көрсетіп тұрса, «ғалдақ» сөзі оның қандай өсімдік екендігін, яғни гүл екендігін білдіреді. «Ғалдақ» сөзі көне түркі тілінде «гүл» деген мағынада жұмсалған. Таусағыз деген атау да осы сияқты. Біз ол арқылы өсімдіктің «тауда өсетіндігін», пайдалылығы жағынан «сағыз» беретіндігін байқаймыз.

Мысалы, көкғалдақ атауын алалық. Мұндағы «көк» сөзі өсімдік гүлінің түсін көрсетіп тұрса, «ғалдақ» сөзі оның қандай өсімдік екендігін, яғни гүл екендігін білдіреді. «Ғалдақ» сөзі көне түркі тілінде «гүл» деген мағынада жұмсалған. Таусағыз деген атау да осы сияқты. Біз ол арқылы өсімдіктің «тауда өсетіндігін», пайдалылығы жағынан «сағыз» беретіндігін байқаймыз.

Бұдан сәл бұрыннырақ бидай-бидайық деген атау дүниеге келген болатын. Бұл өсімдік атауы орыс тілінен «шпенично-пурейный» деген сөздердің қазақ тіліне аударып, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз. Ол – бидай мен жабайы өсетін бидайықты серіктестіруден шыққан будан. Бұл өсімдік өзінің топырақ талғамайтындығымен, ауруға, сұыққа, ыстыққа, зиянкестерге

төзімділігімен ерекшеленеді. Ол қатарынан бірнеше жыл өседі және әр жыл сайын жақсы өнім береді [7].

1959-1960 жылдары Қазақ ССР Фылым академиясының Орталық ботаника бағы раушан гүлінің (розаның) бірнеше жаңа сорттарын шығарды да, олардың біріне – ботагөз деп, екіншісіне – кыжібек деп ат қойды. Бұл гүлдердің атауы екі сөзден (түбірден) бірігіп, бір затты екінші бір затпен салыстыру арқылы жасалған. Кезінде бұлар да өсімдік атауларына байланысты жаңа атаулар болатын [8].

Бұлар сияқты жаңа атаулар тілімізде жетерлік. Қазақ тілінің өсімдік атауларына тым бай екендігіне көз жеткізіп отырымыз.

Жалпы, өсімдіктерге ат қоюда қазақтан шебер халық жоқ сияқты көрінеді. Белгілі бір өсімдікке ат коярда оның ең басты белгісі негізге алынады. Айталық, түйетікен екі сөздің бірігүінен жасалған шөп атауының қойылуына, бірінші кезекте, сол өсімдіктің тікен екендігі (ерекше белгісі), екінші кезектен, оны түйе малының сүйсініп жейтіндігі (шаруашылық маңызы) немесе бойы, көлемі жағынан оның «түйе сияқты» ірі болуы (бір нәрсеге тенеу) үлken себепші болып тұр. Тағы сол сияқты: қараспан, киіз-киік, көкзенгір, балтасап, бұқамсілекей, әсемсары, мендіқара, балмұрын, үркөргүл, ақжүрек, сусімір, өсершөп, итемген, атқұтыртқан, малжемес, құсқонбас, ақкелін, кемпіршаш, келіншекбоз, балақызы, көрікызы, шаштықызы, аюқұлық, қазмойын, қоянқұлақ, тұлқіқұйрық, ботатабан, қарғатүяқ, жыланбас, бөлтірік, шеттік, куырдақ, сұыртпак, осылай тізіліп кете барады [9].

Бүтінгі таңда қазақ тілінде өсімдік атаулары өте көп. Олар тілімізде ғасырлар бойы қолданып келе жатыр. Соңдықтан, өсімдік атауларын лексикалық байлығымыздың қатарына жатқызуға әбден болады.

Бірақ ол атаулардың бәрі бірдей әдебиет беттерінен көрініс тауып, өз орнында, өз мағынасында қолданылып жүрген жоқ. Қоғтеген өсімдік атауларын елдің бәрі біле бермейді. Білгендеріміз болса, оларды жазып, зерттеп, көпшілікке танытууды мақсат етпейміз. Тіпті өсімдіктердің атын атап жатуды артық санайтындарымыз да бар. Ал егер алда-жада атай қалсақ, оның қазақша атауынан ғөрі орынша атын пайдалануға бейім тұратындарымыз да жоқ емес.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Флора Казахстана, Алма-Ата, 1956 – 1968, 1-9 т.

2 Байынқол Қалиұлы Өсімдік атауларының орынша-қазақша сөздігі – Алматы: Ана тілі, 1993. – 104 бет.

3 Фалам ғажайыптары. Алматы, 1968. – 252 б.

4 «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар», «Фылым» баспасы, 1985.

5 Ж. Досқараев «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері», 1955. – 18-б.

6 Социалистік Қазақстан. 1984. 24 маусым.

7 Сыбанбеков Қ. Өсімдіктер сыр шертеді. Алматы, 1982. – 16-б.

8 Центральный Ботанический сад АН КазССР (Краткий путеводитель). Алма-Ата, 1971. – С. 42

9 Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Фылым, 1988. – 159 б.

### АУДАРМАДАҒЫ ҮЛТТЫҚ ӨРНЕК

### (ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРУ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ аудармасының жеткен биіктерін дәйектеп, аударма тарихын баяндамас бұрын «аударма» туралы қалыптастан түсінікті анықтап алу қажет.

Аударма – өте ертеден келе жатқан адамзат мәдениеті мен өнерінің бір тұрі. Адамзат тарихында алғашқы мемлекеттер ынғайып, өзара сауда жүргізу барысында «әртілді» топтардың қарым-қатынас жасауы үшін «билингвер» пайда бола бастады. Жазудың пайда болуына байланысты ауызша аударатын аудармашыларға, яғни «толмачтарға» әртүрлі ресми, діни мәтіндерді аударатын жазба аудармашылар келіп қосылады. Аударма ерте кезден-ақ әртілді адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына, сөйтіп мәдениет, өнер байланысының өрбүіне белгілі бір иғі ықпал жасап отырды. Жазба аударманың кең өріс алуы басқа халықтардың мәдениетіне жол ашып, әдебиет мен мәдениетін танып-білуғе, сол арқылы өз рухани қазынасын толтыруға мүмкіндік туғызды.

Аударма туралы ғылым немесе аударма теориясы алғашқы сөз бола бастағанда, оған аудармашылар тарапынан қарсылық, тіпті аударма өнеріне деген наразылық туғызғаны белгілі. Олар талантты аудармашылардың аударма теориясы жайында ешбір түсініктері

болмай-ақ, тіпті оны керек етпей-ақ аударма шедеврларын дүниеге әкелгенін және әкелетіндігін айтқан. Сондай-ақ аударма туралы ешбір ғылымның да мүмкін еместігін айта отырып, аударма ғылыми жүйелерге бөлінбейтін ұлы өнер деген.

Аударманың ең маңызды аспектілерінің бірі болып оның тарихы саналады.

Ұлы ғұламалардың шығармаларымен толған рухани қазынасын халық басқа халық мәдениетіне, рухани әлеміне таныстырығысы келіп, осыдан аударма ісі, адамдар арасындағы қарым-қатынас келіп тудады деген де пікір бар.

Аударма тарихы XVI-XVIIғасырлардан басталады. Сол кездің өзінде-ақ антика жазушылары үшін ең басты мәселе аударманың сапалылығы болған. Өзінін аударма жайындағы ойларында Цицерон сөзді санына қарай емес, сапасына қарай аудару керек екендігін айтса, ал осыдан жарты ғасыр өткеннен кейін дәл осы пікірді Гораций костай отырып, аудармашыны «сөзбе-сөз» аударудан сак болуды ескертеді.

Аударма мәселесі антика дәуірінде қандай көкейкесті болса, біздің дәуірімізде де ең маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек.

Қазақ аудармасының негізі XIX ғасырдың ортасынан бастап құрыла бастады. Бұл салада қазақ даласында әлі ғылыми негізде жазылған теориялар, жүйелі түрде аударылған аудармалар жоқ болғанымен Абай, Ыбырай секілді ұлы тұлғалардың қазақ аударма тарихына қосқан үлесі мен орны бөлек. 20–30 жылдары аудармада А. Байтурсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Торайғыров, М. Сералин, Б. Кенжебаевтар зор үлесін тигізеді. Онымен қатар, аудармада кең көніл бөле бастаған С. Талжанов, Г. Бельгер, Н. Сағындықова, С. Абрахманов және т.б. көптеген қазақ зияяларының енбектерінде аударма мәселесі көнінен орын алған.

20–30 жылдары шетел көркем әдебиетінің қазақ тіліне аударылуы жүріп жатты. Мәселен, 1929 жылы А. Елшібеков Анри Барбюстың әңгімелерін аударса, 1928 жылы М. Даулетбаев, Джек Лондонның повестерін қазақ тіліне аударған. Ал 1932 жылы О. Беков пен К. Байсейітов М. Тригердің «Су асты қайығы» пьесасын аударып, қазақ сахнасында қойған. У. Шекспирдің «Отелло»ның 1939 жылы қазақ тіліндегі сөйлеткен М. Әуезов болды.

20–30 жылдары барлық дерлік аудармалар орыс тілі арқылы жүзеге асып отырды, яғни қазақ даласында орыс тілі арқылы әлем мәдениеті туындылары аударылып отырған.

Көптеген ұлы орыс ғұламалары мен қоғам қайраткерлері аудармада көп көніл болған. Аударманың қоғам үшін қажеттілігін айтаотырып, А. С. Пушкин аудармашыларды «ғарартушылықтың пошташы аттары» десе, ал В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов, П. А. Вяземский, А. А. Фет, В. А. Жуковский және т.б. аудармада енбектерінің төрінен орын берген. Оны, мәселен, Жуковскийдің «Одиссеяй» туындысын аударғанда Гогольдің берген бағасынан байқауға болады: «Аудармашы аудару барысында жұқа шыныға айналып кеткен тәрізді, тіпті шыныны жоқ па деп те қаласын».

Аударма жайын сөз еткенде, ең алдымен оған қойылатын талаптарды да ескеру керек. Осыған орай аудармашылар жүйелі аударма теориясын орнатуда бірнеше талаптар қояды. Мәселен, француз гуманисті, ақын және аудармашы Этьенн Доле (1509-1546) аударманың бес негізгі принципін ұсынады:

- 1) аударманың мазмұнын және автордың идеясын толық түсіну;
- 2) аударатын тілді қанша жеткіл білсе, аударылатын тілді де сол дәрежеде менгеру;
- 3) сөзбе-сөз аударудан аулақ болу;
- 4) аударма мәтінінде жалпы қолданыстағы сөйлеу формасын қолдану;
- 5) сөздерді дұрыс таңдай және дұрыс орналастыра білу керек десе, ал 1790 жылғы ағылшын ғалымы А. Тайтлердің «Аударма принциптері» деген еңбегінде қойылатын негізгі талаптар мынадай:
  - 1) аударма түпнұсқасының идеясының толық жеткізу;
  - 2) түпнұсқадағы мәтіннің стилі қандай болса, аудармада да сол стилді қолдану;
  - 3) аударма мәтіні түпнұсқадағы мәтін секілді женіл оқылуы керек.

Аудармада қойылатын талаптар жөнінде Жуковский және т.б. түпнұсқаны сөзбе-сөз аударудың қажеті жок, тек аудармашы түпнұсқа идеясын ұстана отырып өзінің төл шығармаларын жазуы керек екендігін айтады. Осы негізінде ұлы неміс ойшылы Гёте былай деген: «Автордың сөзін емес, ойын жеткізе білу керек».

Әдебиет теориясы көркем аударманың негізгі үш түрі болатындығын көрсетеді:

- 1) еркін аударма;
- 2) сөзбе-сөз аударма;
- 3) балама (адекватты) аударма.

Қай кезде болсада осы аударма түрлері қажеттілікті өтей алды. Бір айта кететін нәрсе, аударма жөніндегі терминдер біраз

уақыт тұрақталмай келді. Қолданылып жүрген атауларды кейде әр аудармашы әртүрлі түсініп, әртүрлі мағынада пайдаланып келді. Мәселен, орыста вольный, свободный, дословный, буквальный, адекватный, реалистический деп болу болды. Осы негізінде қазақ тілінде де солай бөлді. Бұлардың әрқайсысының мағыналық шегі қандай дейтін болсақ, бірізділік байқалмай келді. Бұдан шығатын корытынды, аударма екі тілді терен, қатар білетін аудармашылар енбегінің сапасына, қабілетіне байланысты болады. Аудармағылымында еркін аударма дегенді бірде вольный деген мағынада қолданып, енді бірде дәл аударма деп те айтып жүрді. Бірақ бұған қарап еркін аудару элементтерін бүгінгі аудармаларда жоқ дей алмаймыз. Сол сияқты орыс ғылыми, әдеби стилін қазақ тіліне аударудың алғашкы кезеңдерінде көбіне-көп сөзбе-сөз аударма жасалып, сапасыз болғандығын жасыра алмаймыз. Яғни, аударманың бұл түрі әр уақытта тиімді бола алмайды. Демек, мұндай жағдайлар тек қана бір дәуірдің мәселесі емес, әрқашан қалмайтын және өз шегін өзі ажыратып тұратын шеберлік пен олақтықтың, әрқойлық пен творчестволықтың мәселесі ретінде қала бермек. Бұл мәселе тек аударма сапасын белгілейтін белгілі бір орталық болмайынша шешілмейді. Нағыз творчестволық аударманың, яғни түпнұсқаның бүкіл рухына сайма-сай келіп отыратын, аудармашының өзінде де белгілі бір дәрежеде еркіндік болмаса болмайындығын ескеруіміз керек. Олай етпесе аударма сөзбе-сөз, жолма-жолдыққа апарып соғады да, оқуға түсініксіз, тілге орамсыз болып көрініп отырады. Сол сияқты түпнұсқаның сөзін, сөйлемнің, жолын құмайынша оның стилін, мәнерін, сыны мен сырын, яғни жалпы рухын жеткізу мүмкін болмайды. Шын мәнісіндегі творчестволық аударма еркіндік пен дәлдікті шебер үштастыра алғанда ғана болмақ. Аударма жайын сөз еткенде келенсіз мәндегі «еркіндік» дегенді творчестволық еркіндікten ажырата білу керек болады. Еркін аударып, казақтың жалпақ тіліне саламын деген жансақ оймен түпнұсқадан ауытқып, өз тарапынан сөз қосушылық, кейде тіпті қысқартып та кетіп, шығарманың көркемдік сипатын бұзып алуға да болады. Нағыз творчестволық еркіндік дегеніміз – автор стилін сақтай отырып, аударманы оқуға женіл және тартымды етіп шығару. Сонымен қатар түпнұсқаның ықпалына түсіп кетпей, оның барлық бояуын, ырғағын, ой-астарын ана тілінің занды жүйесінде жеткізе білу қажет.

Аударманың түрлеріне қарай С. М. Айзенкоп «Учебное пособие по техническому переводу» деген енбегінде:

1) сөзбе-сөз аударма;

- 2) жолма-жол аударма;
- 3) еркін аударма деп үшке бөледі.

1 Сөзбе-сөз аудармада екі тілде сол аударатын ой көлемі және грамматикалық категориялары дәл келсе ғана іске аспақ. Мәселен, We Live in Rostov – Мы живем в Ростове – Біз Ростовта тұрамыз – десек, түпнұсқадағы ой екі тілге де дәл сол күйінде аударылып түр.

2 Жолма-жол аудармада жолма-жолдыққа салынып кетпеу керек, бірақ мына сөйлемде автор оны байқамаған. Мәселен, He was born with a silver spoon in his mouth – он родился с серебряной ложкой во рту деп берген. Адамның өмірдегі бақыттылығын «Он родился в рубашке» немесе қазақ тілінде «көйлекпен туды», «өмірге он аяқпен келді» деген тіркестер арқылы беруге болады. Аудармашы әр сөзді қуалап, түпнұсқаның дәл мағынасын өз тілінде жеткізе алмаған.

3 Еркін аударма. Көбінесе көркем аудармада кездеседі. Мәселен, I don't know what is in store for me. Yet I do know I'll do it when two Sundays come together – Не знаю, что ждет меня в будущем, но хорошо знаю, что не сделаю этого никогда. Бұл жерде «when two Sundays come together» деген тіркесті сөзбе-сөз аударғанда «екі жексенбі бірге келгенде», ал орыс тіліндегі баламасын «когда рак свиснет деген тіркес арқылы беруге болады.

Ал енді поэзияға келетін болсақ, ол бөлек мәселе. Егер прозаны аударуда белгілі бір жүйеленген ережелерге сүйенетін болсақ, поэзияда еркіндік керек. Өйткені поэзияны шабыт тудырады.

Бір тілдің поэзиясын екінші бір тілге жеткізу ете қурделі, өйткені әр елдің поэзиясында ритм, үйқас, көлем, стоп саны, рифм, шумак т.б. болады. Рас, кейде осы сияқты сан-турлі жағдайларды ескеріп, аудармашы түпнұсқадан алыстанап кетеді. Мәселе, аудармашының жол санын өзгертпей, орны-орнын ауыстырмай сол қалпында беруде емес, түпнұсқадағы ақынның өрнекті ойларын бұзбай, көркем теңеулері мен айшықты сөздеріне төлеу таба білу. Қысқасы, түпнұсқа тіліндегіні аударатын тілге шебер жеткізу үшін, ең бастысы аудармашының дарыны мен керемет интуициясы болуы керек.

Орыс аудармашысы, әрі әдебиетшісі Жуковский поэзия аудармасына еркіндік қажет екенін айта отырып, «прозадағы аудармашы құл, ал поэзиядағы қарсылас» дейді.

Енді, қазақ аударма ісінің негізін қалаған Абайға келетін болсақ, оның ерекше сүйіп аударған ақындарының бірі – М. Ю. Лермонтов.

Лермонтовтың «Кен жайлау – жалғыз бесік жас балаға» деген төрт шумақ өлеңін қызын былай аударған:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,  
Алла асыраған пендесі аш бола ма?  
Ержеткен соңсыймайсын кең дүниеге,  
Тыныштық пен зар боларсың баспанага.  
Тұпнұсқасы «Дитя в лульке» (1928 ж., өлеңнің аудармасы  
неміс ақыны Ф. Шиллерден алғынған):

Счастлив ребенок!  
И в лульке просторно ему  
Но дай время сделаться мужем,  
И тесен покажется мир.

Абай өлеңнің жалпы мағынасын сактап еркін аударған. Аударманы ақын дәстүрлі қазақ рифміне салып аударған. Ақын аударылған өлеңнің рухын сайма-сай жеткізуге тырыса отырып, өз халқына ұғымды етіп аударған. Қазақ халқына жақын «жайлау», «бесік» сөздерін қолданған.

Абайдың мына бір өлеңің орыс аудармашысы М. С. Сильченконың «Абайдың творчестволық өмірбаяны» атты монографиясындағы (165 бет, 1957 жыл) аударуына көніл бөлсек:

«Қайын бардық  
Қатын алдық  
Енші тиді азғана.  
Шаруа атандық,  
Енді ойландық,  
Қала берді бозбала...

ал орысшасында:  
Сватался,  
Женился,  
Разделился с родителями  
Назвали хозяином,  
Теперь подумали.  
Город дал щегольство» – делінген.

Бұл аударма түсінбеуден туып, соңғы шумағы сөзбе-сөз аударылған. Жеке алғанда «қала» – «город», «берді» – «дал» екені рас, ал «қала берді» тіркесіп айтылғанда күрделі етістік екенін автор байқамаған. Ал «қала берді бозбала»-ның негізгі мағынасы «позади осталось юношество».

Педагогика ғылымдарының кандидаты Дина Мұхамедхановнаның Абайдың «Күшік асырап ит еттім» өлеңің ағылшын тіліне аударғанына тоқталатын болсақ:

Күшік асырап ит еттім,  
Ол балтырымды қанатты.  
Біреуге мылтық үйреттім,  
Ол мерген болды, мені атты.  
I nurtured the form puppy  
And I've known its teeth  
I taught the archers the art of marksmanship  
And I myself have become their target.

Өлеңді аудару барысында Дина «асырау», «өсіру» етістігінің орнына тәрбиеleу, яғни «nurture» деп орынды қолданған, бірақ күшіктін ит болғанын көрсетпейді. «Ол балтырымды қанатты» дегенді I've known its teeth, яғни сөзбе-сөз аударсақ оның тісінің қандай екенін білдім дейді. Абайда бұл шұмақ бейнелі, өсерлі шыққан, яғни балтырымды қанатты дегенде иттің аяғынан қатты тістеп, қанатқанын көз алдымызға елестетеміз. Ақын нақты етіп бейнелесе, Дина жалпылап аударған. Динаның аудармасында істің аяқталғаны көрінбейді, ит пен күшік ұғымы біріктірілген. «Біреуге мылтық үйреттім» – I taught the archers the art of marksmanship, яғни садақшыға ату мергендігін үйреттім дейді. Біріншіден, Абайда мылтық болса, ал Дина садақ деп алған. Мысалы, XIX ғасырдан пайдаланылса, ал садақ ату XVII ғасырға тән қару-жарақ. Ен соңғы шумаққа келетін болсақ: Ол мерген болды, мені атты – And I myself have become their target – өзім садақтың мақсаты болды деген. Бұл тағы да іс нақты емес, аяқталмаған, тек жалпы мағынада айтылған. Абайда оқтың тиғенін елестетсек, Дина мақсаты болды дейді, бірақ нақты атылғанын көрмейміз. Абай осы төрт-ақ шумакқа терен философиялық ойды сыйдырған. Динаның аудармасынан оны көрмейміз.

Баяғыда И. С. Тургеневтің «Аншының жазбалары» атты еңбегін француз аудармашысы Шаррнер аударыпты. Сонда аударушы Тургеневті теріс бақтырыпты, тіпті оның айтпағанын өз жанынан қосып та жіберіпті. Осы кітабына Шаррнер беташар жазып, Тургеневті мақтапты. Осыған қатты ашуланған И. С. Тургенев француз баспасына: «Өзім айтпаған «ақылды» сөздерді менің аузыма салып, соңсоң мені мақтағансып өзін мақтауы күйдіріп барады. Француз оқырмандарына менің ерекшелігімді жеткізу керек емес пе, олар соның аңсайдығой, бірақ бұл Шаррнер аудармасында мен ондай қасиеттен жүрдаймын. Ендеше, шығарма менікі емес, Шаррнердің өзінікі» деп хат жазған.

Осыдан туатын қорытынды, аударма аудармашыны емес, авторды көрсете білу керек. Яғни, оқырманға аудармашының стилі емес, автордың стилі керек. Автордың сөз саптауы, бейнелеу жүйесін көркем, шебер бере білген аудармашыны аударма өзі-ақ көрсетеді деп ойлаймыз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Комиссаров В. Н. Теория перевода. – Москва, 1990. – 253 с.
- 2 Федоров А. В. Основы общей теории перевода. – Москва, 1968. – 416 с.
- 3 Ревзин И. И., Розенцвейг В.Ю. Основы общего и машинного перевода. – Москва, 1964. – 244 с.
- 4 Сагандыкова Н. Основы художественного перевода. – Алматы, 1996. – 250 с.
- 5 Комиссаров В. Н. Общая теория перевода. – Москва, 2000. – 137 с.
- 6 Айзенкоп С. М., Багдасарова Л.В. Глущенко И.Н., Васина Н.С. Учебное пособие по техническому переводу. –Москва, 1996. –288 с.
- 7 Қазақ әдебиеті. – 1996. – № 10. – 4 наурыз. б. 2.
- 8 Алексеева И. С. Профессиональный тренинг переводчика. – СПб., 2001. – 287 с.
- 9 Бельгер Г. Мотивы трех струн. – Алматы, 1986. – 301 с.

### ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЖАРНАМА ТІЛІ

ЖУМАНБАЕВА Р. О.  
докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Павлодар қ.

Жарнама соңғы бірнеше онжылдық көлемінде дамыған нарықтық экономикасы мен мәдениетінін бұқаралылығымен ерекшеленетін қазіргі қоғамның ажыратылmas біr бөлігіне айналуда. Қазіргі таңда жарнама тілдік амал-төсілдердің бірнеше түрлерін, сонымен қатар вербалды және бейвербалды құралдарын біркітіріп қолдану арқылы сатып алушылық іс-әрекеттеріне ықпал ету мақсатында көпшілік санасына әсер ету қарқынының күшине қатысты тек өнер және дінмен ғана салыстыруға келеді.

Қазақ газет жарнамасы бүгінгі күнге дейін толық зерттелмеген. Апта сайын шығатын тегін және ақылы жарнамалық газеттер толып кетті, олар дәстүрлі газеттің жарнамалық мәтінінің аспектісіне

ықпалын тигізіп отыр, әсіресе лингвистикалық салаға әсер етеді. Ю. В. Шатин «Построение рекламного текста» атты еңбегінде журнал мен газеттің тілі, мәтіні басқа жарнамаларға қарағанда ұзын болу керек дейді [30, 43]. Егер біз осыған дейін жарнаманың мәтіні қысқа болу керек десек, газет пен журнaldарда көрініште. XIX ғасырдың 2-жартысынан қазақ тіліндегі кітап, газеттер шыға бастады. Газет пайда болған соң публицистиканың түрлі жанрлары да пайда болды.

Алайда жарнаманың алғашқы таза нұсқасы қазактың қай басылымында екенін кесіп айту киын. Дегенмен, нағыз жарнаманың өзі болмаса да, соған үккес түрлері (деп айтайды) баспа бетіндегі жарияланып тұрады. Қандай да бір факті, деректі тексергенде немесе айтқанда сол дәүірдің тарихи оқиғаларына, хал-ахуалына мән беріп, сабактастырып айту- ескеретін нәрсе. Сол сияқты жарнама да өз мазмұнын XIX-XX ғасырдың өзгерістеріне байланысты өзгеріп отырды деуге болады. «Жана кітаптар» айдарында «Дала уәляяты» газетінде (1888-1902) мынадай жарнама жарық көрді: «Жаңада қазактар турада біr кітап шығып сатылып жүр. Сол кітапта Орал жағының қазактарының шежіресі бар, онан соң қалай орыстармен араласып бар, «жазған Алекторов» деген. Сол кітапты білімді, ғылымды қазақтар алып оқыса пайдалы. Ата-бабасының қалай жүріп, қалай түзеле бастағанын біледі. Сол кітаптың қағазы аз, бағасы 35 тиын. Астрахань губерниясының «ханская ставка» шаһарында сатылса керек» (ДУГ 1890, № 30) деп Д. Высоков қол қойған. Ал «Торғай» газетінде: «Жақында Торғай облысында орысша окудуын қазақ арасында көбейгеніне сөйлейтін һәм Торғай облысының картасы бар жаңа кітап басылып шықты. Шығарған Васильев, аламын деушілер оны шығарған Торғай облысының военный губернаторының кенесіндегі советник Васильевке барсын» деп жазылған жарнама жарияланды.

Сондай-ак «айқап» журналында (1911-1915) да «Жана шықкан кітаптар» деген тақырыпта «Жастық жемістері» қазақша өлеңмен басылған. Шығарушысы «айқап» оқушыларына белгілі Әкірам Фалымов. Ішінде әдемі-әдемі өлеңдер бар. Өлең окуды суюшілердің алып оқулары тиіс. Ұмытылған «Қалқаман-Мамыр» қазақ тіліндегі тарихи хикая. Шәкөрім Құдайбердіұлы. Бұл кітапта мұнан 190 жыл бүрін болып откен біr уақығаны қисса қызып өлеңмен жазылған. Оқушыларына әсерлі – көркем кітап. Алдырушылар Семипалатта «Ярдам» кітапханасынан алдыруға болады» деген хабарландыру

жарнамалар берілген. Дәл осында жарнамалар журнал бетінде көптең жарияланған [34, 82-89 б.].


Кеңестік кезеңде жарнама болды ма? Газет өз кезегінде біріншіден өкіметтің насиҳат-үгітші құралына айналды. Жарнаманы да мемлекет өз бақылауына алды. Жарнама күны мемлекет тарарапынан белгіленіп отырды. Бір жарнама беру үшін бірнеше сатыдан тұратын комиссия алдынан өту керек болды. Ол жарнаманың қандай пайдасы бар деген сауал бірінші кезекте тұрды. Не нәрсени жарнамалау қажет дегенде азаматтардың рухани жан дүниесін көтеретін мәдени шаруаларды жарнамалауға болады деген талаптар қойылды. Сол себепті де сол кездің жарнамаларының басым көшілігі «Біздің анықтама бөліміміз» атты айдарда үнемі театрлардың өнер кайраткерлерінің гастрольге шыққандығы жарияланып тұрды. Мәселен, «Социалистік Қазақстан» газетінде (казіргі Егемен Қазақстан) «Семей облыстық Абай атындағы музыкалық драма театрының гастролі 20-29 май аралығында М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының үйінде өнер көрсетеді. Касса күн сайын сағат 10-нан 20-ға дейін ашық. Барлық спектакльдер орысшаға аударылады» деп телефон нөмірлерін жазған. Бұл тақылеттес жарнамалар атаптың газеттің кез-келген санында кездеседі. Және бұл газет «Электроника» орталық сауда мекемесінің теледидарларын жарнамалаған. Басқа бөлмеге, ас ішетін бөлмеге апарып қоюға, саябакқа және басқа жерге барғанда алып жүргүре оңай тасымал оңай телевизор «Электроника Ц-430» немесе: «Электроника Ц-432» қара-ақ, сол сиякты түрлі түсті көрсету программасын қабылдайды. Көрсету программасын қабылдайды. Салмағы (8,7 г.) мен габариті (37x24x27) шағын қиғашынан алғанда экраны 25 см» деп жазылған жарнамадан өзіне керекті ақпаратты ала аласын. Алайда стильтік кателерге жол берілгендей көрініп тұр. Оған қарағанда «Актюбrentgen» өндірістік бірлестігі шығарған балалар ойыншықтарын жарнамалаған мәтін өлдекайда тартымды: «Балалардың гаражында осы автомобильдер пайда болса олардың ойындары бұрынғыдан да қызықты болар еді. Куатты «самосвалды» жүк тасуға таулы жерлерде жүретін машинамен жүрексінбей ең қызын рейске шығуға болады. Ал, санитарлық машина тіпті керек. Себебі қуыршықтар жиі ауырады фой...» («Социалистік Қазақстан» 1985, 4-май, 46.) Сондай-ақ «Луч» маркалы әйелдер сағатын, «Харьков» электр ұстарасын жарнамалаған. Тіпті электр ұстараны тұтынушыға «Тіпті көз жұмып қырынуға болады. Олар берік, зақымдамай таза қырады және теріні тітіркендірмейді. Бағасы

қабына және безендірілуіне қарай 15-23 сом» деген мәтіндермен жарнамаланған. Ал енді тәуелсіздікten кейін жарнама кен етек жая бастады. Сұраныстардың бірегейі жарнама десек те болады. Газет журнaldардың бетінде, ғаламторда жарнама толып кетті. Негізінде жарнамалық газет қай қағидалы ұстанса, сол қағидалы жарнамалық бет ұстайды. Егер автокөлік туралы мақала берілсе, астында міндетті түрде арқаға арналған май жарнамаланады. Сонда мынадай байланыс туындауды: көлікке отыру-арқаның шаршауы-бел ауруы-көмек көрсететін май. Қай газет, журнaldы алып қарасақ, ішпінде жарнама мәтіндерінің негізі орыс тілінде беріледі. Мысалы, газеттерде терезеге байланысты жарнамалар көп. «Окна, откосы. Качество по реальным ценам. Индивидуальный профессиональный подход. Уважение и внимание к пенсионерам» - деп берілген. Бір жарнамада былай берілген: «Формула света. Мастерская окон. Окна для тех, кто ценит качество». Жарнаманың көбі орыс тілінде берілгеніне көзіміз жетіп отыр. Ал тіліне келетін болсақ, көріктеуіш құралдарды қолданған. «Профессиональный, индивидуальный» деген эпитеттерді қолданған. Троптар мен стилистикалық фигураларды жарнамада жиі қолданады. Олар адамды сендеріп, оқырманның эмоционалды ортасына тиімді әсерін тигізеді.

Мысалы, халық банкінің жарнамасы тек газет бетінде емес., көшедегі сыртқы баннерлерде де жазылған. Мысалы, «Халық Предприниматель ускоренный» – Кредиты без документального подтверждения дохода. Қазақшасы: «Халық Кәсіпкер үдегілген» - табысты құжатты растаусыз несие. Жарнама туралы айтатын болсақ, екі тілде берілген. Барлығына анық, казак тілінің де, орыс тілінің де синтаксисінде анықтауыш анықталатын сөздің алдында келеді. Мысалы, Қырдың қызыл ғуліндей екен. Ал бұл жерде «үдегілген» сөзі «Кәсіпкердің» алдында жазылуы керек. Осы жерде мәтінді қазак тіліне орыс тілінен аударғаны дәлелденіп тұр. Жоғарыда айтып кеткендей, газет жарнамасында да көріктеуіш құралдың түрі-инверсия түрі қолданылған. О. Я. Гойхман өзінің «Язык, речь, общение» деген еңбегінде инверсияға байланысты мынадай мысал береді: «Массаж особый и ночи полные огня!». Ал эпитеттердің төмөндегідей қолданыстарын берген: «Бесподобный результат, уникальная технология» [35, 102 б.]. Банктерге, несиеғе, ломбардқа байланысты жарнамалар газет бетін, теледидар экранын, сыртқы жарнамаларды алып кетті. Цеснабанктың ипотеканы жарнамалауы. «Цеснабанк. Бүгін. Эрқашан», «Цеснабанк. Сегодня. Навсегда». «Эрқашан» деген сөз «всегда» деп аударылса, «навсегда»,

«мәңгілікке» емес пе? Немесе, Омега Финанс банкінің «Кредиты на любые цели под залог недвижимости», «Жылжымайтын мүлікті кепілге қою арқылы кез келген мақсатқа несиелер» деп берілген. Неізінде «Мақсатқа жететін несиелер» деп те беруге болушы еді. Орыс тілінен аударғанда, «на любые цели» «кез келген мақсатқа» деп аударылады. Бірақ сөйлемде «мақсатқа жету» деп аударған жөн. Осыған халық банкінің жарнамасының мына сөзін көлтіруге болады. «Халық банкі – серікtestіk дәстүрін қалыптастыра отырып», «Народный банк создавая традиции партнерства». Етістігі осы шакта берілген, бірақ сөйлемі аяқталмаған. Бұл жерде жарнаманың сөйлемдерінін толымсыз болып келетініне көзіміз жетіп отыр. Құрделі баяндауыш қазақ тілінде былай келуі мүмкін: қалыптастырып жатыр, қалыптастырып отыр. Бір жағынан қарасақ, «создавая» ауыспалы келер шакта тұр. Онда «қалыптастырады» деп айтуға болады. Газет бетінде жарнамалар не екі тілде, не орыс тілінде ғана болады. «Парасат», «Жұлдыздыр отбасы», «Қос жұлдыз», «Сарыарқа самалы», «Ертіс нұры», «Қазақстан әйелдері» т.б. қазақ баспасындағы журналдар мен газеттер бар. Осы журналдардың ішінде косметика, иіс су, дәрі-дәрмектерге, көлікке, балалар киімі, әйелдердің сөмкесі т.б. сияқты жарнамалар кездеседі.

Жарнаманың мәтіні қаншалықты қолемді болса, оның құрылымы да сондай үлкен роль атқарады. Газет пен журналдағы ең маңызды элемент – бұл тақырып. Мамандар жарнама тақырыбын алты түрге боліп көрсеткен [36, 28 б.]:



Мысалы, сұраққа байланысты: Бұрын естіп пе едіңіз? Слышали ли Вы раньше? Такого еще не было!!! Мұндай әлі болған жоқ!!! Давно ли вы с этим сталкивались? Бұрын мұнымен кездестіңіз бе? Не покупайте, пока не попробуете! Татып көрмегенше, сатып алмаңыз! 12 способов, чтобы сэкономить на подоходном налоге! Кіріс салығын үнемдеудің он екі тәсілі! Почему они не могут не покупать? Неге олар сатып ала алмайды?

Сонымен, газет жарнамасының тілінде аз сөз, көп ақпарат болады екен. Атауынан басқа ақпарат болмайды. Мысалы, Павлодар Навигаторы, Навигатор Павлодара. Газеттегі жарнама

мәтінінің негізгі аты лозунг-слоган арқылы берілуі мүмкін. Негізінде, етістік мәтінді қозғалтады, іс-әрекетке итермелейді. «Санауды тоқтат-Хватит считать» деп лимитсіз интернеттің жарнамасын мысалға алуға болады. Мұнда етістігі бүйрік райда берілген. Газет жарнамаларының мәтіндері дәлелді және логикалық құрастырылған, түсінкті болып келеді. Жарнама тілінде сын есімдер көп қолданылады. «Неповторимый – қайталанбас», «Чудесный – гажап». Осындағы әдістер мен жолдар газеттегі жарнамада кездеседі. Бұларды автор оқырманның көнілін аудару үшін колданады. Сонымен, оқырман жұмысына бір рет немесе бірнеше рет газет оқыса, міндетті түрде жарнамаға тап болады. Кез келген жарнама мәтінін құрастыру кезінде, «тілдік ерекшеліктері» деп мәселе туындаиды.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа ұсынылып отырған жарнаманың дені қазақтың ұлттық менталитетінен алыс, тіпті кейбірі мұлдем жат. Мұның себептері көп. Орыс тіліндегі, шет тілдеріндегі жарнамаға берілетін мәтін эстетикалық, дизайндық, тілдік-эмоциялық, психологиялық, мәдени, танымдық әсері тексеріліп, бірнеше сарапшының талкысынан өтіп барып көпшілікке ұсынылады. Ал қазақ тілі жағы тек бір аудармашының өресімен шектеледі де, көбінесе оның тұтынушыға әсері жеткілікті болмайды.

Қазіргі кездегі тұтынушылық жарнама тілі қөптеген зерттеушілердің аса қызығушылығын арттыруды. Алайда, бұл тілдік феноменге қаншама қөптеген мақалалар мен диссертациялар, монографиялар арналғанымен, кейбір мәселелері әлі де болса өз шешімін тапқан жоқ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Борисов Б. Л. Технология рекламы и PR. – ПРЕСС: 2001. – 449 с.

2 Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Рауан, 1984. 3–т. – 545 б.

3 Панкратов Ф. Г., Баженов Ю. К. Рекламная деятельность. – Москва, 2003. 6 басылым. – 8-9 б.

4 Шарков Ф. И., Родионов А. А. Реклама и связи с общественностью: коммуникативная и интегративная сущность компаний. – Москва, 2005. – 335 с.

5 Асанбаева С. А. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері: филолог. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 132 б.

6 Солтанбекова Ф. Ә. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және ықпал ету қызметі: филолог. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. – 138 б.

7 Молдахметова Ж. Б. Жарнаманың тілдік сипаты. Мәдениеттер тоғызындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2010. – 319–323 б.

8 Бугенова Л. М. Рекламные тексты на казахском и русском языках в межкультурной парадигме: дис. канд. филол. наук. – Алматы, 2007. – 137 с.

9 Мясиченко С. В. Слоган, стандарт и клише в рекламном тексте: дис. канд. филолог. наук. – Астана, 2010. – 134 с.

10 Досжанова Д. Б. К вопросу изучения языка рекламных текстов, 2004. – 255 с.

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

КАИРБЕКОВА Н. Т.

казак тілі мен әдебиет пәннін мұғалімі, № 2 Майқайың ЖОББМ,  
Павлодар обл., Баянаул ауд., Майқайың кенті

СУЛЕЙМЕНОВ Е. С.

казак тілі мен әдебиет пәннін мұғалімі, № 2 Майқайың ЖОББМ,  
Павлодар обл., Баянаул ауд., Майқайың кенті

Үстаз сөзінің «з» әрпін алып тастаса, «ұста» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан осы мамандықтың иесі болғандықтан, бұл атаудың атына заты сай болып, жан- жақты ұста болуы тиіс.

Шаһкерім атамыз айтқандай, адамдық борышын дегенді алдымызға келген бүлдіршіндерді, еліміздің ұлтжанды патриот тұлға жасап шығарса, сол мұғалімді нағыз ұстаз деуге болады. Әр баланың санасында мұғалім «идеал» болуы тиіс. Қазіргі заманға сай заманауи білімді, креативті, жаңашыл, адам жанын көзінен тани білетін психолог, кез келген жағдайдан шешімін таба білетін экстраверт бола білу керек.

Дәл сол сын уақыт мұғалім мен ата-ананы да тексеруге келгендей-ақ.

Әлемдегі соңғы болған оқиғалар бүкіл адамзатты дүр сілкіндірді. Еліміздегі ірі өндіріс пен білім ошақтарының карантинге жабылуы, жұмыстың тоқтауы, қоғамдық шаралардың кейінге шегерілуі – бәрі біздер үшін күтпеген жаңалық.


Ал, ең үлкен өзгеріс – мектептердің қашықтықтан оқытуға көшүі. Әрине, бұл окушылар тұрмак, мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қындау болып тұр. Көкейде сауал көп. Дегенмен, іштегі қорқыныш, үрей, сенімсіздікке қарамастан алға қарай қадам жасау маңызды.

Білім беру бұл ел болашағы үшін аса жауапты үрдіс екені мәлім. Сондықтан білім беру саласына қай мемлекетте болмасын үлкен жүк артылады. Ал қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы нәтижелі білім беру үрдісін ұйымдастыру екі есе қындағы түсетін анық. Бұл жерде тек мұғалімнің шеберлігі, компьютерлік сауаттылығы сабактың ете сапалы өтүін қарастырады. Сабактың бірсарында өтүі, пәнге деген қызығушылығы жоғалады. Ал бұл өтө қауіпті жағдай [1, 17 б.].

Қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі. Сондықтан еліміз үшін бұл да бір жана белес, жаңа шың! Ендеше, сіздермен қашықтықтан оқытуға арналған бағдарламалармен бөлісейін.

### 1 Quizizz.com қосымшасы

Бұл қосымша компьютермен де, үялы телефонмен де кіруге ынғайлы. Үялы телефон үшін алдын ала бағдарламасын жүктеп алу қажет. Мұғалім Quizizz.com қосымшасына тіркеледі. Мұғалім ретінде тіркелгеннен кейін сіз ез пәннізге арнап арнайы курс ашу мүмкіндігіне ие боласыз. Курсты сыныптар мен пәндерге қарай бөліп ашуға да болады. Әр курстың өзінің КОДЫ болады. Окушылар курсқа сол код арқылы кіре алады.




Сурет 1

Бұл қосымшада сабакта өтілген материалды қорытынды ретінде оқушылардың сабакты қаншалықты деңгейде түсінгенін тексеру мақсатында колдануға болады, яғни оқушылардың жұмысын қадағалап отыруға ыңғайлы болары сөзсіз. Курста өтілетін тақырыптың күн сайын жариялап отыруға немесе алдын-ала дайындал, сабак кестесіне сай күнді, уақытты белгілеп, жоспарлап жариялауға мүмкіндік бар. Яғни, бір сыныпқа арналған сабактардың барлығын дайындал қойып, сабактың шығатын кестесін белгілеп қойсаныз, ол өзі автоматты түрде жарияланып отырады [2, 18-19 б.].



Сурет 2

Оқушылардың сұрақка жауап беру барысында бұл Quizziz.com қосымшасының ерекшелігі әр оқушының сабактағы деңгейін диаграмма арқылы көрсетіп отырады, яғни қашықтықта отырып та оқушының сабакқа қатыспай отыруын көруге болады. Сабактың соңында бұл қосымша әр оқушының орындарын белгілеп қояды.




Сурет 3


Мұндай оқушымен кері байланыс жасау мүмкіндігі де қарастырылған, оның қателерін белгілең, ата-аналарына пікір қалдыра аласыз. Ең бастысы, бұл қосымшада арнайы журнал болады. Кімнің қай уақытта тапсырғанын, қанша балл алғанын қадағалап отырасыз. Сонымен қатар оқушылардан келген файлдардың барлығы Google Дискте сакталады. Кез келген уақытта қолжетімді болады [3].

## 2 Галерея

Бұл қосымшаны ұялы телефон арқылы жүзеге асыруға болады. Қосымшаның ерекшелігі оқушылардың жұмыстарына көрібайланыс жасауға үлкен көмегін береді, оқушылар жіберген қателерін өз көзімен көріп, қатесін түзетуге мүмкіндік алады. Сондай-ақ бұл жұмысты оқушының жеке Email-на да, ватсан желісіне де жіберуге де болады.



Сурет 4



Сурет 5

### 3 Learningapps қосымшасы

Бұл – сабакты түрлендіруге арналған қосымша. Дәстүрлі сабактармен окуышылардың қызығушылығын төмөндөтіп алуыныз ықтимал. Сол себепті Learningapps арқылы әр сабакты қызықты форматта откізіңіз. Мұнда окуышыларды өзіңіз тіркең, логин парольдерін үлестіруге немесе qr кодпен бөлісіп, окуышылардың өздігінен тіркелуіне болады. Арнайы бағдарлама жүктеудің қажеті жок, сайтқа кіріп, онлайн түрде қолдана бересіз. Ұялы телефон арқылы да кіруге болады.w

Қазір қашықтықтан оқытуға арналған бағдарламалар өте көп. Дегенмен, бұл ұсынылған қосымшалар ең тиімді және қолжетімді деп санаймын. Ендеше, іске сөт, әріптестер.

### ӘДЕБІЕТТЕР

1 Білім беру үйімдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды үйімдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Каев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2 Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді акпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – 490 б.

3 Журнал «Мектеп», № 11 – 6 б.

4 <https://devpractice.ru/python-lesson-12-input-output-work-withfiles/>

5 <https://www.sites.google.com/site/415ict/textbooks/prog-9/02-linejnyj-algoritm>

- 6 <https://studfile.net/preview/5427369/page:30/>
- 7 <https://www.introweb.ru/inews/law/news1484.php>
- 8 <https://kk.eyewated.com>
- 9 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭССЕ ЖАЗУ ДаҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

КЕТИКОВА Ж. Т.  
казақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі, Қараоба орта мектебі, Павлодар қ.

Эссе дегеніміз (франц. *essai* – тәжірибе, лат. *exagium* – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, саяси жәнетағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Л. П. Крысинның «Толковый словарь иноязычных слов» деген енбекінде эссе «жүйеленген ғылыми түрде емес, еркін үлгіде қандай да бір мәселені сөз ететін очерк» деп берілген [1, 928 б.]. «Әдебиеттің қыскаша энциклопедиясында»: «Эссе – бұл жеке тақырыпты түсіндіретін және соған байланысты әсері мен түсінігін беруге тырысатын шағын көлемді және еркін композициялық прозалық шығарма», – деген анықтама беріледі. Эссе сонғы жылдары танымал бола бастады. Бұл жанрды қалыптастыруши ретінде М. Монтень саналады. Эссе – еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі. Ол қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес. Эссенің мақсаты – эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шындау, ой жүйелігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін таңдай біліп, ой жүйесінің бірізділігін сактауда сөз оралымдарын тиімді қолдану, шығармашыл жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді қолдану.

Эссе жанры қазіргі заманда барлық мамандықтағы адамдар үшін негізгі іскерлік қарым-қатынас жасаудың, табысқа қол жеткізу үшін ез жаңалығын жүзеге асырудың, басқа адамдардың ой-пікіріне көзқарасын білдіру үшін ең негізгі жазу түрі болып қалыптастып отыр. «Қазіргі мектеп окушысы – келешек маман, ол қандай салада болсын өзінің шешімі мен тұжырымын сауатты бере алатын, ауызша

да, жазбаша ойын толғай алатын маман болуы тиіс. Болашақ маман мектеп қабырғасында эссе жазуга қалыптастып, қай мамандық иесі болса да тұжырым жасай алатын тұлға болуы керек» [2, 36 б.].

Эссе жазуда тақырыпты таңдау себебі және мәні логикалық және стилистикалық байланысқан бірқатар құрылымдардан тұрады. Бұл кезеңде зерттеу барысында жауап іздеңген сұрақты дұрыс карастыру ете маңызды, ал өрі қарай жауапты раставтын дәлелдердің реттілігі қажет. Сондықтан оқушылардың ойлау дағдыларын сабак барысында бақылау, тәжірибе, толғану, пайымдау, түсіндіру, талдау арқылы жүзеге асыру арқылы пайдалану дұрыс. Таңдаған мәселе және негізгі сұрақты қарau теориялық және практикалық негіздерін қамтиды. Мінсіз эссе жазудың дайын ережесі жоқ және болмайды да, бірақ эссе жазу дағдыларын жүзеге асыруға көмектесетін ережелер мен нұсқаулар бар. Эссенің негізгі құрылымы мынадай:

I Кіріспе:

Тақырып

Тезис

II Аргументтік бөлік:

Дәлелдеме

Тезисті бекіту, тұжырымдау

III Корытынды:

Жинақтау

Тезисті түйіндеу

Оқырманды қызықтыру үшін кіріспе бөлім жанды, нақты, күшті және мінсіз болуы керек. Онда оқырманға үндеу, афоризм, жалпы ой, жеке тәжірибеге сілтеме, аналогия, ассоциация, тұжырым, сұрақ, женіл ескертпе т.б. болуы мүмкін. Кіріспе мен негізгі бөлім арасындағы қатынас сақталуы керек. Егерде эссенің жалпы көлемі 500 сөз болса, кіріспеге 50 сөз алу ұсынылады.

Негізгі бөлім тақырыптың бірізді баяндалуы болып табылады, жазылған мәселе бойынша ұсыныстар мен көзқарастарды бейнелі түрде жеткізеді, жазбаша хабарландырудың мақсаты мен бағытына сілтейтін ой желісін құрайды, дәлелдемелері мен сілтемелері бар, идеяны дәлелдемелер мен нақты мысалдар арқылы нақтылайды. Мұнда әр түрлі айқындау құралдары колданылады.

Корытынды бөлімде әдеттегідей корытынды жасалады, жазылған мәселе мәні мен мазмұнын күштейтеді, автордың ойымен сәйкес келетін көніл-күй мен сезімді анықтайды. Эссенің корытынды бөлімі негізгі бөлімнің көлемімен бірдей болу керек. Эссе мазмұнын құрайтын автор ұстанымының негізіне автордың

жеке әсері, толғанысы жатуы мүмкін бола тұра, эссе авторына қосымша ақпараттар артық етпейді. Бұл кітапхана, интернет ресурстары, сөздіктер, анықтамалықтар, қайта оқып шығуды қажет ететін, бұрын оқылған кітаптар болуы мүмкін. Сондай-ақ жаңындағы адамдардан алынған ақпараттар да қажет.

Келесі кезең – дайындық: ақпараттарды жинақтау, тезистерді құрастыру, жұмыстың құрылымын, баяндау тәсілін анықтау. Ақпараттарды жинақтау көп уақытты алады: деректерді тексеру керек, өнімді идеялармен істеп жатқаныңызға көз жеткізуіңіз керек, бар материалдарды ретімен қойып, қайта саралап, қарап шығу керек. Кейбір мәліметтерді алып тастап, басқаларын көніттүрге тұра келеді.

*Тезис* (гр. жүйелеу, белгілеу, тұжырымдау, нұсқаулық) – бір сөйлемде қыска, нақты көрсетілген негізгі ой. Тезистер жұмыста ұсынылатын ақпараттарды жүйелеуге, идеялардың арасындағы сәйкестіктер мен сабактастықты анықтауға көмектеседі. Ең жақсысы эссе жазуда көздеген мақсатқа жетуге көмектесетін маңызды ақпараттың өзін таңдаудан бастаған дұрыс. Тезистер жұмыста ұсынылатын ақпаратты жүйелеуге, идеялардың арасындағы сәйкестіктер мен сабактастықты анықтауға көмектеседі. Эссе жазу үшін, ең басты мәселе – оқушының сол тақырыпты білуі ғана емес, сонымен бірге білгенін көркем, тиянақты тілмен жеткізу қабілеті, тіл байлығы, сауаттылығы, әдеби талдауы, негізгі мәселелерді дөп тауып, соны тұжырымды бере білуі, дүниетанымы да үлкен рөл атқарады.

*Дәлелдер* (аргументтер) – бұл қоғамдық өмір фактілері, құбылыстары, оқигалар, өмірлік жағдаяттар мен тәжірибелер, ғылыми дәлелдемелер, ғалымдар пікіріне жасалған сілтемелер және т.б. Әр тезистің пайдасына екі дәлел келтіргеніміз жән, себебі бір ғана дәлел нағымсызда болады, ал үш дәлел баянданамы құрделендіріп жібереді. Эссе жазу адамды үздіксіз оқуға итермелейді. Идея айтып, пікір білдіргенмен, аргументтермен бекіте алмау – аяқталмаған эссе. Толық эссе жазылу үшін қоғамда болып жатқан жаңалықтар, әртүрлі саладағы өзгірістер, тын ойлар, оқигалар, жаһандық мәселелер назардан тыс қалмау керек. Нашар аргументтен нашар эссе жазылады. Сонымен, эссе де ой айтывлады, ол дәлелденеді, сосын тұжырымдалады.

Эссе жазарда мынадай критерийлерге баса назар аударған жөн:

1 Эссе тақырыбының сәйкестігі;

2 Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу;

3 Жұмыстың академиялық стилде жазылуы;

4 Өзіндік тұжырымдардың берілуі;

5 Мағыналық тұтастық, ой байланыстылығы;

6 Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі;

7 Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін колдана алуы;

8 Мәтінде тілдік нормалардың сақталуы.

Эссе тақырыптары эссе түрлеріне қарай әртүрлі құрылады. Аргументтік, дәлелдемелік, әдеби, сынни, синтез эсслердің өзіндік ерекшеліктері бар. Осыған сәйкес тақырыптарында да өзгешілік бар. Эссе жазарда оқушыларға мынадай көнестерге сүйенуге болады:

✓ Эссе жазу кезінде қысқа фразаларды ұзын сөз тіркестерімен көзектестіріп колдану керек. Бұлжағдайдамәтіноңайқылуғажеткі ліктісерлін болады.

✓ Эсседе күрделі және түсініксіз сөздерді қолданбау қажет, әсіреле сөздің мағынасы шала таныс болса.

✓ Мүмкіндігінше жалпы сөйлемдерді аз қолдану керек. Эссе автордың жеке ойын көрсететін бірегей, жекеленген жұмыс болуы керек.

✓ Әзілді өте мүқият қолданған жөн. Өйткені, сарказм және дөрекілік оқырманның ашуын келтіруі мүмкін.

✓ Жеке тәжірибе, естеліктер мен өсерлердің көрсету – өз көзқарасынды және оқырманның сенімін растаудың тамаша тәсілі.

✓ Тақырыпты және негізгі идеяны ұстану қажет және одан ауытқымай, қажетсіз мәліметтерді сипаттаудан аулақ болған абзал.

✓ Эссеңі толығымен нақтағаннан кейін, баяндаманың барлық жерінде ойдың дұрыс жеткізілгеніне көз жеткізу үшін, оны қайтадан оқып шықкан дұрыс.

Эссенің қаншалықты сәтті шыққанын тексерудің бірнеше жолдары бар: мәтінді дауыстал оку, өз жазғаныңа оқырманнан көзқарасымен қарауға тырысу, ең соңында адамдардың пікірін білу. Әр уақытта адам өзінің сөзімен құнды екенін естен шығармау керек.

Эссе құрылымының бөліктері бір-бірінен ажырамайтын, спираль іспеттес болады. Сөз оралымдары, яғни абзацтан абзацқа өтуші сөйлемдер, шылаулар, қаратпа сөздер эссе құрылымын байланыстырады. Шылаулар абзацтарда айтылатын пікір мағынасына қарай қолданылады. Қаратпа сөздер эссе жазушының ойына байланысты қойылады. «Жаргон және қазіргі заманға сай сөздерді орынды қолдану керек, әйтпесе олар коммуникативті кедергі туғызыу мүмкін. Әсіреле, көп мағыналы сөздерді пайдалану

барысында мүқият болу керек: мағыналық реңкті араластыру түсіндіруді қиыннатады» [2, 74 б.]. Эссеғе эмоционалдылық, экспрессивтілік, көркемдік тән. Мамандар қысқа, ұғыныкты, екпіні бойынша әртүрлі сөйлемдер мен сөнгеге айналған заманауи тыныс белгісі – сызықшаның қойылуын эссе жазудың тиімді құралы деп санайды, яғни айқындауыш мүше, сөйлемдердің көп болуын айтады. Жалпы, стиль тұлғаның ерекшелігін танытып тұруы шарт екенін есте ұстаған жөн. Эссеңін негізгі белгілерінің бірі - көлемінің шағындығы. Қандай да бір қатаң шек қойылмайды, әрине. Эссе көлемі компьютермен тергендеге 7-10 беттей болуы керек. Гарвард бизнес мектебінде эссе көбінесе екі-ак бетке жазылады. Ресей университеттерінде 10 беткедейін жазаберуге болады.

Эссе оқушысын таң қалдыруы тиіс. Адамға ой салатын шығармадағы кейірілтер көбінесе афоризмге айналып кетеді. Эссеңде, міне, осындаи белгілер және оғаш пікірлер болуы тиіс. Сөйтіп, оқушысын ойландырып, жаңа идея тудырып отыруы абзал. Эссеңде қалыптасқан шаблондарды, сөздерді қысқартуды, жеңіл-желіп ой қорытуларды қолданудан аулақ болған жөн. Эссе тілі байсалдылықты талап етеді.

Эссе жазудағы қателер деп мыналарды айтуда болады:

- тексеру жұмысын дұрыс жүргізбей;
- емле қателерін тексерумен шектеліп қалу;
- екіүшты ойлар, сәтсіз алынған фразалардың жоқтығына көз жеткізу;
- кіріспе сөздің тым ұзактығы, детальдардың жетіспей тұруы;
- көпсөзділік, т.б.

Қазір әлемдік білім беру жүйесінде адамның теориялық білімі мен тәжірибесіне емес, сынни ойлау қабілетіне қарап бағалау жүйесі қалыптасқан. Ал эссе жазу – осы сынни ойлау қабілетін қалыптастыратын, оқушының кез келген мәселелеге қатысты ой-пікірін білдіре алу деңгейін, сауатты жазу дағдысын тексеруге мүмкіндік беретін ең тиімді тәсіл.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Крысин Л. П. Толковый словарь иноязычных слов. – М.: Экмо, 2006. – 944 с.

2 Иманбекова Б. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс. – Алматы, 2003. – 136 б.

3 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: «Зият Пресс», 2006 – 140 б.

## ЮМОРЫСТИКАЛЫҚ ДИСКУРС: ЛИНГВОКОММУНИКАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІК

ҚОПАЕВА Ә. Қ., МАШРАПОВА З. С.  
докторанттар, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ҚАДЫРОВА Б. М.  
ф.г.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Комикалық категория адам санасына қатаң тәртіп бойынша ойлау шенберінен шығып, қарастырылып отырган объектідегі қарама-қайшылықты, сонымен қатар оның басқа объектілермен байланысын көруге мүмкіндік береді, бұл шындықты бейнелеудің көп өлшемділігі мен адам интеллектінің әлеуетін арттырады [1, 180 б.]. Бір жағынан, бұл жалпы құбылыс, ол комикалық дискурстың тақырыбын, жанrlарын қамтиды. Екінші жағынан, комикалық – бұл бірқатар прагматикалық факторлармен расталған этно және әлеуметтік ерекшелік құбылысы. Комикалық категория туралы мәселе негізінен эстетика мен стилистика аясында қарастырылды. Олардың көпшілігі юморды зерттеудің лингвистикалық аспектісін, басқалары әлеуметтанулық және үлттық-мәдени аспектілерін қарастырган.

Зерттеушілер қарым-қатынастың құлқілі түріне, юморлық дискурсқа қатысты комикалық құбылыстың әр түрлі жақтарын көрсететін көптеген терминдерді ажыратады. Құлқі, тапқырлық, ирония, әзіл, қалжың, сатира және т.б. карнавал мәдениетінің бір болігі, карнавал санасының көрінісі ретінде құлқілі жағдайлар мен құлқілі шығармаларға тікелей байланысты ұғымдар [2, 18 б.]. Комикалық категория – кең үғым, бұл әлеуметтік маңызы бар ерекше эстетикалық категория. В. Я. Пропп құлқі тұдыратын барлық нәрсені комикалық салаға жатқызады [3, 391 б.]. А. Бергсон бұл категорияны мағыналы ойын ретінде қарастырады; реакцияларымыз бер эмоцияларымызды реттейтін тыбымдар мен нормалар бөгет болмаса, құлқі мен келеке етуге болатын барлық нәрсені жатқызуға болады [4, 13 б.].

Лингвистикалық зерттеулерде, атап айтқанда, Н. Д. Арутюнова мен И. Р. Халпериннің еңбектерінде ұсынылған құрылымдық-семантикалық бағыт аясында, комикалық құбылыс көбінесе жеке лексикалық бірліктің мағынасы шенберінде немесе объективті сөздік бірліктерге сүйене отырып, жеке сөйлемнің құрылымы аясында қарастырылады. Өз кезегінде Н. Хомский, Е. С. Кубрякова, В. З. Демьянков ұсынған когнитивті тәсіл тілдік және ойлау процестерінің параллелизмі туралы тезиске сүйене

отырып, тілдік құрылымдар қоршаған әлемнің құрылымымен қатар адамның танымдық тіршілігінің құрылымын көрсете алды, құлқілі мәлімдемені түсіндірудің одан да кең перспективасын ұсынады – дискурс деңгейінде оның прагматикалық, әлеуметтік-мәдени және психологиялық сипаттамалары. Комикалық әсердің пайда болуы әлемдегі мүмкін жағдай туралы екі білімнің бір пропозициясының нәтижесінде мүмкін болады. Осылайша, «комикалық» категорияны зерттеушілердің көпшілігі оның негізгі ерекшелігін қарама-қайшылық, сәйкесіздік ретінде анықтайды. Аталған қарама-қайшылық адамның ерекше реакциясына, құлқі арқылы ғана шешілуі мүмкін нақты қактығыс жағдайына әкеледі. Юмористикалық дискурс, Й. Хейзинг пікірінше, танымдық деңгейде, тілдік деңгейде де ойын орын алды. Жалпы, юмористикалық дискурстың мақсаты – тіл құралдары, нормалар мен стереотиптер ойыны, бұл ойын-сауық пен құлқіні қамтып, сонымен қоса адамның табиғи және әлеуметтік детерминизмнен де арылуды қөздейді [5, 3 б.]. Юмористикалық дискурс қарым-қатынасқа қатысуышылар арасындағы қашықтықты қысқартып, қарым-қатынастың маңызды емес ренкімен сипатталады. Әзіл-қалжындық қарым-қатынастың эмоционалды атмосферасы қарым-қатынасқа қатысуышылардың бір-біріне деген достық қарым-қатынасын, спикерлердің белгілі бір дәрежеде әлеуметтік мәртебесін ескермеуін, институционалдық дискурстарда бекітілген белгілі бір құндылықтарды ойнай отырып ауыстыруды білдіреді. Юмор мәтіннің әр түрлі түрлерінің болігі бола алды. Нысанға деген құлқілі көзқарасты газет макалаларынан, журналистикадан табуға болады, тіпті аса маңызды мәтіндерде де қалжың жазылған үзінділер болуы мүмкін.

Юмористикалық дискурсты зерттеуге арналған көптеген еңбектерде дискурстың бұл түрі құлқілі қарым-қатынас жағдайына енгізілген мәтін ретінде анықталған [6, 13 б.]. Мұндай жағдайға тән белгілері: 1) қарым-қатынасқа қатысуышылардың маңызды сөйлесуден аулақ болудың коммуникативті ниеті; 2) қарым-қатынастың юмористикалық ренкі, яғни қашықтықты қысқартуға және нақты үғымдарды жұмсак түрде сыйни тұрғыдан қайта қарастыруға деген үмтіліс; 3) осы лингвомәдениетте қабылданған құлқілі мінез-құлықтың белгілі бір модельдерінің болуы. Коммуникативті ниет юмористикалық дискурсын құруда шешуші рөл атқарады, ал стихиялық және дайындалған сөйлеудің қарсылығы маңызды. Бұл қарама-қайшылық сөйлеуші үшін маңызды, өйткені жаңа анекdot айтуға немесе құлқілі оқиға туралы хабарлауға деген

ұмтылыс көбінese әңгімелесудің қозғаушы күші болып табылады. Мұндай мотив – бұл өздігінен қалжындағаса сөйлеу әрекеті. Адресат үшін сөйлеуді жіберушінің мінез-құлқының ішкі мотивациясы емес, коммуникативті өзара әрекеттесу процесі маңызды. Сөйлеушінің көзқарасы бойынша, қалжын ниеті жеке тұлғаның түрімен (кез-келген жағдайда әзіл-қалжындық қарым-қатынасқа бейім адамдар бар екені белгілі) және қарым-қатынас саласымен (белгілі бір қарым-қатынас саласында әзілдердің орындылығының белгілі бір градациясы бар: ескі достардың кездесуі өзара әзіл-қалжынға деген көзқарасты білдіреді, ал күнгерлердің айғақтарын беруде мұндай көніл-күй жоққа шығарады). Коммуникативті ниеттің жүзеге асырылуы үшін оны адресаттың реакциясы қолдауы керек. Баяндамашы белгілі бір қарым-қатынас жағдайында әзілдің орындылығын тексеру үшін мінез-құлқыта белгілі бір сигналдарды пайдаланады.

Социолингвистикада бұл бастама, әдетте, жоғары деңгейге, яғни жоғары әлеуметтік мәртебесі бар адамға тиесілі екендігі белгілі. Осылайша, мәртебелік теңсіздік бастықтың әзіл-қалжының мүмкін алғышарты ретінде әрекет етеді: әзілдің бұл түрін оның мәртебесін көрсету, есеп беру, оқыту және т. б. сияқты манипуляциялар санатына жатқызуға болады. Мұндай қарым-қатынасқа тыйым салынған айқын белгілердің болмауы (жағдайдың салтанаттылығы, адресаттың терең теріс эмоционалды тәжірибесі, сөйлеушінің өзі сезінетін қорқыныш және т.б.) әзіл-қалжынмен сөйлесу үшін сигнал болуы мүмкін. Коммуникативті ниет олардың іске асырылуында бірнеше кезеңнен өтеді: әзіл-қалжынға ұмтылу, жағдайдың барабарлығын бағалау, әзілдің ауызша көрінісі, адресаттың реакциясын бағалау. Юморлық коммуникативті ниеттің іске асырылуы бірден жүзеге асырылады, сондыктan кезеңдерді бөлу шартты болып табылатынын айта кеткен жөн.,

Сонымен қатар, адресаттың жағдайын және реакциясын бағалау вербальды емес: бұл көзқарас, мимика, ым-ишарат, дауыс тембрінің белгілі бір сипаттамалары деңгейінде жүреді. Жазбаша сөйлеуде соңғы уақытқа дейін әзіл ниеті білдірілмеді. Мәтіннің мазмұны оқырманға автордың ниетін бағалауға мүмкіндік беруі керек деп есептелді. Юмористикалық реңк – қарым-қатынасқа қатысуышылардың бір-біріне деген достық қарым-қатынасымен, екінші жағынан белгілі бір құндылықтардың ауысуымен сипатталатын эмоционалды қарым-қатынас атмосферасы. Юмористикалық реңк – бұл қарым-қатынасқа қатысуышылардың

юморға деген өзара көніл-күйі, бұл болып жатқанның бәрін күлкілі түсіну, өзіл мен құлуге дайын болу. Егер юмористік ниет спикердің коммуникативті мінез-құлқының сипаттамасы болса, юморлық жағдайды ұйымдастыруға деген ұмтылыс, яғни сөйлеу тақырыбының белсенді позициясы, онда юморлық тоналдылық-коммуниканттың бастапқыда юмормен белгіленген жағдайға деген көзқарасы, бұл жағдайда сөйлеу субъектісінің позициясын салыстырмалы түрде пассивті деп анықтауға болады. Мысалы, комедияның эстрадалық қойылымына келген адамдар әзіл-әңгімелерін оқып, әзілдерді тыңдайды. Мәтін лингвистикасында адресаттардың екі түрі ерекшеленеді: адресат сыншы және адресат-эмпатик (Мышкина, 1991). Біріншісі оқиғаларды аяусыз бағалауға тырысады, ал екіншісі осы оқиғаларға қатысады және қатысуышыларға жанашырылыш танытады. Сыншы Адресат әзілді естігендे, алдымен оның күлкілі екенін бағалап, содан кейін оған жауап беруі керек. Эмпатиялық адресат алдын-ала спикердің жағында болады, өзін онымен байланыстырады және әзілді соңына дейін тындармай-ақ құлуге дайын. Әрине, бұл түрлер, көптеген басқалар сияқты, өте шартты, бірақ біз үшін қарым-қатынастың юмористикалық тоналдылығы адресаттардың-эмпатиканың қалыптасатындығын атап өту маңызды.

Прагмалингвистикалық юморды талдау түрғысынан белгілі бір құлкі реакциясының механизмін түсіну (және егер ол болжанса, оның болмауы) сезсіз юморлық эмпатияны зерттеуге жол ашады. Мұнда біз әзіл-қалжын қарым-қатынастың мәдени және психологиялық сипаттамалары туралы айтып отырмыз. Әзілді түсінуге дайын болу адамның жеке ерекшеліктеріне ғана емес, сонымен қатар белгілі бір мәдениетте қабылданған мінез-құлқытың белгілі бір стереотиптеріне де негізделген. Бұл түрғыда әртүрлі лингвистикалық мәдениеттерге тән юмор туралы айту орынды. Юморлық ниет, кем дегенде, лингвомәдени ерекшелікпен сипатталады халықаралық әзіл-қалжынға деген ұмтылыс жеке тұлғаның ерекшеліктеріне байланысты, ал әзілді түсіну мәдениеттің жалпы контекстінде тоқылған. Құлкілі этно-мәдени ерекшелігін зерттеу (көбінесе әзіл қарастырылады) зерттеушілердің назарын бірнеше рет аударды. Әзілді сыншы және эмпатикалық қабылдау арасындағы байланыс интеллектуалды өндөлген және қаралайым әзіл түрлерінің арақатынасына сәйкес келеді. Тапқыр түжырым тек құлкіге ғана емес, сонымен бірге автордың зияткерлік қабілеттерін бағалауға да арналған. Қарым-қатынас кілті қарым-

қатынасқа қатысушылар арасындағы мәртебелік және тұлғааралық қатынастармен анықталады. Қарым-қатынастың бірнеше кілті бар: қарапайым (бейтарап), салтанатты, ресми-іскерлік, достық, өзіл. Осы түрғыдан өзіл-қалжындық қарым-қатынас серіктестер арасындағы жақын, достықты қатынасты сактап қана қоймайды, алайда мұндай ара-қатынаста өзіл орынды екенін де айта кету керек. Әдettегі құлқи реакциялары туралы айтатын болсақ, біз ен алдымен белгілі бір мәдениетте қабылданған эмоционалды өзін-өзі бақылау дәрежесін айтамыз. Құлқілі мәлімдемелер барлық алуан түрлілігімен белгілі бір заңдарға сәйкес құрылады, олар ниет пен нәтиже, күту мен шындық, оның мазмұны мен формасы арасындағы сәйкесіздіктерге негізделген. Құлқілі мәтіндерді құру тәсілдерін рәсімдеу және есептеу мүмкін емес, бірақ мұндай мәтіндерді жіктеу критерийлерін ұсынуға болады. Ең жалпы зерттеу схемасы – өзілдің семиотикалық моделі, онда құлқілі мәтіндердің семантикалық, прагматикалық және синтаксистік кластары ерекшеленеді. Бірінші жағдайда біз объект пен шындықтың сәйкесіздігіне (әр түрлі нонсенс түрлери), екінші жағдайда тақырып пен жағдаяттың мінез-құлқының сәйкес келмеуіне (кейіпкерлердің құлқілі немесе әдепті мінез-құлқы), үшінші жағдайда-сөйлеудің жанрлық-стилистикалық ұйымдастырылуының және нақты жағдайлардың сәйкес келмеуіне байланысты (кодты құлқілі өзгерту, біреудің сөзіне еліктеу, регистрді төмendetу және т.б.).

Сонымен құлқілі мәтіндерді құрудың сценарийлік моделі ұсынылады: құлқілі қайталаулар, семантикалық тұзактар, күтпеген фокустау және т.б. құлқілі эффект жасаудың мұндай әдістері алгоритмдердің бір түрі болып табылады. Құлқілі мәтіннің шарықтау шегі – үйлеспейтін құбылыстар тіркесімі. Тек коммуниканттар үшін маңыздысы – юмор, осыған орай өзілдерді әртүрлі этномәдени немесе әлеуметтік-мәдени топтарға тән құндылықтардың көрсеткіші ретінде қарастырған жөн.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Вербицкая О. Ю. Опыт лингвистического исследования парадоксального речевого акта в комическом дискурсе: на материале английского языка: дис. канд. филол. наук. Иркутск, 2005. – С. 251.

2 Бахтин М. М. Ауызша шығармашылықтың эстетикасы. – М., 1986. – 186 б.

3 Пропп В. Я. Морфология волшебной сказки. – Л., 1982. – С. 459.

4 Бергсон А. Смех. – М., 1992. – С.356.

5 Карасик В.И. Анекдот как предмет лингвистического изучения // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. – Саратов: Колледж, 1997. – Вып.1., С.11

6 Карасик, В.И. О типах дискурса / В.И. Карасик // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: Сб. науч. тр. – Волгоград, 2000. – С. 5 – 20. – URL: <http://shtab.russian-latvia.info/main.php?w2=pressa&id=1027>

### ҚӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫНЫҢ ФОНЕТИКАСЫ

ҚАЙРАТОВА Н. Қ.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Адам баласының тілі – дыбыс тілі. Сөйлеген сөздеріміздің қай-қайсысы да түрлі дыбыстардың түрліше құралысы, орналасуы сияқты көрінеді. Қазақ фонетикасының зерттелу тарихының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл тақырыпты ашып қарастыру үшін, ең алдымен, қоңе түркі жазуынан бастағанымыз жөн.

Орхон – енисей жазба ескерткіштері тіліндегі дыбыстар да жасалуы мен айтылуына және естілуіне қарай дауысты және дауыссыз дыбыстар болып екі топқа бөлінеді [1].

### Кесте 1

Нышандар	Жазу үлгісі	Дыбысталуы	Нышандар	Жазу үлгісі	Дыбысталуы
↓	A	a,e	I		с,ш
↑	I	ы,i	♂		т
>	W	o,u	һ		т
₪	Ӯ	ө,ү	D		й
Ј		б	Ҩ		й
Ҽ		б	Ҫ		ч

		д		M	м
		д		NG	ң
		ғ		NY	ң
		ғ, ғ		P	п
		к		Ş	ш
		к		Z	з
		л		ок/ко, ко/ку	
		л		өк/үк, кө/ку	
		н		ык/кы	
		н		иң/чи	
		р		LT	лт
		р		NÇ	ңч
		с		NT	нт

Орхон експерткіштеріндегі көне руникалық жазуда төрт дауысты әріп бар. Яғни, а/е үшін бір әріп, ы/і үшін бір әріп, о/ұ үшін бір әріп және ө/ү үшін бір әріп қолданылған.

Белгілі түрік зерттеушісі Талат Текин Орхон експерткіштерінде қолданылған дауысты дыбыстарға тән төмендегі ережелерді аныктап берді:

1 Сөз басы және сөз ішіндегі А және Е дыбыстры көбінесе жазылмайды. Мұның себебі, сөздердің көбі а немесе е фонемаларынан басталып, келесі буында дәл осы әріптермен жалғасады, және келесі буын түйік буынды болып келеді: D<sup>1</sup>K<sup>1</sup>=(a)д(a)к «аяқ», R<sup>2</sup>N<sup>2</sup>=(e)р(e)н «адамдар»

2 Егер сөз басында немесе алғашқы буында езулік (а, е, ы, і), не еріндік (о, ө, у, ү) дауыстылар болса, одан кейінгі буындарда да дәл сол топтагы әріптер кездеседі: IR<sup>1</sup>K<sup>1</sup>=ыр(а)к, ICR<sup>2</sup>=ичре «ішінде»

3 Алғашқы буындағы езіулік дауысты дыбыстардан кейін кездесетін еріндік дауыстылар сөз ішінде таңбаланады: K<sup>1</sup>IL<sup>1</sup>N<sup>1</sup>M\$=қыл(ы)нм(ы)ш «жаратылыпты-мыс», S<sup>2</sup>B<sup>2</sup>N<sup>2</sup>P=c(e)б(i)н(i)н(i)п «сүйсініп».

4 Ал сөз басында езіулік дауысты қолданылып, одан кейінгі буындарда да езулік дауыстылар кездессе, онда ол әріптер көрсетілмейді: L<sup>1</sup>T<sup>1</sup>WN<sup>1</sup>=(a)лтын «алтын», K<sup>2</sup>L<sup>2</sup>WE<sup>2</sup>T<sup>2</sup>M=k(e)лұрт(ү)м «кетірдім, алып келдім».

5 Алғашқы буындағы еріnlік дауыстылардан кейін езулік дауыстылар кездесе, олар таңбаланады: T<sup>2</sup>WL<sup>2</sup>IS<sup>2</sup>=Төліс «Төліс(қаған)», S<sup>2</sup>WÇIG<sup>2</sup>=сүчік «тәтті»

6 Алғашқы буынның еріндік дауыстысынан кейінгі дауыстылар, әдетте, жазылмайды: B<sup>1</sup>WD<sup>1</sup>N<sup>1</sup>=бод(у)н «халық», WL<sup>1</sup>G<sup>1</sup>=ұл(у)f «ұлық(ұлы)».

7 Сөз сонында кездесетін дауысты дыбыстардың барлығы да көрсетіледі: K<sup>1</sup>R<sup>2</sup>A=k(a)ра «қара», Y<sup>1</sup>ZI=й(a)зы «жазу» [3].

Орхон – енисей жазуларының бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар екендігі байқалады. Мәтінде дауысты дыбыстардың екі дауыссыз дыбыс ортасында өте сирек кездесуі және елеулі ролі болмауы осындағы өзгешеліктерге жатады. Сөздердің жуан не жінішке екендігін де қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан, жінішкелігіне қарай ажыратса аламыз.

## Кесте 2

Орхон–енисей жазбалары фонетикасы	Қазіргі казак фонетикасы
Жалаң дауыссыздар. Ескерткіштерде жалаң дауыссыздардың катарына жуан буынды сөздерде де, жінішке буынды сөздерде де бірдей кездесе береді:	
	З-ызың ұяң дыбыс.
Сөздің басында кездеспейді де, сөздің ортасында және аяғында жиі колданылады: өзүм (өзім), сүкүстіміз (соғыстық), үгүзке(өзенге).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: өзім, зан, каз.
	М-мұрын жолды сонор дыбыс.
Бұл да көбінесе, сөздің арасында және аяғында кездеседі: семіз(семіз), бармыс(барған),	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: момын, мол, қалам. оғузым(менің оғызым).
	П-шүғыл катан дыбыс.

Сөздің ортасында және аяғында кездеседі: апа(апа), есідіп(естіп), коп(көп).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: акпарат, парта(кірме сөз), алқап.
Ш-катаң спирант дыбыс.	
Ескерткіштерде өте жи кездеседі: Йашыл үгүз(жасыл өзен), ташра(тыска), башлай(бастап).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: шам, аш, шу.
Ч-катаң аффрикаттық дыбыс.	
Орын талғамайды. Сөздің барлық шеңінде кездесе береді: өл(шол), ічік(ішік), ач(аш).	Төл сөздерде колданылмайды. Тек орыс тілінен енген барлық буындарда колданылады: диспетчр, чемодан. Диалектілерде көтеп колданылады.
Ң-мұрын жолды сонор дыбыс.	
Сөз басында кездеспейді де, сөздің ортасында және аяғында қолданылады: теңрі(тәңрі), орң(ак, боз), барын, он(алғашқы).	Сөздің басында қолданылмайды. Тек ортасында және аяғында қолданылады: аң, жана.
Қос да уыссыздар. Орхон-енисей ескерткіштері тілінің қазіргі казак тілінен бір ерекшелігі – мұнда бір дыбыс екі, кейде одан көп таңбамен беріледі. Олардың бірі жуан сөздерде, екіншісі тек жіңішке сөздерде кездеседі.	
Бб-шұғыл ұяң дыбыс.	
Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Орын талғамайды, сөздің барлық шеңінде бірдей кездесе береді. Жуан түрі тек жуан буынды сөздердеған колданылады. Будунқа (халықта), суб(су), бардымыз (біз бардық) Жіңішке түрі тек жіңішке сөздердеған колданылады: еб(үй), білге (дана), біліг есі (білік иесі)	Қазақтың төл сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында колданылады: бака, дыбыс, клуб.
Ғғ – ұяң, ызың дыбыс.	
Сөз басында кездеспейді, тек жуан буынды сөздердің ортасында не сонында колданылады: оғуз (огыз), тағыт (тауды), айгучы (кенесші)	Сөздің басында және ортасындаған жазылады; ғалым, ага.
Жіңішке түрі сөз басында кездеспейді. Сөздің ортасында және аяғында ұшырайды: іді (кожа), тегді (жетті), йердекі (жердегі).	
Гг – ұяң, шұғыл дыбыс.	
Жіңішке сөздердің ортасында не сонында кездеседі: білге (дана), көрүг (хабаршы), келігме (келетін орын)	Қазақтың төл сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында колданылады: гул, егін, округ.
Дд – шұғыл ұяң дыбыс.	

Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі тек жуан буынды сөздердің ортасында және аяғында кездеседі де, сөз басында қолданылмайды: будун (халық), айды (айты), ачымыз (біз аштық).	Қазақтың төл сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды. Тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында қолданылады: дала, адад, отряд.
Й-ауыз жолды сонор дыбыс.	
Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі орын талғамайды: ыагы(жуа), йырайша(шығыска), ыйұча(жұка). Жіңішке түрі де орын талғамайды: ыеме(және), йерке(жерге), ыйү(жеп).	Сөздің басында қолданылмайды(йол кірме сөзінен басқа). Тек ортасында және аяғында қолданылады: жай, кайрат, ай.
Ққ-шұғыл катаң дыбыс.	
Жуын сөздердің барлық шеңінде кездеседі: йоқ(жоқ), қыз(қызы), қырқаз(халық).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: ак, казак, акку.
Ққ-шұғыл катаң дыбыс.	
Жіңішке сөздің барлық шебінде де келе береді: екі(екі), кісіг(кісіні), түрік(түрік).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: күрек, есқі.
Л-ауыз жолды сонор дыбыс.	
Жуан түрі де, жіңішке түрі де сөздің басында бірен-сарап сөздерде болмаса, кездеспейді. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және аяғында келді: лазғын(шошқа), олур(отыр), балықдақы(қаладагы). Жіңішке түрі жіңішке сөздердің ортасында және аяғында келді: іл(ел), күчлік(күшті), Ілтеріс(қаган).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: қала, мол, лак.
Ң-мұрын жолды сонор дыбыс.	
Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі орын талғамайды, сөздің барлық шеңінде келе береді: он оқ(турік тайпасы), қаган(хан), йанылым(кайтайык).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: нан, ана.
Жіңішке түрі де орын талғамайды, сөздің барлық жерінде кездесе береді: неке(неге), үчүн(үшін), бізін(бізді).	
Р – ауыз жолды сонор дыбыс.	
Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және аяғында ұшырайды. Сөздің басында еш үакытта кездеспейді: йорысар (көшсе), түрүк (турак), олурғалы (отыргалы).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: рас, ара, анар.
Жіңішке түрі де сөз басында келмей, сөздің тек ортасында және аяғында қолданылады: темір, йір(жер), тенрі (тәңрі).	
С – ызың катаң дыбыс.	

Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан сөздердің барлық шенінде кездеседі: сабы (оның сөзі), сакынтым (ойладым), бұңсыз (мұнсыз). Жіңішке түрі де орын талғамай, сөздің барлық шенінде келе береді: тұргес(тұргеш), сұміз(біздің әскеріміз), сұнұғ(сұнғи)	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: сот, ас, кас.
Т – шұғыл катаң дыбыс.	
Жуан және жіңішке түрлерінде кездеседі. Жуан түру жаун буынды сөздердің барлық шенінде кездесе береді: токуз(тогыз), қытан (қытан), атлат( аттан).	Сөздің барлық буындарында кездесе береді: торт, ата. [4]
Жіңішке түрі де орын талғамайды: тұн, ерт, келті (келді). [2]	

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы: «Қазақ университеті». 1992. – 192 б.
- 2 Айдаров F., Құрысжанов Ә., Томанов М.. Қоңе түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы. 1971. – 272 б.
- 3 Tekin T. Orhon yazıtları. – Ankara, 2014. –232 б.
- 4 Ибрагимов Қ. Шың – кітап. – Алматы, 2010. – 328 б.

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЮМОРДЫҢ БЕРИЛУІ

ҚАНАТҚЫЗЫ Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ әдебиеті - көп салалы, кең тақырыпты, көркемдік аясы кең жанрлардан тұратын әлем. Әдебиет көркеменер жанры ретінде қоғамның түрлі суреттерін береді. Сол қоғамдағы түрлі құбылыстар мен бейнелерді ашуда қолданылатын әдіс-тәсілдері де түрлі болары анық. Қоғамды суреттеуде қашшама ғасырлардан бері келе жатқан тәсілдердің бірі – күлкі арқылы беру. Бұл көбіне – көп юморлық шығармалар табиғатына тән. Юмордың берілуіне қарай барлық шығармаларды сол бір жанрға да топтаудың қыындығы бар. Сонымен бірге қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында юмордан ғері сатираны зерттеу мол кездеседі.

Юмор арқылы кең қолемдегі қоғамды ашып көрсету қын тәсіл. Бұл ретте, қаламгерлерге сатиralық тәсілдер женилдеу

болады. Юмор арқылы жалпы психологиялық ахуал бұзылмай, эстетикалық, дәстүрлі қалыпты сақтап жеткізу көркемдікті талаң етеді. Сол себептен де, юмормен қоғамды суреттеу, юморлық кейіпкер арқылы ортанды таныту суреткердің стилін де, бағыты мен көркемдігін де ашады.

Қазақ әдебиетінде юморлық шығармалар көбіне-көп поэзиялық лирика жанрда сықақ, шарж, пародия түрінде талданса, драматургияда комедия жанры аясында қарастырлады. Прозадағы юмор, тақырып пен идеяның берілуіндегі орын, юморлық кейіпкер мәселесіне аса көніл аударылмағанын байқады.

Қазақ әдебиеттіндегі юмор туралы зерттеулерді А. Байтұрсынов зерттеулерінен бастаймыз. «Әдебиет танытқышта» ғалым толғау түрлерінің бірі ретінде «Құліс толғау» деп береді. Ғалым құлқіні екі түрге бөледі. Бірі – шын құлқі, екінші – сын құлқі. Шын құлқі көнілі хошы көтерілгенде болса, екіншісі ерсі уақыттағы құлқі дейді. Шын құлқі көнілдің күйін білдірсе, сын құлқі көнілдің күйіне сын тудырады. Ал адамның арына тиу жағынаан құлқі де екі түрлі болады деп бөледі. Бұлар – мазақ қылу, мыскылдау және сықақ қылу. Мазақ қылғанда кемшілік айттылып, мін қозгалады. Мыскылдау – сөздің өнін айналдыру, кексін зілді болады да, көнілге ауыр тиеді. Сықақ пен кулық құлқі – көнілге ауыр тимейтін құлқі. Ғалым құлқі түрлерін осылай жіктең, оның әрбіріне түсінік береді [1, 456-457 б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымында юморлық шығармаларды зерттеу ғалым М. Тілеужанов «Қазақ әдебиеттіндегі (прозасындағы) юмор мен сатираның идеялық көркемдік өзгешелігінің проблемалары» [2] тақырыбындағы докторлық диссертация еңбегінде талданады. Ғалым қазақ прозасындағы юмор мен сатираның берілуінен ғері тақырыптық-идеялық мазмұндарына көп назар салған.

Ғалым А. М. Мұсаевтың бірқатар зерттеулерінде қазақ әдебиеттіндегі юмор мен сатира жанрының ерекшеліктері зерделенген [3], [4]. А. Мұсаев қазақ әдебиеттіндегі сатира мен юморды зерттеуде негізінен, көбіне назарды сатирада көбірек аударады. Сатираның қоғамдағы орны мен мәніне, оның әлеуметтік күшіне қарай талдау жасайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі юморға арналған зерттеулерге назар салсақ, жекеліп, юморды бөліп қарастырған еңбектерді жоқ деуге де болады. Әдебиеттегі юмор мен сатринағұ жүгі де, қызмет, міндеттері де әр түрлі. Бірақ сатирадағы қүлкінің епкіні мен қоғамдық күші

уытты болып келеді. Сондыктан зерттеуде сатира басты орынға шыгады да, юморды бөліп қарастыруға көп назар салынбапты.

Қазақ әдебиетіндегі юмордың табигаты мен жанрлық ішкі бөліктері, әдебиеттің әр жанрындағы өзгешеліктер туралы Т. Қожакеевтің [7], [8] сатира туралы енбектерінде айтылады. Т. Қожакеев – қазақ әдебиетіндегі сатира жанрын теренде зерттеп, оның табигаты мен әр кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік мәнін, сонымен бірге тарихи дәүірлер бойындағы қазақ әдебиетіндегі сатираның қоғамдық күшін Абай, Дулат, Махамбет, Шернияз, Сұлтанмахмұт, С. Денентаев шығармалары арқылы анықтап береді.

1 Сатира, юмор – қоғамдағы болмыс-құбылыстарды ұзак зерттеудін жемісі.

2 Сатира, юмор – белгілі бір қоғамдық дүниетанымның, саяси-әлеуметтік көзқарастың көрінісі.

3 Әзіл, қалжың сөз қақтығысы, пікір таласы, тапқырлық жарысы ретінде туады.

4 Сатира мен юмор жалпы қоғам мүшелерінің барлығына бағыттала береді. Әзіл, қалжың нақты бір адамдарға арналады.

«Адам – жаңа қоғамды орнатушы ғана емес, әрі оның иесі, басқарушысы. Қоғамның заң-тәртібін, міндет-мақсат, бағыт-бағдарын оның өзі белгілейді. Белгілейді де: олардың орындалылуын бақылайды, жүзеге асырылуы үшін күреседі» [7, 124 б.].

Фалым сатира мен юморды қалай зерттесе де, оның қоғамдық қызметінде, ортаға әсеріне көніл аударады. Зерттеулерінде қоғаммен біртұста алып қарастырады.

Юмор – ағылшын тілінен енген термин. Ол: humour-әзіл, көніл-күй, көніл-күй дегенді білдіреді. Драматургияда комедияның ерекше түрі. Әзілдің өзіндік ерекшелігі оны басқа күлкілі түрлермен салыстыру арқылы анықталады. Ирониядан айырмашылығы әзіл астында риясyz күлкілі болады. Иронияның мақсаты – мазак ету. Өзі өш алғысы келген, ренжіген немесе әйткең бір ішкі қарсы мақсаттағы оймен адамның намысына тиіп, адамгершілік қасиеттерін кемсітеді. Юморда кемсіту емес, сол шығарма кейіпкерінің мінезін көрсету, бұл бейнелеуде мыскыл мен әжуса жоқ. Иштей бірігу, сол қасиетті колдау да бар.

Қазақ сатирасы мен юморының алғашқы ұлгілерін ерте кездегі халық ауыз әдебиеті туындыларынан бастайды. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Алдар Қосе мен жалпы түркі халықтарына ортақ Қожанасыр бейнелері бірде ашы уытты кекесінмен, мыскыл, күлкімен, тіпті терең оймен де астасып кетеді. Халықтың

юморлық-сатиralық кейіпкерлері туралы шығармаларының оқиғасы шымыр, кейіпкерлері өзгеше сипаттарымен ерекшеленеді. Тіпті бір ортақ юморлық-сатиralық бейне деп алынатын Алдар Қосе мен Қожанасырдың бейнелерінде жекелік пен даралық бар. Әрбіреуі өзінің жасалған топырағына қарай, бейнелеген ұлт тілінің, географиялық ортасының, жан-жақты толысқан кеңістігінің қалпына қарай басқаша. Қожанасырда жылылық, кей түстарда аңқаулықпен астасқан тазалық басым болса, Алдар жайындағы әңгімелер көбіне әлеуметтік, қоғамдық сипаттымен басым болады. Тазша бала туралы өтірік өлеңдер киялмен жасалып, әсірелуе, гротеск тәсілінің молдырымен тартады.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерде қазақ сатирасының табигаты мен сипаттары туралы айтқанда оның жанрлық түрлеріне ерекше назар аударады. Бұл жанрлық ерекшеліктер үлттық сатирасының ішкі табигаты мен қоғам, орта байланыстарымен, қоғамдағы сөздің орнымен, көркемдік бояулармен анықталады. Қазақ әдебиетіндегі юморлық бейнелердің өз ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер қазақ әдебиеттану ғылымын қалыптастырган үлттың танымымен, түсініктерімен тығыз байланысты. Юмор – қоғамдағы, ортадағы құбылыстар мен оқиғаларды, адамдарды қабылдаудың бір тәсілі.

Біз қазақ әдебиетіндегі юмордың негізін Алдарқосе, Тазша балалардан аламыз. Кей түстарда ханға «Сұраған сен акымақ па, сұраткан хан акымақ па?» дейтін Жиреншеде де ойлы юморлар бар.

Қазақ әдебиетіндегі Алдар туралы әңгімелер астарлы өзілдерге құралады. Алдар бойындағы юморлық бейненің өз сипаттары бар. Сонымен бірге Тазша бала бейнесіндегі, ертегілердегі түрлі юморлық бейнелерден бірнеше сипаттарды анықтауға болады.

1 Юмордың берілуінің өз тәсілдері бар. Олар астарлы, бейнелі, өрнекті болып келеді.

2 Юмор арқылы қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бойынан сыпайлық пен ибалық қасиеттер анғарылады. Екінші біреудің көнілін түсірмеу, оның жанын ауыртпау мақсатында женіл күлкіге ауыстырылып беріледі.

3 Юмор арқылы берілген түстарда кейіпкерлер арасындағы жақындық пен жылылық жақындаі түседі.

4 Юмор қоғамды женіл әрі адамдар арасындағы қатынасты берік ете түседі.

5. Юмор кейіпкер мінезінің ақылдылығын ашады, әрі екінші бір кейіпкерді тәрбиелеуге ықпал етеді.

Әдебиеттегі әзіл – бұл адамның кемшіліктеріне женіл қарай білу, таза және ақ қөнілмен қабылдау. Әдебиеттегі юмордың басты сипаты – күлкіл сәттердің зиянсыздығы. Оларда осы мазактау, ал женіл қарау, кейде юморға сүйіснү де болады. Бұл күлкі әзіл шақырады, байсалды күлкіл етеді. Сонымен бірге юмор әр кемшілікте қадір-қасиеттің жалғасы бар екенін көрсетеді. Ол басқа адамдардың әлсіздіктері мен жамандықтарына шыдайды. Сондыктан көркем әдебиет пен әзіл іс жүзінде ажырамас.

Алдар Көсенің баймен арадағы, Алдар Көсенің Шық бермес Шығайбаймен әңгімелері немесе Шайтанмен оқиғада адам міnezінің ақылға бағындырылған бейнесі жасалған. Юморлық бейне ретінде Алдардың өз бойында да Шайтанды алдауындағы күлкі шақыратын оқиғасы мұлдем басқа, Алдар үшін бірнеше қат-қабат ақыл керек екендігі, әрі Алдар Көсенің сол қат-қабат ақылды игере алғып, сол үддеден шыққандығы көрінеді. Ал баймен және тым сарап Шық бермес Шығайбаймен арадағы юморы басқа. Осы ретте, қазак халық ауыз әдебиетінің класикалық үлгісі юморды ақылмен жеткізе отырып, юмордың адам санасының ақылмен, жол табумен көтерілгендейгі дәлелдейді. Алдар ақылмен екінші бір кейіпкерден үстем болудын, қажет болса, есесін қайтарудың амалын табады. Алдардың юморы ақылмен астасқан. Сондыктан да қандай оқиға болсын, қандай құбылыс пен жағдай болсын біз Алдарды ақтап ала аламыз. Алдардың юморы – ақылы арқылы өз ісінің дүрыстығын дәлелдей алуымен артық. Алдар ақылды тек өз қара басының ғана қамы емес, көпшіліктің қалауы мен тілегі. Ендеше Алдар Көсенің юморлық бейнесі - әдебиеттегі халық қалаған, ел жақтаған бейне. Бұл ретте, юмордың қоғам үшін қажеттілігі де анықталады. Юмор ақылды екінші бір кейіпкердің әжуға ұшыраған, ақымақ болған бейнесі ашылады. Осы ақылды юмордың қажеттілігі – қоғамдағы ортанды теңестіру, өзгелдерден артықтығын апідаланғысы келген, басқаларды кем көрген екінші бір кейіпкерлерді тәрбиелеу ортасы десе де болады.

Қазак әдебиеттегі келесі бір юморлық кейіпкер – Қожанасыр. Қожанасыр – қазақ және басқа да түркі халықтарына ортақ кейіпкер. Қожанасырдың түркілік қалпы қазіргі қазақ топырағынан аз да болса ажырағаны, оның қазақы қалыптан, мінезден бөлектігі байқалады. Түркі халықтарының ішінде оғыз текстес халықтар үшін жақын бейне ретінде оның юморлық қалпының алғашқы үлгілерінде қазақ әдебиетіне алыстау түстары да байқалады. Бірақ кейінгі әдебиетте 12-ғасырдан кейінгі, қазақ әдебиетінің 20-ғасырдың

60-жылдарынан бергі кезеңдерінде юморлық кейіпкер ретінде Қожанасыр бейнесі қазақ мінездермен толықты. Сондыктан юморлық кейіпкер – қоғам үшін қажет кейіпкерлер. Бұған дәлел ретінде Қожанасыр бейнесінің бірнеше ғасыр бойы типтенген қалпы дәлел. Қожанасыр бейнесі арқылы қоғамның әр кезі, әр оқиға, әр құбылысқа күлкімен баға беріп отырады. Алғашқы Қожанасыр туралы оқиғалар, әңгімелердегі негізгі желі әр қоғамға қарай, әр ортаға қарай, әр такырыпқа қарай ынғайланып келеді. Идея біреу ғана. Бұл күлкі арқылы кез келген күрмеуі киын тұсты шешеуге боалтын ақылды айту. Кез келген күрделі тұста ақылмен ой тастау, жаңа бір идеяны, өзгеше бір адамдар қажет ететін тұсты таба алу. Осы арқылы Қожанасыр туралы юморлық әңгімелер әлі де толығып, әлі де қоюсылып келеді. Бұл да қоғамның сұранысы. Ендеше юмормен астасқан шығармалар әр қоғамда да сұранысқа ие туындылар болып қала береді. Жазушы юморды беруде бірнеше тәсілдерге барады. Кейіпкерді суреттеуде, юморды беруде жазушы бірнеше әдістерді көркемдік тәсіл ретінде колданады.

1 Юмор оқиға мен іс арқылы көрінеді.

2 Юмор кейіпкердің сөзі мен қымылы арқылы бейнеленеді.

3 Юмор тұтасымен шығарма бойында байқалады.

4 Шығарма тақырыбы мен идеясы арқылы юморды береді.

5 Жазушының өзінің баяндауы, өзінің суреттеуі арқылы да юмор көркемдік тәсіл ретінде колданылады.

Әзіл мен күлкі – бұл тек жағымды эмоцияларға бастайды, (түрлі әзіл-оспақ көріністері мен аттракциондар, ойындар) және он эмоциялармен бірлестік түрінде (әзіл-оспақ көріністерінде жарнама немесе жарнамалық материалдағы әзіл-оспақ ретінде де бүгінгі нарықтық экономикадағы табыс табудың негізгі әдістерінің бірі. Ирония үшін мәнерлеп оқу маңызды рөл атқарады. Бұл қазіргі юмор тек женіл күлкі емес, логикалық ұғымдарды қалыптастыруға көмектеседі, сыни ойлауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ әдебиетінде юмор барлық жанрда еркін колданылады. Соның ішінде юмор прозадағы қоғам мен ортанды ерекшеліктерін ашуудың тәсілі. Бұл кейіпкерді суреттеу мен бейнелеуде тұра және жанама мінездеуге әкеледі. Сонымен бірге шығарманың тақырыптық-идеялық сипатарын анықтайады. Прозадағы юмордың берілу тәсілдері арқылы қаламгер стилі анықталады. Бұл жалпы юмордың берілу үлгісі болса, қазақ прозасының юморды беруде өз бағыттары бар. Бұл бағыттар ұлттың танымы мен түсініктеріне қарай жүреді. Бұл түсініктер

әдебиеттің әр тарихи кезеңдерінде өзгеріске де ұшараган. Ол өзгерістер себебіне қоғамның ішкі әлеуметтік және экономикалық, рухани және мәдени қызметтері жатады. Юмор арқылы кейіпкер мінезі, жазушының астарлы ойы берілетін болса, кейінгі нарықтық жағдайда юмор экономикалық негіз ретінде де қолданылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Ақ жол – Алматы: Жалын, 1991, 464 б.

2 Тілеужанов М. Қазақ әдебиетіндегі (прозасындағы) юмор мен сатираның идеялық көркемдік өзгешелігінің проблемалары. Докторлық диссертация енбекінің авторефераты - Алматы, 1984. – 36 б.

3 Мусаев А. М. Қазіргі қазақ сатирасы – Алматы: Ана тілі, 1993. – 156 б.

4 Мұсаев А. М. Поэтика казахской сатиры . Учебное пособие Алматы: Санат, 1997. – 142 б.

5 Жанды Әмір және юмор // Ақтөбе, Гуманитарлық зерттеу мәселелері ғылыми макалалар жинағы, 2011 № 12

6 Мәнгі өлмес күлкі. Монографиялар мен зерттеулер жинағы – Алматы: Жазушы, 2012. – 376 б.

7 Қожакеев Т. Шығармалары. 2-том, – Алматы: Айғаным, 2014. – 283 б.

8 Қожакеев Т. Қазақ сатирасы. - Алматы: Жазушы, 1970. – 464 б.

#### ЮМОР – КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ МАЗМҰНДЫ БЕРУ ТӘСІЛІ

ҚАНАТҚЫЗЫ Б.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.г.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ прозасындағы юмор – көркемдік белгісі. Сонымен бірге жазушы шеберлігінің дәлелеі де юмор бола алады. Юморды көркем прозада отырып, қаламгер бірнеше көркемдік әдістерге барады.

1 Юморлық кейіпкер жасайды.

2 Қоғамды астарлап суреттейді.

3 Кейіпкердің екінші кейіпкерге көзқарасын, қатынасын береді.

4 Шығарманы көркемдеу мен бейнелеу тәсілі ретінде қолданады.

5 Деталь ретінде қолданады.

Қазақ әдебиетіндегі прозада юмор көркемдік тәсіл ретінде де, бүтіндей көркем бейне қалпында да, әрі шығарма мазмұнны ашатын негізгі ойға апаратын желі ретінде де қолданылады. Соңдықтан да прозадағы юмордың қызметін көркемдікпен байланыстыратын болсақ, біз аталған түрлерін ең негізгілері әрі жиі қолданылатындары ретінде алдық. Қазақ әдебиетіндегі юморлық кейіпкерлер жасауда Б. Майлин, Ф. Мұсірепов, Д. Исабеков бейнелерін аламыз. Сонымен бірге юмор – кейіпкер бейнесін ашудын тәсілі ретінде М. Әуезовтін, С. Мұқановтың т.б. классика жазушылардың шығармаларында кездеседі. «Абай жолы» романындағы Ұзын аяқ Мұсаны шакыртып, екі дауkestі, екі ақымақты тобелестіретін тұс – юмор арқылы қазақ қоғамының бүтіндей қалпын көрсетінін белгі [1, 247 б.].

1 Юморлық кейіпкер жасайды.

«Ашулы қалыппен ажырайып қарады. Төр алдындағы сабалақ жүнді тері көрпенін үстіне отырып омырау қалтасынан көзілдірігін алып киді. Ійдырап жатқан кітаптардың езіне таяуын қолына ұстады. «Қырыққадыс» екен, бір-екі қағазын аударып жіберіп окуға кірісті. Арапшаның мағынасына түсінбесе де, қарап отырған қатынына сыр білдірмейін деген адам құсап, тамағын бір-екі қырып алыш:

– «Қала» айтты пайғамбар ғалайсалам. «Мән» – бір мән, – дейді. Аяқ жағын аузын жыбырлатқан болып күбірлетіп жіберді. Шынына қалғанда, «қала» деген сөзді әптиек тәпсірінен үйреніп еді. Арапша кітаптарды көрсе, ашып оқыған жерінде «қала» деген сөз болмаса да, қарашылар сезіктенбесін деп, «қала» айтты пайғамбар талайсалам...» деде, Көрікеңнің бүл әдеті – қатынына да, бала, келініне де мәлім еді...» [2, 116 б.].

Жазушы Көрібай молданың бейнесін жасайды. Ауылдасты Салқамбаймен қарсы болып жүретін Көрібайдың өзін артық санайтын жөні бар. Ол шарифатты білмейтін ауылдастары үшін окуы үлкен молда болып саналуы. Тіпті о дүниеге аттанар алдында сыйлы адамдар өзінің жаназасын шығаруды Көрібайға аманаттап кетеді. Сейтіп ауылдастарына окуы күшті молда атанған Көрібайдың үрліғы ашылады. Жазушы Көрібай бейнесінің ақымақтығын юморлық тәсілдермен береді. Үрлікты жасап, соны ақтауды дін кітаптарынан іздейді. Бірақ ол кітаптарды да жөндеңді оқи алмайды. Оның осы жайын кемпірі мен келіні, ұлы жақсы біледі. Бірақ Көрібай өзі мойындағысы келмейді. Сртқы ағайынға деген құрметі кеміп,

ел алдындағы беделі түспеуі ғана керек. Жазушы осы жайларды суреттеуде Көрібайды бүтіндегі юморлық бейне ретінде алады.

## 2 Қоғамды астарлап суреттейді

Прозада юмор арқылы тұтас қоғамды астарлап береді. Қоғамның адамдар аттап өте алмайтын тұстарын юмормен суреттейді. Қазак прозасында юморлық бейненің үздік үлгісі – Фабит Мұсіреповтің «Этнографиялық әңгіме» шығармасындағы төрелер ауылы. Жазушы төрелер ауылының юморлық бейнесін береді. Откендең төрелер тұқымы өздерінің салттары мен қалыптасқан әдеттерінен аса алмай, бірінен-бірі аттап кете алмай отырған адамдар. Төре ауылы жұмыс істемеу керек, төрелік өрлікті сактау керек, басқаратын байлық пен малдары, тіпті тағамдары жок болса да, өздерінше билік жөнін сактаған. Атекем билейді, Атекем айтады. Бірақ Атаекесінің айтары да жок, немесе айарын өзгелері де жақсы біледі.

Жазушы кейіпкерлерінің бейнесін беруде оларға деген аяныш пен іштей іштару да мұсіркеуді де аралас береді. Жазушының осындағы карсылықты сезімдері юморды қүштейді. Бұл қарсылық юморлық кейіпкерлердің шебер жасалуымен аныкталады.

«Әбден жеп болған соң ғана Атекен шал байсалдылық тауып:

– Жеуге болатын жаңа май екен, – деді. – Атекем дұрыс айтады, жеуге болатын жаңа май екен, – деп, манағы оң жағындағысы қостады да, оның айтқанын аудармай қайталап сол жағындағысы қостады.

– Мына бір шекерді қөкетайыма апарып берейінші, – деп Атекен дастарқан үстінде селдіреп қалған аз ғана қанттың екі түйірін сүйреп әкетті.

– Атекем дұрыс айтады, мен де қөкетайыма апарып берейінші, – деп, сақалы бар, мұрты жок адам екі түйірді өзіне қарай тартты. Басқалары да осыны істеп, сіреу дастарқаннан басқа еш нәрсе қалдырған жок. Енді олар шыны аяқты саусақтарының ұшына ғана қондырып, сылдыр шайдың өзін ғана сораптап отыр. Пандықтары да қайта оралған сияқты: қөздері бұл дүниенің ар жағындағы бірдемеге қадалғандай; бет-ауыздарында қатып қалған тас менмендік қана бар...» [3, 48 б.]

Қазақ прозасындағы юмор туралы айтқанда жазушы Дулат Исадековтің шығармаларындағы көркемдік пен бейнелліктің орны ерекше. Жазушы әңгімелерінің бір тобында юморды түрлі көркемдікті берудің тәсілі ретінде қолданады. Сондай шығармаларының бірі – «Социализм зәулімі» деп аталады. Жазушы бір бөлімшеге салынған көпқабатты үй, оның шалалығы, басшылардың адамдар өміріне көзқарасын суреттей отырып,

Кеңестік кезеңдегі 80-жылдардан басталған ел билемедегі суреттерді береді.

Тамақтары жок, жұмыс істеп көрмеген, пандықтары мен өрліктерін баса алмай отырған кейіпкерлердің ешкімге зияны да жоқ. Егер олар өз орталарына зиянды болса, келесі бір адамдарға тигізетін кесірлері болса – онда оларды осы қалыпта сатиралық бейне етіп алуға болады. Бірақ мінез арқылы кейіпкердің өзі зиян шегіп отырған тұста күлкі мен әжуа ғана қалады.

«Канал казу әуелгіде қарқынды басталып еді, кенет баяулап қалды. Екі жарым ай дегендеге труба тартылып, екі зеулім үйдің асты қеулене бастады. Инженерлік есеп дұрыс болмады ма, әлде, бұл жердің топырағы бос па, астын қеулей бастағанда екі үйдің екеуі де бір-біріне қарай қисая бастады. Жұмыстың кілт тоқтатып, мұндағы тұргындарды шүғыл шығаруға тұра келді. Жайлы үйге көштім деп кейбір алып үшпалар бұрынғы жаман тамдарын бұзып тастаған еді, енді олар уақытша палаткаға көшіп жатты. Тып-тыныш жатқан ел азан-қазан болды. Енді не істеу керек деп аудан басшылары қайтадан мәжіліс шақырды. Астық ору науқанының қазіргідей қызып жатқан кезінде жүрт жұмысты ойламақ түтілі әркім бас қамымен әлек боп кетті» [4, 102 б.]

«Бонопарттың үйленуі» деп аталатын шығарма тұтасымен юморға құырлған. Кейіпкерлер де, олардың әрекеттері де, істері мен сол ортадағы құбылыстар да юморға толы. Бұл юмордың негізін жазушы тұп негізімен көрсетеді. Қоғамның дамудан қалған, әдеттегі қалпынан ажыраған келбетінің бастауы – сонау ерте кезденbastalғan екен. Қоғам өзгереді, адамдар санасына жаңа ойды, жаңа қатынастарды әкеледі, соны сініргісі келеді, бірақ тұрмыс пен тіршілік сол қалпы өзгеріссіз қалған.

«Совет үкіметі дегенді бұл ауыл кенеттен естіді. Бес қанат қара үйдің алдында катпа қара кемпір жайбарақат жабағы жазып отырған, екі атты жерден шыққандай табан асты сай ете қалды. Сау ете қалды да ал кеп бұның аты-жөнін, әкесінің атын, қайдан шыққанын, кімнен туғанын, кіммен тұратынын, саяси көзқарасын, бала-шағасын түп-түгел сұрап шықты. Сұрап болған соң: «Енді сіз совет адамы боласыз» деді де, аттарына отырып басқа үйлерге кетті. Қара кемпір түккө түсінбей қалды. Феодализм кезінде тұтқен жұнін социализм кезінде де жалғастырып, қаннен-қаперсіз отыра берді. Бүтін бір дәуірден бүтін бір дәуірге жұн түтіп отырып-ақ аттап кеткенін ол ойлаған да жок» [4, 68 б.]

3 Кейіпкердің екінші кейіпкерге көзқарасын, қатынасын береді.

Д. Исадековтің «Бонопарттық үйленуі» әңгімесінде қаламгер юмордың бірнеше тәсілдерін қолданады. Соның бірі – жаңа қоғамды жасаушыга деген елдің көзқарасы.

Қазақ ауылына келген социализмнің күесі кішкене қара кемпірдің өткені туралы айтады. Сол апанаң өткен тарихы ретінде баяндай келіп, жаңа қоғам мен оны орнатушыға деген халықтың көзқарасын береді. «Жолсы билер жасын кедлер» деген ешкімге түсініксіз бір жазу мен орысша боктай алатын «көзі ашық» мұртты казақ пайда болды. Элгі қызыл полатнайда қандай сөз жазулы тұрғанын ол үш күннен соң кешкे қарай он шақты қықы-жиқы адамды жинап алып түсіндіріп береді. Сөйтсе, ол ұран екен. Ұран болғанда да кісінің зәре иманын ұшыратын ұран боп шықты. «Жойылсын байлар, жасасын кедейлер!» Міне, гәп қайда! Ал бұлар осындағы үзділі-кесілді саяси ұранның астында үш күн бойы (!) мамыражай өмір сүріп келген!» [4, 69 б.].

Алғашкы үзіндіде жаңа қоғам орнатушыға деген тұтастай елдің көзқарасы мен ойы анғарылады. Өзгеден артық қорінетін, жаңа заман элементтерін пайдаланып, боктай білетін, «білімді» өкілдің ісін келемеждейді. Оған деген келемеж бен күлкі ел тарапынан назарсыз қалуы.

Келесі бір «Конфронтация» деп аталағын әңгімемде Кемпіrbай бейнесі – негізгі бейне. Кемпіrbай адал еңбек ететін, тұра жолды қалаған, жаны таза, көnlі tузу адам. Сол адамның бос жүретін, еңбекке қырысyz адамдармен қатынасын береді. Біrі үнемі еңбекпен жүрген адам болса, екіншісі бос жүргендер. Осы арадағы кайшылықты жазушы юмормен жеткізеді.

- «– Кап, қап мына қызталакты-ай, ә?
- Ақсақал, боктамай сөйлемеңіз.
- Боктағаны несі, кім сені боктаған?
- Сіз боктадыныз. Ол сөзіңіз үшін жауап бересіз» [4, 263 б.].

Жазушы шығармадағы Кемпіrbайдың көзқарастары, оның ойлары «халыққа мұлтіксіз қызмет қөрсетіп жүрген» пошташының жәшіктегі хатты алмағанына екі күн болғанын естігендегі көnlіmen береді. Бірақ шығармадағы юмордың сәтті қолданысы да ерекше әрі шебер киоластырған. Өзін сотқа бермекші болып, ел алдында мәселесін қаралғысы келген пошташыға деген көnlі tаза Кемпіrbай үйіне қонаққа шакырып, жамбас ұstatуды ойлайды.

Жазушының юморды берудегі шеберлігі қоғамдағы, адамдар арасындағы қатынасты жеңіл әзілмен өрнектеуінде. Қоғамдағы

адамадр қатынасын өткінші, біr сәттік көnlі kүй өзгерістері деп бағалайды, кей тұста осы өзгерістердің керектігіне де сендереді.

4 Шығарманы көркемдеу мен бейнелеу тәсілі ретінде қолданады. Қаламгердің шеберлігі қоғамдағы адамадр арасындағы болатын, кей тұстарда тым мәn беретін, өзгеше деп қарап, аса шешілуі қажет тұстарды босқа жібергендей сезімде болатын адамдар міnezіне күлкі етеді. Тіршілікте бұның барлығы өткінші. Адамдар арасындағы осындағы оқиғалар да керек. Сол оқиғаларды адамдар өздері де іздейді. Себібі адамдар қоғамына юмор керек. Жазушы осы тәsілмен кей тұстарда баяндау мен түсіндіруге жол береді. «Төтениш коміssия» Әбдешімнің үйінде ерекше оқиғаны талқылап жатқан шакта бүкіл ауыл колхоздың басқарма мүшелерінен бастап мектептің педсоветіне дейін дүрлігіп, сол жақтан келетін хабарға құлақ түрумен болды. Ауылды аяғынан тіk қойып, құлақ біткенде қалқайтып кеткен не еді соншалықты?

Мәселе...

Қысқасын айтқанда, біr айдан кейін келіншек өкелетін боп отырған Бонапарт сұndetke отырғызылмаған боп шықты.

Бұл күтпеген оқиға еді. Оның әсері төбеден жай түскеннен біr де біr кем болған жок» [4, 72 б.].

Осындағы жазушының өз баяндауы мен түсіндіруі арқылы юмор қоюлана түседі. Берілген үзіндіде суреткер балаларының ішіндегі ерекше ат алған – Бонапарттың сұndettelмей қалғандығын, оның қалың ел, ауыл үшін ұттыы іс екенін баяндаиды. Бұл сол ауыл мен ел үшін ұт нәрсе кендігін баяндауда жазушы бірнеше әдістерді алады. Бұл стилі, өткеннің жайынан бастауы, сол ауылдағы қоғам мен олардың адамдармен қатынасы, оқиғаны өрбітуі, халықтың дәстүрді сактауға деген ниеті. Осының барлығы халықтың, сол әңгімегегі ауыл адамдарының алансыз тірліктерін, мамыражай қундерін суреттеу үшін қолданылған.

5 Деталь ретінде қолданады.

Юмор – прозада оқиғаның, құбылыстың деталі ретінде де қолданылады. Тұтас деталь юмормен беріледі. Б. Майлиниң «талақ» деп аталағын әңгімесінде Айранбай мен Зылиқаның тағы да біr ұrsысып қалғанын суреттеуден бастайды. Әйелін ұрыспен жеңе алмаған Айранбай «талақ» деген сөзді айтып кетеді. Зылика үшін санаасына сіңіп, әжесі түсіндіруі бойынша әйел адамның ен ауыр күнесі – ерінен талақ алуы. Жазушы осы талақты деталь ете отырып, оны юмормен байланыстырады.

«Айдарбек бүгін көп үрған жоқ, бірақ таяқтан он есе артық талақты шығарды. «Мен сені көрмеймін, мен талақ» деп айтып салды. Зейнеп, енді жібі еріксіз үзілді деп жатыр. Байының бір жетіден бері ұрысқаны, желкеге бірер түйгені - әлдеқашан ұмытылған. Есі-дерті жалғыз талақ» [2, 121 б.].

Қазақ прозасындағы шығармаларға зер салсақ, юмор шығармадағы деталь ретінде екінші бір зт пен құбылысты, оқиғаны алмастырып, ең негізгі шешеуіш ретінде рөл атқаратыны жиі кездеседі. Соның мысалына Д. Исабековтің «Талахан – 186», F. Мұсіреповтің «Қазақ солдатындағы» «қашып келем, қашып келем...» деп басталатын кейіпкер күйін келтіруге болады.

Қорыта келгенде, қазақ прозасындағы юмордың берілу тәсілдерін біз 5 топқа бөліп қарастырық. Бұл прозадағы юморды юморды берудің ең негізгілері деп алдық. Юмор – әдебиеттегі ең бір көркем де бейнесі тәсілдердің бірі. Әрі юморлық шығарма, юмормен астасқан оқиға оқырман үшін де қабылдауға женіл, көніл күйін көтеріп, әр іске, қоғам мен тұрмыстағы қынышылықтарға өткінші ретінде қарауға жағдай жасайды. Сондықтан да юморлық шығармалардағы күлкінің берілу тәсілін бір ғана 5 тәсілмен ғана болады деу дұрыс емес. Біз қазақ прозасындағы көп қолданылатын тәсілдерге назар салып, соны талдауды дұрыс деп шештік. Қазақ прозасындағы юмор – қаламгердің көркемдік ойды беруі. Суреткөр юморлық оқиғаны араластыра отырып, көркемдікті қүштейтеді. Оқиғаны әрлейді, қоғамды неғұрлым нақты суреттей түседі.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1991. 2- кітап.  
– 481 б.
- 2 Майлин Б. Шығармалары. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1987.  
– 336 б.
- 3 Мұсірепов F. Шығармалары. Т. 2. – Алматы: Жазушы, 1987.  
– 476 б.
- 4 Исабеков Д. Шығармалары. Т. 1 – Алматы: Жазушы, 1995.  
– 402 б.

### ОЮ-ӨРНЕК – ҚАЗАҚТАРДЫҢ СӘНДІК ТІЛІ

ҚҰМАР Л. Қ.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ҚАДЫРОВА Б. М.  
ф.г.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Орта ғасырда Қазақстан кеңістігінде ою-өрнек арқылы берілген сәндік тіл қалыптасты. Сәндік тіл дейтініміз, ою-өрнек тек әшекей емес. Ата-бабаларымыз ою –өрнекті жайдан-жай сала бермеген. Ол арқылы белгілі бір үғымды білдірген.

Ою-өрнек – бұл көптеген реєсми белгілердің жүйесі. Көбінесе ою-өрнек зооморфты, гүлді, геометриялық болып бөлінеді. Бұл топтарға антропоморфты, әріптік және космогониялық ою-өрнектер косылады. Бірақ мұндай жіктеу қазақ ою-өрнегіне аса келе бермейтіні, дұрыс еместігі айтылады зерттеулерде.

Зерттеулерде қазақ ою-өрнектері үшін физиоморфты және биоморфты ою-өрнектерді бөлген ағылшын ғалымы А. Хеддонның класификациясы анағұрлым сәйкес келетіндігі, бұл мотивтер бейорганикалық және органикалық деп аталағыны және оларға аралас түрді қосуға болатындығы, ою-өрнектің мұндай типологиясы әмбебап, яғни әртүрлі мотивтерді қамтитыны және олардың жіктелуі негізгі ерекшеліктерін білдіретін қазақ ою-өрнегінің жіктелуіне сәйкес келетіндігі айтылған.

Қазақтың сәндік өнері туралы алғашқы жазбаша сілтемелер XVI ғасырдың басына жатады. Одан беріде қанша зерттеулер жазылды. Неміс ғалымы Р. Каруттың енбегін ерекше айтудымызға болады. Ол қазақ даласына мақсатты түрде барып осы ою-өрнектерді зерттеген. Оның есімі ою-өрнектерді алғаш зерттеген авторлардың бірі ретінде аталағы. Оған себеп Р. Каруттың «Манғышлақтағы қырығыздар мен түркімендер арасында» атты енбегі болса керек [1].

Отызыншы жылдардың бас кезінде қазақ совет әдебиетінің көш басшысы Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» (Бірінші кітап, «Билер дәуірінің әдебиеті») атты оқулық шығарғаны мәлім. Осы кітапқа ең алдымен салдары пікір жазған Б. Кенжебаев еді [3]. Ол кездегі жас сыншы Сәкен сынды ұстаз қолынан шыққан сол енбекті жаңа бастама деп қарады. Мақаласының бірінші бөлімінде қазақ тарихынан сез қозгады. Екінші бөлімі ауыз әдебиетіне арналды. Автор қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөліп қарауды ұсынды. Онда орыс әдебиетінің үлгісіне сүйене және қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін ескере келіп, мынадай бес дәуірге (қазақ хандығы тұсындағы әдебиет, XIX ғ. бірінші жартысындағы әдебиет, XIX ғ. екінші жартысындағы әдебиет, жиырмасыншы жылдардағы әдебиет және совет әдебиеті) бөліп зерттеу мәселеін қойды.

М. Әуезовтің басқаруымен қырқыншы жылдары қазақ әдебиетінің (фольклор) тарихын жазысты. «Фольклор және ол жөніндегі советтік ғалым» (кіріспе), «Тұрмыс - салт өлеңдері» «Тарихи жырлар» атты тарауларын, «Қазақ фольклорын зерттеу тарихынан» деген бөлімін жазды. Алғашқы аталған тарауында фольклор ғылымина және оның совет дәуіріндегі даму тарихына шолу жасады. Ауыз әдебиеті үлгілерін көркем әдебиеттің негізі деп, оған дәлелдер келтіреді. Фольклорлық туындылардың өзіндік ерекшеліктерін ажыратады.

Ен өуелі фольклор ерте замандағы әдеби казына, сондықтан онда халық өнерінің әртүрі аралас келеді дейін ғалым. «Жар-жарда» ән мен өлеңнің, хор мен тақпактың қатар айттылатынын, «Бәдікте» ән-жыр, би аралас жүретінін анғартады.

Екіншіден, фольклорлық мұралар ауызша айттылып тарапады, ел жадында ауызша сақталады. Қазақтың ертедегі ауыз әдебиеті орыс және басқа ел фольклорындаң жазба күйінде емес, өзінің жыршы, жыраулары арқылы ғасырдан - ғасырға қалып келеді. Сондықтан онда көп нұсқалы бол өзгеріп, кейде жеке авторлық, кейде колективтік туындыға айналып кететін кездері де болады, деп тұжырымдайды.

Онан соң зерттеуші фольклорлық туындыларда ежелгі салт-сана көбінесе сақталып отыратынын байқатады. Салт-сана біткеннің бәрін ескінің сарқыншағы деп қараушыларға қосылмайды. Бұған К. Маркстің ертедегі грек жүртіның эпосын жоғары бағалағанын, оның осы күнге дейін өнеге болып, эстетикалық әсер беретінін айтады. Ф. Энгельсте кезінде «Немістің халық кітаптары» аталған фольклорлық жинаққа ерекше мән беріп, мақала жазған. Сонда

Ф. Энгельс былай деген: «Халық кітаптарының міндепті күні бойы ауыр жұмыс істеп, арып - талып қайтқан шаруаның көңілін көтеру, ойын ояту, ...олардың сана - сезімін, ықылас - жігерін, Отанға деген махаббатын арттыру, оларға өздерінің күш-қуаты, правосын, бостандығын анғарту болады» [4].

Б. Кенжебаевтың фольклорға қатысты құнды ой - тұжырымдары «Әдебиет және исскуство» журналының әр жылғы сандарында үзбей жарияланып тұрған. Біз жинаған материалдар негізінде ғалымның зерттеулері фольклордың әр жанрына арналғанын байқауға болады. Айталық, осы журналдың 1939 жылғы № 2 санында жарық көрген «Қазақтың халық эпосы туралы» атты зерттеу мақаласы соның дәлелі. Зерттеуші бұл мақаласын пікір алысу ретінде жазғанын да жарияланымда ескертеді. Автор мақаласында қазақтың жеке ел болып енсе көтеру тарихына шолу жасайды. Қазақ руладының тарихын Шыңғыс хан тұсынан тартып, Алтын Орда мемлекеті ыдырағанға дейін жеке тайпа ретінде өмір сүргендігін, кейін Жәнібек пен Керейдің қол астына топталып қазақ хандығы құрылғандығы туралы баяндайды. Сонымен бірге ел арасында тараған эпостардың кейіпкерлері негізінен Алтын Орда заманында, одан кейінгі құрылған Ақ Орда, Көк Орда, Ноғайлы тұсында өмір сүрген белгілі батырлар екендігі туралы да жырлар мен аңыздарға, тарихи деректерге негізделіп талдаулар жасайды. Ғалым өз зерттеуінде зерттеушілердің эпостарды «ұлы батырлар», «кіші батырлар» деп бөлуі мен «Батырлар жыры», «Тұрмыс, салт жырлары» деп жіктеуіне де карсы тұрып өз уәжін айтады. Онда «қазақтың эпостарын – батырлар жырлары, кіші батырлар жырлары деп бөліп келді, бұла бөлу қате дедік. Себебі бұлай бөлу – эпостиғы ғылымға, іә тағы басқа негізді дәлелдерге қарай бөлу емес, біріншісі – аттарына, тақырыптарына қарай бөлу, екіншісі көлемдеріне, героилардың үлкен - кішілігіне қарай бөлу болады. Бұлай бөлуден эпос жөнінде ешнәрсе білу, ешнәрсө ұғыну мүмкін емес» [5, 126 б.] деп атап көрсетеді. Зерттеуші өз бөлінісі туралы арнайы терминдерді қолданысқа енгізбесе де жалпылай «қазақтың халық эпосы» деп атап, оны іштей екі жікке топтастырады. «Ел, отанын қорғау жолындағы батырларды жырлайтын эпостар» және «Фашығына қосылу жолында өз өмірін арнаған батырларды жырлайтын эпостар» деп бөледі. Бірінші топқа: «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Едіге», «Шора», «Ер Сайын» қатарлы жырларды жатқызса, екінші топқа: «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Қамбар батыр» жырларын жатқызады. Әрине бұл бөліністер кейінгі зерттеулерде

өз жалғасын таппағаны белгілі. Қазіргі фольклортану ғылымында бұларды «классикалық батырлық эпостар», «ғашықтық жырлар» қатарында топтастырып жүр. Қамбар батырга байланысты туған жыр нұсқалары батырлық эпостардың құрамында қарастырылып жүргені белгілі.

Б. Кенжебаев эпостық шығармалардың пайда болуы туралы салмақты ой-тұжырымдар ұсынады. Айталақ ғалым «...қазақ эпостарының біразы әуелде қара сөзбен ертегі болып айтылып жүрген, біразы бөлек - бөлек өлең болып айтылып жүрген болуы керек, тек бергі жерде ғана өлеңге айналдыра бастаған, тұтас етіліп құрастырыла бастаған болуы керек» [5, 127 б.] дегенді айтады. Фалымның бұл тұжырымдары да бүгінгі көзқарас тұрғысынан әлі құнын жойған жоқ деп айтуға толық негіз бар. Өйткені Қамбар батырга байланысты жырларды талдағанда аңшылық туралы көне сюжет пен батырдың ерлікпен үйленуі туралы кейінгі пайда болған сюжеттің бірігуінен үлкен жыр пайда болған деген тұжырымдауларға сәйкес келеді. «Қызы Жібек» жырына байланысты да соны айтуға болады. Онда бір - біріне қосыла алмаған екі ғашық туралы сюжетпен, батырдың елін қорғап, ерлікпен үйленуі туралы сюжеттің бірігуінен үлкен жырдың пайда болғандығын фалымдардың зерттеулерінен білеміз. Сондықтан да қазіргі ғылымда қарастырылып жүрген жырлардың ен алғашқы пайда болуы туралы ғалым тұжырымымен көлісуге болады.

Б. Кенжебаев жырлардың бір-бірінен онша алшақ емес екендігі, бір-бірінен шекара койып арасын бөліп тастауға болмайтындығын да ашып айтады. Яғни жырлар арасындағы бөлініс белгілі дәрежеде шарттылық тұрғысынан ғана бөлінетіндігін ескерtedі. Зерттеуші еңбегінде эпостардағы ғажайып туу мотивіне де тоқталып кетеді. «Қазақтың бірсыныра эпостарының геройлары елден ерекше фантазиялы: олардың жаратылуы өулиемен, құдаймен байланысты. Мысалы: Едігे өулиеден, кордың қызынан туады. Қобыланды, Шора, Ер Сайын, Алпамыс өулиелерге түнен, құдайға жалбарыну арқылы жаратылады. Бұлар ете тез өсіп, тез жетіледі, жастары жетпей - ақ үлкен ерлік, батырлық істейді» [5, 126 б.] деп көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ысқақов Д. Кенжебаев Бейсенбай (Бас ред. Нысанбаев Ә.) – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2002.

2 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы : Жазушы, 1986.

3 Әдебиет майданы. 1933, (№ 6). – 9 б..

4 Маркс К., Энгельс Ф. Шығармалары (2-т). – 27 б.

5 Кенжебаев Б. Қазақ халық эпосы туралы // Әдебиет және искусство. 1939, (№ 2).

#### Б. КЕНЖЕБАЕВ – ЭПОСТАНУШЫ ҒАЛЫМ

ӘСЕРБАЙҰЛЫ Е.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Әдебиет және искусство» журналының 1940 жылғы № 1 санында Б. Кенжебаевтың «Қазақтың ертегілері туралы» деген мақаласы жарық көрді. Онда ғалым М. Горькийдің 1935 жылғы Совет жазушылар одағының бірінші съезіндегі сөйлеген съезінде «әр халықтың фольклорын жинап, жариялау, ақын-жазушылар өз шығармашылығына пайдалану» сынды құнды бастамасын айта келіп, фольклортанушы ғалымдар арасында да болған әртүрлі пікірлер туралы сөз қозғайды. «Тегі қазақтың өзінің қолтұма байырғы ертегілері бар ма? Қазақ арасында айтылып жүрген ертегілер өзінікі ме?» деген ел арасында айтылып, талқыланып жүрген мәселелер туралы тоқталады. Сондай-ақ, кейбір ғалымдардың «ертегінің сюжеттері алдымен бір халықта пайла болып, онан кейін басқа халықтарға тараған» деген тұжырымдарына үзілді-кесілді қарсы тұрады. Ал «кейбір сюжеттердің көшіп, ауысып отыруы заңды, алайда толықтай көшеді» деген үғымның қате екендігін тұжырымдайды. Кейбір ертегінің сюжеттері әр халықта да бар, алайда мына халықта ғана тән деп кесіп айтудын өзі қын екендігін де сөз етеді. Оған мысал ретінде қазақтың арасында кен тараған «Қанбақ шал» ертегісінде кездесетін дәуді Қанбақ шалдың қалай женғені туралы айтылатын мазмұн, әйгілі Гомердің «Одиссеясының» бас кейіпкері Одиссейдін басынан откен белгілі бір оқиғамен үқсап кететіндігі туралы айтады. Яғни, «Одиссей де, Қанбақ шал да дәуді өз ақыл – айласымен жене білді. Соған қарап оларды бір-бірінен көшіріп алды деп айтуға келмейді» деген тұжырым жасайды. Сондай - ақ түркі текстес халықтардың арасында тараған «Кожанасыр» секілді ертегілер де әуел баста біртұтас Алтын Орда мемлекеті бол тұрган халықтардың арасында көп тараған дегенді айтады. Кейін Алтын Орда ыдырап жеке-жеке хандыққа бөлінгеннен кейін сол бөлінген елдің ішінде сол халықтың тұрмыс-

тіршілігіне, жасаған ортасына байланысты түрлі сипатта көрініс тапқандығын баяндайды.

Фалым ертегінің белгілі бір схемада басталып, аяқталатыны туралы айтады [1, 81 б.]. Мәселен «ерте, ерте, ертеде бір кемпір мен шал болыпты» т. б деп басталып, соны «сойтіп мақсат, мұратына жетіпти» деп аяқталатыны туралы ой айтады. Осы мақаласында негізінен ертегінің жасалу табиғатына баса мән береде. Сондай – ак ертегі кейіпкеріне көмек қолын созатын әртүрлі күштер туралы да дәлелді мысалдар келтіреді. Алайда фалым бұл мақаласында ертегілерді жаңрға бөліп жіктемейді. Жалпылық тұрғыдан талдаулар жасайды. Сондықтан да зерттеу барысында әртүрлі ертегілерге талдаулар жасайды. Көбінде новеллалық, сатираптық ертегілерге назар аударғаны байқалады. Зерттеу барысында ертегіге таптық көзқараспен талдаулар жасаған тұстары да көрініс беріп отырады. Яғни кеңестік жүйенің фалым зерттеуіне айтарлықтай әсерінің болғандығы байқалады. Зерттеуде негізінен Маркс пен Лениннің ой - тұжырымдарын басшылыққа алуы соның әсері болса керек.

1940 жылы «Әдебиет және искусство» журналының № 7-8 сандарында Б. Кенжебаевтың «Едіге батыр жыры туралы» деген мақаласы жарияланды [2].

Фалым бұл жырды тарихпен байланыстыра отырып, оның фольклорлық мәніне де өз тараҧынан талдаулар жасайды. Айталық, Едігенің ғажайып тууы туралы оны миф - ертегідегі кездесетін мәтіндермен нақтылап көрсетеді. «Жыр едігенің анасы перінің қызы дейді. Ол бірсесе акку құс, көк кептер болып жүреді, бірсесе адам бейнесіне кіреді. Бұл тек Едіге батыр жырында ғана емес, қазақ халқының басқа да ертегі-әңгімелерінде де, сондай-ак күншығыс халықтарының бірсыптырасының ертек, жырларында да кездесіп отырады» дейді. Сонымен бірге осы жырдағы бұзылып перінің қызының кетіп калу себептерін нақтылы көрсетеді. Онда перінің қызы Баба Тұкті Шашты Әзізге тәмендегідей шарттарды қояды: «1) жүргенде өкшеме қарама; 2) суга түскенде үстіме кірме; 3) колтығыма қол салма; 4) басымды жуғанда шашымды көрме» дейді, алайда бұл шарттар орындалмайды да перінің қызы құс болып ұшып кетеді. Алты айлық Едіге оның ішінде кетеді. Фалым «бұл мифтерді өте ертеден келе жатқан көп халыққа ортак миф болуы керек, - дейді де, - оның негізі – адам баласының ертеде барлық жан - жануарларды өзіндей көрген. Яғни, олар да адам тәрізді ойлайды, сезеді, өзара сөйлеседі, тілесе адам бола алады деген түсінігі деуге болады» деп атап өтеді. Бұнда фалым фольклордағы анимизмді дәл

басып көрсете білген. Сонымен бірге Едігенің билігіне байланысты айтылатын аңыздардағы кейір білігінде сюжеттердің кірме сюжеттер екенін де дәлелді көрсетеді. Айталық: 1) Едігенің балаға таласып келген екі әйелге айтқан билігі – атақты Соломонның билігі; 2) Тоқтамыс хан мен оның қатынының Едігеге сұрау беріп, оның ақылын байқауы – кәдімгі Ескендір Үзлхарнайын жөніндегі әңгімелерге үқсайды; 3) Едігенің Сәтемір ханның қызын алып қашып келе жатқан алыпты өлтіру тәсілі – неміс халқының «Гилдевранд туралы жыр» деген поэмасындағы Зігфрілдтің өлтірілуі сияқты» деп салыстырып көрсетеді [2, 93 б.].

«Әдебиет және искусство» журналының 1940 жылғы № 12 санында «Қобыланды батыр туралы» атты мақаласы жарияланды. Фалым М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Фабдуллин және өзінің бұдан бүрын жазған мақаласында қамтылмай қалған мәселелер туралы тоқталатындығын айтады. Атап айтқанда «Қобыланды батыр тарихта болған адам ба? Тарихта болса қай уақытта болған? Қобыланды батырдың Қазанға жорыққа аттануының мәні? Жалпы Қобыланды батыр жырының идеясы, әлеуметтік мәні не?» деген мәселелер айналасында токталады. Сондай - ак тарихтағы Қобыландының бірнеше екендігін, аттас батырларға байланысты оқиғаның да араласып жүргендігін сөз етеді. К. Жұмалиев зерттеуіне негізделе отырып, Қобыландының біреуі XIX ғасырда өмір сүрген кіші жүздін батыры Байұлы Қобыланды екендігін тілге тиек етеді. Сонымен Қобыланды батыр туралы өз тұжырымын тәмендегідей ұсынады: 1) Қобыланды батыр тарихта болған адам, Ақсақ Темір, Тоқтамыс хандар мен Едігенің тарихта болғаны қандай рас болса, Қобыландының да тарихта болғаны сондай рас; 2) Қобыланды тарихта болғанда XVХ ғасырдың аяқ шені мен XV ғасырдың бас кезінде, Тоқтамыс пен Едігенің тұсында болған. Қазан қаласын емес, Фазан қаласын алған; 3) Қобыландының Фазан ханмен, Кебікті ханмен соғысқандағы мақсаты мал олжалau емес, азаптанған халықты азат ету, елі, отанын қорғау, қауіп - қатерсіз ету. «Қобыланды батыр» жырының негізгі идеясы – ел, отанды жаудан қорғау [3]. Фалым өзіне дейінгі Қобыланды батырға байланысты зерттеулерді қарастыра келе жоғарыдағыдан тұжырымдарға келгендігін білеміз.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 20 мамырдағы санында Б. Кенжебаевтың «Қызы Жібек» атты мақаласы жарияланған болатын. Фалым опера театрындағы «Қызы Жібек» койылымы мен «Қызы Жібек» эпосына қысқаша тоқталған. Онда Қызы Жібек эпосының екі нұсқасын атап көрсетеді. Бір нұсқасында Қызы

Жібектің әменгерлік жолмен Сансызбайға некелескені туралы айтылса, екінші нұсқада қайғыға кіріптар болған Жібектің суға кетіп өлуін баяндайды дегенді атап көрсетеді. Осы екі нұсқасы мен опералық қойылымды салыстырып, мағыналық жағынан бір - бірінен онша алшақ кетпегендігі туралы түжყырмайды.

Б. Кенжебаевтың фольклорға арнап жазылған қомақты зерттеулерінің бірқаншасы 1948 жылғы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының» фольклорға арналған I томында жарық көрді. Бұл кітап оған дейін цензураға ұшырап, жарық көрмей қолжазба күйінде қалғаны, кейіннен цензураның талап - тілектерін орындағаннан соң баспа бетін көргені белгілі. Қайта жарық көрген бұл кітап ғалымның жазған «Кіріспе» мақаласымен басталады. Сонымен бірге «Салт өлеңдері» деген II бөлімін де жазған. VIII бөлімге тарихи жырларға арналған «Кіріспе» мақаланы, «Абылай», «Сырым» туралы зерттеулері енген. Ғалымның «Кіріспе» (фольклор және ол жөніндегі советтік ғылым) мақаласында «фольклор» терминіне анықтама беруден басталады. Онда «фольклор» сезінің ағылшын тілінен енгені туралы айтылып, оның мағынасы – халық даналығы, халық білімі дегенді білдіреді дейді. Алайда бұл мақалада фольклор ұғымының аясы тар шенберде қаралғандығын байқаймыз. Яғни зерттеуші бұл жерде сол кезеңде кеңестік ғылымда қалыптасып, орнықкан фольклорды «ауыз әдебиет» деген терминнің баламасы ретінде қолданысқа енгізгенін көреміз. Шын мәнінде фольклор ұғымының бүгінгі таңда аясының кеңіп, тар шенберден шыққаны белгілі. Халықтың тұрмыс тіршілігінің әр саласының фольклормен тікелей катысы бар екендігін ғалымдарымыз зерттеп жазды. Ал ауыз әдебиетін біз қазір фольклордың бір саласын білдіретін термин ретінде қабылдаймыз. Осы мақалада тағы да назар аударатын жағдай фольклорды көркем әдебиеттің бір саласы ретінде қарап, сол негізде талдау жасауга негізделгенін көреміз. Алайда ғалымның осы барыста ез пікірлерінің де бір - бірімен керегар келетін тұстарын да байқауға болады.

Б. Кенжебаев фольклорды көркем әдебиеттің бір саласы ретінде карай отырып, оған жекелей де анықтама беріп кетеді. Айталақ, «фольклор көркем әдебиеттің бір саласы болумен бірге оның өзіне тән бірсыптыра өзгешеліктері бар. Алдымен, фольклор, көбінше ерте заманда жасалған әдебиет, сондықтан онда көркемөнердің бірқатар түрі араласып жатады. Синкретизм бар, яғни фольклорда көркем өнердің бірсыптыра түрінің өзі, элементі бірігіп қосылып қатар жүреді. Онда сезбен, жырмен қатар сахна – театр өнерінің,

би өнерінің, әуез – музыка өнерінің белгісі, элементі қатар жүретін көздері болған. Қазақ халқының қыз ұзату, келін түсіру жөніндегі өлеңдері мен тақпактары және айтыс, бәдік өлеңдері мен жырлары бұған толық негіз бола алады» [4, 14-15 б.] дейді. Ғалымның бұл түжყырмыйнан фольклордың толық табиғатын ашқандығын көреміз. Алайда фольклорды көркем әдебиеттің тар шенберінің аясында қарастырып отырғанын сол кезеңдегі қалыптасан ғылыми үрдіспен сабактастыра қарастырған жөн. Сондай - ақ ғалым бұл мақаласында ел арасында тараған жырлар мен ертегілерді жаттап алып айтушыларды – жырши, ертекші деп топтайды. Сонымен бірге бұл мұраларды айтушылардың таланттылары жырды не ертегіні түрлендіріп, құбылтып айтады да, дарынсыздары бар дүниені құрдымға жібереді. Сондықтан да бұл мұралардың кейінгігে жетуі айтушыларымен де тікелей байланысты екендігін ғылыми түрғыдан түжყырмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кенжебаев Б. Қазақтың ертегілері туралы // Әдебиет және искусство. 1940 жыл (№ 1).

2 Кенжебаев Б. Едіге батыр жыры туралы // Әдебиет және искусство. 1940 жыл (№ 7-8).

3 Кенжебаев Б. Қобыланды батыр туралы // Әдебиет және искусство. 1940 жыл (№ 12).

4 Кенжебаев Б. Кіріспе. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948. – 14-31 б.

#### ОРАЛХАН БӨКЕЕВ ШЕБЕРЛІГІ

РАХАТЖАНАУЛЫ Е.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қаламгер прозасының бағыты реалистік болғандықтан, тіптен бұл шағын әңгімелерді очерк деуге болар ма еді, бірақ оған олардың көркемдік қасиеті рұқсат етпейді. Орыс әдебиетінің классикалық үлгілері И. С. Тургенев, А. П. Чехов, И. А. Бунин прозасындағы қыска жанрдағы дәстүрден бастау алып, төл әдебиетіміздегі Бейімбет Майлин, Фабит Мұсірепов сынды үлкен жазушылардың жетелеген көркемдік тәсілдері жазушы прозасында көрініс табуы

тегін болмаса керек. XX ғасырдың екінші жартысындағы орыс әдебиетінен Оралханды өзінің жерлесі, Алтайдың арғы жағындағы, тұған Катон-Қарагайына кол созым жер тиіп тұрган жерде туып өсken Василий Шукшиннің деревнялық прозасымен тамырлас, өзектес, рухани туыс деу артықшылық етпейді. Тағы бір тамаша орыс жазушысы Юрий Казаков тәрізді осынау екі жазушы да қарапайым жандардың адамшылықта толы үмтүлмас бейнелерін сомдады, бұл үшеуінің де кейіпкерлері жан тазалығымен, өркениеттің тасжүрек есепкөй қыспағына қоңбекен табиғи жаратылысқа адалдығымен ерекшеленер еді.

Асылы қазақ әсершіл, романтик халық. Содан да болар жазушы кейіпкерлерінің армандары асқақ, рухтары мықты. «Сарыарқаның жанбыры» өмірден қыршын кеткен, қазактың талантты ақыны Сұтанмахмұттың Катонқарағайға, Әбдікерім болыстың қоластына кеп бала оқытқан кезеңін суреттейді. Аталмыш әңгімені де мұнаймай, ойланбай оку мүмкін емес. Әбдікерім болыстың үлкен қызы Бағила мен Махмұттың арасындағы нөзік сезім, үзілген үміт тамаша суреттелген. Сұлтанмахмұтпен, кеудесіне сырыл араласа бастаған бейкүнә ақынмен бірге байсал күй кешеді. Мұндасады, сырласады. Алғашқы шер-шеменің шетін шығарады. Оны Махмұттың аузымен айттызады. Құркіременің бойындағы ай сәулесінен жасыруға қауқары жоқ сирек талдың жанында, бой түзеп қалған балаң бойжеткенге айткан өзінің асық жырын Махмұттың аузына салады. Бұл – автор мен оның кейіпкерінің тағдырларынандағы үқастықтан да шығар.

Шешен шебердің тырнақалды туындылары «Қара сөзбен жырлаймын» этюдтері мен «Ауыл хикаялары» топтама әңгімелері. Этюдтері – адам аяғы баспаған Алтай өнірінің сұлу, тамаша табиғатының тамылжыған тілмен, кестелі, бейнелі сөзбен салған суреттері. Оларды оқып отырған сөтте көз алдыңа аскар Алтайдың әсем келбеті, табиғатының қызы қалпы келеді, мұрныңа алуан түрлі таулы жердің шүйгін шөптері мен гүлдерінің исі келетіні әсірелеу емес, шындығы сол. Бұл әңгіменің негізгі қозғаушы күші – жарқын күлкі, көдімгі өмірсүйіш, жарасымды күлкі. «Ауыл хикаялары» топтамасы – оқиғаларының қызықтығы өз алдына, адамдардың кескін-келбетін, мінез-күлкін, іс-әрекеттің суреттейтін тамаша танымдық қасиетімен дараланатын әңгімелер. Сол әңгімелерде суретtelген тұлғалары тұтас, бейнелері бөлекше ауыл адамдарының басынан кешкендерін оқыған кезде қай оқырманның да езу тартып күлдері, есқі танысына жолықкан кісіше куанары сөзсіз. Жүріс-

тұрысы, бет-бейнесі түгіл, танымы, ой-пікірі, көзқарасы дара-дара мұншама кісілердің образдарын осылайша ойда сақтап, шебер суреттеген жазушының жан көмбесінің байлығына, жадының жақсылығына, сөз тапқырлығына таңданбасыңа бола ма?! Міне, осының бәрі, қаламгердің сөз құдіретін шынайы шеберлікпен, түбегейлі менгергендігінің жарқын мысалы. Жазушы қаламының жұмсақтығына, шеберлігіне жан сүйінеді, тіпті, бір қарағанда, өкініші құштірек, құлкіге татымайтын оқиғаны юмордың жасампаз, саф таза керуен сарайына айналдырып дөнгелентіп жібереді. Өйткені автордың адам баласына деген мейірі артық, ол адам баласының ең жаман әлсіздігі мен қылышы үшін де актап алғысы келеді. Әдette бұл қасиет үлкен суреткерлерге тән қасиет, адам баласына деген айырықша мейірім шығармашылықтың негізі болса керек.

Осы әңгімелердің басында тұрган «Көк тайынша» атты туындысы қазақ әдебиетінде еліктеу мен қайталауды сөзсіз тудырмай қалмаған аса тұшымды, тамаша әңгіме.

Әңгіме жанры бір ғана көңіл - құйдің, эмоцияның, бір идеяның жемісі. «Көк тайыншада» үлттық мінез, психология, салт-санда жарқырап көрінуімен тәтті етеді. Оралханнан кейде бір қос мәнді, астары терең сөйлемдер үшірасатыны қызық: «Осы шақта қаладағы қаламдастарымның әліне қарамай қолымды мыжғылайтыны есіме түсті» [1, 80 б.]. Бұны тұра мағынасында болмаса құпия мағынасында қабылдасаңыз да ерік өзінізде. Оралхан – жазушы. Жазушыға тап осы бір өзін зор тұту мінезі ана сүтімен берілмесе, ол қалам ұстап тумаған да болар еді-ау! Яғни өзімшілдік пен меммендіктің шығармашылыққа еш тигізетін әсері жок: сірә, жазуга, сомдауға келгенде бұл қасиетке обал, сауап деген атымен болмайды. Немесе «Көк тас көк тайыншаның қанына былғанған. Көзі алайып, күзгі ашық аспанға тесіле қарап кесілген бас, серейіп төрт сирақ жатыр» [2, 82 б.]. Бұл сөйлемді тұтасымен трагикомедиялық сарында десек қателеспейміз. Бұзаулы сиыр болып, сұтке қарық қылады, тұқымы асыл деп мәз болып журген жас тайыншаны күтпеген жерден үрі - қары үрлап сойып алғаны, тіпті, «бастаудың сүйін ластап, ішек-қарына дейін аршып» әкеткен басынған қылышы иесінің қабырғасына қатты батады. Әңгімедегі санаулы кейіпкердің барлығы да өзіне лайық емес бір ауыз сөз айтпайды, жасандылық, сөз ойнату, жасалған эпизод мұнда ырымға жоқ. Ең тамашасы, осы әңгімелегі жоғалған малды жеті ай іздегендеге бар бітірген шаруасы шалдың үйіне кеп ет жеп, шай ішіп, үй иелерін тергеп аттанумен шектелетін аудандық милиционер де, кемпір мен шал да, қыл-

аяғы әлгі тайыншаны өз құдасынан үрлап жеген құда бейнесі де кеңпейіл, бауырмал, адамшылық қалыптарынан асатын сұмдыққа жок адамдар.

Жазушы өмірдің тап сондай ақжарқын келбетін сүйіп ұнатып, соны қызықтайдынын жасырмайтын тәрізді. Тегінде Оралханның қаламы суреттесе кәдімгі картоп жеудің өзі таңғажайып картинаға, Бальзак әлемге мойындаған адамдық комедияға айналып кете береді. Мысалы, «Иған» аттасын әңгімесінде бір көрінгенде осы бір күлкіге лайық картоп жеу эпизодының астарында орасан зор трагедия түнүп жатыр. Мұндағы Иған, палтуан деген әншіейн аты, өзі өлмеген күл демесен барып тұрған шірік, нашар адам. Ол да бір Қарабай, Қарынбайлардың сарқыты сияқтанады, бірақ ол сарапандықтың кесірінен емес, алып денесін жындай жайланаған жалқаулығынан кедейшілікке бала - шағасын қамап, мұсәпір еткен жан. Мұндай масқара еріншекті Құдай ешкімнің басына бермесін деңіз.

Ал «Бес тыын» атты әңгімесінде бас кейіпкер Гогольдің шинелінен шығып, Чеховтың «Құндақтаулы адам» атты әңгімесіне рухани туыс, жамағайын десе де болады, яғни әдебиеттегі «кішкентай адам» тақырыбын қамтиды. Сонда Оралханның шағын әңгімелеріндегі әрбір кейіпкер бір-біріне мүлде үқсамайды, әрқайсысы бір тәбе, дара. Оның «Қияли» атты әңгімесіндегі кейіпкері Саршатамыз деген жас жігіт әу баста орыс ертегісіндегі әлгі Иванушка нақұрыс атты жолы болғыш персонажға үқсайтын сияқтанғанмен, ол да жалқау Иған тәрізді тубі опық жегізетін бос белбеу, кешелеу екені ашылып қалады. Ел болған соң кездесе беретін жан, сондыктан да оны жазушы дәріптеуден, әсірелеуден аулақ.

Ауыл хикаяларының тағы бір кереметі, бұл жазушының өзі туралы да, дүние, өмірбаяндық прозаның элементтері көп, кей тұсы күнделік беттеріне үқсанап кетеді. Оралхан Бекейдің туған жеріндегі бастан кешкен кейбір жәйттарынан бұл әңгімелер үлкен мәлімет береді, мұндағы тірі, өзімен қоян - колтық араласқан, сыралғы, ағайын - туыс жандар, балалық шақтың суреттері де үзік - үзік жарқырайды.

Сонда қазақ прозасындағы эссе Оралхан қаламына да тиесілі болғанын андаймыз. «Апамның астаяу» – көркемдігі ерен күшті әңгіме, бұл жазушының балалық шағының суреті. Осындағы апасы, ана бейнесі эпосқа тән телегей - теңіз ішкі қуатымен, таңғажайып штрихтарымен қайран қалдыратын образ. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» атты классикалық әңгімесінде Құрмаш ауылға бөлтірікті алып келген күні апасының қасына жатпай, бөлек

шығып кетуші еді ғой. Мына әңгімede соған үқсас эпизод бар. Ол енді жазушының өз хикаясы мен адамға тән қызғаншақ мінезі, балалығын жасырмай, боямасыз әшкереleуімен күшті эпизод. Әпкесі қүйеуге қашып кеткен соң, құдалар жағы «апама торқадан көйлек кигізіп, менің қолымға он сом ақша ұстартты. Мен мәз болды. Өзім - өз болып қолымға ақша тиғені сол еді, ышқырымдағы асық салатын қалтаға жымқырып жүгіртпі жібердім де, үйге апамды тастап жаяу қашып кеттім. Апам кештетіп өзі келді. Сол күні түнде мен апамнан мүлде бөлініп шығып, қойнына жатпай, шалбарымды жамбасыма басып жеке үйқітадым. Ондағы жымсыма ойым – апам құдалар берген он сом ақшаны сұрап алып қояды деген қауіп. Сонда маған «Әпкенде үйге қайтарамыз, он сом ақшаны бер» десе, азар да безер қарсы болар едім-ау; сонда мен әпкемді он сомға сатып жібергендей едім» [3, 126 б.]. Он бес жасар, жасөспірім баланың шынайылығында қылдай дақ жоқ. М. Ю. Лермонтовтың «Біздің заманымыздың кейіпкері» атты әйгілі романында да жасөрім бала Азамат апасы Бэланы бір арғымаққа бола сатып жіберуші еді ғой. Сонда бұл эпизодтан ешқашан өзгермейтін адамның психологиясын тану қыынға сокпайды. Әрі бұл өзі әлеуметтік ахуалды да әйгілейтін, ел тұрмысын әшкереleуге татитын деталь.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекеев О. Қайдасың, қасқа құлымын? – Алматы : Жазушы, 1973. – 200 б.
- 2 Бекеев О. Біздің жақта қыс ұзак – Алматы : Жалын, 1984. – 432 б.
- 3 Бекеев О. Үркөр ауып барады. – Алматы : Жалын, 1981. – 527 б.

#### О. БЕКЕЙ – СӨЗ ШЕБЕРІ

РАХАТЖАНУЛЫ Е.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Оралханның көптеген әңгіме – новеллалары, повестері – лирикалық-философиялық шығармалар. Осы циклдағы Оралханның хайуанат туралы жазылған көс әңгімесінің де негізгі тақырыбы, басты идеясы – жалғыздық. Бұл енді жас Оралханның басына түспеген, уақыт есейткенде жанын қүйзелткен сезім. Сол ауыр

сезім жалғыздықты жазушы ерен поэтикалық сарынмен бере білгені жан тебірентеді. Асылы, мұндағы жалғыздық суреткерліктің табиғатына келіп тірелсе керек. «Кербұғы» – символ. Бұл әңгімеде аң дүниесі мен адам дүниесі жер мен қоктей астасып, тұтасып кетеді. Кербұғы – өлімнің ақиық шынына мойынсұну, өмірді кимастықты қиянатқа кимау, өмірді сую өлімді мойындауға барып тірелетін қорқытшылдық идеяның мәңгілігі шығар. Көп тілдерге тәржімаланған «Кербұғы» әңгімесі бұл өмірдің өткінші, алдамшы екенін, топ бастаған серкелік те, билік те, байлық та қолдың кірі екенін еске салатын санатты туынды. Әдебиетте аң бейнесін сомдау барлық жазушылардың асыл арманы, бірақ оны ұғыну оңай емес, аң бейнесін ашу тіптен қыын, хайуаннтар әлемінің өз философиясы мен таным – зердесі өткізбейтін асу тәрізді. Дүниежүзілік әдебиетте осы асудан өткен жазушылар нағыз суреткерлер. Оралхан Кербұғысына тіршілік философиясын салып жіберуге жаңы құмартып, сол сүйіспеншілігінің арынын баса алмай алқынатының оқырман жүргегі сезбей жене қаламайды. Кербұғы – дүниедегі ең асыл қазына – аң баласы үшін бостандық, еркіндік болса, автор сол бостандықтың да шектеулі, әншайын ашқоздіктің құрбандығына шалына беруге үкім етілген жалғандығына отап, қан қылып кесіп алатын адамдардың қылышы бұл әңгімеде астары терен символға ұласар еді. Сол «Кербұғыдағы» кат - қабат астарды адамзат қоғамына да теліс болады. Сонда ойлайсын, осы адам баласы қашан шын азат күйін бастан кешеді деп. Осы әңгімеге маралдарды коршау, Кербұғының қоршауды бұзып, қарғып өтіп өлім табуы – ол нендей коршау, жазушы онымен не айтқысы келеді? Осы әңгіме қоғамдық, әлеуметтік өмірге наразылық емес деп толық илана алар ма едік.

Ал тозып бара жатқан табиғат, азып бара жатқан адамдар туралы толғаныстарға толы туындысы – «Бура». «Кербұғы» мен «Бура» өзегі бір, рухтас әңгімелер, олар бір-бірімен наурызға дейінгі тоң астындағы тамырдай байланысып жатыр. Ол – асылдықтың жалғыздығы, асыл ердің жалғыздығы, келер ұрпактың азғындауы мүмкін бе деген қауіп, дүниенің жалғандығы, тегінде хас жақсының жалғыздығы болып сыңсып тұрады, сыңсығанда күзгі жел өтінегі Алтайдың қалың орманындағы қалың мұң жамылып бақұлласатындағы ма, қалай? Бураның басындағы тіршіліктің ланы ұлттық бейнеге ұласып кетердей қазақтың жүргегін қариды: «Қазақбай ауылының ең сонғы түйесі осылайша ит жемі болып қазаға ұшыраған» [1, 197 б.]. Бура поезга соғылып өлді, өйткені Кербұғы тәрізді нәпсінің іірімі

де мұнда түпсіз тақырып. Малы ырысы болған қазақ даласын енді көк темірдің уыты басқан, ол көкке полигон болып зәр шашып, өлім бүркөр еді. Өркениет көшілгөрі озғаны қазақ даласына теміржолдың табаны болып келіп, отарба – поездың дүрсліне айналған, оны әу баста көшпенді нәсіл сайтан арба деп неге атады дейміз, ол өзінің өмір салты бұзыларын сезген соң айтқан.

«Қамшыгер» атты әңгімесіндегі қазақы тіршіліктің еш жақсылығы жоқ, бірақ онда шынайы азаттық, құстай еркіндік бар сияқты. Дәстүрлі көне мәдениеттің үлгілерінің бірі – қамшыгерлік өнер. Әңгімеде жазушы өз кейіпкері – Садақбайдың өмірі арқылы иірімі мол, астарлы ой, күрделі философиялық түйін жасайды. Садақбай – ауылшылік дау - дамайға далақтап шаба беретін женілtek желөкпе емес, қамшысын басынан асыра білемдеп, аттандай шабатын, ел шетінен жауды қумай жарғақ құлағы жастыққа тимейтін, көз ілмейтін, қас батыр.

Қаһарманның қамшысы – өз болмысымызды өзімізге мұқият зерделей білуғе шақырады. Ал бұл ұлттық табиғатымызға, қамшыгерлік өнердің касиетіне қапсызыз қанықкан болсақ қана, жүзеге аспақшы.

Қамшы – күт-берекенің, ырыс-қанағаттың символы. Көркемдік деталь тұрмыстық, заттық, этнографиялық, портреттік, пейзаждық деталь арқылы кейіпкердің рухани әлеміне терендей үңіліп, адам психологиясын ашады.

Әңгіме басындағы Садақбайдың көрген түсі де оқырманына алда болар оқиғалардың жаманаттың нышанындағы әсер етеді. Қаламгер суреттеуіне жүгінейік: «Керегеде салбырап ілулі тұрған бұзау тіс он екі өрім қамшының ұшынан сүт ағып тұр...? Сүт тамшысы түп-тура төрде жатқан жігіттін көз үясина құйылады. Қамшының сабы, өрімдері құп-құрғақ бәз қалпындағы дымсыз. Жып-жылымшы әрі саумалдай дәмді мәйектің қайдан ғана шыптылдап шығып тұрғаны беймәлім... Жігіт жүмған аузын ашпастан қалың дүрдік ернін жымқырып көп жатты. Көп жата да алмады. Не де болса дәмін татып көрейін деп аузын ашып еді, қып-қышқыл қан дәмі таңдайына тақ ете қалды. Адамның қаны ма, малдың қаны ма, айыра алған жок» [2, 274 б.].

Садақбай түсіндегі қамшыдан қан сорғалауы оқиғаның оқыс жағдайда өрбүйе дәнекер бола білді. «Түстің поэтикалық қуаты, көркемдік кеністігі мен мүмкіндігі мол, кейіпкердің ішкі іірімдерін бейнелеуде спецификалық ауқымы кен, мағыналық, философиялық аткарап рөлі зор. Белгілі бір қоғам мүшесі қаламгердің айтпауға

тиіс мәселелерін бейсаналылықтың сөз өнеріндегі көрінісі болып табылатын тұс көру техникасы мен оны қолданудағы кәсіби шеберлігі ашық жариялауға мүмкіндік береді» [3, 118 б.].

Керей жағынан жылқы алуға аттанған Садақбайлардың жолы болмады. Қарсы жақтың күзеті оңайлықпен алдыра қоймады. Тек Садақбайдың қамшыгерлігі ғана қаумалаған жауларына дес бермедин. Катал заманның қатты тағдыры бала кезінен белін бекем будырган, сұнғыла көнілі ағайын арасындағы салқындықтың сайқал мінезінен ерте түнілткен Садақбайдың қамшыгерлігі айызынды қандырады: «Карсы даңбақтаған топты, жалт бұрылыш ағындарымен еткізіп жіберді. Өтіп кеткен соң қыргидай шүйлікті қыр желкелерінен. Ор қояндай ойнап, сақ - сақ күліп, гайып ирен – қырық шілтеннің пірін шақыра езуі көпіршіп, топтың топанына бір араласып шыққанда – алтауының бірдей қамшысын сарт-сұрт жұлып, тақымына қыса кетті. Атын жайтандата жорғалатып дей далаға жырактанды да, бұландаған алты қамшыны бірдей алдыңғы қанжығасына байладап үлгерді» [2, 275 б.].

Шығарманың шарықтау шегі – Садақбай өлімі. Қаһарман қазасы ауыр қаза. Автор өз кейіпкерінің өлімі арқылы – абзал азматынан айрылған ауыл - аймақтың ғана емес, бар асыл, құндылығынан айрылған үлт тақсіретіне үңілдіреді. Қамшыгерлікті терең игерген Садақбайдың артында қамшы ұстар үрпақ қалмауы да терең ойға жетелейді. Қаламгер табиғаттың заңы бұзылып, Садақбайдың қамшысы ақыретке өзімен бірге оралады деп талай рухани асыл мұраларымызды мәнгілікке тастап бара жатқанын түспалдайды.

Атадан мирас болып келе жатқан қамшыгерлік өнердің қасиетіне қаламгер қолтаңбасы осылайша ой тербетеді, өз оқырманың осылайша сүйсінеді. Бұл әнгіме тарихымыздың терендігін тануға жетелейді.

Тек суреткер Оралханға ғана тән, өзіндік стиль, дара үн, кестелі сез тіркесі бірден адам жаңын баурап аларлық беймәлім мүң, беймәлім сыр, жыр, тым-тым еліктіріп-елітіп бара жатқандай. Бұл сөздің құдіреті, сол сез – кестеге сұлу ою-өрнек салған шебер жазушының қасиеті.

Жас кезінде жазылса да жадына жазылып қалатын «Арысын тосып әлі отыр», «Жесірлер» топтама әнгімелері соғыс жылдарында ауылдарда ауыр бейнет кешкен әйелдер тағдырынан сыр шертеді. Мағрипа есімді келіншектің боздағы – Бозтайлағын сағына тосқан сәттерін жазушы қалай жан тебірентерлік сездер тауып суреттеген дессөзіші. Қарапайым қазақ әйелінің қасиетін ашатын айшыкты,

шынайы көркем шығарма. Күйеуінің суретін серік етіп жүріп, шашы ағарған, санасты сарғайған Мағрипадай жанның бейнесін аша білген.

«Жесірлер» топтамасы да тың ой, соны стилемен, айрықша шабытпен жазылған. Мұнда да өзінің қызын тағдыры кейіпкерлерінің қайыспас қайса мінездерін, кісілікті қылықтарын, арлы, адамгершілікті қасиеттерін қастерлең, сөз түйінін бәріне де сен кінәлсін сор соғыс деп аяқталуы сөтті шыққан.

Суреткер Бөкейдің әдемі әннің қайырмасында мөп - мөлдір әңгіме, новеллаларын айтпағанның өзінде, «Бәрі де майдан», «Біздің жақта қыс ұзақ», «Сайтан көлір», «Қар қызы», «Жетім бота» повестері мен «Өз отынды өшірмे» романы сыншылар тарапынан да, оқырман тарапынан да әділ бағасын алған жауһар дүниелер.

«Қар қызы» повестіндегі жазушы суреттеп отырған іс - әрекет, оқиға өтетін орын, объективтік қеңістік бірнешеу: біріншісі – кейіпкерлердің туған ауылы, Нұржанның сөзімен айтқанда «үлкен жер», «үлкен дауы бар үлкен ел» [4, 233 б.]; екіншісі – табиғат қеңістігі: Алтай өнірі. Ауыл – түйік қеңістіктің образы: «Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппак қардың астында бұк түсіп, қаздың жұмыртқасында томпайып - томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлындаі көтеріліп, жуастау будактаған тұтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз» [4, 236 б.]. Ал, табиғат қеңістігі ашық, шексіз қеңістік ретінде қабылданады, қар қызы да Нұржанды сол «кеңістікке, мәңгілікке, шексіздікке» шақырады, «Нұ - р - ж - а - н... сен кет бұл ауылдан, мұлдем кет, мәңгілкке кет... ерменің сонынан.... ер» [4, 252 б.]. Осы табиғат қеңістігінде негізгі сюжеттік желі дамып, бас кейіпкерлердің характерлері танылып, даралана түседі. Себебі повестін алғашқы беттеріндегі бас кейіпкерлердің ауылдағы (түйік қеңістіктегі) тірлігін суреттеген шағын эпизодтардан олардың характерлеріндегі ерекшелік, айырмашылықты байқау қызын. Табиғат қеңістігі – мәңгілік ғарыш әлемінің кішірейтіп алынған моделі, сондықтан алғып қеңістік – табиғат аясында жалғыз қалған адам өзін мәңгілік дүниенің титімдей, елеусіз бөлігіндегі сезінеді. Повесте адамдар арасында қара құштің баламасы саналған трактордың өзі қеңістік өлшемімен қарағанда нокаттай ғана. Ал, осы алғып қеңістікке үш тағдыры, үш дүниетаным исесі – Нұржан, Аманжан, Бақытжан «тасталған» автор адамның өмір үшін жан таласын сұық дүниеге қарама - қарсы қойып, адамның адамшылығын неде екенін тапқысы келеді. Адамды тәубеге келтірер бірден-бір нәрсе осы табиғат

қаталдығы деп түсінеді. Табигат оқиға желісіне араласып отырады, кейіпкерлерді дедектетіп, оқиғадан оқиғага қызып отыратын күш – табигат қаталдығы. Осылайша, шығармады қеністік пен адамның ара қатынасы ашылып, кейіпкерлер харктерлерінің қоршаған ортасына орай өзгеруі сипатталады. Жазушының өзі айтқандай: «Ол повесте менің айтайын дегенім тракторшылар өмірі емес, қеністік пен жалғыздық мәселесі, адамның қеністікті түйсінуі, қабылдауы, қеністіктің жалғыздыққа ықпалы» [5]. Адамның өз жалғыздығын, ұшы - қырып жоқ қеністікті қабылдан, сезінуі, Нуржанның беймәлім өкініші, сағынышы, тылсым дүниеге деген құштарлығы арқылы беріледі: «...Осы қу мекиен айдалада жападан - жалғыз қалып қойғысы, қалып койып анау аппақ кебін қардың үстіне ақпен табандаған қара пиманың ізін аттап, мәңгі тымық, мәңгі сұық шексіздікке, алдыңғы күні белгісіз бозаң жолға шыққысы келеді» [4, 254 б.].

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бекеев О. Қайдасың, қасқа құлыным? – Алматы : Жазушы, 1973. – 200 б.
- 2 Бекеев О. Үркөр ауып барады. – Алматы : Жалын, 1981. – 527 б.
- 3 Пірәлиева Г. Қазақ прозасындағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы : Фылым, 2004. – 118 б.
- 4 Бекеев О. Біздің жақта қыс ұзак – Алматы : Жалын, 1984. – 432 б.
- 5 Ыбырайымов Б. Өз тақырың болсын деңіз // Лениншіл жас. 19 февраль 1985.

### ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТ ҰҒЫМЫ

РАХМЕТЖАНОВА З. Т.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Прецедент» ұғымы алғашкы рет құқыктану саласында пайда болды. Ол кейінгі әрекеттер үшін үлгі немесе ақтау ретінде қызмет ететін өткенде болған іс-әрекет деген мағынаны білдірді. Бұғынгі таңда бұл термин мәдени-тілдік қеністіктегі белсенеді түрде енгізіліп, қолданылуда.

Тіл білімінде «Прецедент» ұғымын XX ғасырдың сонында Ю. Н. Карапулов, В. Г. Костомаров, Д. Б. Гудков, И. В. Захарченко, В. В. Красных және тәғы басқа ғалымдар зерттеген. Ғалымдар прецеденттердің ішінде прецеденттік феномендер деген аталағын прецеденттер тобын бөліп көрсетеді.

Лингвистикалық зерттеулерге сәйкес, қазіргі кез-келген мәтін интертекст болып табылады, ойткені ешқандай жұмыс оқшауланған туынды емес: ол сөзсіз әлемдік әдебиеттің контекстіне енеді. Интертекстуалдылық сипатты жоқ жұмыс ақпараттық қеністікке, әдебиетке, ғылымға және мәдениетке ене алмайды.

Интертекстуалдылық сипатты тек әдеби және көркем шығармашылықтаған емес, сонымен қатар бұқаралық коммуникацияда да: теледидарда, баспасөзде, электронды бұқаралық ақпарат құралдарында кең таралғаны байқалады.

Интертекстуалдылық категориясы прецеденттік категориямен тығыз байланысты. Ю. Н. Карапулов: «1) белгілі бір тұлға үшін танымдық және эмоционалды түрғыдан маңызы, 2) жекелік сипатқа ие, яғни, осы тұлғаның замандастарына, ортасынанатын; 3) осы тілдік тұлғаның дискурсында бірнеше рет жаңартылуы. Жалпы алғанда, прецеденттік мәтіндердің құрамы орыс, қенестік және әлемдік классиктердің шығармаларынан қалыптасады деген айтуда болады, бұған фольклорлық шедеврлерді де жатқызуға болады» – деді [1, 216 б.]. Ғалым бұл тұжырымдамаға дәйексөздерді, кейіпкерлердің, авторлардың аттарын, сондай-ақ вербалды емес сипаттағы мәтіндерді жатқыздады.

Қарауыловтың «прецеденттілікке» берген анықтамасы соншалықты кең, ол тек көркем әдебиеттермен ғана шектелмейді, сонымен қатар музыка, сөulet және кескіндеме туындыларына да қатысты. Мәтінде прецеденттік бірліктер белгілі бір қоғамның қазіргі жағдайының ерекшелігін, ондағы құндылықтарды, дүниетанымды және мәдениетті көрсетеді. Прецеденттік мәтіндер ауызша өнер аясынан әлдеқайда кең ауқымда болады және мәдениеттің фактісіне айналады, тілдің жалпы мәдени қорын құрайды.

Ю. Н. Карапуловтың теориясын жалғастыра отырып, А. А. Евтюгина: «Прецеденттік мәтін – бұл жазбаша мәтіннің жетіспейтін мәтінгеге қатынасын реттейтін мамандандырылған прагматикалық функцияны орындағытын, жана мәтіндік ортага енген прецедентті сактайтын мәдени белгі», – деген жазады [2, 4 б.].

С. Қ. Иманбердиеваның пікірінше, көпшілікке арналған мәтіндерден басқа, адамдардың белгілі бір тобына, шағын өлеуметтік топтарға қатысты мәтіндер болады (отбасылық прецеденттік мәтіні, студенттік топтың прецеденттік мәтіні). Мақалдан эпосқа дейінгі кез-келген қөлемдегі мәтін прецеденттік мәтін болуы мүмкін [3].

Ғалымдар арасында интертекстуалдылық пен прецеденттілік ұғымдарын ажыратудың көптеген төсілдері бар. В. В. Красных бұл категориялардың басты айырмашылығы зерттеу объектісінде екенін айтады: интертекстуалдылық теориясы – көркем мәтінді, прецеденттілік тұжырымдамасының назар аударатын объектісі – тікелей байланыс, коммуникация процесінде пайда болатын мәтіндер» екенін атап көрсетеді [4, 137–138 б.].

Шынында да, интертекстуалдылық теориясы негізінен көркем дискурстың мәтіндеріндегі интертекстуалды байланыстарды зерттеу барысында дамыды. Алайда, бұл ілімнің қолданылу аясы осы саламен шектелмейді. Интертекстуалды зерттеулердің аясы біртіндеп кеңеюде. Г. Г. Слышкин мен М. А. Ефремова прецеденттілік деп «мәтінде алдыңғы мәтіндердің элементтерінің болуы» деп түсіндіреді [5, 7 б.]. Бұл анықтама прецеденттік терминді интертекстуалдылық ұғымына жақындалады.

Прецедент белгілі бір қоғам үшін маңызды және осы қоғам өкілдерінің сөйлеуінде үнемі жаңартылып отыратын белгілі бір «стереотиптік бейнелі-ассоциативті кешен» болып табылады [2].

Д. Б. Гудковтың пікірінше, прецеденттер ұқсас фактілерді көбейту үшін модель ретінде қызмет ететін ұлгілі психикалық, тілдік және сөйлеу фактілері түрінде жұмыс істейді, яғни, императивтілікке ие болады [6]. Д. Б. Гудков прецеденттік феномендерді «лингвомәдени қоғамдастыққа жақсы таныс, осы қоғамдастықтың ұжымдық жадында сакталған және сөйлеуде үнемі өзекті болып табылатын бірліктер» деп анықтайды [6].

Прецеденттік феномендер – бұл белгілі бір тіл мен мәдениеттің өкілдері қабылдай алғатын мәдени құбылыстар. В. В. Красных прецедентті феномендерді ассоциативті-прецедентті феномендер, ұлттық-прецедентті феномендер әмбебап-прецедентті феномендер деген бірнеше түрге жіктейді [4].

Гудковтың көзқарасына сүйене отырып, прецеденттік феномендерді прецеденттік мәтін, прецеденттік айтылыс, прецеденттік есім, прецеденттік жағдаят деген тақырыптық топтарға бөліп көрсетуге болады және оларды зерттеу олардың

турлі мәртебеге ие болатындығын, олардың әрқайсысының өзінің бейнелеу формасы, аксиологиялық әлеуеті бар екенін байқаймыз.

Сонымен, 1) прецеденттік мәтін – бұл «сөйлеу-ойлау қызметтің аяқталған және жетілген өнімі; (поли) предикативті бірлік; құрамдас бөліктерінің мәндерінің қосындысы оның мағынасына тең емес күрделі белгі» деп түсінілестін мәтін [6]. Прецеденттік мәтіндер – бұл ұлттық мәдениеттің ұлгілі мәтіндерінің белгілі бір түрі, оларды зерттеу ұлттық-лингвистикалық-мәдени қоғамдастықта жеке тұлғаны өлеуметтендіру кезінде қажет, оған жүгіну осы қоғамдастықта үнемі жаңартып отырады.

Прецеденттік мәтіндерге мыналар жатады:

- а) көркем әдебиет туындылары;
- б) өндердің сөздері;
- в) жарнама мәтіндері, анекдоттар және т. б.:

Прецеденттік мәтін корпусы белгілі бір қоғамда көтермеленетін немесе айыпталатын құндылық бағдарларын, өлеуметтік мінез-құлық ұлгілерін көрсетеді және қалыптастырады. Демек, прецеденттік мәтін ұлттық мәдениеттің протомәтіндерін құрайды. Бұларға барлық басқа мәтіндер жатады және теріс пікір білдіретін, тіпті оларды жоққа шығаратын мәтін болса да негіз болады. Мәтінді қабылдау және құру кезінде кез-келген ана тілі оларға жүгінеді. Бұл мәтіндердің мазмұнын, мәнісін білмей жатып, мәдениеттің өзі сиякты белгілі бір мәдениеттің мәтіндерін толық түсіну мүмкін емес. Оны басқаша айтқанда мәтін ішіндегі мәтін деуімізге болады. Мысалы: Мәшін Жұсіпте:

*Жалғаның омір бойы уын іштім,  
Оз бойыма шақ емес күім піштім.*

*Сәрсенбайдың бақытсыз Жамалындаї,*

*Созіне мейірім қанды, түстім-түстім* [7, 38 б.], – деген жолдар бар. Мәшін Жұсіп шығармадағы қаһарманның жай-күйін еске салып, өз өлеңінде лирикалық кейіпкердің мінез-құлқын сипаттау үшін, М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының атауын алғып отыр. Ондағы Жамал бейнесін бағы ашылмаган адам ұғымында кейіпкерлердің психологиясына салыстырулар жасау үшін алған.

2) Прецеденттік жағдаят – белгілі бір қауымдастықтармен байланысты «анықтамалық», «идеалды» жағдай, оның ішінде лингвомәдени қоғамдастықтың танымдық базасына кіретін іс-әрекет пен оның қатысушылары туралы түсінік болады. Танымдық базада прецеденттік жағдаяттың сол лингвомәдениқауымдастықтың барлық мүшесіне таныс дифференциалды белгілері сакталады.

Прецеденттік жағдаят ол себептерді түсіндірмейді, тек факт – прецеденттік ахуалды көрсетеді.

Прецеденттік жағдаят (ахуал) үнемі түрлі дискурстарда, мәтіндерде, прецеденттік айтылымдарда қайталанып тұрады. Прецеденттік жағдаятты қабылдаудың инварианты болмыс, өмір туралы түсініктер арқылы да көрініс береді, осы түрғыдан алғанда прецедентті жағдай архетип түсінігімен мағыналас болып келеді. Мұның атрибуттары - сол прецеденттік жағдаятқа қатысы бар субъект-кейіпкерлер немесе заттар. Мысалы:

Абай:

*Осы жалған дүниеден,  
Шешен де откен не үлбұл,  
Косем де откен не дұлдұл,  
Соз мәнісін білсеңіз,  
Ақыл – мизан, олишеу қыл [8, 105 б.]*

Балуан Шолақ:

*Атандым Балуан Шолақ бала күнинен,  
Ту үстап, ерлік етіп, тұлпар мінген.  
Ешкімге опасы жсоқ жалған дүние,  
Өтті гой талай-талай кемеңгерден [9, 320 б.]*

Осы жолдардағы жалған дүние деген бірлік прецеденттік жағдаят болып саналады. Ол адамдар осы өмірге қонақ болып келетінін білдіреді және мәдениет мүшелеріне жаппай түсінікті болып табылады.

3) Прецеденттік айтылыс – күрделі тілдік таңба, оның мағынасын түсіну үшін прецеденттік айтылыштың негізгі мазмұнын құрайтын ондағы экстралингвистикалық, танымдық факторлар туралы білім керек. Мысалы: қазак тілінде «Айналайын» деген бірлікті біз прецеденттік айтылышқа жатқыза аламыз.

Қазак балаларына «айналайын» деп еміренеді, онысы «сенің жолында менің жаным құрбан» немесе «саған келген пәле маған болсын» дегені. Осы түрғыда Олжас Сүлейменовтың «Айналайын» атты атақты өлеңі бар.

*Айналайын – чудесное слово,  
Жаль, что русский его не поймет,  
Объяснить я готов ему снова,  
Только бедно звучит перевод, – дейді де ақын [10, 7 б.]*

Бұл сөздің бойында жасырынғын мазмұн әрбірімізге таныс. Оны басқа халық түсінбеуі мүмкін. Сондыктан ол прецеденттік айтылыш бола алады.

4) Прецеденттік есімдер – накты бір адамды, болмаса жер-су атауларын, сондай-ақ, прецедентті есіммен байланысты оқиганы атау үшін ғана емес, өз бойына жинақтаган қандай да бір образды бейнелеу үшін, есім арқылы сақталған ақпаратты беру үшін қызмет ететін және көпшілікке танымалдығымен ерекшеленетін жалқы есімдер. Мысалы, «Қасымханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы» дегендегі Қасымхан, Есімхан, «Қазығұрттың басында кеме қалған» дегендегі Қазығұрт, «Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендегі Күлтөбе прецеденттік есімдер болып саналады.

Қорытындылай келе, мақалада прецеденттік феномен деп аталағын прецеденттік құбылысқа және оның тақырыптық топтарына сипаттама жасадық. Интертекстуалдылық кез-келген мәтіннің маңызды сипаты екенін анықтадық. Интертекстуалдылық ұғымының негізінде «прецеденттілік» термині пайда болды, оның негізінде, өз кезегінде, прецеденттік феномендер теориясы құрылды. Сондай-ақ, біз прецеденттік феномендердің ішінде: прецеденттік мәтін, прецеденттік айтылыш, прецеденттік есім және прецеденттік жағдаят болып ажыратылатынын зерделедік. Беріліп отырған мысалдарды талдауда анықталғандай, аталған барлық феномен бір-бірімен тығыз байланысты, олардың арасында қатаң шекара жок. Бір жағынан, прецедентті мәтіннен белініп, автономды бола отырып, прецеденттік айтылыш прецеденттік мәтіндер санатына енүі мүмкін, яғни прецеденттік мәтін «этимологиялық» түрде прецеденттік айтылышқа көтерілуі мүмкін. Екінші жағынан, егер прецеденттік мәтін бір немесе бірнеше айтылыштармен білдірілсе, онда ол прецеденттік айтылыштар ретінде әрекет ете алады. Прецеденттік мәтін болғандықтан, оларда міндетті түрде прецеденттік жағдаят қарастырылады. Прецеденттік жағдаяттың иесі прецеденттік есімдер болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987. – 321 с.

2 Евтюгина А.А. Прецедентные тексты в поэзии В.Высоцкого: (к пробл. идиостиля) :автореф. дис ... канд. филол. наук. Екатеринбург, 1995. – 18 с.

3 Иманбердиева С.К., Егізбаева Н.Ж. Прецедентті термин және прецедентті есім //ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы, 2015 // <https://articlekz.com/kk/article/23442>

4 Красных В.В. и др. Когнитивная база и прецедентные феномены в системе других единиц и в коммуникации // Вестник Московского университета. Сер. 9, Филология. 1997. № 3.

5 Слыскин Г.Г., Ефремова М.А. Кинотекст (опыт лингвокультурологического анализа). М.: Водолей Publishers, 2004. – 153 с.

6 Гудков Д. Б. Прецедентное имя в когнитивной базе современного русского (результаты эксперимента) //

[https://www.philol.msu.ru/~slavphil/books/jst\\_04\\_05gudkov.pdf](https://www.philol.msu.ru/~slavphil/books/jst_04_05gudkov.pdf)

7 Мәшіұр-Жұсіп Қөпееев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 2 т. – 456 б.

8 Абай. Өлең – сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006. – 650 б.

9 Ай, заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық / Құрастырушы М.Мағаун, М.Байділдаев. – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Bas редакциясы – РББ, 1991. – 2 т. – 496 б.

10 Сүлейменов О. Айналайын // <https://oinet.kz/e/action>ShowInfo.php?classid=38&id=24992>

## ПРЕЦЕДЕНТТИК ЕСІМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.г.к., кауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

РАХМЕТЖАНОВА З. Т.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Прецеденттік есімдер қоғамның рухани мәдениетінің жетістіктерін сақтау және этикалық-эстетикалық нормаларды үрпақтан-үрпаққа жеткізу құралы болып табылады. Сонымен қатар коммуникативті функцияларының кеңеюіне және ықтимал қайталама мағыналардың пайда болуына әкеледі. Үлт мәдениетімен, әр адамның қоғамдық және құнделікті өмірімен тығыз байланысты болғандықтан прецеденттік құбылыс тіл білімінде ешқашан өзектілігін жоғалтпайды.

Прецеденттілік саласына белгілі бір тұлға үшін танымдық және эмоционалды тұрғыдан маңызды, қоғамда жақсы танымал және үнемі қарым-қатынаста қолданылатын дайын интеллектуалды және эмоционалды блоктар жатады.

Біз прецеденттік мәтін, прецеденттік жағдай, прецеденттік мәлімдеме және прецеденттік есімдер сияқты бірліктердің жалпы прецеденттік феномендер немесе құбыльстар деп аталатының ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында аңғардық.

Д. Б. Гудков жеке есімдердің 1) әйгілі мәтінмен немесе 2) ана тілінде сөйлейтін және прецедент ретінде әрекет ететін жағдаймен анықталуын прецеденттік есімдер деп деп санайды [1, 108 б.].

Ал В. В. Красныхтың пікірінше, айтушы қандай да бір прецедентті есімді қолдану барасында ол «нақты бір денотаттың (референтің өзін емес), аталмыш прецеденттік есімнің жалпы дифференциалдық белгілерін есінде ұстап тұрады» [2, 48 б.]. Мысалы: қазақ өлем бейнесіндегі Шық бермес Шығайбай – жалпы сарандықты білдірсе, Қызыр ата – қасиеттілік белгісі болып саналады.

Прецеденттік есімдерді пайдалану мақсаты қандай да бір мәдениет аясында адамдардың нақты бір қасиеттерінің эталонына, клишеленген бейнесіне айналған жүйелер арқылы бағаланатын затқа қысқа да нұқса сипаттама, субъектілік катынас арқылы оң немесе теріс баға беруден тұрады.

Демек, прецеденттік есімдер бір мезгілде атальмадық және сипаттаушылық қызметті қатар атқарады. Екі қызметтің ішінде сипаттаушылық қызметі негізгі болып саналады, өйткені өзінің аксиологиялық және экспрессивті сипатта болуымен ерекшеленеді.

Осындай прецеденттік есімдер фразеологизмдер, мақалмәтілдер бойынан да кездесіп жатады. Прецеденттік есімдері бар қазақ фразеологизмдері терең тарихи және мәдени мазмұнға толы. Прецеденттік есімдер тіл әлемінің үлттық бейнесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олар шындықты бағалауға ықпал етеді.

*Абайдың ақылын [басын] берсін, Жамбылдың жасын берсін, Сөкениң сәнін берсін, Күләштің әнін берсін – Алғыс түріндегі фразеологизм. Бар жақсылықты, иглікті тілеу. Бір жолдастың шілдехана үстінде дүниеге келген сәбиге: Абайдың басын берсін, Жамбылдың жасын берсін., Махамбеттің тілін берсін, Құрмангазының қуйін берсін, Ыбырайдың күрегін берсін, Гагаринің жүргегін берсін! - деп тілек айтқанын естідік. Үлгар жаңа сипатта айтылған бата-тілек қана емес, ауыз әдебиеттің бір корінісі – шешенендік сөз емес не екен? (КӘ) [3, 9 б.].*

*Абылайдың ақ туы. Үлгар сөз бүрін күллі қазақ атынан айтылар үранның баламасы ретінде жұмсалатын болған. Олар ана жақта*

партия құрып, ... Абылайдың ақ туының астына Алаш азаматын топтап, уш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан корінеді (Ә. Н.). [3, 9 б.].

*Ақылы Аплондай* (Платон – Аплонон гректің белгілі ғалымы. Ескі әдебиетте «Аплонон» ақылдың, даналықтың өлшемі ретінде алынатын болған) *Bireuge Аплондай білім беріп, Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның* (С. Т.). [3, 29 б.].

*Атымтай жомарт.* «Тай» - араб елінің руы; «натым» - сол рудан шықкан(ескі өртегі бойынша) жомарткісінің есімі. (Сері, қолы ашық кісі туралы айтылады). *Бұрынғы уақытта Атымтай жомарттың мырзалығына ешкім жесте алмаган (КЕ).* Ақылсызың еши созі мақұл болмас, Атымтайдай жомарттың десе-дагы (М3). [3, 62 б.].

*Қазірет Қызыр келеді. Қыдыр дариоды. Тілегін құдай береді.* Ақсақалдың кісі бол, Қазірет Қызыр келеді (М3) [3, 305 б.].

Фразеологиялық бірліктің құрамдас бөлігі бола отырып, жалқы есімдер прецеденттік есімдердің функциясын орындағы бастайды, ейткені ол белгілі бір қасиеттердің жиынтығы бар біртекті заттардың жалпыланған атауына айналады. Оним жеke, жалғыз өрнек болуды тоқтатады, бірақ өзінің бастанқы атауымен генетикалық және семантикалық байланысын сақтайды.

Прецеденттік есімдері бар фразеологиялық мифология мен дінде жиі кездеседі. *Абылхаят* [Әбілхаят] сұзы, Әзірет Әлінің қүші, *Бабай түкті шашты Азиз*, *Ғазырет Қызыр ие*, *Бибібатпа* [Бибісара] пірімнің қолы/Бибітпага [Бибі Фатима, Қадишаға] сыйынды/Бибібатима пірім, Су иесі Сүлеймен, Қыдыр дарыған, Қайда барсаң Қорқыттың корі және т.б.

Байқап отырғанымыздай, осындағы прецеденттер когнитивтік (тәнімдик) базаға кіреді. Аталып отырған зат туралы түсінік қалыптастыра отырып (бұл жағдайда мифтік кейіпкер), прецеденттік есімдер тілдік ұжымда атальыш есімге бекітілген ұғымдардың коннотацияларын, тұрақты белгілерін білдіре алады.

Затқа әлеуметтік бағаберу көбінесе прецеденттік есімдерді тұрақты тіркестерге қосу арқылы көрінеді (*Арамызда шығайбайланатындар бар, қодарланып отыр, асанқайғылану*). Осы типтегі фразеологиялық бірліктерге тән ерекшелік – олардың құрамындағы онимдер әдетте кіші өріппен жазылады, бұл атаудың жалпылануын көрсетеді. Жалқы есімдер компоненттері болып табылатын фразеологиялық бірліктер көбінесе грамматикалық және сөзжасамдық құралдардың көмегімен жиі айтылатын жағымсыз

экспрессивті коннотацияны жеткізеді. Мысалы, шығайбайлану фразеологиямы қолы тар адамдарды сипаттау үшін қолданылады.

Прецеденттік атаулар тілдік қоғамдастықтың тәнімдик базасында сақталатын жалқы есімдер туралы инвариантты түсініктерді көрсетеді және ұлттық мәдениет арқылы анықталады. Жеке тұлғаның мәдени құзыретіне байланысты қолданылатын есім туралы аялық білім кешені прецеденттік есімдердің негізгі компоненті болып табылады [4, 81 б.].

Прецеденттің онимдердің денотаты мәдени құбылыс немесе тақырып (саяси, ғылыми қайраткер, суретші, жазушы, әдеби кейіпкер туралы) туралы идеяларға сүйенеді. Прецеденттік есімдердің сингификаты барынша қысқартылған түрде болса да, белгіленген зат туралы энциклопедиялық білім іспетті болады. Денотаттың субъективті, жеке инвариантты жалпыға бірдей танылған ұлттық идеямен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ оған сүйенеді.

Мысалы: *Есімханың ескі жосы*. Есімхан деген қазақ ханның атына байланысты атанип, өртеде қалыптасқан салттүрмис заңы, көне дәстүр жиынтығы. *Кеңірбай*, *Қараменде*, *Құнанбайлардың айтуларынан жазылып алынған «Қасымханың қасқа жосы»*, *«Есімханың ескі жосы»...* дейтін орта гасырдағы қазақ қауымының жүртшылық заңдарымен орыс галымдарын таныстырмақшы болады (Ә. М.) [3, 169 б.].

*Ескендірдің қос мүйізі*. Бұл жерде іште жатқан шер, құпия сыр ұғымында. *Отар, айтылмаган окпе – іште жатқан Ескендірдің қос мүйізімен тең* (І. Е.). [3, 168 б.].

Прецеденттік есім коннотативті семаларға ие болуы мүмкін және мәлімдеме объектісін сипаттау үшін қолданылады. Прецеденттік есімдердің белгілері тұрақты сипатқа ие және тәнімдик және эмоционалды қарым-қатынаста сөйлеуші үшін маңызды, сонымен қатар осы адамның қоршаған ортасына таныс.

Прецеденттік онимдердің негізгі белгілерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады: танымалдылық және жалпыға бірдей сипаттарының болуы; қабылдаудың тұтастығы; мазмұнның репродуктивтілігі; өзгермейтін түрде, тұрақтылықта қайталанатын форманың стандарттылығы; ассоциативтілігі – белгілі бір тілдік бірлік пен ол ұсынатын құбылыс арасындағы байланыс; бірнеше рет қолдануды қамтитын қолдану жиілігі.

Көптеген прецеденттік атаулар жиіліктік сипатқа ие, яғни олардың мағынасы әлеуметке белгілі және әмбебап тәнімдик кеңістікке енеді. Мысалы, *Атымтайлар* – жомарт адамдар,

*Шыгайбайлар – сарап адамдар, Асан Қайғылар – жылаңқы адамдар*  
және т.б.

Прецеденттік есімдер ана тілі үшін ақпараттық, танымдық және эмоционалды құндылықпен, инварианттықпен және символизммен сипатталады. Шоғырланған түрдегі мағынаны корытындылай келе, прецедент адамның сыртқы келбетін (Толагай), мінезін (Асан қайғы), әлеуметтік жағдайын (Қарынбай) көрсете алады.

Сөйлеу тәжірибесінде айтушы әдетте өзінің жеке бағаларын, объектілерге тән мінез-құлықты және үлттық сипаттамаларды береді. Сондықтан прецеденттік есімдердің қолданылуы мәдениаралық байланыстарға, лингвомәдени қауымдастық мүшелерінің білім деңгейіне байланысты. Прецеденттік есім, бір жағынан, оның қайнар көзімен байланысты және ол туралы маңызды ақпаратты қамтиды, ал екінші жағынан, жеке даралық пен оған тән белгіні көрсетеді және оның негізгі иесінен алшақтату қабілетіне ие болады.

Фразеологизмдерде қолданылатын прецеденттің pragmatikaлық компоненттің коннотациялары ерекше рөл аткарады. Коннотация айтушыға тыңдаушының санаы мен эмоцияларына әсер етуге мүмкіндік береді. Прецеденттік есімдерді қолдану адамның мәдени, біліми және әлеуметтік тәжірибесін қолдана отырып, олардың мағынасын түсінуге мәжбүр етеді.

Фразеология мағынасында жасырылған бағалау компоненті әсіреле маңызды болып табылады. Сезімдер мен эмоцияларды білдіретін эмоционалды компонент прецеденттік атаудың мағынасын бағалау компонентімен байланысты.

Коннотацияның бағалау және эмоционалды компоненттері, әдетте, белгінің үлкен дәрежесін білдіретін экспрессивті компонентпен байланысты. Шоғырланған бірлік бола отырып, прецеденттік есімдер коннотацияның барлық үш компонентін (бағалау, эмоционалдылық, экспрессивтілік) қамтиды.

Қорыта келгенде, фразеологизмдердің құрамындағы прецеденттік есімдердің мағыналық ерекшеліктеріне ақпараттылық, танымдық және эмоционалды құндылық, символдық және экспрессивтілік жатады. Олар талай жылғы тарихи дәүірде мойындалған халықтық пайымдаулардың, ұғымның таңбага айналу үдерісінен өтіп, лингвомәдени прецедентке айналуы нәтижесінде тұрақтылыққа ие болады. Бұл бейнелер аксиологиялық жүйеде лингвомәдениеттаннымдық доминант- бірлік ретінде танылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гудков Д.Б. Прецедентное имя и проблемы прецедентности. М.: Изд-во МГУ, 1999. – 152 с.

2 Красных В.В. Прецедентное высказывание и прецедентное имя как символы прецедентных феноменов // Язык, сознание, коммуникация. Вып.1. М., 1997. С. 82 –103.

3 Кеңесбаев И. К. Қазактілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1977 . – 712 б.

4 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 81 б.

## 1920-1930 ЖЫЛДАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР

САҚ Д. Ү.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.г.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

1917 жылы Ресей патшасы тақтан құлап, Кеңес өкіметі орнады. Кеңес өкіметінің Ресейдегі орнауы тек орыс және оған бағынышты халықтар үшін ғана емес, әлем үшін жаңа қоғам болатын. Қоғамның базисі мен қондырмасы, идеясы мен экономикасы, талаптары мен қажеттіліктері басқа болатын. Сондықтан да қоғамдағы өзгерістерге бейімделу қажеттілігі туындағы. Бұл ретте қазақ қоғамындағы кейіпкердің бойындағы теріс сипаттар 1920 – 30 жылдардағы көркем прозада мол көрініс тапты.

1 Кеңестік кезең саясатына ынғайланған шығармаларда кейіпкер теріс сипаттары патша заманы кезінде оқып, білім алғып, сол білімімен кейінгі Кеңес ісіне араласқандар бойында суреттелді.

2 Социалистік реализм әдісі өкімет саясатына қарай жұмысшы мен шаруаны қолдағандықтан да, бүрынғы байлар бойындағы жауыздық, қасқунемдік, екіжүзділік, аярлық мінездер кең көрініс берді.

3 Бай балалары мен бай отбасының мүшелерінің мінезіндегі теріс сипаттар көп суреттелді.

Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында Кеңес ісіне ынғайланған, оқығандардың мінез сипаттарындағы теріс жақтары жіктеліп беріледі. Жазушы Төлеген, Ықан, Тыпан, Ақбала, Жорғабек сияқты оқығандар мен үәдесінде тұра алмайтын жалтақ Бекболатты, каланы көріп, орыстың тілін үйреніп, кеудесіне наң

піскен Мұқашты суреттейді. Кейіпкерлерінің теріс сипаттарын берерде Мұқаш ойы бар сырын ашады: «Өзім бір тұрған занмын. Орыспен де, қазакпен де сөйлесе кетем. Елде жүрсем де, қалаға барсам да өлмейтін тәріздімін. Адам болған, ел билегендердің менен тұқ артық жері жоқ. Олар білген етірік, өсек, үрлых-карлық, кулық-сұмдықты мен де білемін. Олар сөйлеген сөзді мен де сөйлей аламын. Қайта мен «какой черт, как же, нежоли, неимешь права...» деп орысшаны араластыра соғып жіберуге де әмірім келеді. Енді менің ел адамдарынан қорғалайтын нем бар? Мен неден тайсалам? Жалғыз кемдігім: қағаз танымайтынмой ғой. Мендейлер толып жатыр ғой. Әттең дүние! Қолым хат білсе, Құршым өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер ем... Елі құрғырын аузын бассаң, арты сөйлеп тұрады ғой...». Жазушы көзben көріп, қолмен ұстағандай суреттейді [1, 157-158 б.].

Жазушы Жорғабектің кулық пен сұмдықты игерген, қандай ортада қалай сөйлеп, қалай ұстауды үйренген, ысқақты етіп суреттейді. Ешкімді жамандамайтын да, ешкімді мақтамайтын да, ешкімдікіне дұрыс баға да бермейтін, өз ойын ашық айтпайтын Жорғабектің жалпы ел тағдырын жастарға артуы да оның барлық істен өз басын арашалап алар арамдығын көрсетеді. Ел билігінде отырып, өзіне, өз қатарластарына міндет артпау, өзі мен өз қатарластарының жұрт алдындағы парыз, қарыз, борыштарын өтеуден қашуының өзі сенімсіздігі мен жалтақтығын танытады. Ақбілекке көзі түсіп, шын сүйгенін жеткізген Ақбала кейіннен оның басынан өткен алдыңғы оқиғаны естіген соң, жар етуден, бақытты етуден бас тартады. Тағдыр тауқыметін тартқан Ақбілектің кінәсіз екендігін біле тұрып, өткенді үмита аламайды.

Ақбаланың өзінің де жастықта жігітшілікті бір кісідегі өткізгенді романда Ақбілектің аузымен баяндалады. Ақбілек те оның өткен тарихын жақсы біледі. Бірақ оған кешіріммен қарайды. Ақбала табансыздық, жалтақтық көрсетеді. Өзін шешенмін, білгішпін деп астамдау ойлайтын, келешекке сенетін. Алдыңғы Жылтыр, Ықаң, Тыпан, Жорғабек, Догаларға қарағанда елді ерте алатын, бір көрмеге жұртқа жаңы ашитындаі көрінетін Ақбаланың да пенделік мінездері айтылады.

«Ол қазаққа шын пейілмен қызмет етпекші еді, бірақ көп нәрсені қиял қылышы еді. Кейде сондай қиялмен алданып жүріп, тұрмысқа жана спайтын істерді де іstemек болушы еді. Өз ойын, өз мақсатын жарыққа шығару үшін әмір іесі өзі болуды қалаушы еді. Уезге келгендегі бір мақсаты да: жастьарды өз сонынан ертіп,

өзін бір танытып кету еді. Уездегі қызметкерлердей ел жұмысына араласып, артық былықпаған, парага, беделге сатылудан аман, нағыз әлеумет қызметкер, нағыз майталман болуға өзін арнаған азамат еді» [1, 236 б.].

Кеңес өкіметі ісіне адал көрінгенімен, сол өкімет қолдайтын әйел теңсіздігін ескіше түсітін Ақбаланың бұған дейінгі жазылған шығармалардағы әйел бақытына қарсы шыққандардан айырмашылығы көп. Олар ашық қарсылық көрсетіп, анық пейілдерін көрсетеді, ал ішкі сырын бүккен Ақбала әлдекайда қауіпті.

С. Торайғыровтың «Қамар сұлуындағы» теріс сипаттасы кейіпкерлер ісі тілті де актаудан мұлде аулак. Жазушы шығармадағы әйел тенденцияның тереңдете ашу үшін кейіпкерлерін де сан қырларынан ашкан. Қамар мен Ахметтей ақылды, көздері ашық, сертке берік, сезімге тұрақты, ғашықтар тағдырының шешілүіне қатысты Омар, Жорға Нұрым, Оспан би, Қалтан қажылар бейнелері танылады. Жорға Нұрым, Оспан би, Қалтан қажы сияқты аталған кейіпкерлер бейнелері Қамар мен Ахметке жасаған ауыр жан күйзелістерін көрсеткен сезімді ұқпас, махаббатты сезінбес қалыпта болуарымен ашылады [2, 236 б.].

М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» өңгімесіндегі бар қорғанышы мен тіректерінен айырылған бір отбасындағы әжесі, анасы, қызының тағдыры сол замандағы елді билеп, жұртқа жөн сілтеген жандардың арсыз істерінің, арам ниет, айуандық қылықтарының құрбаны болып кетеді. Баласынан айырылып, немересінің қайғысын қан жұтып отырган кемпірдің бар тірегі қызы – немересі Фазиза еді. Соқыр шешенің бар таянышы қызы – Фазиза еді. Қаладан қайтып, ерігіп келе жатқан Ақан-Қалтайлардың жемі болып, айуандық көрген Фазизаның өмірі трагедиямен аяқталады. Фазиза басындағы ауыр да жазылmas қайғыны суреттеуде жазушы оның соңғы демі үзілер шаққа дейін табиғаттың катал сұығы жарасына дем бергендей болғанын көрсетеді. Тар замандағы арсыздар қолынан құрбан болған Фазизаның жүргегін жаратылыстың ызығыры басқандай. Адамдар мейірімсіздігін шығарма басында табиғат қолдағандай болса, сонында керісінше, жаратылыс жамандықтан безінген, таза періште Фазизаны бауырына басқандай. Суық аязда үсіп өлген жас қыздың соңғы сағатын: «Өлер сағатына шейін қабағын басқан қайғы бұл уақытта жадыраған: ізі қалған жоқ» [3, 27 б.]. Жаратылыс адамға жақсылықты береді, бірақ жауыздықты жасайтын адамдар ортасы деген ойға тірейді.

Тарихи, әлеуметтік, саяси жағдайлар көркем шығарманың тақырыптық-идеялық сипатын ашатын негізгі өзек болып қала берері сезсіз. Ең бастысы, оны автор қалай бағалайды, қоғамдағы өтіп жатқан оқиғаларды қаламгер қандай көзқараспен көріп, қандай баға беруі оның өсken ортасы мен алған тәрбиесіне, соған қарай қалыптасқан тәрбиелік және танымдық ұстанымдарына байланысты екені сезсіз. Осы тұрғыдан алғанда кейінгі кезендердегі қазақ әдебиетінің болашақ дамуы, өркен жаууы, тәуелсіздік берген сез еркіндігі, мен ой бостандығын қандай тақырыптық-идеялық көркемдікпен кестелеген дүріс деген ойға жетелейді. Әдебиеттің қамтитын тақырыптары шексіз. Қоғам мен жаратылыс қана емес, ғалам мен адамзат, жаратылыс байланыстарының да сырын ашуға талпының жасайды. Осы тұрғыдан алғанда тақырыпты тандау бар да, оған ой қосу, оқырмеанды жаңа ойларға жетелеудің жөні бөлек-бөлек мәселелер. Жазушы қазак тарихындағы ұлтқа өзгеше әсер еткен заман тарихын суреттеуде түрлі мазмұн мен түрлі құрылымдарды пайдаланады. Кейіпкерлердің түрлі бейнелерін жасау арқылы сол заманың бар қыры мен сырын ашып көрсетеді. Осы тұста қазак әйелдерінің кеңес қоғамындағы орны қандай болды, олардың жаңа құрылышы ісіндегі орны қандай болды деген сұраптарға да жауап береді. Қазак әйелдерінің ауылдағы түрлі бейнелері арқылы жалпы жиынтық бейнелері ашылады. Ол бейнелерді түрлі қалыпта суреттейді. 19-ғасырдың соңындағы ағартушылық-демократтық идея негізін қалаған Алаш қайраткерлері көтерген басты мәселе – әйел теңсіздігі. Әйел теңсіздігі қазақ қыздарын ерлермен тең ету арқылы оларға білім беру, өнерге үйрету, сөйтіп үрпақ тәрбиесінде, қоғамда әйелдің орнын көтеру болатын. Ендігі тұста 1920–30 жылдардағы қазак прозасында М. Әуезовтің «Кінәмшіл бойжеткеніндегі» кейіпкердей оқыған әрі заманың тым ырқына кеткен кейіпкер қыздардың теріс мінездері жасала бастады.

Б. Майлиниң «Азамат Азаматычындағы» Азаматтың көркем бейнесін жасауда жазушы детальға көп мән береді. Оның елеусіз болып Қарасай қаласына келуі, мінезінің үяндығы, «хозяйка женгесінің» алғашқы алдауына тұсуі, Райканың дегеніне қөнгенінің жалғасы болатын. Азаматты келесі қармаққа түсіретін – Мәриям. Ретін тауып, Азаматпен жіі кездесіп, «хозяйка женгейдің» қайынсілісі болып үйіне қайта-қайта келгіштеп, Азаматқа өзіл айтып, ебін тауып Азаматты серуенге алып шығып, болашағы бар, жаңа өкімет адамы деп барын салып оратыла береді. Сөйтіп Азамат

Райканың дегеніне қөнген, енді Мәриямның ығына жығылғанын білмей қалады.

Мәриям бейнесі – М. Әуезовтің «Кінәмшіл бойжеткеніндегі» Файшаны еске түсіреді. Бірақ Файша барлығын өз қалауымен, сезім жетегіне салынған көңілмен жасаса, Мәриямның әрекеттерін жездесі Рақым жетегімен істейді. Рақым өз істерін жүргізуде Мәриямды пайдаланады [4]. Бірақ Файша сияқты Мәриям да жалғандыққа құмар, кей тұста өзін жоғары бағалап кетеді. Мәриямның іс-әрекеттері әлеумет ісіне араласу мақсатында, кенсе жұмыстарын орындауға иетінде болып келеді. Бұл жағынан Мәриям бейнесі Файшадан саясиланған тұрғыда бөлек.

Қазақ әдебиетінің 1920-1930 жылдарындағы теріс сипатты кейіпкерлерінің бейнелерінің ерекшеліктері болды.

1 1920 жылдарға дейінгі жасалған кейіпкерлерде қоғамның дегеніне өз ырықтарымен қөнген, сол қоғамның қалауына қалай зұлымдық пен аярлық, екіжүзділік, жағымпаздық сияқты қасиеттерді есү, атақ, даңқты көтеру, сақтау үшін пайдалануды көздеңдер.

2 Артық дәулет, елді шексіз билеуді тым асыра өздерінің бар зұлымдықтары мен азғындықтарына пайдаланған кейіпкерлер тобын қөруге болады.

3 Кеңес өкіметі орнағаннан кейін сол қоғамның қалауына қарай өз сыртқы кейіпперін өзгертіп, екіжүзділік пен өтірік, арамдық пен сатқындықтарын түрлі әрекеттерімен жауып жүрген теріс сипатты кейіпкерлерді белгілеуге болады.

4 Отбасының үйіткисы, ибалық пен әдептіліктің, тазалықтың белгісі деп саналған қызы балалардың да теріс сипаттары көріне баставы.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1993. – 412 б.

2 Қазактың 100 романы С. Торайғыров «Қамар сұлу», С. Қебеев «Қалынмал», С. Мұқанов. Адасқандар» – Алматы: Жазушы, 2009. - 328 б.

3 Әуезов М. Қорғансыздың күні. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 б.

4 Майлин Б. Шығармаларының 5-томдық жинағы, 5- том – Алматы: Жазушы, 1987. – 428 б.

## ҚАЗАҚ АҢЫЗДЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

АСҚАРОВА А. Ш.

ф.г.к., доцент, Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан к.

САМЕТОВА А. Ж.

магистрант, Тұран-Астана университеті, Нұр-Сұлтан к.

Миф дегеніміз – тарихи сананың ғасырлар бойы жинақталған ежелгі формасы. Мифке қатысты ғалымдар тарарапынан анықтамалар көп берілді. Бірақ қай анықтама мифтің толық табиғатын ашып, барлық атқаратын қызметтің толықканды ақтара алатыны беймәлім. Біздін сүйенетін тұжырымымыз академик С. Қасқабасовтың [1, 130 б.] мифті алғашқы қоғамдық құрылыш кезіндегі қауымның жетістігі және миф өзінің негізгі қасиеті жойыла бастаған сәттен ертегіге айналатынын, сонымен қатар, мифтің ен негізгі ерекшелігі ретінде өмірдегі реалды оқиғалардан алшак болуынын себептеріне жүгінеміз. Миф – адамзаттың өлемді тану, жаратылысты, тіршілікті қабылдауды жайындағы танымының көрінісі. Біраз ғалымдардың айтуы бойынша, мифтің таза түсінік күйінде кездесуі екітадай. Ол фольклордың түрлері: ертегілерде, ырым- тыйымдарда, әңгімелерде, дастандарда, батырлық жырларда көрініс беруі мүмкін. Миф архаикалық кезеңде өмір сүрген адамдардың көзбен көрген қоршаған айнала көріністері негізінде туындаиды. Мифке қатысты С. Қондыбай сол кездегі қауымның санасы мен стереотиптік деңгейіне сәйкес өтірік дүние емес, шын, реалды түрде қабылданған рухани және тарихи тұрғыдағы ақиқаты [2, 25 б.], – деп анықтама береді. Миф пен шынайы өмір ол кезде тығыз байланыста болған. Архаикалық кезеңдегі дәстүрдің басты қағидаларына мифтік шынайылықпен қатар мифологиялық кейіпкерлер де басты назарда ұсталды. Миф алғаш пайда болған кезінен, уақыт өте келе қоғам мен адамзат баласы алдыға қадам басқан сайын миф те бірге ілесіп, дамып отырды. Бірақ толық күйінде сақталмаса да, адамдардың тұрмыс-тіршілігінде, ғұрыптарында кейбір іздері сақталып қалады. Миф ғасырдан-ғасырға, атадан-балаға мирас болып жеткен барлық мұралардың жынтығы [3, 12 б.]. Миф адамның түйсігімен тікелей байланысты. Ол түйсігіміздің белгілі бір қатпарлары мен қабаттарында сақталып, бүгінгі күнге дейін санадан өшпей келеді. Мифтің негізгі түсініктері: мифтік көне таным, мифтік сана, мифтік дүниетаным, мифтік уақыт, мифтік түсінік.

Мифологиялық кейіпкерлер үғымы фольклордың көптеген бейнелерін біріктіреді, мысалы: құдайлар, ертегілер, аңыздар мен аңыздардың кейіпкерлері, ата-бабалар, рухтар, жануарлар, адамдар, абстрактілі функциялары бар кейіпкерлер және т.б. «Төменгі мифологиядағы» немесе «екінші деңгейдегі» мифологиядағы кейіпкерлер (яғни, жоғары және рееси дінге қарама-қайшы құдайлар), сонымен қатар «жын», «жын-перілер», «табиғаттан тыс тіршілік иесі», «арам құш», «рухтар» [1, 25 б.] сияқты терминдермен белгіленеу демонология кейіпкерлерін және айналадағы шындық құбылыстары мен объектілерінің жеке бейнелерін атап үшін қолданылады. Төменгі санаттағы кейіпкерлердің жынтығы әдетте пандемония деп аталады.

Қазақ әдебиеті тарихының оқытушысы, жазушы және аудармашы Қайрат Жанабаев пен фолклортанушы, ғалым Едіге Тұрсынов қазақ мифологиялық кейіпкерлерін зерттеуде тыңғылықты жұмыс жасағандардың бірі болып табылады. Олар демонологиялық, яғни мифтік персонаждардың алуан түрінің бар екендігін алға тартып, бізде 500 демонологиялық кейіпкер бар, бұл қазақ мифологиясындағы бай дәстүрі екендігін айтады. Зерттеушілер мифологиялық терминдер сөздігін жасаған. Демонологиялық кейіпкерлерді келесі түрде жіктеуді: орман жындары, дала жындары, өзендерде отыратын алbastылардың барлық түрлері (су перілері сияқты, тек қоркынышты), тауларды мекендейтін қонақтар (леший төрізді тіршілік иелері). Енді осы терминдер сөздігін шола отырып, әр кейіпкерге жеке сипаттама беріп өтсек.

Қонақтар, әдетте, өте қызықты тіршілік иелері, Ш. Уәлиханов олар туралы өз зерттеулерінде жазған. Мәселен, олар адам орманды серуенде жүргенде, оны біреу шақырады, ол таңданып: кім бар? деп таңданады, қараса, адам жатыр, ол: «Маған көмектес!» – дейді. Адам оны аяп отырғызады, ал қонақ оны ұстап, аяқтарының орнына белдіктерімен тұншықтыра бастайды және жанын тартып алады.

Тираналар – бұлар қарт адамдар, олардың иектерінде сүйел бар, ал одан шаштар шығады, олар қазынаның қайда екенін біледі. Тирананы ұстағысы келетін адам өлі немесе үйіктап жатқандай көрініу керек, сөйтіп адамды қызықтырады, адам оның сүйеліне шыққан шашты жұлып алуы керек, сонда тиран оған құл болады және қалаған нөрсесін жасайды.

Жындардың бәрі бірдей қаскөй емес, адамға жәрдемші жындар да бар. Бізде 99 тәнір бар, олар Тәнірдің қызметшілері мен көмекшілері. Құдай бізді көмекшілері мен қызметшілері арқылы

естиді. Мысалы, найзағай, жел, күн сәулесі - мұның бәрі тәнірлер, табиғи элементтер. Мысалы, ежелгі адамдар адамның тауға көтеріле алмайтының былай түсіндіреді, адамды Тәнірдің рухтары тұншықтырады - оның қазыналарын құзететін көзге көрінбейтін тутек жауынгерлері бар. Бұтін біз тауларда сирек кездесетін ауа бар екенін білеміз.

Жезтырнақ – корқынышты жаратылыс. Ертегілерге сәйкес, оның мысттан жасалған мұрны және пышақ тәрізді тырнактары бар. Ертегілерде ол аңшылармен қақтығыска түседі, ал адамдар оны табиғаттың корғаушысы деп санаған. Халық санасында ойлап табылған кейіпкерлер өз мағыналарына өте бай. Бұл бастапқыда жабайы элемент. Фалым Едіге Тұрыснов барлық әйел кейіпкерлерінің (жезтырнақ, албасты, жалмауыз) үлкен кеуделері бар екенін, оларды арқасына асып қоятынын – бала туу мен тамақтандырудың нышаны деп сипаттайды. Өйткені бастапқыда олар тек адамзаттың ғана емес, барлық тіршіліктің ілкі анасы болған.

Көптеген, әсіресе жақын мәдениеттерде кейіпкерлер бір-біріне ұқсас болады. Бізде ежелден көшіп келген араб, парсы кейіпкерлері бар. Мысалы, Семург – славян мифологиясында бұл найзағай көтеріп, жебелерді лактыратын құс. Ал Сарпұқ қазақ мифологиясында ұшады, аспанды қанаттарымен жабады. Бұл жалпы ұнді-европалық сипат және оны таза қазақ деп атау дұрыс болmas еді. Әр түрлі халықтармен қарым-қатынас барысында бізде көптеген ертегі кейіпкерлері пайда болды. Шығыстың қалалық мәдениетінің барлық өкілдері – шахтар және падишахтар. Біздің қазақ дәстүрімізде тек хандар ғана болған. Бұл, айталық, Жібек жолы құбылысы, басқа мәдениеттер мен өркениеттердің араласуы. Ежелгі уақытта монголдар мен түркілерде Құн құдайы Шам болған. Шумер мифологиясында Шамаш – күн құдайы бар. Ару – таң мен сұлу қызы, ал оларда Ару – таңың құдайы. Дингир – Жоғарғы Құдай, ал бізде – Тәнір. Сондықтан біздің ғалымдар прототүрік мифологиясының даму тарихын шумермен байланыстырады. Мұны Алтай Аманжолов та, Олжас Сүлейменов те зерттеген [4, 33 б.].

Таза түркілік кейіпкерлер, мысалы, тоскана – мойын басы бар ең алғашқы Құдай. Бұл барлық құдайлардан бұрын болған әйел. Содан кейін Өлген пайда болды - жарық құдайы, «қайтыс болған адам» дегенді білдіреді.

Қазақтарда аруақтар мифологиялық кейіпкерлер болып табылады, оларды славян халықтарында архангелдер деп атайды. Кез келген халықтың үй қамкоршылары бар. Аруақ – тайпаның

қамкоршысы, жау келгенде, қазақтар ұрандан ұрысқа барғанда аруақтың атын айқайлад, ұрандайды. Бұл жекпе-жекте халықпен бірге көптеген аруақтар катысады деген сенімнен тұган. Яғни адамның жаңы өлмейді дегенді білдіреді және ол өлгендегер әлемінен осында оралады. Тағы бір сенім: қызғалдақтар ер адамның жаңының символы болып саналады, кейіпкер қайтыс болған кезде оның қанының бір тамшысы жерге түсіп, қызғалдақ сол жерде өседі. Ал бәйшешектер – әйел жаңының символы. Егер тау баурайында қызғалдақтар көп болса, онда бұл жерде көптеген батырлар қайтыс болған. Бұрын бізде қазақтар ешқашан гүл сыйлаган емес – бұл европалық дәстүр, көшпелілерге гүл жұлу табу болып есептелген.

Қорытындылай келгенде, соңғы зерттеулердің негізінде қазақ мифтеріндегі кейіпкерлердің саны бес жүзге жуықтағанын көреміз, олар құдайлар, яғни жоғары деңгейдегі және демонологиялық, яғни төменгі деңгейдегі болып екіге бөлінеді. Коніл бөлерлік жайттардың бір – осыған дейін орман, тауда өмір сүретін жындар туралы Е. Тұрысновтың еңбегінде кеңірек қарастырылған. Сонымен қатар бұл кейіпкерлердің мифтерде кеңінен және сирек тарап, халық жадында қаншалықты сақталғаны туралы ескерілгені анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қасқабасов С. Ойеріс (Фольклор туралы). – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.

2 Кондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Толық шығармалар жинағы. Т.9. 1-кітап. – Алматы: Арыс, 2008. – 528 б.

3 Кондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Толық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Арыс, 2008. – 376 б.

4 Звездная песнь Серебристой волчицы: (о древних обрядах встречи солнца, о споре животных; о том, как родился первый год) // Рух-мирас. – 2005. – № 3. – С. 27-41.

#### ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИНДЕ «ЕҢЛІК-КЕБЕК» СЮЖЕТИНІҢ ТАРАЛУЫ

САРАТЕКОВА К. К.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Еңлік-Кебек оқиғасы екі ғасырдан астам уақыт бойы сөз болып келеді. Егер бұл оқиғаның алғашқы баспа бетіндегі 1892 жылы

атауымен сейлесек, «Қазактардың есінен кетпей жүрген бір сөз». Ал, Шәкәрім Құдайбердиевтің Абайдың көзі тірісі кезінде жазылып, 1912 жылы «Жәрдем» баспасы бетіндегі атауымен атасақ, «Жолсыз жаза, яки кез болған іс» (Самосуд или случайность) «Еңлік-Кебек» деп атаған. Біріншісі - бұл оқиғага Абайдың төл шәкірттері Мағауия Абайұлы, Шәкәрім Құдайбердиевтер поэма арнаса, болашак ұлы жазушы М. О. Әуезов «Еңлік-Кебек» тағдырын өзек етіп пьеса жазған.

«Еңлік-Кебектің» жеті нұсқасы мәлім. Бұлардың екеуі әнгіме, екеуі поэма, біреуі интермедија, екеуі пьеса [1, 154 б.].

Қазақ Совет Энциклопедиясында жарияланған «Еңлік-Кебек» атты мақалада: «Еңлік-Кебек» – адаптация махаббатты, ескі заманның әділестіздігін баяндайтын белгілі қазақ поэмасы. Поэма төңкерістен бұрын бірнеше рет жарияланған. Алғашкы нұсқасы «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала Уалаяты» газетінің 31-39 сандарында басылған. ... Поэма 1900 жылы «Дала Уалаяты» газетінде «Қазақтың тұрмысынан хикая» деген атпен қайта басылды. Мұнда мазмұны, сюжеттік желісі бұрынғы қалпында қалған, тек адам, жер-су аттары өзгерген. «Еңлік-Кебек» поэмасы негізінде М. Әуезов осы аттас трагедиясын жазды», – делінген. Осы мақала жайында «Семей таңы» газетінде Қайым Мұхаметхановтың сын мақаласы басылады. Фалымның пікірі: «1892 жылы «Дала Уалаяты» газетінде «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен басылған поэма емес, әнгіме. Газетте де «әнгіме» деп аталған. Бұл әнгіме ең әуелі «Сибирский вестник» газетінде: «Незабытое прошлое и настоящее киргизов». Очерки – деген атпен орыс тілінде жарияланған және очерктің сонында жазған адамның-автордың аты да көрсетілген. Ал, «Дала Уалаяты» газеті очеркі содан көшіріп басып, орысшасымен қатар қазақша аудармасын да берген», – дейді [2].

Мақалада одан әрі очерктің мазмұнына тоқталып және бұның поэма емес екенін айтып, орыс тілінде жарияланған түпнұсқасынан мысал келтіреді. Сол келтірілген мысалға қысқаша тоқталып өтейік. Очерткесе: «В своих очерках я ограничусь пока не большим, сравнительно, куском площади, той ее частью, которую занимают северо-западная часть гор Чингиз-тау и его отрогчи» – дей келіп, Шыңғыс, Орда, Догалан, Шұнай, Ақшоқы таулары, Ши, Ашысу алқаптары жайын баяндайды» [2, 3 б.]. Мақалада очерктің жалпы мазмұнына тоқталып өткен. Яғни бірінші тарауда Шыңғыс тауының Хан аталатын биғіне байланысты ел есінде сақталған аңыз-әнгімелердің баяндалуы, екінші тарауда қазақтың

құрмет тұтып, бұлжытпай орынданытыны, занды бұзушлар болса, қатал жазаға тартылатыны айтылады. Одан әрі ерте замандағы қазақ жастары мен кейінгі заман жастарының махаббат мәселеесіне қозқарастарын салыстырып сөз етеді. Және очерктің үшінші бөлімі туралы айта келіп, автордың сөзін келтіреді: «В памяти народной осталось несколько рассказов пока поделюсь с читателями» – деп, Кебек батыр жайына келетінін айтқан. Мақаланы қорытып, Қ. Мұхаметханов қозқарасын дәл айтсақ: «1892 жылы жарияланған бұл очеркті поэма деп атап дұрыс емес. Поэма 1900 жылы «Дала уалаяты» газетінде «Қазақтың тұрмысынан хикая» деген атпен қайта басылды, – деу дұрыс емес. Газеттегі такырыбының өзінде «хикая» делінген гой, орысша аудармасында да «Легенда про былое киргизов» делінген, өлең-жыр емес, қара сөзben баяндалған әнгіме», – дейді. Сонымен, «Дала уалаяты» газетінде басылған поэма емес, қара сөзben жазылған әнгіме екенін көреміз.

Y. Субханбердина төңкерістен бұрын мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар жинағын 1970 жылы «Әдеби мұра» деген атпен жеке кітап етіп бастирады. Онда поэма туралы былай делінеді: «Қазак елінің болмысынан, өмірінде болған шындықтан алынған, кейін ел аузында аңыз-әнгімеге айналып кеткен әнгімелердің ішінде газет бетіне басылған «Еңлік-Кебек» әнгімесінің орны ерекше. «Еңлік-Кебек» аңыз-әнгімесі қазақ даласында үстем тап өкілдерінің билеп-тостеп тұрған кездегі ескі салт-сана, әдет-ғұрыптың қаймағы бұзылмаған кезінде, шын сүйіскең жастардың бақыт тілеуі. «Басбұзарлық» болып көрінген кезде болған шындық. Әнгіменің бір нұсқасы «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деп басылса, екінші нұсқасы «Қазақ тұрмысынан хикая» деп басылған», – дейді [3, 10 б.].

Еңлік пен Кебек оқиғасына байланысты әр түрлі жанрда қазақ тілінде хатка түсken бес көркем шығарманың жазылуының езі бұл оқиғаның халық арасындағы салмағын байқатқандай. «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала уалаятының газетінің» он санында жарияланды (№ 29, 30, 31, 32-40). Әнгіме «Үмтүлған» деген бүркеншік атпен берілген. «Үмтүлған», яғни «Мұттылған» – Шәкәрімнің бүркеншік есімі. Сондыктan да, бұл әнгімені бірауыздан Шәкәрімнің шығармасы деп қабылдауға болады. Бірақ, Шәкәрім шығармаларын зерттеп жүрген жазушы М. Мағауиннің айтуынша, бұл шығарма – Шәкәрімдікі емес, Абайдікі.

M. Мағауин «Абайдың белгісіз әнгімесі» деген мақаласында бұл әнгіменің Абай шығармасы деп танығанымен, бұл жаңалықты

не қостап, не қарсы болып жақ ашқан әдебиет зерттеушілері болмады [4, 131 б.]. Мұхтар Мағауиннің пікіріне назар аударайық: «Біздің Ғылым Академиясындағы ағайындардың сөз ынғайына (дәлірек айтсақ, мүлде үнсіз отыруына) қарағанда, бұл әңгіме ұлы ақынның кезекті кітабы басылғанда да қаперге ілінбей қалатын тәрізді. Сондықтын, «Дала уалаяты» газетінде бұдан жұз жыл бұрын (1892, № 29, 31-32, 34-40) жарияланған «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» атты хикаяның авторы кім деген мәселеге арнайы тоқталуға келіп тұр.

Алдымен ескерте кетейік, атамыш хикая әдебиет тарихында мүлде белгісіз дүние емес. Бұл шығарманың авторы туралы да сөз айтылған. Бірақ Абай есімі аталмады. Шәкәрім туындысы деп шамаланды. Басты дәлел – хикаяның бақытсыз ғашықтар Еңлік-Кебек пен Қалқаман-Мамыр тағдырына арналуы. Шәкәрімнің аты жалада жүрген кездің өзінде оның дәл осы тақырыпқа жазылған, халық арасына кен тараған поэмалары барын ешкім теріске шығара алмайтын еді... Бұған косымша дәлел - әңгіме авторының лақап аты. Байыпташ қарағанда, бұл екі жағдай да шығарманы кім жазғанын нақтылауға негіз бола алмайтынына көз жетеді. Аныздық немесе деректі бір сюжеттің әлденеше қаламгер назарына ілінуі - әдебиет тарихында жиі кездесетін құбылыс. Оның үстінен, Абайдың өз шәкірттеріне кейбір тақырыптар төнірегінде арнайы тапсырма беріп отырғаны, ал Еңлік-Кебек оқиғасын жазуды Шәкәрімге міндеттегені белгілі. Екіншіден, «Дала уалаятының газетіндегі» әңгіме қол қойған – «Ұмытылған», яғни – «талаңтанушы», «ізденуші» болса, Шәкәрім де өз өмірінің соңғы кезеңіндегі біраз шығармасына «Ұмытылған», яғни «естен шыққан», «ескерусіз қалған» (дәлірек айтсақ, «Мұтылған») деп қол қояды. Араб жазуының кілтипаны көп, әңгіме авторы – «Ұмытылған» болған күннің өзінде, бұл – 1892 жылы отыз төрт жасқа жана шыққан Шәкәрімнен гөрі, сөз өнерінің аскар биігіне жеткен, алайда «қалың елі – қазағына» әлі таныла алмай, тар қапаста күніреніп отырған Абайға көбірек үйлеседі» [5, 77–78 б.].

Баспасөз бетінде бұл оқиғага байланысты ел аузынан алғынған «Қазак турасынан хикая» деген атпен осы әңгіменің тағы бір нұсқасы болады. Мұнда батыр – Сергелі, қыз – Қанлық, абыз – Келдей, Токтамыс – Бесқабан, Кенгіrbай-Шалпак деп өзгергені болмаса, оқиға желісі бір, кей түстар сөзбе-сөз келіп отырады. Фалым Ш.Сәтбаева екі әңгімені де Шәкәрімге телиді. «Мы считаем, что вышеизложенные очерки написано Шакаримом

и является результатом проведенного им тщательного анализа известных сюжетов легенд для подготовки и создания поэтических вариантов поэм «Калкаман-Мамыр» и «Еңлик-Кебек». Думается, он решил вначале опубликовать прозаические варианты поэм. Вполне вероятно, что бывая по служебным делам в Омске где выходил «Сибирский Вестник», он и принес туда свои очерки» [6, 42 б.]. Бұл әңгіменің авторы да белгісіз. Мұхтар Мағауин аталған екі әңгімені Шәкәрімдікі емес, Абай әңгімелері деген пікірге сырттай тон пішіп келмейді. Бір ескертіні осы екі әңгіме де алдымен орыс тілінде жарық көрген. «Қазактардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» әңгімесінің орысша нұсқасының соңында «Сибирский вестник» газетінен алғынған басылғандығы айтылса, «Қазак турасынан хикая» орыстың «Природа и люди» журналынан алынғандығы көрсетілген. Бұл Еңлік пен Кебек оқиғасының орыс оқырмандарының да қызығушылығын оятықанын анфартады. Ал, бұл еңбектерді орыс тілінде кім баспаға ұсынған деген мәселеге келсек, Ә. Марғұланның деректері бұл әңгімелерді Абайдың орысша оқыған інісі Халиоллаға меншіктейді. Ел ішінде аныз-әңгімелерді жинап, орыс оқымыстыларын таныстырган адамның бірі – Халиолла. Демек, Еңлік-Кебек оқиғасының алдымен орыс басылымдарында жарық көрүі Халиолланың еншісінде. Алғашында бұл анызды хатқа түсіруші Халиолла да, кейіннен 1892 жылғысы Абай өңдеуінен өтуі мүмкін. Әңгіме Абай мен Халиоллаға ортақ десек, Шәкәрімнің бүркеншік есімінің тұруына себеп не? Бұған бірнеше ой-барлау жүргізуге болады. Жазған шығармаларын өз атынан жарияладауы – Абайдың машықты ісі болғандығы белгілі. Оның түрлі себептері де болған. 1889 жылы «Дала уалаятының газетіне» «Жаз», «Болыс boldым мінеки» деген өлеңдері шәкірті Көкбайдың атынан берілсе, Коншиннің жариялауы бойынша шықкан «Орта жұз қазактарының рулары туралы» шежірен дегенде ел ішіндегі дау-дамайдан сақтанса, өз атынан бергізбеген. Ал, Еңлік-Кебектің тағдыры тіпті ауыр. Ата дәстүрінен аттағандарды жазалап, әділ билік айтқан бір рулы елдің ұранына айналған Кенгіrbайға қарсы сөз айту ел ішінің жан-жалына әкелетінін Абай жақсы білген [4, 135 б.]. Бұдан шығатын қорытынды, Халиолла адамдардың атын өзгертіп берсе, Абай өз нұсқасын атынан жариялауды жөн көрмеген. Шығарманың түп қазығы Халиолланікі болғандықтан Абай «Мұтылған» деген бүркеншік есімін беруі мүмкін. Байыбына барып қарасақ, «Мұтылған» Абай мен Шәкәрімнен гөрі қыршыннан қылған, жазған еңбектері сақталмай ұмыт болып бара жатқан

Халиолла Оскенбайұлына келеді. Демек, «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген әңгімені алғашында ел аузынан жазып алған Халиолла да, Абай ол әңгімелерді нағыз көркемдік талаптарға сай етіп өндеген.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бөжеев М. «Еңлік-Кебектің» нұсқалары туралы // Жұлдыз журналы. 1965 жыл (№ 6).

2 Мұхаметханов Қ. Қазақ совет энциклопедиясындағы кейір мақалалар жайында // Семей таңы. 1978 жыл (№ 41).

3 Сұбханбердинә У. Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. – Алматы : Фылым, 1970. – 785 б.

4 Ердембеков Б. Абай шекірттері және «Еңлік-Кебек» // Шекерім әлемі : таным мен тағлым. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Ш. Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған халықаралық ғыл.-тәжір. конф. материалдары. – 2008.

5 Мағаун М. Шығармалар жинағы (10-т.). – Алматы : Қағанат. FMO баспасы, 2002. – 409 б.

6 Сәтбаева Ш. Ш. Құдайбердиев. – Алматы : Фылым, 1993. – 116 б.

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

САЙТ М. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

НЫГМЕТОВА Б. Д.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент

Адамдар жи ұлтты оның тілімен байланыстырады. Тіл – бұл адамдардың қарым-қатынас жасау құралы және ол ойлау қызметі арқылы жүзеге асырылатын белгі жүйесі. Тіл ұлттың рухани байлығын, мәдениетін, дінін, әдебиетін және т.б. ерекшеліктерін байқауға болады. Еш жағдайда өз тілінді ұмытуға болмайды, әйтпесе бірте-бірте басқа халықтармен араласа, ақырында ұлт мұлдем жоғалады. Жалпы тіл – ұлттық ерекшеліктердің негізі. Ол адамдарды бір-бірімен байланыстырады және жүрекке жақын, туған және таныс нәрселерді бейнелейді. Егер халық ана тілін ұмытса,

оның ортактығы бұзыла бастайды, өйткені оны біріктіретін көп бөліктері жоғалады.

Кез келген адам үшін, тіл – отанымызды бейнелейді. Ол біздің санамызды отбасымен, ата-аналарымызбен, туған үйімен, ошақтың жылуымен байланыстырады. Онда халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, оның дүниетанымының ерекшеліктері жинақталған. Халық мәдениеті басым болігі бастапқыда мынадай тілде құрылады: әндер, өлеңдер, әдеби шығармалар түрінде. Бұның бәрі тіл арқылы жасалады, жеткізіледі. Ауыз әдебиеті арқасында осы уақытқа дейін сақталып келді.

Мақал-мәтелдер халықтың өмірімен мәдениетімен танысуға тамаша мүмкіндік береді, осы тіл, ана тілі болып табылатын әртүрлі халықтардың көзқарастары мен моральдық құндылықтары бірдей болатынына сендіреді. Мақал-мәтелдерді оку, сол тілдің менталитеті мен ұлттық сипатын түсінуге көмектеседі. Мақал-мәтелдер, тұтастай алғанда, адам тәжірибесінің көп болігін қамтиды.

«... Мақал да тақпаққа жақын салт санаасына айтылатын пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шынайы келеді. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп Ахмет Байтұрсыновтың мақал-мәтел жайлы айтып кеткен сөздері бар [1, 35 б.].

«A good expression is always to the point» («Жақсы сөз – жарым ырыс») – дейді бұрынғы ағылшын мақалы. Бұл ойды белгілі бір халықтың тілі мен мәдениетін үрленген кезде фольклорлық жанрларға жүгінетіндердің барлығы ұстанады, олардың арасында паремия (тілдің мақал-мәтелдерінің бүкіл кешенін осылай атайды) маңызды орын алады.

«Паремия» терминін зерттеушілер шығу тегі афоризмдерден және бірінші кезекте тілді көрнектердің салыстырмалы дербес пластиналарын құрайтын мақал-мәтелдер деп түсінеді. Мақал-мәтелдер қай уақыттан бастап халық арасында, әртүрлі тақырыптарда жүре бастағанын айту қын. Алғашқы мақал-мәтелдердің пайда болу уақыты белгісіз, ол сөзде бірденені қатты және күрделі түсіндірмелердің көмегінсіз мәнерлі және дәл сипаттауға қабілетті. Мақал да, мәтелдер де алыс ертеде пайда болды және сол уақыттан бастап оның тарихы бойы халықпен бірге жүреді. Мақал-мәтелдердің ерекше қасиеттері оларды тұрмыста және сөйлеуде тұрақты әрі қажетті болып жасады.

Әр түрлі халықтардың мақал-мәтелдерін салыстыру, бұл халықтардың қаншалықтыұқсас екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде олардың өзара түсінушілігі мен жақындасуына қапал етеді. Айта кету керек, көптеген ағылшын және қазақ мақал-мәтелдері көп мағнналы, бұл оларды түсіндіру мен салыстыруды киындалады. Ағылшын және қазақ мақалдарын таңдау кезінде міндетті критерийлердің бірі, ол мағыналарының біреуінің сәйкес келуі болды (әдетте негізгі). Алайда, әр түрлі тарихи жағдайларда дамып келе жатқан, ағылшын және қазақ мақал-мәтелдері, бір немесе ұқсас ойды білдіру үшін әртүрлі бейнелерді жиңіздердің жағдайларда да жүргізу көзінде олардың өз кезегінде екі халықтың әртүрлі әлеуметтік өмір салты мен өмірін бейнелейді.

Мысалы, мақал: «The glass is always greener on the other side of the fence». Тура аудармасы осы мақалдың: Қоршаудың арғы жағында әйнек әрқашан жасыл болады. Бірақ қазақ тілінде мұндай мақал жоқ, бірақ ұқсас мақал бар: «Біз жоқ жердің бәрі – әдемі». Негізінде, бұл екі мақалдың мағынасы бойынша баламалары бір. Бірақ қазақ мақалының сөзбес-сөз аудармасы келесідей болады: where we are not,every thing is fine.

Ағылшын-қазақ мақал-мәтелдерінің халық арасында жиңіздердің қарастырылған қарастырылған. Ағылшын және қазақ халқының үлгі өнеге үйренуге және әдепті болуына шақыратын, қарым-қатынаста үлгі көрсету, ақыл қосу мақсатында қолданылатын мақалдардың бірі – «Where is a will there is a way» – «Іздеген мұратына жетер»; «Power is knowledge, knowledge is in the books - Күш – білімде, білім – кітапта»; «Practice makes perfect- Қайталу – оқу айнасы». Еңбек пен кәсіпке байланысты: «Little strokes fell great oaks – Еңбек етсөн емерсін»; «No gain without pain – Тірліксіз – бірлік жоқ»; «Deed is not words – Сөз емес – іс керек». Достықка байланысты: «Actions speak louder than words – Адамды сөзінен емес, ісінен таны»; «A closed mouth catches no flies. Үндемеген үйдегі бәледен күтылады»; «All roads lead to – Қызыл тіл – Римге жеткізір»; «Words hurt more than swords – Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады». Денсаулыққа байланысты: «Handsome is as handsome does – Адамды сыртынан емес, ішінен таны»; «Friendless is poor – Досы жоқ адам-кедей адам»; «One man no man – Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас».

Қазактарда бірде-бір әңгіме мақал-мәтелсіз өтпейді. Мақал-мәтелді кеңестер беруге, өз пікірін айтуда жасы да және үлкен кісілеріде пайдаланады. Қазактар оларды беделді пікір деп санайды

және мақал-мәтелдердің қазақтарға қандай әсер ететінін көрү танқаларлық. Мақал айтылғаннан кейін барлық даулар тоқтайды. Бір-бірімен байланыстыремес екі тілде мағынасы ұқсас мақал-мәтелдер бар екендігі, сонымен бірге қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің арасында көптеген айырмашылықтар бар. Біріншіден, қазақ мақал-мәтелдері көп жағдайда: отан, халық, ерлік, бірлік, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас, неке, жастық-қарттықта: жастар мен қарттар арасындағы қарым-қатынас, қарт адамдардың құрметтеу, конакжайлылық сияқты тақырыптарға негізделген, мысалы: Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы.

Қазақ тілінің мақал-мәтелдерінен менталитеттің жақсы қасиетті айырмашылықтарына: жақсылық, мейрімділік, адалдық, достық, енбеккорлық, сыйластық, наимысшылдық және отбасының қадірі мен маңыздылығы жатады. Осы мақал-мәтелдердің арқасында тіліміздің қаншалықты бай екенін көре аламыз. Бұл мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызы зор, адамгершіл болуға үйретеді. Сөздері аз болса да, түкпі мағынасы төрөн жатыр. Сонау ғасырлардан бері қазақтың ер-жігіт серілери батыл, отан сүйгіш, ерлік қасиеттері басым болғанын көрсетеді. Әйел адам мен анаға деген құрметтілікке, сыйластыққа үйреткенін көруге болады. Мақал-мәтелдер өткір келеді. Қобісі шындыққа, имандылыққа, даналыққа тәрбиелейді. Қазақ менталитеттің қалыптастыруға, тәрбиелеуге өзіндік ықпал еткен.

У. Шекспир «Bravery is soul of wit», «Give every man the ear, but few thy voice» (көп тындаған аз сейлекен ұтымды), «At every word reputation dies (сейлекен әрбір сөз беделінді түсір) деген ұлағатты сөздермен іс пен сөздің ара жігін ажыратуға шақырып, халықты тиянақты іске шақырады. Мақал-мәтелдерде еңбек мәселесі көп қозғалады. Қазақтың ойшылы Абай «Еңбек етсөн емерсін- деген халық мақалын негізге ала отырып деп тың ой айтылса, ағылшын халқында « A good dog deserves a good bone» (Жақсы итке жақсы сүйек тиісті), What we do willingly is easy» ( қалап жасаған іс жеңіл болады), He that will thrive. Must rise at five ( жұмыс жасайтын бесте түрү керек) деген мақалдар еңбек арқылы табысқа жететіндігін түжірымдайды.

Ағылшын мақал-мәтелдері бесінші ғасырдан бастау алады. Дезадермус, Эрасмус, Джон Хеуд, Дж. Кларк Херберт, Дж. Рей сияқты фалымдар мақал-мәтелдердің алғашкы топтастыруышылары әрі зерттеушілері болып табылады. Ағылшын мақалдарының тарихына үңілсек, олардың үлкен бөлігі қасиетті Інжілден тарағанын

көреміз. Оның себебі халықтың діни-таным сенімдеріне байланысты көп оқылып, халық арасында кеңінен таралып, мойындаған ұлғи-әнегелі қасиетті тармақтары ауыздан ауызға ішініп әкетілген. Олардың бір бөлігі түпнұсқадағы қалпын еш өзгертуеген. Мысалы, *You can not serve God and mammon* (Сен Құдай мен маманаға бірдей қызмет ете алмайсын), *Murder will out* (Қылмыстың беті ашылар) , «the devil is not so black as he is painted» (Шайтан өз көрінен де кара болып көріне алмайды). Ағылшын мақал-мәтелдеріне үлес косқан ең өнімді жазушылар: Бронинг, Байрон, Копер, Диккенс, Джонсон, Остин болып табылады.

Жоғарыда келтірілген деректер бойынша, мақал-мәтелдер халық даналығымен үлттық рухты білдіру тәсілі ретінде қолданылатындығын көрсетеді. Екі байланыссыз тілдің мақал-мәтелдері әртүрлі тақырыптарға ие және бұл үлттық құндыштықтарға байланысты. Мақал-мәтелдер – бұл адам тәжірибесін жалпылау. Біріншіден, олар – әр халықтың бақылауы мен индуктивті ақылының жемісі. Олар белгілі бір үлттың ерекшеліктері мен айырмашылықтарына сәйкес құрылды және үрпактан-үрпакқа беріліп отырды.

#### ӘДЕБІЕТТЕР

1 Малайсарин Ж. «Қазақмақал-мәтелдері». Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2010. – 184 б.

2 Жүсіпова Р. Б. «Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық ерекшеліктері: кандидаттық диссертацияның рефераты». – Алматы, 2004. – 25 б.

3 Карсыбекова Ш. Р. «Қазақ тілінің мақал-мәтелдерін жіктеудің этнолингвистикалық принциптері». – Алматы, 2004. – 163 б.

4 Рахметова М. К. «Қазақ мақал-мәтелдері». – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2007. – 240 б.

5 Тер-Минасова С. Г. «Язык и межкультурная коммуникация». М.: Слово, 2000. – 146 с.

#### XXI ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СЕЙЛБЕКОВ Н. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ХХ фасырдың 90-жылдарынан басталған жыр-керуенниң көші ел мен жер тақырыбында бұрынғыдай сағынышты, ыстық махаббатты, өсken өлкенің сұлу табиғатын, өзгеше әдемі қалпын жырлай алмады. Себебі қазақтың алыстағы ауылға қатынауы бұрынғыдай қыныға түскен жоқ. Ат пен арбаны ұшақ пен журдек көлік айырбастаған тұста жылдап елдің жайын ести алмайтын алдыңғы толқын ағалардың күйін кешкен жоқ. Ақпараттық технология байланысты да өзгерти. Бірақ жаңа заман жаңа «сыйын» ұсынды. Ол – туған ел мен жердің бұрынғы үлттық қалпынан алыстап бара жатқаны, ол – елмен бірге жердің де қасиеті кетіп, керексіз қалып жатқан қалпы болатын. Бауыржан Қарабековтің «Күзгі саз» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Сағынып елге келгенде,

Сырнайлы сағым белдерде.

Сарғайып кеткен даламның

Сарнайды мұны қеудемде [1].

Осындай ауылын көріп торықкан күй Жанар Рамазановың «Ауылым» өлеңінде де жырланды:

Жоғалтқандай мәнгілікке бауырын,

Жетімсіреп қалған сынды ауылым,

Өз тірлігін өз ішінде қамалып,

Жыртығың да жатыр сонда жамалып [2, 311 б.].

Болат Мұрсөлімовтің «Қызылкесік – нұрлы жол» өлеңінде ақын туған жердің кешегісі мен бүгінін салыстырады. Откеннің шуакты күндерін, бақ пен қуаныш үялаган ұсының бүгінгі жаутаң көз қалпын қайтсем оңалтам, қайтсем жаңын жазам деген сыры бар. Ақын туған жеріне:

Еңсенді көтер, ерлікке баршы, заманнан ықпай тарылған,

Пір тұтып сені жолыңа түссін жақсылық күтіп сарылған

Кетеуі кеткен шыбықты жинап бірлікке тездеп шақырып,

Сал есіп көрем біліктігім мен арымнан... [3, 26 б.]

Қиналған елдің, тағдыр талайын шешер үл-қыздарының адал еңбегі мен ар-ожданы. Ел мен жердің жақсылығына сенген балаларының ақ ниеті деген идея айтылып қоймайды. Ақын өзі де

сол жолда барын салмақ. Елдің қындығынайтып қана қоймай сол қындықтан қалай арылтам деген сезім ақынның жан сезімі ғана емес, болашақтың да хабары.

Қалқаман Сариннің «Қарауыл. Қараөлең» шығармасында бұған дейін көп жырланған Қарауылға қайта соғады. Ұлы Абай мен Шәкірмінің ата жұрты Қарауылдың барша жақсылық мекені болғаны анғарылады. «Қара» сезінен дыбыстық анафора жасай отырып, «қ» сезінде акцент қояды. Ақын қазақтың әдеттегі қара – түр мен түсті білдіретін сезін алмайды. Үлттық ренктері «қара» сезінен мән береді. Ақын айттының қара өлең, Қара Ертіс, қара бала, Қараой Қарасаз, қара нар, қара жол, қара тау, қара кой, қара қазан, қара су, қара жаяу, қара қыз, қара көзді келіншек, қара күбі, қара шаңырақ сияқты «қара» сезін – қасиет, қадір, құрметтілікті білдіретін мағынаға қарама-қарсы «қараның» қындық пен жамандықты беретін мағыналарын қарсы қояды: қара тұн, қарақұрым халық, қара суық, қара күйе, қара ниет сәтті қолданған. Ауылдың қасиеті мен қадірін халық жан күйін суреттей келе ақын өлеңді былай аяқтайды:

Қарақұрым халықтың халі бөлек бұгінде,  
Қара жанбыр жауып түр қар аралас інірде.  
Қара суық күз келіп қалтырайды қу тірлік,  
Қара торғай секілді қарағаштың түбінде.  
Қарауылда қалды өне, қара шалым, тектім-ау,  
Қара шалдан қалғаны – қара шаңырақ тек мынау.  
Қара күйе жағылып арына аппак ауылым,  
Қара ниет қоғамның құрбаны боп кеттін -ау... [4, 26 б.]

1990-2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты еркшелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды. Сондықтан да бұнда ел мен жерді осындай күйге түсірген қоғам мен саясат айыпталды. Тәуелсіздіктің әкелген қоғамдық-саяси лирикасының бір ерекшелігі де осында. Қай заманның да қындығы бар дегенмен әр замандікі өзінше ерекше. Бұл замандікі тіпті бөлек. Адамзат қауымдастып, бөлісіп, қолындағысын жоққа беріп жәрдемдесіп өмір сүруді ұмытқан. Пірлері мен әулиесін жоғалтқан ел енді жаратылыстың тылсым күшіне қайта жүгінеді.

Жетпіс жыл жаратушыны ұмыта бастаған, жарылқаушыны жер бетінен тауып алған елдің ендігі қайта сыйынары да сол – Алла. Ел мен жердің тағдырын, жеке бастың мұн-зарын тыңдал, бөрінен де адаптацияның түлшілік күшіне қайта жүгінеді. Қайта

жанғыртты. Сондықтан да 90- жылдардың соңындағы поэзиядағы жалғыздық кейіпкер сезімін терең ашты.

Қазақтың ақындары – көшпеліліктің символдары. Өйткені табиғаттың төл баласы болып табылатын көшпелінің миы – қыртысы күрделі жартылыс, санаы – ойға бай эпикалық парасат болып табылады. Көшпеліге тән осындағы ерекше қасиет – ақындардың көш-көрүендей тізілген көркем сөзді кез келген жерде, кез келген сәтте суырып айта салып жөнелмегіннің басты кепілі. Жан дүние байлығы мен сезімталдығы һәм үшқыр ойлау жағынан алғанда, ақындардың ең әлсізінің мынау дейтіндей басқа ел ақындардың «бір елдей» болса да биік тұратындығы сондықтан.

Әрине, Қазақстандық қазіргі мықты ақындар – белгілі бір мөлшерде, көшпеліліктің перзенттері. Олардың өзі екі категорияға бөлінеді: байырғы орасан көшпелі өмірдің ауыл-ауылды сақталған кейінгі жұқана-жүрнектарының өзін көріп өскендер және байырғы көшпелі өмірдің тек сезін өсіп жетілгендер.

Алғашқылырында жасырын жатқан суырыпсалмалық сұлу таланттың негізі бар – көкірегіне түсken ойдың нұрлы өрнектерін көп жағдайда қағаз бетіне демде әсем көшіртіп үлгеретін. Екіншілеріне – ой ұшығын ұстал алып, соның мән-жайын кеңінен, асықпай толғануға бейімділік тән. Алайда олардың да жүрек түкпірінде суырыпсалмалықтың өз импульсы аз да болса сақталған.

Осы екі топтың бір ұқсастығы сол, ол – екеуінің де з жан сырларының бұқараға жария жетуіне еш асықпайтындығы, әр ойдың лебізін қырнап-жонып, ұзак өндөйтіні, әр ойдың әуезін көніл қобызының құлаққүйімен сәйкестендіре, барынша қоңырлай түсуге тырысатындығы. Оның себебі неде? Оның бір себебі: «айтылған сез – атылған оқ», сондықтан, «аттың» екен, оны дәлелдеп «атуың» керек, өйткені бір оқты екі рет ата алмайсын. «Қайыра атылмайтын» ондай сезідің екініші аз болмайды.

Екінші себебі – суырыпсалма таланттың жасампаздық көрсетер тыңдармандық аясының барынша тарылуы, керісінше, оқырмандық сферасының барынша зорауы. Ал «айттым – бітті, аттым – тиді» – нағыз суырыпсалма ақындардың ұстанымы. Бұл ұстаным – олардың тілге бай символы – қара сез; көшпелі – көне сезімнен қуат алып, жаңаша сезімге беріледі; көшпелінің қарекеті – априори «ой-сөз», отырықшының қарекеті – апостериори «іс-жүз», т.т. Сәйкесінше, «бір-біріне антогонист» көшпелілік пен отырықшылық ақындарында да солай «сабасына қарай – піспегі...».

Сол себепті де тәуелсіздік кезеңі ақындарының жаңалығы – қазак әдебиетіне үлттық бояуды өзге реңкпен әкелгендігінде. Ерік Аскаров – қазак әдебиетіндегі айтыскерлік пен жазба жырды қатар ұстаған ақын. Алғаш 70-жылдары әдебиетке араласқан ақынның таланттының жарқырап ашылған шағы – тәуелсіздік алған кезең. Айтыс пен жазба жырды қатар ұстаған ақынның өлеңдерінде өз стиліне қарай толғаулар да мол кездеседі. «Қаба жалды қара айғыр», «Алатада ақ дауыл..», «Сарайлар» сиякты толғаулары ақынның дәстүрлі айтыскерлік қырын жан-жағынан ашты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қарабеков Б. Қызылдың ауыл құмында. – Алматы, 2001. – 136 б.
- 2 Жас ақындар жырларының антологиясы. – Алматы : Өлкө, 2000. – 320 б.
- 3 Уақыт және қаламгер. – Алматы, 1990. – 256 б.
- 4 Сарин К. Арманымның бейнесі. – Астана, 2011. – 192 б.

#### ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ИНОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС

СУЮНДИКОВА М. М.

қазак тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі, Дарынды балаларға ариалған  
Абай атындағы гимназия, Павлодар қ.

Қазіргі кезенде білім беру саласында білім алушылармен жұмыс жүргізуін дәстүрлі әдістерін жетілдіру және бұрынғыларға қарағанда тиімді, онтайлы, нәтижелі жаңа балама технологияларды іздестіру және дамыту сиякты үрдістер байқалады. Бұл білім беру үдерісінің мазмұны өзгергендігінің белгісі, яғни бұл білімді немесе ақпаратты беру үдерісі емес, дайын нәтижелерді қайталау емес, баланың құзыреттілігін, тәжірибесін қалыптастыру, табиғи мөліметтер негізінде өзін-өзі жүзеге асыру және баланың қабілеттерін дамыту көрсеткіші деп түсінеміз.

Осында жаңа әдістердің ішіндегі ерекше әдіс – жобалай оқыту әдістемесі. Жобалай оқыту әдісі, педагогикалық технология ретінде, іздеу, зерттеу, әдістер жиынтығын және нәтижесінде шығармашылықта, ойлаудың әртүрлі формаларына, басқа адамдармен ынтымактастыққа қабілетті тұлғаның дамуын қамтиды.

Н. Ф. Коряковцева «жеке тұлғаның білім беру өнімін құруға бағытталған өнімді білім беру қызметін саналы түрде жүзеге асыру, тиімді тәжірибе жинақтау, білім беру ортасымен және білім беру іс-әрекетінің субъектілерімен сындарлы және шығармашылық қарым-қатынас жасау, осы іс-әрекеттің үдерісі мен өнімі үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамыту нәтижесі ретінде осы іс-әрекетті рефлексиялау және бағалау қабілеті» деп анықтайды [1, б. 16-17].

Жобалай оқыту әдісі – бұл заманауи технология, ол инновациялық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, білім беру үдерісіне қатысуышылардың өзара әрекетінің интерактивті формасын ұсынады, бұл жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді [2, б. 194 –207].

Жобалай оқыту әдісін білім беру үдерісіне енгізу идеясын ХХ ғасырдың бірінші жартысында американдық мұғалім және философ Джон Дьюи, оның шәкірті В.Х. Килпатрик ұсынған және философия мен білім берудегі гуманистік идеяларға негізделген болатын.

Жобалай оқыту технологиясы ТМД елдерінің оқыту жүйесінде де кең өріс алып жатқаны белгілі. Жобалап оқыту технологиясының теориялық негізdemесін Ресей ғалымдары В. П. Бесспалько, В. В. Давыдов, В. К. Дьяченко, Л. В. Занков, П. Я. Гальперин, Н. В. Кузьмина және т.б. ғалымдар жасады. Ал практикалық түрғыда Е. Н. Ильина, С. Н. Лысенкова, В. Ф. Шаталов сиякты әдіскерлердің тәжірибелерінде қарастырылды.

Ал қазак тілі мен әдебиетін оқытуда аталмыш әдісті қолдану тұжырымдары Ж. Сүлейменова мен Ә. Әлметованың сұхбаттық оқыту технологиясын, Т. Әбдікәрім, А. Жапбаровтың, А. Қыдыршаевтың, Ж. Дәүлетбекованың сөз мәдениетін менгертумен, шешендікті қалыптастырумен байланысты жаңа технологияларға қатысты қағидалары көрсетілген еңбектерінде дәйектелді.

Жобалай оқыту технологиясының теориясын жасаған ғалым Е. С. Полат қазіргі дидактиканың дамуындағы жаңа педагогикалық технология ретінде жобалай оқыту әдісін қолданудың негізdemесі туралы: «Бұл өзінің философиялық психологиялық мәні бойыншаған емес, таза моральдық жағынан да шынайы гуманистік, педагогикалық технология. Ол оку материалын берік игерудіған емес, сонымен қатар білім алушылардың зияткерлік және адамгершілік дамуын, олардың дербестігін, мұғалімге және бір-біріне деген ізгі иisetін, тіл тапқыштығын, басқаларға көмектесуге

деген үмтүлсін қамтамасыз етеді. Дәстүрлі педагогика жиі тудыратын бәсекелестік, менмендік, дөрекілік, авторитаризм осы технологиямен үйлеспейді» деп атап көрсетеді [3].

Демек, оқушылардың оқу мәселесін шешудегі жаттығу дағдыларын модельдеуден бастап және оны зерттеуге, жоба түрінде оны шешудің онтайлы жолдарын жобалауға және анықтауға дейінгі ізденістерін жобалау үдерісі жобалық оқыту технологиясының негізгі элементі болып табылады.

Жобалық технологияны енгізу нәтижесі – инновациялық дамытушы орта, ол:

- оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыруды;
- проблемалық-креативті бағытты;
- оқушылардың іс-әрекетін интерактивті ұйымдастыруды;
- оқушылардың өз бетінше, сондай-ақ ұжымдық ізденіс бойынша білім, білік және дағдыларды игеруі, оларды қолдануды үнемі өзектендіруді;
- жаңа тәжірибелі қалыптастыру және қажетті психологиялық қасиеттерді дамытуды;
- жеке және ұжымдық табысқа бағдарлауды көздейді. [4].

Жобалау іс-әрекеті барысында белгілі бір оқу немесе тәрбие мәселесін шешу бір жағынан әртүрлі әдістерді, оқыту құралдарын қолдануды, екінші жағынан ғылымның, техниканың, шығармашылықтың түрлі салаларынан білім мен дағдыларды біркітіруді камтиды [4].

Оқу-тәрбие үрдісіне жобалай оқыту технологиясын енгізу арқылы оқушыларды:

- проблемаларды анықтай білуге;
- оларға талдау жүргізуге және оларды шешу жолдарын табуға;
- ақпаратты іздеуге және онымен жұмыс істеу қабілетін дамытуға;
- алынған ақпаратты қойылған міндеттерді шешу үшін қолдануға үретуге болады.

«Жобалай оқыту» ұғымымен қатар психологиялық-педагогикалық әдебиетте «жобалық қызмет», «шығармашылық жобалық қызмет», «жобалық оқыту», «жоба әдісі» ұғымдары да қолданылады. Бір жағдайда жобалай оқыту оқу әрекетінің бөлігі ретіндегі қарастырылады, оған ойын, танымдық, құндылық-бағдарлау, өзгерту, шығармашылық және практикалық әрекет элементтері кіреді, барлық қасиеттер мен компоненттер (мотив, мақсат, әдістер, құралдар, пән, нәтиже) жатады.

Басқасында жобалық оқыту дегеніміз – мұғалімнің басшылығымен және қолдауымен окушының шеберлігі, зияткерлік және шығармашылық қабілеттері сияқты құндылықтарды игеру жолында оны оқыту үдерісінде белсенді шығармашылық белсенділігі жүзеге асырылатын оқыту.

Зерттеулерде дәлелденгендей, шығармашылық жобалау қызметі:

- оқу, ғылыми әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерді өз бетінше бағдарлау дағдыларын қалыптастырады, қажетті ақпаратты өз бетінше табуға үретеді;
- оқушылардың негізгі ойлау түрлерін белсенді дамытады;
- тәрбиеленушілердің психикалық дамуына ықпал етеді;
- интеллектуалды қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, абстрактіден нақтыға дейін ойлауға үретеді;
- оқушылардың өз білімін нақты жетілдіруге уәждейді;
- оқушыға өзін өз әрекетін жасаушы ретінде тануға көмектеседі;
- оқуға деген оқынтаны күштейді, ейткені жоба өз мүдделері, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері негізінде таңдалады және жүзеге асырылады;
- оқушылардың іскерлік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, өз ұстанымдарын дәлелді корғауға ықпал етеді;
- жаңа идеялардың пайда болуына, балама шешімдерді іздеуге, оларды талдауга және синтездеуге инновациялық ойлаудың негізі ретінде маңызды ынталандыру болып табылатын қиялды күштейді;
- өзіндік әрекет жоспарын жасай алуға және оны іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі.

Фалымдардың пікірінше, жобалай оқыту оқуға деген оқынтаны қалыптастырады және күштейді, ейткені ол:

- жеке тұлғаға бағытталған;
- әрекет үдерісінде оқыту, бірлескен оқыту, ми шабуылы, рөлдік ойындар, эвристикалық және проблемалық оқыту, пікірталас, командалық оқыту сияқты көптеген дидактикалық тәсілдерді белсендіреді;
- барлық деңгейдегі білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез, когнитивті, аффективті және психомоторлы салалардағы педагогикалық мақсаттарды қолдайды;
- іс жүзінде өз тәжірибесі арқылы және басқалардың тәжірибесінен үйренуге мүмкіндік алады;
- өз еңбегінің нәтижесін көріп жүрген оқушыларға өзіндік ризашылық сыйлайды.

Жобалай оқытудың негізгі принциптері:

- әр окушының қызмет түрін тандау еріктілігі;
- окушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызығушылықтары мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- жұмысты логикалық тұрғыдан сонына дейін жеткізу;
- еңбек мәдениетінің негіздерін қалыптастыру, объектілерді сапалы дайындау және эстетикалық безендіру;
- орындалған жобалардың пайдалылығының маңызы.

Жобалау қызметі сонымен қатар окушылардың оқу-зерттеу қызметімен байланысты, бірақ бірқатар белгілері бойынша ерекшеленеді: біріншіден, жобалау технологиясы мәселені жан-жақты зерттеуге және нақты түпкілікті нәтижені жасауға бағытталған; екіншіден, оқу-зерттеу жұмысының негізгі нәтижесін шындықты зерттеу, ал жоба бойынша жұмыс, ең алдымен, практикалық нәтиже алуды болжайды; үшіншіден, жоба ең алдымен орындаушылардың ұжымдық күш-жігерінің нәтижесі болып табылады, өйткені қызметтің соңғы кезеңінде ол бірлескен жұмыстың көрінісін, оның толықтығын, терендігін, ақпараттық қамтамасыз етілуін, әр қатысушының шығармашылық улесін талдауды қамтиды.

Осылайша, егер оқу-зерттеу қызметі мәнісі жағынан жеке болып саналатын болса және жаңа білім алуға бағытталған болса, онда жобалай оқытудың мақсаты жеке зерттеу шенберінен шығу, жауапкершілік сезімін дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, белсенді әлеуметтік рөл мен өзін-өзі үйимдастыру қабілеті, өз жұмысы мен уақытын жоспарлау мүмкіндігі, өз жұмысын сапалы орындауға деген үмтіліс және өз жұмысының нәтижелерін ұсыну мүмкіндігі болып саналады. Мұндай үдерісс оку үдерісінде де, окушылардың сыйыптан тыс және мектептен тыс арнайы үйимдастырылған іс-әрекеті кезінде де жүзеге асырылады.

Қорытындылайтын болсақ, жобалай оқыту әдісі- мәселені өз бетінше шешуге және оқушы үшін жана өнім алуға бағытталған оқыту түрі, тәуелсіз педагогикалық технология, оқу іс-әрекетін үйимдастыру нысаны.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Коряковцева Н. Ф. Теория обучения иностранным языкам: Продуктивные образовательные технологии. – М. : Академия, 2010. – 192 с.

2 Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. – М.: Народное образование, 2000. – 240 с.

3 Полат Е. С. Метод проектов в современной школе. Методология учебного проекта. – М., 2000.// <http://nsk.fio.ru/festival/docs/polat.htm>

4 Сергеев И. С. Как организовывать проектную деятельность учащихся: Практическое пособие для работников общеобразовательных учреждений. – М.: АРКТИ, 2005. – 215 с.

#### ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛ БЕЛГІЛЕРИ

ТІЛЕЙХАН А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.г.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бүгінгі әлем өз түрі мен бейнесін күн санап өзгертуде. Әлемдік дамудағы ғылым мен технологияның дамуы қоғамдық қатынастарды да өзгертуде. Бұл ретте, ұлттар мен халықтар арасындағы бәсекелестік, ғаламдық тұтасулар тұсындағы елдік жарыс ғылым мен өркениетке қадам басуына қарай өлшенуде. Қазіргі әлемдік дамудың алдыңғы қатарында тұрған елдердің тілі де – өзгеден ерек. Бұл сол елдің ғылымы мен технологиясының дамуымен тыңғыз байланысты. Жаһандық бірігулер әлем халықтарының салған тұста ұлттар мен ұлыстар бірігуі, жойылу қатар журері анық. Өз тілінің әлеуметтік құші басым, қоғамдық қызметі артық тілдер ұлттар арасындағы байланыс, сабактастық негізін сақтай алады. Ұлтаралық қатынас тілдерінің қатарына қазір әлемдегі ағылшын, араб, испан, француз тілдері көш бастап тұр. Әлемдік тілдер арасында ағылшын тілі жер шарының қай нүктесіне барса да жарайтын, қатынас құралы бола алатын тіл. Сондықтан да болар, өзімен туыстас испан, француз тілдерінің Америка күрілішінде үстемдігіне ағылшын тілнен төнеген қауіп осы тілдердің ұлтаралық қатынас тілі ретіндеңгі рөлін де әлсіретуде.

Әлемдегі тілдердің мемлекеттік, қоғамдық қызметінің күшесі – халықтардың сол тілдердегі білім алуымен де өлшенуінде. ЮНЕСКО әлем тілдерінің қоғамдық орнын, әлемдік, адамзат тарихындағы болашақ орнын анықтаған тұста – сол тілдердегі балалардың білім ала алу мүмкіндіктерін де ескереді, әр бұл – негізгі шарт. Бұл ретте,

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кейінгі 30 жылда қазақ тіліндегі мектептер саны көбейді. Қазақ тіліндегі ғылым мен білім көкжидегі кеңеңе түсті.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынов та ұлт пен тіл мәселеіне аса ыждақаттылықпен қарауды ескертті: «... һәр жүрт баласын өуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар өбден дағдыланнан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше өуелі өз тілімізben оқытып, онаң сон басқаша оқыту тиіс» [1, 142 б.].

Қ. Жұбанов тіл мен этнос арасындағы байланысты: «Халықтардың тұрмыс қалпы тұрлі-тұрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да тұрлі-тұрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты», – деген пікір айтады [2, 93 б.].

Қазақ тілі түркі тілінің қыпшак-ноғай (Н. А. Басқаковтың топтастыруы бойынша) тобынан тарайды. Түркі тілдеріне қырғыз, қарақалпақ, өзбек, үйғыр, татар, құмық, башқұрт т.б. тілдері жатады. Түркі тілдерінде ортақ әдеби, мәдени, мұра – қазіргі қазақ халқының да рухани құндылықтары.

Қазіргі қазақ тіліне негіз болған түркілік жазба ескерткіштері аз емес. Түркі жазу нұсқаларын қоюе, орта және араб жазуымен жазылған ескерткіштер деп бөлінеді. Орхон-Енисей, Ж. Баласағұн «Күтті білік», «Кодекс куманикус», М. Қашқари «Түркі сөздерінің жинағы» – түркі мәдениетінің ескерткіштері. Тілдің халықты сақтауышы белгі ретіндегі қасиеті М. Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағы» еңбегінде берілген. Ортағасырдың өзінде ғалым түркі тілінің халықты сақтауышы, елдік негізді біріктіруші қасиеттеріне назар аударады [3].

Тілдің бүтінгі қундегі басты шарты – қоғамдық-әлеуметтік қатынас тілі, ресми тіл, ғылыми және көркем-әдеби тіл қызметтерін жүзеге асыра алуы. Бұл ретте, қазақ тілінің басты сипаты ұлттаралық қатынастар тілі ретіндегі қызмет аясын кеңейту міндеті туындауды. Сондықтан бұл реттегі зерттеуде тіл білімі ғылымы дәстүрлі ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып, жаңа әлем қатынастарына қарай икемдеуде. Әр ұлттың жаңа әлемдегі рухани байлығының ең асылы тілдерінің қоғаммен бірге дамып, өз халқы үшін қызмет етіп, жаһандық өркендеуге өз құндылықтарымен жауап беруі ұлттың сақтауының кепілі екені белгілі.

Қазақ тілі – қазақ ұлтының тілі. Сонымен бірге Қазақстан деп аталағын ұлken территорияны алып жатқан мемлекеттің негізгі ұлтының тілі. Қазақстанда тек қазақ ұлты ғана емес, жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Бұлардың ішінде бірнеше ғасырлық империялық санамен дамып келе жатқан орыс тілінің үстемдігі ерекше. Қазақ тілінің қоғамдағы қатынас тілі дәрежесіне көтерілуі қажеттігінің басты себептерін біз келесі түрғыда белгіледік.

1 Мемлекет негізін құрайтын тіл.

2 Әдеби тіл нормалары қалыптасқан тіл.

3 Тарихи дамуы, тектік негізі бар тіл.

Тарихын тым тереннен бастау алатын тіліміздің сонау есте жоқ есікі замандардан-ақ саясат, шаруашылық, тұрмыс, рухани құндылықтар тілі болғанын дәлелдер деректер де жеткілікті.

Тіл – халық тарихының, әдет-дәстүрінің, әдебиетінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің көрсеткіші десек, ұлттық сипатты анықтар салт пен әдettі, халықтық тағлым-танымды, рухани қазынасын сақтауышы да – ана тілі. Қазақ тілінің бай ауызекі сөйлеу ұлтларі көркем де бай болса, жазба нұсқалары әр кезеңіндегі ұлттық тілдің әдеби негізін танытар белгілер.

Әлемдік тұтасулар тілге жаңа міндеттер жүктелді. Бұған дейінгі қазақ тілінің міндеті – көркем әдебиет ұлгісі ретінде барлық қоғам қажеттерін өтей алуында болатын. Әдебиет тілі ретінде ғана емес, ресми тіл ретіндегі қызметі үшін де көркемдік басты орында болатын. Оған дәлеле қазақ қоғамындағы негізгі заңдарды жасап, ханның он тізесін басқан би-шешендер тілінің көркемдігі. Бұл тарихи кезеңнің белгілі бір дәүірлеріндегі қажеттілік болатын. Қазіргі қазақ тілінің ұлтаралық тіл ретіндегі қызметтің көтерілуі үшін тілге жаңа қатынастар, жаңа реформалар керек. Бұл тілдегі жаңа терминдердің жасалуынан бастап, сол терминдердің, тілдік қатынастардың қоғамдық-әлеуметтік салада, ғылыми ортада, экономикалық-шаруашылық тетіктерінде негізгі қызметті атқаруына да байланысты.

Тіл – адамзат қоғамындағы ортаны біріктіруші, ұйымдастырушы. Ендеше тілдің негізгі қызметі – қоғам мүшелерінің бір-бірімен сөйлесу, пікір алысу, арасын жалғастырушы қызметін, яғни қазіргі, бүтінгі, келешек арасына дәнекер болатынын да еске алатынымыз сөзсіз.

Тілдің, сөздің осындағы қызметтерімен бірге халық жанында сөз киесі, сөз дауасы, сөз құдіретін, қасиетін құрмет тұтар тыным

сөздер, мақал-мәтел, даналық ойлар, сөз тіркестерінің де қолданар орнына қарай өз ерекшеліктері сакталған.

Әлемдік тілдер арасындағ қоғамдық қатынас құралы бола алғатын, даму заңдарына ілесе алатын тілдер көтариңда ілігү үшін шарттардың бастысы – білім, экономика және ғылым мен технология. Қазақ тілінің қазіргі тілдік жүйесіндегі тілдің терминдік жүйесі жылдар бойы жаңырылады. Бұл тілдегі лексикалық қабабтың жаңауымен тығыз байланысты. Лексикалық қабаб тілдегі грамматикалық заңдармен байланысты. Ал тұтасымен тілдің мағыналық негіздері – ұлттың танымы мен түсініктегін жасайды. Сондықтан да ұлтаралық тілдерге қойылатын талаптардың бірі – қазіргі даму шарттарына, заңдарына жауап бере алу. Ұлтаралық тілдердің басты белгілерінің бірі – ғылым мен технологияның сол тілдегі таралуы. Осы ертпен алғанда, Қазақстанда тұратын 100-ден астам ұлттың қарым-қатынас құралы болуға жарай алатын тілде, сол тілдік терминдер жүйесін жасауға қажет заңдылықтардың барлығы бар.

Қазақ тілінің ұлтаралық тіл ретіндегі ішкі мүмкіндіктері мен грамматикалық құрылымы жеткілікті. Бірақ тілдің қоғамдық-саяси дамуындағы бірнеше өзекті тұстарды анықтап өтудың де өқажеттігі бар.

1 Қазақ тілінің графикасының тұрақсыздығы.

2 Орфографиясының жиі өзгермелілігі.

3 Қазақ ұлттының негізгі Қазақстандағы ұлес салмағының әлі де жеткіліксіздігі.

4 Кенестік жүйе таным-түсініктегін әлі де үстем болуы.

5 Қазақ тіліндегі экономика мен шаруашылық, ғылым мен ресми тілдің толық үстемдік ете алмауы.

6 Қазақ ұлттының тұтас ұлтаралық тілге толық дайын еместігі.

Қазақ тілінің өзекті мәселесінің бірі – графика. Ұлттың езінің төл графикасын – Орхон-Енисей жазуларынан бастасақ, кейінгі кезеңдердегі араб жазуы негізіндегі, латын және кириллица жазулары ұлттың танымын да өзгертуі. Кейінгі жылдары қазақ төл дыбыстарын сактау, ұлттық танымды қорғау негізіндегі латын графикасын көшүдің кешеуілдей беруі де – ұлтаралық тіл ретіндегі қызметке тосқауыл болары анық. Бұл ретте, ағылшын тілінің дәстүрлі ұлгісін мысалға алуға болады. Ағылшын тілінде классикалық ағылшын әліпбін сақтаған бір нұсқа және әлем халықтары үшін Халықаралық ағылшын тілінің гарфикасы бар. Дәстүрлі ағылшын тілінің қағидалары мен заңдылықтары тұрақты

графика негізінде қорғалады. Ал өзгерістер Халықаралық Әліпби арқылы жүре береді. Ендеше тілді сактау, ішкі заңдылықтарының мәдени қалпын ұстau да – ұлаттарлық тілдің юбасты ережесі.

Қызметтеріне қарай түрлі орындарда қолданылатын сөздер, көркемдік бояуымен, нақты, белгілі ортада қолдану өрісі, айтылу саз, әуенінің бөлектігімен айшықталады.

Қазақхалық осы арқылы сөздің қоғамдық-әлеуметтік орнын белгілепқанақоймай, психологиялық, философиялық, танымдықмәнін де ашқан.

Қоғамдық қатынастағы сөздердің қолданылатын орнына қарай қалыптастыру қызығы мен сөздің көркемдіктері бар. Искерлік қарым – қатынас пен әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздердің едәүір ерекшеліктері бар.

Қазіргі қазақ тіліндегі искерлік қарым-қатынастағы сөздерде дәлдік, нақтылық көбірек орын алғып, суреттеу, көркемдеу бәсендөу тартса, әлеуметтік-тұрмыстық тілде сурет бояуы әлі де сакталған.

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөздерге негізінен отбасы, туған-туыс, ауыл-аймақ, ел ішіндегі ата-ана мен бала, туыстар, дос-құрбы, жора-жолдас, құда-жеккет арасындағы қунделікті, қарым-қатынас сөздері кіреді. Қунделікті тұрмыстағы сөздер түрлі жағдайларға қатысты қолданылатындықтан, қазақ тілінің көркем де суретті болуының бір шеті осы тұсқа келіп тіреледі.

Қазақ тілінің басты сипатарының бірі – ұлттық тілдег іэр әлеуметтік ортасын, әр жас ерекшелігінің, әр топтың өз сөйлеу тілінің болуы. Сондықтан әр әлеуметтік ортасының өз сөйлеу тілі – қоғамдық қатынастарды мығым да құшті ете түсті. Кейінгі қазақ тілінің даму барысында тілдің құрылымы өзгерді. Тілдегі сөйлеу ортасы, әлеуеттік қарым-қатынас тілінің сөз қолдану, лексикалық қор негіздері бұзылды. Бұл қазақ тілінің басты белгісінен айырды. Замандар өзгерген сайын тілге өзгеріс керек, ол болуы да керек. Бірақ өзгеріс тілдің құрылымы мен мазмұндық байлыныстарын үзбей, сабактаса жүргізілуі шарт.

Әдеби тіл халықтың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, саяси, шаруашылық жағдайына байланысты туып қалыптасады. Қоғамдық өзгерістерге қарай әдеби тілдің де жалпыхалықтық тілмен сабактастыры үзілмейді.

Зерттеушілер XI–XV ғасырларда жазылған ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне құрылымы, жүйесі т.б. белгілері жағынан үқсастығын, кейбіреулерінің 70–80 пайызға дейін ортақтықтарын дәлелдеді.

Ұлттық тіл өзі қызмет ететін халық тілінің қарым-қатынас құралы болатынын есепке алсақ, қазақ тілі де қазақтың қоғамдық өмірінде, саяси-шаруашылық тұрмыстық ісінде рухани байлығы ретінде де қызмет атқарды.

Қоғамның өзгеруіне қарай тілдің стильдерге тармақталуы тілдік нормаларды қалыптастырады, әрі әлеуметтік-тұрмыстық тілдің де барлық деңгейде өз ортасының қажетіне жарай алғанын көреміз. Әлеуметтік-тұрмыстық тіл – әдеби тіл тірегі, ал әдеби тіл – әлеуметтік-тұрмыстық тіл белгілерін жинақтаушы.

Қазіргі казақ тілінің грамматикалық белгілері, дыбыстық сиптаттары, сөздік қоры – бүгінгі қоғамның бар қажет өтей алатын тіл. Себіі қазақ тілінің әдеби тіл ретіндегі даму барысында көркем әдебиет тілі ретінде ұлтқа қажет рухани құндылықтарды жеткізді. Тарихтың әр кезеңінде ұлттық тілдің көркемдік міндеттерін атқарды. Сонымен бірге қазақ тілінің ресми тіл ретіндегі қызметін шешендей сөздерден бастап, қазіргі тілдегі ресми тіл нормалары дәлелдейді.

Қазақ тілінің тілдік қабілеті, сөздік қоры оның толығымен ұлтаралық қатынас тілі дәрежесін анықтай алатын белгілері деп септейміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 418 б.

2 Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Фылым, 1999. – 527 б.

3 Қашқари М. Түркі сөздерінің жинағы Т. 1 – Алматы: Фылым, 1997. – 617 б.

### ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДА БЕЙНЕЛЕНГЕН САКРАЛДЫ- ҒҮРҮПТЫҚ ОРЫНДАРДЫҢ КӨРІНІСІ

ДӘРІБАЕВ С. Д.

ф.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.  
ТІНІҚҰЛ З. Н.  
магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Әдебиет пен фольклор бір-бірімен өте тығыз байланысты. Қазақ прозасындағы фольклорлық элементтердің рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытады. Фольклорлық сюжеттер көркем прозадағы өмірді бейнелеудің, шындықты көрсетудің бірден-бір көркемдік тәсілі. Көркем әдебиетте фольклор үлгілерінің қолданылуы туралы М. Әуезов «көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сатысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатқанын» айтады» [1, 237 б.].

Откен ғасырдың басындағы қазақ прозасының көрнекті өкілдері – М. Дулатов, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтардан бастау алатын прозадағы фольклорлық үрдістер 60-80 жылдар прозасында өзгеше өрнек тапты. Ф. Мұсірепов, Т. Ахтанов, Ә. Кекілбаев, М. Мағаун, Т. Әбдік, О. Бекей, С. Жұнісов, Т. Әлімқұлов т.б. қаламгерлер «социалистік реализм» құрсауында жүріп-ак ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін танытуудың өзіндік жолдарын таба білді. Ал, тәуелсіздік түсінінде прозалық туындыларда бұл дәстүр тың тұрғыда қайта түледі. Көркем прозадағы этно-мәдени дәстүрдің шығармашылықпен игерілу жолы бір тұтастықта алып қарастырылатын бұл зерттеуде әрбір кезең дамуындағы осы бағыттағы көркемдік ізденістер назарға алынып, оның жаңаған сипаты ғылыми тұрғыдан сарапталады.

Қазақ прозасында бейнеленген сакралды-ғүрүптық орындардың көрінісі XX ғасыр басындағы қазақ прозасының дамуымен тығыз байланысты. Ең алдымен «сакралды» ұғымын түсіну үшін, бұл ұғымның анықтамасын қарастырып алған дұрыс. Ф. Б. Камалова өз зерттеуінде былай дейді: «Философиялық энциклопедиялық сөздікте сакралды сөзінің анықтамасы жоқ, бірақ сакрализация процесінің анықтамасы бар. Сакрализацияның негізі пендешілік өмірге қарсы тұру деген. Бұл анықтама бізді діни салаға апарады. Сондықтан, сакралды ұғымының анықтамасын қазіргі заманы «XX ғасырдағы мәдениеттанды» энциклопедиясынан алып қарасақ:

сакралды (латынның *sucrum* – киелі, қасиетті, Құдайларға арналған, тыйым салынған, қоргалған) – ең маңызды дүниетанымдық санат, сананың күнделікті өмірден түбекейлі айырмашылығы және өте жоғары тұруы дегенмағынада» [2, 17 б.].

Қазақ әдебиетіндегі сакралды-ғұрыптық орындар фольклор атты үлкен арнаға сыйып кетеді. Фольклор мен прозаның байланысы, адам жаңының әртүрлі мінездік нышандарын табиғатпен егіздеу және жансыз дүниелерге жан бітіру (тасқа, көлге, тауға, ағашқа т.б.) сияқты көркемдік тәсілден де көрінеді. Прозалық шығармалар қайнар көзін ертеғілік желілер мен аудың әдебиетіндегі елге көп тараған аңыз әңгімелер, киссалар мен хикаяттардан алған.

Қазақ дүниетанымында киелі нәрселер тіршілік иесі де, затта, мекен де болуы мүмкін. Қазақстан аумағында киелі орындар көптеп кездеседі. Киелі орын – ол тау, жайылымдық жер, өзен, көл, шатқал т.б. нәрселер болуы мүмкін. Әдетте киелі орындарда әртүрлі ғұрыптық іс-шаралар жасалады.

Қазақ прозасында фольклорлық ұлгілердің жиі кездесуі шығарманың көркемдік тәсілін байытып қана қоймай, ұлттың дүниетанымы мен өзіндік ойлау жүйесін, құндылықтар дүниесін ашып береді.

Сакралды орындарда белгілі бір ғұрыптардың жасалынатынын жоғарыда айттық. Сакралды орындарға кесене, мола, бейіт, кұдық, мазар, там, құмбез т.б. орындар кіреді. «Қазақ және басқа да Орта Азия халықтарында қасиетті рухқа құлышылық ету рәсімі зиярат орнында дұға ету, Құран сүрелерін оқу, сағат тіліне қарама қарсы бағытта зиярат орнын айналу (тауап), молага, құлпытасқа, есікке, табалдырыққа, қабірдің қоршауына, мазар кіреберісіне, шамдарына, ағаштарға кол тигізіп кейіннен бетін сипау, ағаштарға киімнен кесіндіні байлау, қасиетті құдық пен бұлактан алынған суға жуыну, дәрет алу, жануарларды күрбандыққа шалу элементтерін қамтиды» [3, 29 б.].

Сакралды-ғұрыптық орындардың негізгі белгілері халық арасында айтылатын өзіндік аңыз, ерекше оқиғалармен тығыз байланысты. Кез келген киелі орын туралы сөз болғанда оған тән аңыз не әсерлі әңгіме қоса айтылатыны ақиқат. Қазақ қаламгерлері фольклорлық, мифологиялық, аңыздық оқиғаларды өз шығармаларында «тірілту» арқылы адам баласына ортақ замана сырын, рухани өміріміздің кейбір жұмбак заңдылықтарын ашуға талпыныс жасады. Сакралды-ғұрыптық орындардың көрінісі қазақ прозасында аңыздық желілер мен мифтер арқылы көрініс береді.

Қазіргі таңда сакралды орындар туралы жергілікті халықтың түсінігі өр түрлі. Ол сол аймақтың тұрғындарының таным-түсінігі мен сеніміне барып тіреледі. Көркем шығармаларда бейнеленген сакралды-ғұрыптық орындарды қазіргі таңда жергілікті халық кие тұта ма, қастерлі жер деп біле ме деген сұрақ туындауы мүмкін. Яғни, кейбір аймақтардың тұрғындары сакралды орындарды тек қана тарихи орын деп қарауы немесе тіпті ондай орынның бар екендігінен де бейхабар болуы мүмкін. Жалпы адамзат қоғамындағы әрбір халықтың дүниетанымының, болмысының, ділінің (менталитет) ерекшеліктеріне сәйкес тарихи дәуірлерде қалыптасқан өзіне тән рухани-мәдени құндылықтары бар екендігі ақиқат болса, бірақ сол рухани-мәдени құндылықтардың дазаман мен уақыт талабына сай өзгеріп отыруды ғажап емес.

Қазақ халықтың дүниетанымы, рухани мәдениеті, табиғат, мәдениет, қоршаған орта туралы түсінігі мифология арқылы толығып отырады. Фалым F. Есім: «Мифология – адамдардың өзін қоршаған орта туралы түсінігін тарихи, өздігінен болды деп сенетін түрлі бейнелер, кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы жеткізуі. Мифологиядағы бейнелер арқылы ұжымдық түсінік қалыптасады. Мифология сол кездегі адамдардың таным объектісі. Онда адамшылық нормалары сөз болады. Олардың түйгендері мен түйсінгендері санасында екшеліп, көркемөнер ұлгілері түрінде (сурет, ән, би, салт, т.б.) көрініс береді. Осыдан біртіндеп әлемдік мәдениет нұсқалары жинақтала бастайды» [4, 8 б.], – деп тұжырымдайды.

Қазақ прозасында сакралды-ғұрыптық орындардың көрінісі ең алғаш рет М. Әуезов шығармашылығынан байқалды. Аңыздық желіні алғашқылардың бірі болып М. Әуезов «Қорғансызың күні» атты повесінде қолданды. Әуезов – әуел бастан-ақ этнографиялық фольклорлық сарындарды шығармашылықпен игерудің өзіндік өрнегін салған қаламгер. Шығармада сюжеттік түргыда Күшікбай батыр туралы аңызға назар аудару, идеялық-эмоционалдық бояу беріп, батыр бейнесі мен оның ірі іс-әрекеттерін идеалдандыру – автордың аңызды әңгімеде бейнеленген нақты оқиғаларға қарсы қою ұстанымынан хабар береді. Мұндай салыстыру шығармаға терен, ауқымды психологиялық салмақ берген. Батырдың қаһармандық құмылдары мен оның үрпақтарының – тірі адамдардың іс-әрекеттері үнемі салыстырылып отырады. Батырдың қаһармандық, ерлік өлімі – нақты өмірлік қақтығыстың мәнін теренірек түсіндіретін эпикалық

фон. Шығармада мәңгілікке болатын идеалды, эпикалық бастау мен күнделікті, реалды нақтылық салыстырылған.

Әдебиеттанушы А. Жақсылыковтың пікірінше, «егер батыр эпикалық дәуірлерде өліммен бетпе-бет келіп тұрып, езінің жауларын жеңген болса, оның тәқаппар рухын мұраға алған үрпактары мұскін тіршілік кешуде, олар өздерін зорлықшылардан қорғай алмайды, олардың көрген күні – ауыр естеліктер, олардың жеңістері – тек моральдық тұрғыда» [5, 34 б.]. Автор бұгінде батырдың қаһармандық іс-әрекеттері мүмкін емес, тек олар туралы естелік қана бұғінгі күннің қақтығыстарына трагедия косып, оны тереңдеттің әлеуметтік-тарихи нақтылыққа сипаттама жасайды.

Шығармада анызыңдың сюжеттерді қолдану қазақ халқының таным-түсінігіндегі «киелілік», «сақральдылық» ұғымдарының өте өзекті екенін алға тартады. Бұгінде Күшікбай батыр жерленген жерге жол жүріп келе жатқан, қайта қалаға кетіп бара жатқан жолаушылар мен меймандар да тоқтамай өтпейді. Өйткені, қасиетті жер. Осы қасиетті жерде тұма бұлактан қысы-жазы емдік қасиеті бар мөп-мөлдір шипалы су ағып жатады. Тоқтаған жолаушылар шипалы суды емдік қасиеті бар деп, арнайы әкелген ыдыстарына құйып алып жатады. Жерленген жеріне ескерткіш орнатылған.

Киелі орындарға зиярат етудің мақсаты – аурудан жазылу, күнделікті болып жатқан мәселелердің аман есен шешілу, өмірлік таңдау жасау және т.б. құндылықтар. «Тұн қаранғысында сапарда жүрген жолаушы дәстүрге сеніп моланың манында түнеген. Себебі ол жерде ешкіннің оған зорлық жасауға дәті бармаған. Егер де жолаушының ансаған арманы болса, ол сонда жерленген адамның рухынан арманының орындалуына дәнекер (тәуассул) болуын сұраған. Ислам дінінің таралуына орай қазактарда мұсылман қабірлерінің қасынан өтіп бара жатқанда, тоқтап дұға оку салтқа айналған.

Ф. Б. Камаловың осы жөнінде пікірінде: «Киелі орындар қаралайын адамдар арасында езінің емдік қасиетімен, сиқырымен, құпиясымен танымал болып жатады. Барлық мұсылман әлемінде үлкен қажылық – ол Меккеге бару. Бұл барлық мұсылмандардың киелі орны. Сондай-ак, қазіргі кезде «кіші қажылық» деген үғым кездеседі. Ол жергілікті, аймақтық, өнірдегі киелі орындарға барып сыйыну, зияратету. Қөпжағдай дабұлемделу, тазалану үшін жасалады. Бұл киелі орындар керемет қасиеттерге ие: оларға барып қажылар өз тілектерін орындауға тырысады. Қазіргі кезде қарапайым адамдар арасында киелі орындарға барудың бірнеше себептері айқындалған. Олар: ата-бабасының мазарына барып, аруағына тағым ету, яғни

ата-баба күльті; сырқат адамдар дертіне шипа тілеу; сәби сүйе алмай жүрген отбасылар үрпақ тілеу; жолаушылар жолынын ашықтығын, ақтығын тілеу, т.с. Әулиенің қабірі жаңында олар шам жағып, Алладан мәселелерді шешуге көмектесуін сұрайды. Киелі жерде адамдар түсінде алдағы манызды оқиғаның алдын-ала көру үшін түнейді. Киелі жер бұл адам ағзасына және де бүкіл тіршілік атаулыға таңғажайып энергетикалық әсер тудыратын мекен. Осы жерге келген адамдар жер койнауынан шығатын энергия көздері арқылы дертіне шипа тауып, ауруларынан айырып, рухани тазарып шығады» дейді. [2, 29-30 б.]. Фалым зиярат ету нысандарын екі сипатқа бөліп қарастырады: діни сипаттағы және үлттық сипаттағы зиярат ету нысандары.

Жазушы Әбіш Кекілбайұлының прозасынан да сакралды-ғұрыптық орындардың көрінісін жиі байқаймыз. Әбіш Кекілбайұлы – анызың желілерді көркем шығармаға арқау етіп, оны шебер әрі онтايлы қиуластыру арқылы әдебиетте өз қолтаңбасын қалдыրған жазушы. Әбіш прозасындағы ең бір таңдаулы шығармаларының қатарында «Құй» повесі ерекше аталады. Шығармада адай мен түрікмен елінің арасындағы даулы қақтығыс, сол қақтығыстан жазықсыз жапа шегіп қаза болатын Абыл қүйшінің тағдыры суреттеледі. Психологиялық иірімдері өте терең, ерекше астармен баяндалатын шығарма бір оқығаннан өзіне баурап алып, жетегіне ала жөнеледі.

«Құй» повесінде Темірбаба әулиеге катысты анызда былай баяндалады: «Түрікмениң найзасынан кие қашып, боса берген сон, Темірбаба: «Мен өлсем, осы төбенің басына жерлендер; дұшпаның иті енді менің молама сарымасын десендер, бұдан әрі бір елі шегінбендер», – деп кетіпті. Содан бері беліне қанжар ілуге қауқары жететін ереккі кіндік атқа мінер құн туса, Темірбабаның басына келіп кетпегі шарт». Шығармадағы екі халық та «құдірет» деген құшке иланады әрі атабаба сезінен асып кете алмайды. «Осынау жермен-жексен боп жерге сіңіп бара жатқан әулие зиратта әзірге еңсе көтеріп, айбын шақырып түрған қабірдің басына шанышылған сойдақ кара тас қана. Етім тірі дейтін ереккі кіндік оны бір сүймей кетпеген. Марқұм бабасы Оғылан да көңілі қалып налыса да, көңілі тасып масаттанса да, осында келуші еді» дейді. Шығармадан ата-баба әруағына деген құрмет пен «әруақ жебейді», «әулие көмектеседі» деген үлкен сенімді байқай аламыз.

Алмасбек Мәуленовтің пікірінше, «Әбіш Кекілбаев тарихи аныздардың мазмұнын желі еткенімен оның көркем шығармадағы сюжеттік қызметіне, амал-тәсілдеріне, орны мен рөліне өзгертулер енгізіп, өз идеясы мен мақсатына сай пайдаланады. «Құй» повесіндегі

«Қараман ата», «Шопан ата» және т.б. әпсаналар мен Абыл күйшігө байланысты айтылатын аныздардың айтылуы мен көркем повестегі өзгеше бейнеленуінен көрінеді» [6, 20 б.]. Шығармада баяндалатын «Қараман ата» туралы аныз дауласқан екі жақты бітімге шақыратындықтан Қараман атаның екі халықта да ортақ өулие екендігін танимыз. Шығармада автор аныздық сюжетті ұтымды пайдалану арқылы көптен бері екі халықтың да ығырын шығарған жауалықтың нұктесін қоятын Қараман атаның әулиелік қасиетін ұлken символдық мәнге айналдыра білген: «Әулие қараны атсан, қара атты ат, біз айыпты десен, бізді ат!» – депті. Сонда ердің басындағы біз анадай жерге ұшып кетіпті, қара ат табанда қатыпты. Әулиенің өзі де кінәні адайға да, айладыра да артпай тар заман, қысталан қалға аударып, көрін қара атпен бізге түсірді, енді екі елдің жауласатын жөні жок! – деп бітімімен тарасыпты», - дейді аныз. Бұл жерде аныздың көшпелі түркі халқына тән ерекшелігін де ескерусіз қалдыруға болмайды. Ата-баба бейітін кие тұту, әруаққа сенімшілік ара-жігі ажырап, жауласып отырган қазақ пен түрікменге бірдей ортақ. Екі жақта соғысдан әбден титықтаған, бірақ намыс кай-қайсысының болмасын кішіреюіне, женілгендігін мойындауына жол бермейтін ұлken бөгет. Сол тосқауылды ыдыратып, бейбітшіліктің орнауына себеп болған өмірден өткенине талай жыл болған Қараман ата әулиенің құдіретті кесімі. Тарихи оқиға басқаша болуы да мүмкін, бірақ сонын өзін кейінгі үрпакқа жеңіс ретінде танытып тұрган – ол аныз.

«Күй» повесіндегі әпсананың осындағы кереметтілік ғажайыптылық элементтері Темірбаба әулие мен Шопан атаның арасындағы құдірет сыйысы арқылы көрінеді. Теніз жағасында аяғын суға малып отырган Темірбаба жер түбінен – Хорезмнен келе жатқан Шопан атаның аяғының дыбысын естіп отырыпты. Шопан ата қасына келіп, өз жөнін айтып, Темір бабадан жөн сұрапты. Осы кезде Темірбабамен құдірет салыстырғысы келетінін айтады. «Құдіреттіңді, өуелі, өзін көрсет», – депті Темірбаба. «Ендеши, жүзінді бүр, – депті Шопан ата. – Анау жайылып жүрген бір үйір қара құйрықты көрдің ғой!». «Көріп отырмын», – депті Темірбаба. Шопан ата сол арада шөрелеп шақырған екен, үйірдің алдында құлағын қайшылап осқырынып тұрган ортеке маңырап жетіп келіп, етегін жалап жата кетеді. Шопан ата текені пышақсыз бауыздап, терісін сыптырып, сойып, жіліктеп-мүшелеп, жайратыпты да тастанапты. Соғын етін терісіне үйіп орап, үстінен алақанымен бір сипап өткен екен, теке орнынан атып тұрып, сілкініп-сілкініп алып, бір маңырапты да, анадай жерде жатқан үйіріне қарай шауып ала жөнеліпті. Енді кезек Темірбабага тиіпті. Темірбаба

балағын тізесіне дейін тұріп, қарның жарып ыныранып, ақ көбік атып жатқан көк теңізге қойып кетіпті. Кетіп барады, кетіп барады. Көк теңіз қарсы айырылып, аяғының тиген жері қара жер болып қала берілті. Шопан ата неғып тұр екен деп артына бұрылса, ол сөлдесін шешіп ап, бұлғалықты салып жатыр екен. Шопан ата сонда: «Әулиелігіне сендім, бұдан әрі жүре берсең, көк теңізді жарып, дүшпандар келетін жол саларсын деп қайтардым», – депті. Анау жатқан кішкене қара тубек содан қалыпты» [6, 105 б.].

Осы қара түбектің пайда болуы туралы халық ауызындағы аныздың тағы бір нұсқасы былай баяндалады. Теңіз жағалай жүріп, баласы суға кетіп, құтқара алмаған Темірбаба теңіз бетін үш рет «Өмір бойы осылай сапырылып жат!», – деп қамшылапты. Темір бабаның қамшысының тиген жері қара жер болып қалыпты. Содан бері теңіздің (аралдың) Форт – Шевченко беті тыныссыз сапырылысып, ал керісінше, Бекдашы беті тыныш жатады екен. Қазақ үғымындағы әулиелік – адам бойында кездесетін ерекше кабілет қасиеттермен бағаланады десек, шығармада ол Шопан атаның текені пышақсыз бауыздап, терісін сыптырып жайратып тастанап соң бір сипап өткенінде қайтадан маңырап, шауып ала жөнелетінімен көрінсе. Темірбабаның көк теңізге қарсы жүргенде жүрген жерінің бөрінің қара жер болып қала беруі арқылы автор әпсананың құдіреттілік қасиетін суреттейді. Бірақ автордың бұл аныздық сюжетті шығармада берудегі басты мақсаты – түрікмендердің шекара межесін белгілеу болып табылатынын байқау киын емес. Көк теңізге сұғына кіріп жатқан түбек те осындағы кереметтіліктен дүниеге келген деген аныздың түйінін көруге болады.

Бүтінде Темірбаба әулиенің орны Манғыстау облысынан, Жанаөзен қаласынан 85-90 км онгустік бағытында орналасқан. 2002 жылы Манғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы мамандарымен зерттеліп, Манғыстау облысы бойынша тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген. Қорымда 200-ге жуық әр типті объектілер орналасқан. Қорым орталығында зиярат етушілер жиі келетін әулие Темір баба қабірі бар. Қабір басына кесене салынған. Темір баба – мықты жауынгер, батыл, әруақты адам болған дегенді жергілікті тұрғындар аныз қып айтады. Темір баба мен қасиетті Шопан ата кездесіп, әруақ салыстыру нәтижесінде Кендерлі аралы пайда болған дейді.

I. Есенберлиннің «Қөшпендерділер» трилогиясында сакралдығұрыптық орындардың көрінісі ретінде шығармада баяндалатын тарихи аныздарды айтуға болады. Трилогияда көптеген тарихи аныз, әңгімелер романның көң ауқымына жарасымды қабысып кеткен.

«Қаһар» романында Граф Перовскийге Генстін Бесқұлан туралы бұдан отыз жыл бұрын жазып алған аңызын айтып беруі мысал бола алады: «Алашаханның жақсы көретін баласын тағы құлан үйірі басып өлтіріпті. Қатты қапаланған әрі мейлінше ашуланған хан, құлан біткенді қыруды бұйырады. Кімде-кім оларды қырып бітірсе соған ғажайып көп сыйлық пен ең сұлу кіші қызын бермекші болады. Домбылақ деген батыр ханның тілегін орындағын деп уәде береді. Өзінің Иней, Қабан деген жүйрік аттарын мініп құландарды қуады, кайда қашса да коймай бейшараларды қырады. Ақырында бес-ак құлан қалады. Олар Шу өзенінен өтіп құмға қашады. Осы құландардың Шудан өткен жерін Бесқұлан дейді. Құмға күп шыққан батырдың аттарының жете алмай зорығып өлген жерлерін Иней, Қабан деп атапты. Ханның қызын алам деп құм арасында қанғып өлген Домбылақ батырдың моласы деп қазактар Шудың теріскей жағындағы моланы көрсетеді...» [7, 193-194 б.]

I. Есенберлиннің «Көшпендер» трилогиясында кеңінен қолданылған фольклорлық мотивтер және этнографиялық материалдар тарихи роман жазуда маңызды орын алды. Жазушының шығармашылық тұлғасының өзіндік ерекшелігі, халық тұрмысы мен фольклорын терең білгендей, тарих пен өдебиет саласындағы кең құлашты танымы оның тарихи романдарында көрініс береді.

Қазақ тарихи романында миф пен аңыздарды символдық мәнде пайдалану шығарманың көркемдік шешіміне еш нұксан келтірмейді. Қайта тарихи романының әлеуметтік-философиялық танымын тереңірек танытып, халықтың басынан кешкен тарихи өмір жолын жан-жақты суреттеуде, шығарманың көркемдік қасиеттің барынша айшықталған түсіне қызмет етеді. Мифтер мен аңыздарды тарихи романдарда дәуір шындығының өткені мен бүгінгісін және ертегі болашақ үрпактың санасына тәлім-тәрбиелік мораль ұсынып қана қоймай, көркемдік-эстетикалық қасиеттерді терең игеру үшін де қажет болып отыр. Әдебиеттанушығалым А. А. Мәуленовтің пікірінше: «I. Есенберлиннің «Көшпендер» атты тарихи тақырыпқа жазылған шығармасында аңыз, миф, хикаялар жаңаша сипат алғып, мазмұндық-фомасын өзгертіп, романың стильдік өрнегін байытып, сюжеттерін ширіктыра түсті. Осы кезге дейін онша мән берілмей келе жатқан миф, хикая, әпсана-хикаят жанрларының көркем прозадағы көп мағыналық, көп қабаттылық қызметі айқын көріне бастанды» [8, 4 б.].

Киелі орынның киелі болуы – ондағы кешенниң халықтың санасында туған діни-мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық

әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен қаншалықты байланыстырылғында [9, 35 б.].

Киелі орындардың киелілігі туралы түсінік қандайда бір мекенің халыққа қасиеттілігі мен ерекше артықшылығы танылып, көпшілікпен мойындалғаннан кейін ғана қалыптасады. Орынның қасиетті болуы сол манды мекендерген тұлғаның немесе тіршілік иесінің қасиетіне де байланысты. Жоғарыда біз келтірген көркем шығармалардағы сакралды орындар Күшікбай батыр моласы, Темірбаба, Шопан ата, Қараман ата моласы, Домбылақ батырдың моласы, Алашаханның кесенесі болсын барлығы да тарихи тұлғалардың есімдерімен тығыз байланысты. Ең алдымен халық арасына олардың ерекше қасиеті жетіп, халықтың сеніміне ие болуы.

Қорыта келгенде, киелі орындар туралы ұғым – ол, сол манды қоныстай жайылған елдің таным-түсінігінде сол аталаған жердің қасиеті мен киелілігі танылып, көпшілікпен мойындалғаннан кейін ғана қалыптасқан. Киелі ұғымның қалыптасуы кейінгі ортағасырлар түсынан бастап халық арасында басым орын алды. Себебі, осы кездің өзінде шағын ғана аумақтағы жерлерде түрлі тарихи кезеңді қамтитын алуан түрлі ескерткіштер шоғыры молынан топталып, тіпті жіктеле де бастанды. Киелі жердің айқын көріністерінің бірі сөүлет ескерткіштері болып табылады. Сөүлет ескерткіштері – оларды құрған қоғам өмірі туралы бай ақпараттар көзі. Олар саяси ахуал, идеология, ғылыми және өндірістік әлеуеттің дамуы, дәуірдің эстетикалық нормалары, халықтардың мәдени байланыстары және мәдени стандарттардың таралуы, құрылыш дәнгейі туралы айқын түсінік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Өуезов М. Әр жылдар ойлары. Қазақша және орысша жазылған зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Қазмемкөркөдеббас, 1959. – 556 б.

2 Камалова Ф. Б. Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау. – Алматы, 2020. – 130 б.

3 Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап. 8 - шығарылым: Діни-рухани ұғымдар/ Құраст. А. Әбдірәсілкізы, М. Исахан, М. Мұслимов және басқалары. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми- зерттеу және талдау орталығы, 2016. – 62 б.

4 Есім F., Артемьев А., Қанаев С., Біләлова Г. Дінтану негіздері. – Алматы: Білім, 2003.

5 Жаксылыков А.Ж. Проза М.О. Ауэзова 20-х и 30-х годов (психологизм, конфликт, повествовательные формы): дис. канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1984. – 169 с.

6 Мәуленов А. Қазіргі прозадағы мифтік-аңыздық қолданыс. Монография. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2008. – 184 б.

7 Есенберлин Илияс. Қаһар. Роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.

8 Мауленов А.А. Қазіргі қазак прозасындағы аныздар мен мифтердің көркемдік қызметі (Илияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Тәкен Әлімқұлов шығармашылығы) / Филол.ғыл.канд..... авторефераты.– Алматы, 2001. – 24 б.

9 Fuad Köprülü. Ахмет Ясаудің аныздық–хикаялық өмірі. «Ақиқат» <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=9325> 27.06.2018.

## МЕДЕУ СӘРСЕКЕЕВТІң «ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ» РОМАН-ЭССЕСІН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

ТОКОШБЕКОВА Г. К.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Соңғы жылдары қазак прозасы бір жола шарықтап, әдебиет зерттеушілері мен әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып келеді. Осы әдеби даму үрдісіне өзіндік жазу стилімен келген дарынды жазушы М. Сәрсекеев шығармалары - өмірдің өзегінен алғынyp, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстарды өзіндік шүрайлы да құнарлы тілімен, онтайлы тәсілдерімен тамаша бере білген шыншыл құндылық болып табылады.

Ә. Нұршайықов: «Алышты алып қана арқалай алады, Абайдай данышпанды Мұхтар Әуезов әлемге танытты. Сатбаевтың ұлы тұлғасын Медеу Сәрсеке ұлықтады» деп айтқандай, ұлы ғалым өмірін ұлықтауға М. Сәрсеке 45 жыл ғұмырын сарп етіп, осы уақытта ұзын саны 10 кітап дүниеге әкелген. Сол кітаптардың ең көлемдісі – «Қазактың Қанышы» мен «Қаныш елі». Автор Қаныш Сәтбаевтың ізімен жүруғе, ол болған орындарды көзімен көруге айрықша мөн бергені байқалады. М. Сәрсекеевтің алғаш Қаныш туралы қalam тартуы мен соңғы роман-эссесінің арасында отыз алты жыл өтіпті. Осы уақыт ішінде Қаныш жайында жеті кітап жарияладап, бул кітаптары әлемнің жуз он екі еліне тарапты [3, 42 б.]

«Қазактың Қанышы» шығармасы роман- эссе жанрында жазылған.

Роман-эссе – романның да, эссең де жанрлық ерекшеліктерін қамтитын әдеби туынды. Ақиқат өмірдің барша тыныс-тіршілігін көркем образдар жүйесі мен сюжет, тартыс арқылы жеткізу дегі роман жанрының мол мүмкіншілігі эссең табигатындағы еркіндікке тұтасады. Роман-эссе жанры – бұл еркін форма мен композицияға ие, автордың субъективті пікірі көрініс табатын, публицистикалық, деректі және ғылыми шығармалардың элементтерінен тұратын жиынтық жанр. Роман-эссең ғұмырнамалық, естелік сипаттарынан бөлек, ғылыми танымдық, сини талдамалық сипаты ерекше көрінеді.

Біріншіден, роман-эссеғе өмірбаяндық сипат тән. Медеу Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» шығармасында оқиға романға тән біртұтас сюжеттік желіні қамтиды. Қаныш Сәтбаевтың тұтас өмірі Медеу Сәрсекенің баяндауы бойынша романда тұтас көрініс береді. Қаныш Сәтбаевтың жүріп өткен белестерін белгілі бір динамикалық байланысқа бағындыра отырып, көркемдік дамудың биік сатысына көтереді. Әрбір үзікте кесек ойдын, өмірлік байламның, құнделікті өмірдің терен ұшығы жатады. Адам өмірінің қайталанбас ерекшеліктері, белгілі бір адамға ғана тән айрықша құбылыстар тарихи-салыстырмалы тұрғыда көркемдік дамудың биік сатысына көтеріледі.

«Қаныш Сәтбаев сияқты қиямет заманың оты мен сүйн белшесінен кешіп, кияпат кезеңнің ызбары мен ызгарын басынан өткеріп, сол заманы мен кезеңі бетін берсе таспай, сыртын берсе саспай, қашанда халқының қамын өмірінің мағынасы деп білген тағдыры күрделі тұлғанын ғұмырнамалық диалектикасын ашып көрсету және терең біліктілікпен, тегеуінді қаламгерлікпен ашып көрсету қыыннан да қыын шаруа. М. Сәрсеке сол қыынның қыыннымен беттесе отырып, замана көлденең тартатын мың сан құбылыстың тағдыр қалыптастырығыш тілін зерделеу арқылы «Заман – Қоғам – Адам» проблемасын тұжырымдамалық өреде көрсетіп бере алған. Яғни заман мен қоғамның ең бір шиеленіске толы ширықкан кезеңінде ұдайы ұлы тұлғалардың син тезіне түсіп отыратыны және ондай шақта ұлы тұлғалардың тегеуінді әрекет-қарымы керісінше қоғамдық, қажет болса заманалық құбылыстарға ықпал ететіні шеберлікпен суреттелген» деп пікір білдіреді ғалым Рымғали Нұргалиұлы [2].

Екіншіден, баяндау тәсілінде шексіздік, еркіндік басым болады. Мұнда романдағы секілді ірі қақтығыс жоқ. Шығармадағы баяндау тәсіліне қатысты Рымғали Нұргалиұлы келесідей талдау жасайды:

«Автор Қ. Сәтбаевтың ізімен жүргүге, ол болған орындарды көзімен көруге айрықша мән бергені байқалады. Әсіреле, Қанаңның көзін көргендермен сырласып, ұлы тұлғаның өмір майданындағы болмысын тану үшін, дәлірек айтқанда, ұлы тұлға бейнесін сомдау үшін ұрымтал пайдалана білген. Бұл ретте, тарихи деректер, айғақтар, естеліктер, архив материалдары авторлық баяндауды жандандырып, бас қаһарманның есіп-жетілу жолдарын, ғылыми-кәсіби шындалу кезеңдерін барша ақиқатымен аша түсіне себепші болып отырады».

Үшіндіден, сыншылдық сипаты болады. Бұл кітаптан Қаныш Сәтбаев секілді ірі тұлғаның бүкіл болмысын, кескін-келбетін, жан дүниесін ғана емес, кіслік қасиетін, азamatтық қалпын, білім деңгейін түгел танып шығуға болады. «М. Сәрсеке романда бас кейіпкерді бірыңғай сыйыра мактауға бармайды. Өмір шындығын өзек ете отырып, Қанаңның қателескен, сүрінген, шамырқанған, ширықкан тұстарын, сондай-ақ ізденген, құреспекен, женіске жеткен кезеңдерін шығарманың алтын арқауына айналдыра алған. Мұның өзі, авторлық қиялға көп ерік бере қоймайтын ғұмырнамалық романның көркемдік өресін биіктетуге кепіл болған. Былайша айтқанда, автор өмір драмасын өнерге айналдырган» (Рымғали Нұрғалиұлы) [2].

Төртіншіден, тұтас бір оқиға үзіктілік арқылы беріледі.

Мысалы: «Баянауыл аясында» бөлімі 8 үзік оқиғаға бөлінеді.

Бірінші үзік – Кенжетай

Екінші үзік – «Қашаған құлын қасқырға алғызыбайды»

Үшінші үзік – Биге шықты дөңгелеп

Төртінші үзік – «Қанат үшқанда қатаяды»

Бесінші үзік – Төңкөріс толқынында

Алтыншы үзік – Тура биде туған жоқ

Жетінші үзік – Судья мен профессор

Сегізінші үзік – Сібір шамшырағында

Қазіргі күнде мектеп оқушыларына мұндай кіріктірілген жанрды оқыту үлкен жаңалық. 10-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнінің оку жоспарында қарастырылып жүрген Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссеінқалай оқытуға болады?

Шығарманы оқыту барысында ең алдымен мақсат коямыз:

- әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну;
- әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау.

Сонымен қатар шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау алған түсініктерін бөлісіп өмірмен байланыстыра білу арқылы оқытып, оқушыларды шағармашылық жетістіктерге жетелейміз.

Сабакты бастамас бұрын оқушылармен көніл күй ахуалы өткізіп аламыз.

I Тренинг «Жан жүрек сирь».

– Мына үлкен ақ жүрекке назар аударыныздар. Ол тірі емес, дүрсілдемейді. Біз қазір оған жан беруіміз керек. Қатысуышыларға түрлі-түсті қағаздардан жасалған кішкентай жүректер таратылып, оған жылы, мейірімді сөздер жазулары сұралды. Жансыз жүректі жандандыру. Плакаттан үлкен жүректі қиып алып, сол жүрекке жылы-жылы сөздер жазылған кішкентай жүректерді орналастыру. Сұрақ: Қалай ойлайсыздар, жүрегіміз жанданды ма? Қайтіп? Неліктен?

Ең бастысы сүйе білу керек. Қайырымды болу – ол еліне, табиғатқа, адам баласына деген маҳаббаттан басталады. Әр уақытта жақсыс сөз айтуға, қайырымды іс жасауға бейім болу. Әр уақытта қасынғыздағы баланың пікірін, не қажет ететінін тыңдай білініз. Ерік берініз. Шыдамды бола білініз. Оның ісін бағаланың. Жасаған қателігін көре тұра, оған сенетініңізді білдірініз. Күлімдеп, қасында бірге болуға көніл білініз.

II Қызығушылығын ояту.

«Кинометафора» тәсілі

«Тарих. Тұлға. Тағдыр» бейнебаян көрсетіледі. (1 минут, 56 секунд)

«Тарих. Тұлға. Тағдыр» Топтың атын М.Сәрсеке-Қаныш-Тарих немесе Тағдыр-Тұлға ұғымдарымен байланыстырып қорғау. 2 минут топта ақылдастып әр топтан 1 оқушы жауап береді.

Кері байланыс топ бойынша жүргізіледі.

Дескриптор:

«Тарих. Тұлға. Тағдыр» сөздерінің мазмұнын ашады;

Қаныштың Отанға жасаған ғылыми қызметін бағалайды;

Деректерді шығарма мазмұнымен байланыстырады.

Кімде қандай ой туды? (оқушылар пікірі)

«Ой қозғау» әдісі (Оқушылар қазакта үйдін ең кіші баласын кім деп атаған?)

(Сабактың тақырыбын ашады.

Бүтінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақтың Қанышы» роман-эссе «Кенжетай» бөлімі)

Сабактың мақсатымен таныстыру  
 – әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсінүү;  
 – әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау.  
 Мұғалімнің кіріспе сөзі:  
 – Қаныш Сәтпаев – қазақ ғылымының атасы. Қазақтан шыққан тұңғыш академик, инженер-геолог. Оның есімі Иссак Ньютон, химия атасы Менделеевтермен қатар аталады. Ол бар ғұмырын тұған ұлтының тірлігін түзеуге сарп етіп, артында сөнбес сәуле, өшпес із қалдырды. Көзі тірісінде аңызға айналған ұлы тұлғаның еңбегін халық ұмытпак емес, ұлықтайды. Ендеше, сіздер қалай ұлықтайсыздар?

III Сабактың негізгі бөлімінде топпен жұмыс

1-тапсырма

1- топ « Торлы диаграмма» әдісі арқылы мәтін мазмұнын диаграммаға түсіреді.

2-топ « Оқиға тауы» әдісі арқылы мәтін мазмұны бойынша әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды («Кенжетай» бөлімін оқушыларға оқуға қосымша тапсырма берілген болатын).

Дескриптор

– Мәтін мазмұнын торлы диаграммаға түсіреді  
 – «Оқиға тауына» сюжеттік-композициялық талдау жасап жазады.

3-топ

« Сен және мен» әдісі

Тақырып бойынша бір сұрақтан дайындауды

Дескриптор

– Бұғінгі тақырып бойынша бір сұрақ дайындауды

Сұрақтарға нақты жауап береді.

ҚБ. « Мадақтау» сөздері арқылы

2-тапсырма

« Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

1-жұп « Имантайдың өмірдегі зор өкініші»

2-жұп «Иса қажының қызы Әлима»

3-жұп « Имантай бидін құран кітабының мұқабасына жазып қалдырған сөзі»

4- жұп « Фабдулғанидің Қаныш атанағы кетуі»

Дескриптор

Оқушылар жұптасады

– Әр жұп өзіне берілген тақырып бойынша окулыктан үзіндіні тауып жазады.

ҚБ. « Жұбынды бағала» әдісі арқылы

IV Үйге: «Қашаған құлын мен қасқыр» бөлімін оқуға беріледі

V Кері байланыс

Мұғалімнің кері байланысы:

«БББ» кестесі арқылы бүтінгі тақырыпқа сипаттама беріп, өз ойларын білдіреді.

Сабакты сонында М. Сәрсеке жіберген видеосөлемдемені көрсету.

Медеу Сәрсекеев – әдебиеттімізде оз орны бар көрнекті жазушы. Медеу Сәрсекенің аты аталса бүкіл қазақ елі Қаныш ағамызды, Жезқазғанды, Абай елі - Семейді, Баянауылды, онтүстік астанамыз Алматыны еске аламыз. Мен қазақпен деген ұстанымға ділі бекем, отанышыл рухын әрқашан да жоғары ұстайтын азаматтарымыз бұл еңбекпен жан-жакты танысса деймін. Ұлттымыздың ар-ожданын және биік абыронын аспандатқан ғалым, қайраткер тұлғамыз туралы мұндай қасиетті, қадірлі шығармаларды қазақ перзенттері үрпактан-үрпакқа әйгілеп, төл тарихымызды құрметтеуде жас үрпакқа үлгі етуіміз қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сәрсекеев М. Қаныш Сәтбаев. – Алматы: Жалын, 1983. – 528 б.

2 <https://adebiportal.kz/kz/retailing/view/348>

3 Зайкенова Р., Нұрланова Л. Н. «Қазақ әдебиеті» 10-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан : Арман ПВ, 2019. –128 б.

#### ҚАЛА МЕН АУЫЛ ТІЛІН ЛИНГВОМӘДЕНИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ О.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Антрапоцентристік бағыттың пайда болуы когнитивті лингвистика (В. А. Маслова, И. А. Стернин), әлеуметтік лингвистика (Н. В. Баграмова, Р. М. Фрумкина), психолингвистика (А. Н. Леонтьев, Р. М. Фрумкина) әлемтану лингвистикасы (Е. М. Верещагин,

В. Г. Костомаров) сынды тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасын қарастыратын бірқатар ғылыми пәндердің пайда болуына өсер етті. Бұл бағыттың дамуында, ғылым саласы ретінде қалыптасуында жоғарыда аталған ғалымдар зерттеулерінің өсері ерекше. Қазіргі уақытта орыс және қазақ тілі білімі аталмыш салалар бойынша осы ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп келеді. Аталмыш ғалымдар еңбектеріндегі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, ғылыми тұжырымдар жасауда.

Кейінен бұл ғалымдар қатарына В. В. Воробьев, Е. И. Зиновьева, В. И. Карасик, В. В. Красных, Ю. С. Степанов, В. Н. Телия сияқты ғалымдар келді.

Лингвомәдени аспектілер оппозициясының зерттелуі концептуалды тұжырымдама негіздемесінде жүреді және ол лингвөлеуметтік мәдениеттің дәстүрімен байланысты болғандықтан, бұл әртүрлі әлеуметтік процестердің өсерінен тілдік өзгерістердің мәнін анықтаудың перспективалық тәсілі болып көрінетіндігі зерттеулерде дәлелденген. Лингвомәдениеттану аясында оппозицияға жүгінудің өзектілігі олардың әлем туралы әртүрлі идеялар жынытығын сипаттаудың бір әдісі болып табылатындығына және оны сипаттаудың әмбебап құралы ретінде әрекет ететіндігіне байланысты, бұл ретте екі қарама-қайшы үғымдар қарастырылады, оның бірі белгілі бір қасиеттің бар екенін айтса, енді бірі жокқа шығарады (Н. С. Трубецкий).

Осы сияқты әртүрлі білім аумағындағы зерттелуер қала мен ауыл үғымдарының ара-қатынасын қарастыруға мүмкіндік береді.

Қала мәдениеттің дамыған ошағы болса, ауыл негұрлым қазақшылықтың, шаруашылықтың сақталған мекені. Қалалықтар мен ауылдықтардың тұрғылықты мекеніне, айналысатын кәсібіне байланысты ерекшеліктің болатыны белгілі. Себебі тіл қофамдық құбылыс. Қофамға қатысты тілінде ерекшелік болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Тарихи аспекттүрғысынан қарасақ, ауыл—мал шаруашылығымен, бау-бақшамен, егіншілікпен айналысатын ел. Жергілікті мекеніне байланысты тілінің лексика-грамматикалық ерекшелігі сол мекеннің дамуына да байланысты болады. Қала мен ауыл түсініктерінің ара жігі оппозиция ретінде қарастырылады, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық әспекті ретінде. Қофамдық-экономикалық еңбектің белінің, халық тығыздығы, қаланың экономикадан басқа да саясат, әлеуметтік, мәдени және т.б. функцияларының орындалуы. Сонымен қатар нарыктың болуы, елді мекеннің күкүйктың мәртебесі де

қаланың ауылға қатынасы бойынша оппозиция болуына мүмкіндік беретін критерийлер түзеді.

Оппозиция дегеніміз не? Оған сөздікте берілген анықтама: «Оппозиция в лингвистике – одно из понятий структурализма: существенное для смыслоразличения различие между единицами плана выражения (например, звуковое противопоставление, которое может дифференцировать значения двух слов). Такому различию соответствует различие единиц плана содержания. Понятие оппозиции используется для разграничения языковых единиц (инвариантов) и их вариантов: инварианты способны вступать друг с другом в оппозитивные отношения, а варианты не обладают такой способностью (их отношения неоппозитивны)» [1].

Келтірілген анықтама википедия сөздігінен алғынған. Қала мен ауыл ара-қатынасының интерпретациясы философиялық аспектіде өрілген. Философиялық интерпретацияға сәйкес, қала мен ауыл келесі оппозициялық жүптарла нақты көретілген: табиғат – мәдениет, тәуелділік – еркіндік, топтық – жекелік. Қала мен ауыл қарама-қайшылығының философиялық негіздемесіне, белгілі «өзім» мен «өзге» оппозициясы жатады.

Осыған орай қала мен ауылдың дәстүрлі белінің қатаң мағынасын жоғалтып, керісінше әртүрлі өмір салтына әкеледі. Білімнің және басқа да салаларда жасалған зерттеулер, қазақ мәдениеттің кең, пәнаралық қала/ауыл оппозициясының бары жайлы айтуға мүмкіндік беретін, қала мен ауыл мағыналарының қарама-қайшылықтарын көрсетуге философиялық, тарихи, экономикалық және де тағы да басқа критерийлер ұсынылған. Бұл тек лингвистикалық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар сөздің артындағы тұжырымдамаға жол ашатын тілден тыс ақпаратты да біріктіретін когнитивті және лингвомәдени негізделген жүйелік-құрылымдық сипаттамалардың жынытығы ретінде түсінілетін интегративті тәсіл. В. Н. Телия бойынша тіл белгілері мен үлттық мәдениет белгілері арасындағы байланыстыруышы буынның рөлі мәдени коннотацияға жатады, оған тілдік бірліктердің денотативті және коннотативті құрамын байланыстыра отырып, бағалау беліктілігінің негізі ретінде әрекет ететін ассоциативті – бейнелі компонент кіреді [2].

Антрапоцентризм принципі қазіргі лексикографияға да өсер етті, сөздікке лингвистикалық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар мәдени, социологиялық, психологиялық сипаттағы ақпараттың көзі ретінде жаңа талаптар қойды. Сонымен, Ю. Д. Апресян казіргі

лексикографияның өзіндік ерекшелігін «сөздің кең мағынасында философия мен мәдениеттің синтезі» деп анықтауды, өйткені кез-келген халық мәдениеттің едәуір бөлігі оның тілі арқылы жүзеге асырылады және тіл өзінің барлық байлығында сөздіктे бекітілген (Ю. Д. Апресян) [3].

Сөзді дәстүрлі лексикографиялық талдауда бірінші кезең оның тіл жүйесіндегі орнын анықтаумен байланысты. Қала мен ауылдың таңбалауыштары елді мекендердің атаулары болғандықтан, осы лексика-семантикалық топтың шекаралары мен күрылымын анықтау өзекті болып табылады. Әкімшілік елді мекендерінің қала, ауыл, аудан, қалашық, кент, шаһар, қала типтес поселка, жұмысшы поселкасы, қыстақ, қүзеу, жайлау т.б. атаулардың барлығын сөздіктерден көруге болады.

Қазақ тілінің паремиясы мен фразеологиясында «ауыл» лексемасы мен «қала» лексемасында қарсылық бар. Мысалы:

Дала көркі – мал,  
Қала көрісі – тал.

Көше қаланың – көркі.  
Қекорай – даланың көркі.

Ана көркі – алдындағы баласы.  
Қала көркі – үйі, орман, ағашы.

Осы келтірілген мысалдардан қала мен ауылдың оппозиция құра алатынын көруге болады. Мәселен, ауылда мыңғыран мал, қалада әсем гүлзарлар, малды көрмейсің. Әдемі текшеленіп салынған әсем көшелер, ауылда қекорай шалғын, жусан, таулы дала. Сонымен қатар қалалықтарда ауыл адамдарына қарағанда бала саны шектеулі. Ауылдағыдай бір үйдегі он баланы көре алмайсын. Ауылдықтардың әрбір екінші не үшіншісі көп балалы.

Ауыл мен қаланы оппозиция ретінде қарастыруға мына белгілер де негіз болады.

1) қала – қоршалған (жабық) орын, ауыл - таулы, ашық кеңістік;  
2) ауыл малмен және егіншілікпен байланысты (мал шаруашылығы, егістік, бау-бакша) және қалада мұндай байланыстың болмауы.

Қала мен ауыл тілінің ерекшеліктері экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, дүниетанымдық және басқа денгейлердегі адам болмысы мен санасындағы маңызды айырмашылықтарды көрсетеді. Қоғамдағы экономикалық және саяси өзгерістерге байланысты қала

мен ауыл әлемдегі тілдік бейненің ең мобиЛЬДІ бөліктерінің бірі болып табылады, сондықтан мұқият зерттеуді қажет етеді.

XXI ғасырда қазіргі заманғы қаланың тілдік келбеті көптеген лингвистердің назарын аударады. Қазіргі қалалардың көпмәдениеттілігі, әр түрлі субмәдениеттердің, халықтың әлеуметтік және қасиби топтарының қызығушылықтары, қажеттіліктері мен мұмкіндіктері салаларының көптігі қала мен оның тіліне жаңа ерекшеліктер береді. Қала тілін оқып үйрену қазақ үлттық және қазақ әдеби тілінің стильдік таралуын түсінуге, белгілі бір әлеуметтік, қоғамдық топтың қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын дамытуға қосқан үлесін бағалауға, мәдениеттің тануға және тұтастай алғанда, қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын өзгертуге көмектеседі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Википедия
- 2 Телия В. Н. Русская фразеология: семантический, pragmaticеский и лингвокультурологический аспекты. М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
- 3 Апресян Ю. Д. Языковая картина мира и системная лексикография. М.: Языки славянских культур, 2006. – 913 с.

## I. ЖАНСҮГІРОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҚӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

ТУГАЕВА А.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ  
ҚАПАСОВА Б. Қ.  
профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

I. Жансүгіров шығармалары – 20-ғасырдың бас кезіндегі қоғамдағы түрлі өзгерістер мен танымдар, түсініктер қайшылығының суреттері. Таным мен түсініктердің өзгерістері тілдегі сөздер арқылы көрінеді. Сондықтан да таным мен түсініктердің ауысуы сөздердің ауысуымен де түсіндіріледі. Қоғамдағы жаңа саяси, әлеуметтік қатынастар, тұрмыстық жаңа қалыптар бірнеше жаңа қабаттардың түзілуіне жағдай жасайды. Сол жаңа қабаттармен бірге тілге жаңа ұғымдар мен танымдар келіп, бұрынғы түсініктерді ауыстырады.

Қөнерген сөздер – колданыстан шығып қалған, мағыналары көмекіленген сөздер. Жазушы тілінде тарихи сөздер де архаизмдер де кездеседі.

1 Айтылып соыылған мал, берілген тасаттық, тіленген батаның біреуі де қабыл болмай, құдай халықтың көз жасын көрмейтін сияқтанды» [1, 248 б.].

2 Бадырақ – байдың жалшысы [2, 6 б.].

3 Біреуді біреу басып-жанышп көкбөрі топалаңына айналды [1, 327 б.].

Жазушы тілінде көнерген сөздер үлттық танымға қатысты, үлттық шаруашылық пен дәстүр, дағдыға қатысты қолданылады.

Халық тұрмысын жеткізуде көнерген сөздерді шебер қолданады.

Жазушы шығармаларындағы көнерген сөздер халықтық заттар мен құбылыстардың атауы болып қолданады. Бұл өткен тұрмысымызда болған, көбі әлі де қолданылып келе жатқан тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанага, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдettік правоға байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері. Тіліміздегі қарапайым сөздерге байланысты туындаған көнерген үғымдардың өздері кейде кат-қабат бірнеше бөліктен тұруы да мүмкін. Төмендегідей топтарға бөлуге болады.

1 Заттың, құбылыстың тікелей атауы.

2 Мифологиялық діни, астрологиялық сенім-нанымға, киелі мақұлық (totem) ретінде табынуға қарай жасалған.

3 Салттық-тұрмыстық әдет-ғұрыпқа, әр-түрлі ырым-сырым, дәстүр, көделерге сәйкес пайда болып, қалыптасқан үғымдар.

4 А斯顿омиялық атауларға: айға, күнге, жұлдыздарға.

5 Төрт түлік малға, жабайы андарға.

6 Тұрмыстық заттарға, кәсіптік құрал-жабдықтарға қатысты.

7 Аңшы-саятшының аспаптарының ататры.

8 Табиғат құбылыстары.

«Алатаудың жайлауынан етекке түскен ел Сарығаштың сазына жыбырлай қонған. Сүттіген сазынан шабылған пішен әлдекашан жиналып, мал жалпақ жайылысқа қоя берілген. Ерте салған егін пісіп, егіншілер бау тары ішे бастаған кез. Бай ауылдың малдары әлі тауда, салқын жерде. Бұл жердің күні ыстық болғандықтан сүмбіле тумай, су мұздамай жайлаудың кой етекке түспейді. Күннің жалыны қайтпай түскен тоқты шаң қуып, өкпеге шалдығып, тышқағы көп болады. ...Қолдағы жылқының түрі: сауын бие, мінетін ат. Өзге

жылқы отарда. Құлын желіге байланбайды, енесіне қосақтаулы» [1, 31 б.]. Сөздердің көнелену мәнгіе ие бірліктердің көбі тілімізде тіркес ретінде қолданылатын құрделі сөздер мен қалыптасқан фразеологизмдер және мақал-мәтелдер түрінде кездеседі.

Жазушы тіліндегі: Сарығаштың сазына жыбырлай қонған, ит кемірген асықтай, арық қойдай тырысып, бөрте серкедей тіктиіп, төбеттей арсыладап т.б. Осыған орай айта кететін бір жағдай: бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі – бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс. Көнерген сөздерге қарап олардың жасалу тәсілдерін де, сөйлем ішіндегі мағынасын да ашуға болады.

Жазушы суреттеуінде 20-ғасыр басындағы қазақ халқының тұрмысы мен шаруашылығын суреттейтін барлық деректер тілдік материалдар арқылы табылады. Көшпелі халықтың қыспакқа түсіп, бұрынғы қалпынан айырыла бастаған шағы, отырықшылдыққа көне бастаған кезең суреттері қоса өріледі. Дегенмен халықтың мал шаруашылығына қатысты түсініктерін ашатын қазіргі қолданыстан шықкан көнерген сөздер мен сөз тіркестері: жайлау, сүмбіле тумай, су мұздамай, токты, сауын бие, мінетін ат, отар, құлын, желі, енесі, қосақтаулы т.б.

Жазушы шығармаларында қазақ халқының отырықшылыққа көшкен кезінің суреттей мол болуымен ерекше. Қаламгер шығармаларында көшпелі елдің, жаз жайлап, қыс қыстаған кезінен гөрі саудаға бейімделген, отырықшы мәдениетке қалыптаса бастаған кездерін беретін сөздер мен тілдік материалдар мол кездесуімен өзгеше.

«Тұрқы есік пен төрдей, оқтаудай қатқан жайсан құланы жайтаңдатып, әлгі мылтық атқан Құсайынға таяу келіп тұра қалды» [1, 313 б.].

Жазушы тіліндегі көнерген сөздер жаңа мағыналық сипатқа да ие. Атап айтқанда ойды нақтылау мен дәлелдеу мәнінде жұмсалады.

Қазақ үшін жылқы малы ең қадірлі екені белгілі. Жігітті мінген атына қарап тану қазақ дәстүрінде бар. Жазушы Тәуке жайын баяндайды. Оның тар қыспакқа көнбекен бейнесі, кен далаға еркіндік іздеғен бейнесін астына мінген аты да әйгілейді.

Тұрқы есік пен төрдей – үлкен, арғымақ дегенді білдірсе, оқтаудай қатқан – әбден жараган, бабындағы құла ат кімнің де болса арманы болар сәйгүлік.

«Қыр мен қаланың қоспасынан құралған бай ауылынын рені сияқты олардың конағы да араласпай болушы еді. Қонақтың бір бөлігі «өншен» жақсы конақ, бай конақ. Бұлар – қырдың болысы, би, ақсақалдарымен бірге қаланың байлары, Қызылжар, Семей, Алматы, Қапал арасының қыл-қыбыр, елтірі жинаушылары, Омар, Нәжіметдін, Қадырбай, Мәкержі, Ербіт, Қоянды жәрменкелерінің жүрімпаздары – Бейсенғұл, Жұма, Мұқат, шекер, бас, ұлтан сататын, Ахмет; биік көк дүкеннің иесі Абрам; Қапал шетік, көүіш, кәләпуыш сияқты товарлардың иесі ақсак Жүсіп, темекі, имамы Қажаяхмет, Сарығаш молдасы Асан сияқтылар – бұл ауылдың қадірлі конактарынан еді [1, 31 б.]. Қыл-қыбыр, жүрімпаз, қыр болысы, би, ақсақал, елтірі жинаушылар, жәрменке, шетік, көүіш, кәләпауыш, ұлтан, молда, имам т.б. сөздер сол кезеңді беретін өз уақытының қолданысындағы қонерген сөздер.

Ұлттық әдеби тілдің қатыптасу барысындағы көркем әдебиеттің рөлі жайындағы мәселе өте құрделі. Мұнда тілдердің қай-қайсысына да тән бағыттармен қатар, әрбір әдеби тілдің өзіндік жеке тарихи шешімдері болатындығын мойындау қажет. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы өзде ұлт тілдерінің басып өткен ізін жолма-жол қайталамай, өзіне тән тарихи жолын бастан кешірді.

Қоғамның өзгерістеріне қарай жазушы жана сөздер жасайды: уақытты – еңбек күнмен өлшейді.

«Тұра-тұра жарты еңбек күнді жіберіп билегалдық-ay!» [3, 3776 б.]. Моншадағы шірреттің түрі жалаңаштық, мазмұны бұкарашылдық болатын көрінеді [3, 379]. Кенес өкіметі әдебиетті басты идеология жасады. Әдебиеттің түрі – социалистік, мазмұны – ұлттық деген ұстаным негізге алынды. Жазушы шығармасында осыны деталь етіп алады. Қазақ тілінің бай сөздік қорының толығар бір тұсы – сөздердің жаңа мағынада қолдануы. Қазақ тілінде кез келген сөз жаңа мағынага ауысып, кірме сөздер орнын баса алмайды.

Жазушы шығармасында сөздер жарыспалы нұсқада қолданады. Бұл көбінесе фонетикалық жарыспалылық.

1 Менімен сөйлесіп отырған кісінің жінісі – ерек [3, 385 б.].

2 Қара бұқараның бірсынырасы қашаннан қаламен өшіне-жай, тұқымынан болыстық үзілмеген Шорман ауылын ит етінен жек көріп, ішінен аулақтанған бастады [1, 249 б.].

Алғашқы сейлемде жынысы – жініс болып қолданған. Жазушы кейіпкері бала болғандықтан да сөзді жінішкертіп, сол арқылы кішірейту мағынасын беруді мақсат етсе керек. Бұл қазақ тіліне

20-ғасырдың бас кезінде әлеуметтік топтар мен таптарға бөлу кезінде енген сөз.

Екінші сейлемде ашына-жай - өшіне-жай болып қолданған.

Бұл жердегі өшіне-тілдегі : «Ашына-жай зат. 1. Таныс, сырлас: 2. Қөнілдес, тамыр» [4, 530 б.] мағыналарын емес, жақсы таныс деген, сыйлас деген мағынаға ауыскандығын білдіреді.

Екінші сейлемдегі «жініс – жынысы» кірме сөзі де мағыналық ренкі бөлек сөз болуымен өзгерген. «Жыныс- I 1. Адам мен жанжануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы. 2. Тұқым, нәсіл, зат» [5, 333 б.].

Жазушы кішкентай кейіпкер ұл баланың жынысы деудің келе бермейтіндігін ескерсе керек. Кейіпкердің акылы мен ойнақылығы, қиялшылыдығы мен тез өскісі келген арманы да сөз қолдануда бастысы болып саналған. Суреткер тілінің келесі бір бейнелі тұсы – этнографизмдер.

1 Ұлттың жер жағдайы мен географиялық сипаттарын ашатын этнографизм сөздер: бесін, күйек, жайлау, көк үй, жогары, қыр, ой, дала, қырат, адыр т.б.

2 Тұрмыстық заттар мен шаруашылық атауларына қатысты этнографизмдер: мама ағаш, сырғауыл, тұндік, қараша, тең, тұмақ, жасау, шымылдық, елтірі, жүк, шылбыр т.б.

«Сатан жауашы жалам, шылбырды шешіп алып, аттың алкымына кіре сулықтан созып ұстап, жетелей жөнелді. ...Атты үйден көген бойы шығарғанда Сатан аттың дорбасын сыпрып алып, лактырып жіберді» [1, 233 б.].

3 Таным мен түсінікті ашатын этнографизмдер: аманат, дәмдес, шөкім, нағашы, жиен, серілік, мырзалық, бата,

«Айтылып сойылған мал, берілген тасаттық, тіленген батаның біреуі де қабыл болмай, құдай халықтың көз жасын көрмейтін сияктаңды» [1, 248 б.].

4 Табигат құбылыстарын суреттейтін сөздер: құралайдың салқыны, тобылғы көктеу, қозы қүземі кезі т.б.

5 Әдебиет тіліне тән ұлттық бейнелеуіштер.

Көк бесті ат кермеде түр, мырзам ояу,

Ел жи бір-біріне қонған таяу.

Елің тап есін барда, батыр Тәуке,

Жазым боп, бір жеріне түсер қаяу [1, 102 б.].

6 Адам мінезіне қатысты этнолингвистикалық бірліктер деп бөлуге болады: «Міне, мен ат жалын тартып мінгелі сол Жікібайдай

жігітті кездестіре алғаным жоқ. Жігіт ер екен. Ерлігінің үстіне айлакер, әрі наизакер екен!» [1, 102 б.]

7 Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты этнографизмдер: қырық жеті, кесек ату, құда тұсу, ат ұстар, мойныны құрым ілу, қүйеу келу, боз бие айтып сою, бата қылу, ұзату, төркініне қайтару, билік айту, төрелік ету, билер кенесі, сауға беру т.б.

«Жұлған тырнадай сорайған күздеулі түйелер шилерге ала бүйдалармен тұқырта байлаулы тұр. Күмісті ер-тоқымды көш аттары ауыздығын қарш-карш шайнап, қалмақша байланған. Иттердің тілі қарыстай болып ши тубінде солықтайды. Ауылдың арт жағындағы дөңеске шашылған қара шашақты қарағай наиза көкке тәу етіп тұр. Қөлеңкесіз жердегі адам баласын құн ыстығы сарттың шашлығындей пісіреді.

Кеше екіндіден түйеге қом қойған елдің бәрі мұрттай ұшып тыраюлы. Мамық көрпе-жастықтың үстінде Сағындық та азбан қошқардай корылдап ұйықтап қалыпты. Оған таяу жаулығы жалпылып, шашы дудыраған Толарсақ бәйбішенің де мұрны бырқырап, қарагер төсі ашылып, емшегі салбырап жатыр. Не болғанын білмейді» [2, 30 б.]. «Бадырақ» романында жазушы 20-ғасыр басындағы қазақ жалшының құйін, теңдікке қолы жеткенге дейінгі көрген жайын, азабын суреттейді. Шығарманың жазылуы сол кезеңдегі тарихи және саяси-идеологияның әсерін екені анық. Бірақ жазушы саяси-идеологияның әсерінен де кейіпкерінің жайқұйін, жолын, сезімін жеткізуде ұлттық тілдің бар қалпын көркем қалпында пайдаланады. Әсіресе Бадырактың Сағындық, Мырзагұл үйіндегі жайын суреттейтін жерлерінде ұлттық ереркшеліктерді, халықтық танымды көрсетуде этнографизмдерді мол қолданады.

Романнан алынған ұзіндіде жазушының кейіпкерлерін суреттеуде Сағындықты азбан қошқардай деп, Толарсақ бәйбішені қаракер төсін бейнелеуінен де ұлттық бояу арқылы жол тапқандығын байқатады. Сонымен бірге түйеге қом қою, күздеулі түйелер, шилерге бүйдаларымен тұқырта байланған, қарағай наиза, әрі оның көкө шашыла байлануы – тұтасымен этнографизмдерден тұрады.

«Міне, Қоянбайдың сол күннен бастап қозы бағып, қой жайып, жан сауғалап келе жатқан ауылы – Қоянкөз ауылы. Қоянбай Қоянкөз ауылының әркімінде-әк жүрген. Әсіресе көптен құлімен кіріп отымен шығып келе жатқан үйі – осы Сағындықтікі» [2, 25 б.]. Бадырактың Сағындық ауылында жүрген кезін суреттеуде жазушы тілінде төгіліп түсken этнографизмдерге куә боламыз. Қозы

бағып, қой жайып, отымен кіріп, құлімен шығып деген тұракты тіркестердің өзі де қазақы қалыпқа ғана түсінікті.

«Осы қаранғылықпен араласа әр ауылдың конысында түйенің анда-санда бақ еткен дауысы естіледі. Жылқы кісінейді. Тәрізі бұл өнірдегі ауылдар көшіп жатыр. Жер салқынмен көшпесе бүгінгі кештегі қозы-лақ жете алмайтын кер баланың шеліндей бір бүйрарат күм еді.

Сондықтан қатындар сүтті пісіріп, ұйытпай тұрып тұлышқа құйып, інірден бастап үйді жыққан. Қомның арқаны тесін қыскан түйелер бакырады. Бір жерден қызыш құс ұшты, ойқыр демей біреу жортып, бірнәрсе қарап келе жатқандай. Қызыш осыдан ұшып еді. Бұл бала қүренге тоқым салып жайдақ мініп, байдікіне қонған екі қонақтың атын іздел жүрген қойшы еді. Қойшының аты – Бадырақ. Қойшы көшіп келе жатқан ауылдың жаңындағы қоныр белескесе таман келіп, қүренінен топ етіп түсіп, жантайып жата кетті» [2].

Жазушы көшкен ауылды емес, көшуге дайындалып жатқан ауылды суреттейді. Бұған дейінгі көркем шығармаларда көшіп келе жатқан, көшіп қонып жатқан ауылдарды суреттеу мол кездеседі. Абайдың «Жаз» өлеңіндегі көшіп кеп, қонған ауылдың сұлу суреті талай қаламгерге шабыт бергені анық. Ал I. Жансүгіров шығармасында көшуге дайындалып жатқан елдің суреті бар. Көшер кезді, мезгілді «жер салқын кез», көшіп баар жерін «жер баланың шеліндей» деп, киссаның ең бір тауқыметті жерін еске түсіреді. Көшудің сөн-салтанаты мен бірге қындығы мол екендігін де білдіреді. Ауылдың дайындығын «сүт пісіріп, ұйытпай тұрып, тұлышқа құйып», «інірден үй жықты» дейтін ақпараттар мен мәліметтер тіл тарихы үшін ғана емес, ұлттың этнографиясы, дәстүрі мен танымы, түсінігі және тарихы мен шаруашылығын зерттеу үшін де қажет екені белгілі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жансүгіров I. Шығармалар. Жолдастар романы – Алматы: Жазушы, 1987. – 487 б.

2 Жансүгіров I. Бадырақ <http://kitap.kz/book/121-badyraq/121-badyraq>

3 Жансүгіров I. Шығармалар, бесінші том. – Алматы: ҚМКӘ баспасы, 1964. – 413 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1974. – 696 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

6 Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке – Алматы: Наука, 1989. –526 с.

## ТІЛДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚОҒАМҒА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТУІ

УНЫЙБАЕВА А. Ж.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кеңес одағының батыры әрі жазушы ретінде артынан өшпес мұра қалдырып кеткен Бауыржан Момышұлы өзінің бір сезінде «Тіл тазалығы үшін күрес – ешқашан толастамайтын мәнгілік күрес», – деп ерекше атап өткен болатынды [1, 63 б.]. Тілдің үнемі таза болуы және егемен елде тұратын халықтың барлығы оны құрметтеп, қастерлей алса, өзінің ана тіліне деген маҳаббатын жоғалтпай, мақтаныш сезімін сезіне алса құба-құп, әрине. Дегенмен тілдің уақыт кезеңдеріне байланысты өзгеріп отыруы да заңды құбылыс болып табылатыны да жасырын емес.

Сондықтан да кез келген тілдің өзіне тән сөздің құрамы да үнемі жаңарап әрі толығып отыратыны туралы зерттеу ізденістерінде мәлім болды. Аталмыш өзгерістердің болуы жөнінде филологтар мен лингвист ғалымдар айтарлықтай зерттеу жұмыстарын жасай отырып, олардың пайда болу заңдылықтары мен басқа да ерекшеліктеріне аса қатты мән берген-ді.

Тілдің таза болуы, халық арасында өзге тілмен шатаспай тек қана өзінің тұнық қалпын сақтау арқылы жұмыс жасауы – көп елдерде кездесе бермейтін құбылыс. Дегенмен, өзге тілдің бөрін біле отырып, өз тілін құрметтеу – қазақ халқының ертеден келе жатқан ұранныңдай. Соңғы кездері тіл тұтынушыларының арасында көптеген дау тудыратындей, бірінің жазғаның бірі түзеп беретіндей дәрежеде сөздердің бар болып орын алып жатқаны да кездеседі. Ол да тілдің уақыт кезеңіне байланысты өзгеруінің де сипаты болуы әбден мүмкін. Демек, уақыттың алға жылжыуна байланысты әрі заманың өзгеріп, заманмен бірге адамның да жаңарап отыруының нәтижесінде түрлі сөздер дамып, олардың мағынасы да жан-жақты талқыга түсіп жатқан жайы бар.

Қазіргі уақытқа дейін адамдар арасында әр түрлі жазылып қана қоймай, белгілі бір бірізділікке түспей жатқан сөздердің

қатары жетерлік. Адамдардың көп бөлігі көзін жұмып, бірынғай орфографиялық сөздікке басты назарды аударатын болса, екінші топ өкілдері мүлдем келіспей, кателік деп танып отырады. Екеуінің де жазылуын дұрыс санаң, бейтарап ортада ұстауға тағы болмайды. Себебі, тілдегі латын қарпіне байланысты өзгерістерді басшылықта ала отырып, аталмыш мәселені шешу өтө маңызды құбылыс болып табылары анық.

«Тұған/ туылған», «ракмет – раҳмет», «танғалу / таңқалу», «дастархан/дастарқан», «қал/хәл», «ракат/рахат» сөздері жоғарыда аталған мәселенің мысалындағы бір болігі ғана. Осыған байланысты көптеген ғалымдар өздерінің пікірлерін білдіріп, тіпті арнайы жауаптарын да мақала, ой-жазба ретінде қалдырыған болатын-ды. Жоғарыдағы мысалдарды негізгі мысал ретінде алатын болса, көбінесе «қ-х» дауыссыз дыбыстарының қатысуымен орын алып түрган мәселелер болып табылады.

Негізгі зерттеу нәтижесі бойынша емле ережесінің де негізінде «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» арқылы осы күнге дейін жоғарыда көрсетілген сөздердің барлығы дерлік «қ» әрпімен қолданылып келген болатын [2, 17 б.]. Аталмыш нормалаудың өзі 1983 жылы қазақ тілінің орфографиясының негізгі деген ережелеріне сүйене отырып толықтырулар енгізілген болатын. Тура сол түзетулердің негізгі нәтижесі бойынша «х» әрпі «қ» әрпіне ауысып, сөздердің де ауыскан кейіп болатын.

Орфографиялық норманың ережелеріне байланысты Үкімет қаулысының негізінде сөздерді белгілі бір тәртіппен жазу керек екені жайында ережелер бекімеген, тұра соған байланысты кімге қалай ыңғайлы болатын болса, сол қалпында жазуды әдетке айналдырыған болып табылады. Жалпы қазіргі кезде соңғы 2-3 жылдың көлемінде ерекше қатты талқыға түсken «қ/х» дауыссыз дыбыстарының өзгеріп жазылуларына байланысты мәселелер көпtek қарастырылып жүргені шындық. Тіпті қаралайым жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары жоғары оқу орнына түсken кезде нағыз орфографиялық сөздіктермен жұмыс жасай бастаған уақытта ғана дұрыс емлеке назар аударып жататын жайы бар. Соған қараған кезде, мектептің білім алушылары аса бір емлеке мән бере бермейтін болып түрганы да... Зерттеу нәтижелерінің негізінде 1980 жылға дейін көптеген сөзде «х» әрпі қолданылғаны туралы айттылады да, кейіннен нормаға «қ» әрпімен алмасқан кезде көпшіліктің көне бермегені де сондықтан болып табылады.

Тура осы бағытты зерттеген фалым Күдеринованың ойынша, атальыш бағытта орын алатын қарама-қайшылықтардың болып тұруы тікелей айтылу түрпательмен байланысты болып табылады [3, 64 б.]. Сондықтан да артикуляциялық ерекшеліктерге негізделген «х» әрпі сияқты болып көрінгендіктен, сол қалпында сақталып айтылуға негізделіп отырған жайы бар.

Соңғы уақыттарда әлеуметтік желілердің ортасында талқыға түсken сөздердің де мән-мағынасында айтартықтай ерекше сөздер қалыптасып, өзіндік сипатқа ие болуда. Қазіргі таңдағы орфографиялық сөздіктерде «қөгөніс», «қыргүйек», «шегара» сөздері тура осылай жазылып шығады. Латын қарпіне ауысқан кезде «г» әрпі «к» -ға өзгеріп те кетеді. Ал қазіргі кезде жазылып жүрген сөздер қате пікір болып табылады да, кезінде фалымдардың ортасында өзіндік жеке пікір бола отырып, сол қалпында жазылып кеткен болып отырғаны да мәлім.

Макаланы зерттеу барысында аудармашы әрі филолог ретінде қызмет жасап жүрген Назгүл Қожабектің де өзіндік ойына мән беруді дұрыс деп таныдық. Мәтінмен жұмыс жасау барысында, тура осындай мәселелер аудармашылар мен филологтардың басты мәселеесі болып табылатыны жасырын емес, әрине. Тіпті тура осыған байланысты барлық ақпараттарды тізе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері өзара талқыға салған болатын. Осындай жиналыстардың бірінде Ерден Қажыбек өзінің бір сөзінде «орфографиялық сөздікті қайтадан қараймыз, көп қате кеткен», – деп айтқан болатын [4, 91 б.].

Көбінесе фалымдар орфоэпия бойынша бастысы қалай айтлатын болса, солай жазылу қажет екенін басты назарға қояды. Тіпті ресми құжаттардың өзінде «шекара», «қыркүйек» деп жазылуын басты орынға қойып отырған жайы бар. Сондықтан да атальыш сөздерге қатысты айтартықтай бірізділіктің жоктығы туралы айттылады. Қоғамдағы аудармашылар немесе тіл білімінің саласында жұмыс жасайтын қызметкерлердің көбісі дерлік 2013 жылы жарық қөрген орфографиялық сөздікке барынша жүгінетін анықталған. Бірак, осы зерттеуге қатысты ақпараттар легін қарастырып отырған кезде тіпті сол филологтардың да сөздіктермен келіспей қалатын тұстарының да болып тұратыны жайлы білуге болады. Осындай тұсініспеушіліктерден кейін көп жағдайда тіл мамандары өздерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, шешім шыгаратындары туралы да жасырмайды.

Жалпы қазақ тілінің бүгінгі таңдағы жайы мен күйіне байланысты өлі күнге дейін көптеген мәселелер қозғала отырып, әлі де болса шешімін таптай келе жаткан дүниелер жетерлік. Оған себеп, жоғарыда айтылғандай көптілділіктің де әсері басым болып тұрған жайы бар. Макаланы зерделеу аясында кірме сөздердің де төл тілімізге тигізетін әсерінің зор екенін көруге болатыны туралы да ақпараттардың легі өте көп болып табылады. Сондай-ақ қазіргі тіл білімін зерттеуші фалымдар қазақ тілін барынша өзге тілдермен салыстыра отырып та, кірме сөздердің барлығын дерлік орфографиялық және фразеологиялық сөздіктердің қатарынан алып тастап жатқан жайы бар.

